

63.5(3) 273  
Ш-29



УАХИТ ШАЛЕКЕНОВ

ӘЛЕМ  
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ  
ЭТНОГРАФИЯСЫ



УАХИТ ШАЛЕКЕНОВ

ӘЛЕМ  
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ  
ЭТНОГРАФИЯСЫ



Алматы, «САНАТ», 1994

ББК 63.5(3)я73  
Ш 21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Шалекенов У.

Ш 21 Элем халықтарының этнографиясы (Оку кұралы).— Алматы, «Санат», 1994.— 208 бет.

ISBN 5-7090-0214-3

Оку кұралы Азия, Африка, Америка, Еуропа, Океания құрлықтарын мекендеген халықтардың этнографиясы жөнінде жан-жақты мағлұмattар берілген, сондай-ақ онда бұл елдердің экономикалық алеуметтік жағдайлар да көнінен баяндалған.

Кітап студенттер мен оқытушыларға арналған.

Ш 0505000000—010  
416(05)—94 45—94

ББК 63.5(3)я73

ISBN 5-7090-0214-3

© Шалекенов Уахит, 1994

## УАХИТ ШАЛЕКЕНОВИЧ ШАЛЕКЕНОВ

Этнография народов мира

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

(На казахском языке)

Көркемдеуші редакторы Б. Табылдинев  
Саралын редакторы Ж. Махмұтова  
Техникалық редакторы Ф. Овчінникова

КИТАЙСКАНАСЫ

ИБ № 198

Теруге 24.03.94 жіберілді. Басыла 10.05.94 көйилді. Пішімі  
84×108<sup>1/32</sup>. Жоғары басылыш. Баспаханалық қағаз. Шартты баспа  
табагы 10,9. Есептік баспа табагы 11,4. Тапсырыс № 294. Таралы-  
мы 2000 дана. Бағасы көлісімді.

Казакстан Республикасы Білім министрлігінің «Санат» мемлекеттік баспасы, 480012, Алматы қаласы, А. Байтұрсынұлы көшесі,  
65 «А» үй.

Казакстан Республикасы Жоғарғы Қенесінің баспаханасы,  
480016, Алматы қаласы, Д. Конев көшесі, 15/1.

Бұл кітабымды аяулы ашам Хафиза  
мен ардақты әкем Хамзаның рухта-  
рыша арнаймын.

Автор

## АЛҒЫ СӨЗ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік үлттық университетінің профессоры У. Х. Шалекеновтің «Әлем халықтарының этнографиясы»<sup>1</sup> атты бұл оқу құралы оның көп жылдан бері университеттегі тарих факультетінің студенттеріне оқыған лекцияларының және бұрындары жарық көрген «Этнография негіздерінен» (1975), «Таяу Шығыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының этнографиялық очерктері» (1980), «Шығыс Азия және Шетел Еуропа халықтары» (1983) сияқты этнографиялық оқу құралдарының негізінде жазылған. Бұл оқу құралдарының көлесмі шағын және олардың жарық көргендеріне біраз уақыт өтүіне, ері ондағы келтірілген біраз фактілердің өзгеруіне байланысты, біраз елдің салт-дәстүрлері, әлеуметтік құрылымдары, тіпті кейбір тайпа кісілерінің саны тың деректермен то-лықтырылды.

Оқырмандарға ұсынылып отырған «Әлем халықтарының этнографиясы» атты бұл оқу құралы алғаш рет көлемді болып, қазақ тілінде шығып отыр. Кітап жоғары оқу орындары тарих факультетінің студенттеріне оқылатын этнография пәнінің бағдарламасына сәйкестеліп жазылған және ғылыми-теориялық жағынан алғанда да этнография ғылымының бүгінгі күннің талабына жауап берсөр деген үміттеміз. Оқу құралында этнография пәніне, оны үйрететін, зерттейтін басты мәселелеріне баса назар аударылды.

Дүниеге жүзі халықтары антропологиялық, мәдени-ша-руашылық, тіл және басқа белгілері бойынша көптеген

<sup>1</sup> Бұл оқулықта бұрынғы КСРО-га қараган халықтар кірмеген.

топқа бөлінген. Ҳалықтардың, ұлттардың, ұлыстардың шығу тегі, шаруашылық, әлеуметтік және отбасылық құрылым тарихының даму жолдарына, заттай және рухани мәдениеттеріне айрықша мән берілді. Оқу құралын әзірлеу барысында бұрын-соңды жарық көрген әлем халықтарының этнографиясы туралы жазылған оқулықтар және ғылыми әдебиеттер кеңінен пайдаланылды. Ондай этнографиялық әдебиеттердің басты-бастыларының тізбесі кітап соңында беріліп отыр.

---

---

## ЭТНОГРАФИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ, ОЛ НЕНІ ҮЙРЕТЕДІ?

Этнография гректің «этнос» — халық, «графия» — жазу, үйрену деген екі сөзінен құралған. Өзінің мағынасы бойынша, этнография — халықтардың қоғамдық құрылыштарын, олардың аргы тектерін, өзара қарым-қатынастарын, заттай және рухани мәдениеттерін зерттейтін ғылым. Кейбір ғалымдар этнографияны этнография және этнология деп екіге бөледі. Этнография халықтардың арасынан деректерді жинаумен шектеледі де, этнология — сол этнографтардың жинаған деректерінің негізінде ғылыми еңбектер жазады деген түсініктерді айтады. Негізінде бұл — ғылыминың екі саласы. Қандай ғылым түрі бойынша жүргізілген зерттеу екі түрлі сатыдан тұрады. Біріншідең, ғалым зерттеген тақырыпқа байланысты деректерді топтаса, екіншіден, сол жинаған мағлұмматтарға ғылыми мән беріп, ғылыми еңбектер, оқу құралдарын және т. б. еңбектерін жазып, оларды жүрттың игілігіне пайдалануға береді. Этнография дегеніміз тарих ғылымының бір саласы болып, дүние жүзіндегі халықтардың қоғамдық түрмисын және мәдениетін түбекейлі зерттейді.

Тұрмыс дегеніміз әрбір халықтың ғасырлар бойы қалыптастырылған сан салалы тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрылы, күнделікті қоғамдағы өмірі, жалпы үлттық ерекшелігі. Дүние жүзін мекендереген сан жағынан үлкендікшілі халықтардың әрқайсысының ғасырлар бойы қалыптасқан тек өзіне лайықты тұрмыс ерекшелігі бар. Сол ерекшеліктері арқылы бір халық екінші халыққа ұқсамайды. Әдет-ғұрып ғасырлар бойы сол халықпен бірге өмір сүреді. Тек тарих сахнасынан кетіп, тұқымы құрып кеткен тайпалар, ұлыстар өздерімен бірге сол әдет-ғұрыптарын бірге ала кетеді. Дегенмен ол тарихи оқиғаларға қарап отырсақ, ғасырлар бойы өмір сүретін

құбылыс. Бірақ қоғамдағы болып жатқан жағдайларға байланысты түрмистық ерекшелік те үздіксіз дамуда, өзгеруде болады. Тарихи оқиғалар дол сол қалпында тұтас қайталанбайды. Мысалы, 1941—1945 жылдардагы тарихи оқиғаны кеңес халқы Ұлы Отан соғысы деп атайды. Мұндай оқиғаларды тарихтан көп кездестіруге болады. Бірақ мұлде басқа оқиғалар.

Этнографияны зерттейтін проблемалардың біреуі — мәдениетті егу, өндеу, баптау деген латын сөзінен шыққан сала. Мәдениет деген түсінік кең және тар мағынада қолданылады. Мысалы, ауыл шаруашылығында егілетін әр түрлі дақылды өсімдік түрлерін де мәдени дақылдар деп атайды. Бұл мәдениет сөзін тар мағынада қолдану. Ал күнделікті түрмисымызда «мәденист» сөзін білім беретін оқу орындарына, әр түрлі мәдени-ағарту мекемелеріне байланысты айтамыз. Адамдардың рухани дәрежесін көтеруде де мәдениет деген сөз жиірек қолданылып: кішіпейіл, білімді, ақыл-ой жағынан дарынды және сондай қасиеттерге не болған адамдарды мәдениетті адам дейді. Ғылыми тілде мәдениет үғымын кең мағынасында қолданып, адам баласының жігерлі еңбегінің нәтижесінде пайда болған материалдық және рухани байлықтардың жынтығын айтамыз.

Сөйтіп, жалпы мәдениетті екіге бөлуге болады: заттай және рухани. Адамдардың физикалық еңбек етуінің нәтижесінде жасалған бүйімларды заттай мәдениет дейміз. Оған: әр түрлі еңбек құралдары (алғашқы тас құралдан бастап, осы күнгі машиналарға дейін), түрғыш үйлер (жертөледен бастап, қазіргі заманғы көп қабатты гимараттарға дейін киім, үй ішінің бүйімдары, катынас құралдары т. б.). Бұлардың барлығы — адамдардың күнделікті жемісті еңбегінің нәтижесін келіп шыққан заттай мәдениет. Ал адамдардың ақыл-ой еңбегінің жемістерін рухани мәдениет дейміз. Олардың қатарына: дін, діни сезімдер, әдебиет, музика, ғылым, философия, мораль, тіл, тарих, математика, физика тағы басқалар топтасады.

Жер шарын мекендеген үлкенді-кішілі халықтардың өздеріне ғана лайыкты мәдениет болмыстары бар. Мәдениетсіз халық болмайды. Бірақ оның даму дәрежесі біркелкі емес. Әр түрлі қызын тарихи жағдайлардың себебінен баз бір халықтардың мәдениеті өте баяу жетілсе, келесі біреулердің мәдениетінің дамуына қолайлы жағдай туын, оның өсу, өркендеуі басқалардан анағұр-

лым ілгері озып кетуі әбден ықтимал. Мысалы, ертеде өзінің дамуы бойынша артта қалып қойған Еуропа елдерінің мәдениеті кейінгі 450—500-жылдың ішінде дамып, алға ілгеріледі.

Адамның тұрмысы өмір бойына бір қалыпты тұрмайтыны белгілі болса, мәдениеттің даму дәрежесі де солай өзгеріп отырады. Өзінің өсу дәрежесі бойынша көп жылдар артта қалып, мешеуленген халықтарға қолайлы жағдай болған кезде, олар тарихи қысқа уақыт ішінде өзінің мәдениетін жылдам жетілдіріп, алда келе жатқан басқаларды қуып жетіп, басып озуы да мүмкін.

Әр халықтың тұрмысының, мәдениетінің өзгешеліктері, ерекшелігі — сол ұлттың да ерекшелігі. Мұндай айырмашылықтарды сол халықтың заттай және рухани мәдениетінің, әсіресе, қоғамдық, отбасылық тұрмысынан, мінездерінен, салтынан, әдет-ғұрыптарынан айқын көруге болады. Этнография халықтардың тұрмысындағы ұлттық ерекшелігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына басқа да халықтармен салыстыра көңіл аударып, жалпы сол халықтың мәдениетінің нақтылай даму жолын анықтайды. Бір халықтың тұрмысын үңіле зерттегендे, сол халықты басқа да халықтармен, әсіресе, көрші халықтармен салыстыра зерттеген тиімді. Себебі қандай халық болса да, өзге халықтармен араласпай отыра алмаған. Мұндай қарым-қатынас халықтардың тікелей құнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты шыккан. Халықтар арасында мұндай байланысты ұрыс-жанжал, қанды жорықтар оншалық ұзак уақыт тоқтата алмаған. Бір халық пен екінші халық арасындағы жанжал біткен-нен кейін-ақ, олардың арасында саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынас қайтадан жанданып, олар бір-бірімен араласып кете берген.

Тарихи даму жолында әр елдің мәдени деңгейі әр қылы дәрежеде болғаны мәлім. Алғашқы ру мен тайпалардың мәдениеті бір деңгейде дамығанымен, бертін келе әр халық пен әр мемлекет өзінше өрістеп, ілгері басқан.

Халықтарды этнографиялық жағынан зерттегендеге, қандай деректерге сүйенеді?

Этнографтар, ен алдымен, өзінің зерттейтін халкының арасына барып, сол халықтың тұрмысы мен мәдениеті жөнінде деректер жинайды. Ол үшін халықтардың тұрмысы жөнінде этнограф өз бетінше бақылау жүргізеді және сол халықтың тұрмысын жақсы билетін әр түр-

лі жастағы көпті көрген көне көз қарттармен, әңгімелілік, білікті адамдармен жеке-жеке сөйлесіп, олардың айтқандарын қағаз бетіне түсіреді. Сол деректерді жинап жүрген кезінде өзіне керекті заттарды суретке, киностере түсіріп, түр-сипатын қағазға сыйып алғып, кісілермен кездесу уақытына дейін тәптештеп тізіп, адамдардың айткан керекті деректерін кейде үнтаспаға жазып та алады.

Осындай халықты аралай жүріп, жинастырган деректерді ел арасынан жинаған деректер деп атайды. Бұл деректерді жинау үшін арнаулы экспедициялар үйімдестірылады. Оның мүшелері жинастырган деректерді бір ғылыми тәртіпке салып, реттейді. Мұндай этнографиялық зерттеуді маршрут бойынша жинау деп атайды. Бұл жұмыстың екінші бір түрі этнографиялық деректерді жинауға қолайлы деп тапқан бір ауданды, ио бір ауданды алғып, сол жерде ұзақ тұрып, сол жердің тұрғындарының арасынан этнографиялық зерттеу жұмысын жүргізеді. Мұндай жинау әдісін бір жерде тұракты орналасып жүргізілетін зерттеу жұмысы деп атайды. Этнографиялық деректер жиналып біткеннен кейін, оны бір жүйеге келтіріп, ғылыми жұмыс жазуга пайдаланылады.

Бірақ халықтардың тұрмысы мен мәдениеті жөнінде ғылыми еңбек жазу үшін халық арасынан жинаған деректермен шектеліп қалуға болмайды. Сондыктан этнографтар музейлердің, архивтердің корындағы сақталып жатқан деректерді толық пайдаланады. Оған қосымша тарих, археология, фольклор, тіл тағы басқа ғылымдардың жетістігіне сүйенеді. Сөйтіл, этнографтар өзінің зерттеп жүрген этникалық сала бойынша, болмаса үлттың не ұлыстың тұрмысын, әдет-ғұрптың жақсы мецгеріп, сол халықтың этнографиясы жөнінде құнды ғылыми еңбек жазуы керек.

**Этнография** ғылымы — халықтардың шығу тегі, тұрмысы **және** мәдениетімен айналысадының ғылым болуы себепті, өзіне тетелес жақын сабактас, тамырлас көптең ғылымның тарауларымен тығыз байланыста дамып отырады. Этнография ғылымының зерттейтін **басты мәселелерінің** бірі халықтардың әр түрлі сатыдагы өмірі мен мәдениетін тегіс қамтиды. Сондыктан да этнография өзіне жақын болған ғылымның жетістіктерін пайдалануы керек. Ең алдымен, этнография тәмендегі ғылым салаларымен тығыз байланысты: археология, тіл, әде-

битет, музыка, сурет, архитектура, антропология, география және тағы басқа салалардағы пәндер. Осы ғылымдардың тараулары арқылы зерттеп жүрген ұлт жөнінде тиісті мағлұмат алғып, солардың жәрдемімен көптеген қызын мәселелерді табысты шешуге болады. Себебі халықтардың өмірлері, тұрмыстары көп салалы, алуан тараулы болғандықтан, олар көптеген ғылымдармен тығыз байланыста.

Этнография халықтарды зерттеп, олардың өздеріне ғана тән: тіліндегі, шаруашылығындағы, мәдениетіндегі және қоғамдық құрылышындағы ерекшеліктеріне айрықша көніл бөледі. Бірақ әр халықтардың мұндай ерекшелік қасиеттері, олардың рулық, ұлттық және психикалық жағдайынан туып жататыны сөзсіз. Сол халықтың әлеуметтік-экономикалық тарихи дамуынан келіп шығатыны ешкімді таңдандырмайды. Ол қасиеттер де үздіксіз дамып, өзгеріп отырады...

Этнография ғылымы дүние жүзіндегі үлкенді-кішілі ұлттардың бәрін зерттей ме, жоқ тек олардың ішінен теріп алғып, кейбіреулеріне ғана тоқтала ма дейтін мәселеғе келсек, ол жөнінде бірнеше пікір бар екінін айтуымыз керек. Олардың бірі — кейбір шетел этнографтарының пікірлері. Олардың айтуынша, этнография ғылымы өзінің тарихи дамуы бойынша артта қалып қойған Австралияның, Африканың және тағы басқа құрлықтар үндіс аборигендерін зерттеп, өздерінің дамуы бойынша алға кеткен халықтарға тоқтаудың қажеті жоқ, деп қарайды. Соңдықтан да олар өздерінің дамуы бойынша, артта қалып қойған халықтарға жек көрушілікпен қарап, оларға «жабайы», «толымды адамдар емес», «қара терілілер» тағы басқа адамдардың ар-намысына тиетін сөздерді таңып жазуға бейім тұрады. Мұндай ғылымға жатпайтын пікірлер — олардың отаршыл саясатынан шыққан пікірлер. Отаршылар бұратана халықтардың адамгершілігін аяққа басып, табиғи байлығын тонап, моральдық жағына езгіге салып келген.

Отаршылар өздерінің осындағы қанаушылық саясатын «ғылыми» жолмен дәлелдемекші болып, олар өздерінің дәлелдерін этнография ғылымынан іздеген. XVIII ғасырдың ақырында, XIX ғасырдың бас кезінде Батыс Еуропа елдерінде этнография ғылымына кең мағыналы мән беріліп, оны антропология деп атаған болатын. Англия мен Америкада «Антрапологиялық қоғам» құрылып, кейінгі жылдарда «Әлеуметтік антропология», «Мәдени

антропология» және тағы басқа аттармен атаса да, жалпы бәріне тән ортақ мақсат отаршылық саясатты іске асыруға жәрдемдескен.

Әлеуметтік антропологияның ірі өкілдерінің бірі Д. Фрезер отарланған Африка, Азия және басқа құрлықтардағы халықтардың ғасырлар бойы экономикалық, саяси, мәдени жақтан артта қалып қою себебін, сол халықтардың өздерінің түрмис-жағдайынан ғана шығып отыр деп дәлелдемекші болды. Олардың саяси, экономикалық, мәдени артта қалған мешеулігін тікелей отаршылдардың сол елге жүргізілген тағылықтың, озыбырылыштың да себепші болғанын мойындағасы келмейді. Міне, осындай этнография ғылымында әр түрлі реакцияшыл теориялар келіп шықкан. Тағы бір мысал келтіреік. Реакцияшыл этнографтардың пікірі бойынша, дүние жүзінің барлық халықтары тәң емес, тәң болуы мүмкін де емес, себебі олардың нәсілдері әр түрлі екен. XIX ғасырдың орта кезеңінде бұл нәсілшілдік теорияны қолдаушылардың бірі Францияның жазушысы, антропологи Гобино болатын. Ол өзінің еңбектерінде Африка, Азия және т. б. отарланған елдердің халықтарын нәсілі жағынан толық өсіп жетілмеген, кемтар адамдар деп дәлелдеуге тырысты.

Бұл пүкірді Батыстың отаршылары қуана қабылдан, өздерінің отарлау саясатының ғылыми түрғыдан дәлелдеуін күптады. Сондықтан ондай ықпалдағы этнографтар Африка, Азия, Австралия, Океания және тағы басқа жерлердегі халықтардың арасына барып, ол жерлердің халықтарының нақты түрмисын қысқа айна арқылы суреттеген. Мысалы, африканықтарды «негр» (қара) деген латын сөзімен кемсітіп атаған. Ал шындыққа келсек, Африка жерінде дүние жүзі нәсілдерінің түрлі еуропеоид, монголоид және негроид секілді өкілдері ерте заманнан бері өмір сүреді. Олардың өздері де бірнеше кіші-гірім нәсілдерге бөлінеді. Африка халықтарының барлығын да «негрлер», яғни қаралар деуге болмайды. Ондай этнографтар Африка жерін «Қара құрлық» дегендегенді мензегендери. Африка елдері өздерінің даму сатысында казіргі өркениетті елдерден көп қалып қойған. Оның негізгі себептерінің бірі Еуропа елдерінің жүргізген отаршылдық саясаты екенін олар жасырып, жергілікті халықтарға жала жабады. Осындай Африка елдерінің мешеу дәрежеде дамуын мұндай этнограф-

тар олардың үлттық қасиетіне байланысты деп жазады. Африкалықтардың адамдық сапасы, ақыл-ойы, ұжданы, адамгершілігі жаратылсынан төмен-мыс. Сондықтан олар өз бетінше дами алмайды дегенді айтады. Сол себепті ол халықтар өз бетінше өркениет дәрежесіне көтерілмейді деген теорияларын тықпалауда. Оның үстінен кейбір этнографтар бұл халықтардың артта қалып қойғанына тоқтай келіп, Африканың жаратылсына жала жабады. Бұл жердің ауа райы тымырсық, ыссы болған себепті, ол аборигендердің рухын, жігерін, іскерлігін басып, халықтардың жемісті жұмыс істеуіне жол бермейді деген пікірді де алға тартады. «Сондықтан,— деді олар,— «африкалықтар отаршылдардың таяғының астында жұмыс істеуі тиіс».

XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың бас кезінде осындай реакциялық, нәсілдік теориялар көптеген империалистік елдерде, сондай-ақ Германиядан кең орын алды, ол фашистік сойқан соғыстың алға ұстаған ұрандарының бірі болғанын бүкіл дүние жүзі біледі. Осы сынар езу саясатқа үйренген Гитлер бастаған үлтшыл — социалист партиясы жер жүзіндегі халықтардың үстінен тек германдық, ақ нәсілді үлт кана үstemшілік жасап, басқа халықтар солардың қол астында құл болуы керек деп жар салғанын да тарих жақсы біледі. Бұл солақай саясатты дәрілтеушілердің көп ұзамай құл-талқаны шыққаны мәлім.

Үлтшылдық, сол сиякты реакцияшыл көртартпа теориялардың бірінен кейін бірі соққыға ұшырағанына қарамастан, Батыс этнографтары сондай көртартпа теорияны шығаруды тоқтатқан жок. Олардың бірі — фрейдизм. Оның негізін салушы — австралиялық психиатор, дәрігер Фрейд. Өзінің этнография-антропологиялық зерттеулерінде халықтар сана-сезімінің дамуын негізге алды, дүние жүзіндегі үлттарды «саналы» және «санасыз» деп екіге бөлген. Бұл кісінің пікірі бойынша, отаршылықта езгіге түсken халықтардың санасы төмен, сол себепті олар барлық уақытта езгіде өмір сүре беруі керек деген тұжырымға келген. Сондықтан қазіргі заманда дүниедегі реакцияшыл күштер фрейдизм теориясын жән-тәнімен ұға тырысып, том-том кітаптар шығаруда. Эсіресе, АҚШ-тың кейбір ғалымдары бұл еңбектерінде отаршылдық және басып алушылық колледждерінде арнайы пән ретінде жүргізіледі. Осындай мазмұндағы Америка Құрама Штаттарының этнографтарының арасындағы «Аме-

рика психология мектебі» дейтін ағымды қолдаушыларлың енбектері де реакциялық негізде жазылып, озбырлық, отаршылық саясатты қолдауға негізделген.

Дүние жүзінің озық ойлы этнографтары мен антропологтары, соның алдыңғы қатарында бұрынғы кеңес этнографтары мен антропологтары әр түрлі көртартпа, реакциялық ағымдармен куресіп, олардың ғылымға, яғни шындыққа жатпайтынын әшкереlep отырды.

Екінші бір пікірдегі кейбір шетел этнографтары дүние жүзіндегі халықтардың барлығын зерттеу керек екенін мойындаса да сол халықтың ішіндегі өздерінің дамуы бойынша артта қалыңқырап қойған бөліктерін, әсіресе, ауылдық жерде тұратын ел-жүртты қобірек зерттеу көректігіне ерекше көніл аударады. Бұл пікірлердегі этнографтардың қала тұрғындарымен айналысуының қажеті жоқ деген тұжырымға келеді. Мұндай пікірге де қосылу қыын. Себебі алдыңғы және артта қалып қойған халықтардың арасынан айтарлықтай тұракты шекаралынысыз шығу өте қыын. Халықтар өздерінің даму жолында бірнеше сатыларды өздерінің басынан өткізіп, жалпы тарихтың заңдылығы бойынша үздіксіз өсіп, өзгеруде, озып алға кеткен немесе артта қалған халық, олардың ішінде қалалық немесе ауылдық деп айырып қараудың ғылым үшін айрықша маңызы болмауы тиіс.

Ушінші пікірде кеңес этнографтарының бұл мәселеге қандай көзben қарайтыны жинақталған. Кеңес этнографтарының басым көпшілігі дүние жүзін мекендеуші үлкендері-кішілі қала мен ауыл тұрғындарын айырып бөлмей, түп-түгел зерттеу керек екенін жақтайды. Осы пікірді көпшілік шетелдердің прогрессіл этнографтары да қолдайды. Бұл тұжырымдарды негізге ала отырып, этнографтарымыз көптеген құрделі енбектерді шығарды. Ол енбектердің ең құрделісі көп томдық «Дүние жүзінің халықтары» деген ғылыми енбек болып табылады. Жер шарын мекендейген халықтардың бәрін де қамтиды. Эрбір халықтардың этнографиясына арналып жазылған көп томдық монографиялық енбектерді КСРО Ғылым академиясының Этнография институты және бұрынғы одақтас республикалардың ғылыми зерттеу институттары шығара бастағаны мәлім.

Этнография ғылымының айрықша көніл аударып зерттейтін мәселелерінің бірі — халықтардың аргы шығу тегі (этногенез). Бұл мәселе өте қыын да, құрделі де жұмыстардың бірі. Этногенез мәселесін тек этнография

Ғылымы түбегейлі шеше алады деп айтуға болмайды. Өйткені бұл проблема халықтардың өмірінің барлық саласын: заттай, рухани мәдениеттерін, қоғамдық тұрмыстарын, психологиялық ерекшеліктерін, өркендеу жолдарын және т. б. қамтиды. Сондықтан бұл проблема тарих, археология, этнография, тіл, география, экономика, зан, фольклор және сол сияқты сан салалы ғылымдардың құш қосуымен шешіледі. Бірақ бұл проблеманы шешудегі этнографтардың қосатын үлесі басымырақ болмақ.

Қазіргі заманда жер шарын мекендеген халықтардың этникалық құрамы бір-бірімен әбден араласып, біте қайнасып кеткен. Олар ірі-ірі ұлттардан, халықтардан, тайпалардан құралған және олар әр түрлі экономикалық-мәдени өсу дәрежелерінде, қоғамның әр түрлі даму сатыларында өмір суреті. Сондықтан бұл халықтардың өмірі мен мәдениетін үйренуді жеңілдету үшін, этнография ғылымы олардың тарихи туысқандық байланысына, өзара қарым-қатынасына, табиғи-географиялық, тілдік жағдайына, этнографиялық ерекшеліктеріне және тұрмыс күйінің үқастығына қарай отырып, бүкіл дүние жүзінің халықтарын географиялық, тілдік, мәдени-шаруашылық, антропологиялық деп төрт түрлі топтамаға бөледі.

Әрбір халық өздерінің белгілі мекеніне ие болып, сол жерді туып-өскен Отанымыз деп қарайды және оны көздерінің қарашығындай қорғайды. Жер шарының әр бөлігінде әр түрлі халықтар тұрады: Оларды кең мағынада, сол құрлықтың тұрғындары (аборигендері) деседі. Қөшілік жағдайда халықтардың отаны, сол жерді ежелден мекендеген тұрғындардың атымен Казакелі, Өзбекелі, Орыселі, Қырғызелі және т. б. деп аталады.

Бұл этникалық түсінікті Солтүстік, Орталық, Оңтүстік Африка, Алдыңғы Азия, Оңтүстік Азия, Кавказ халықтары және т. б. деп те айтуға болады. Осы этнографиялық түсінікті будан да кішірек мәнде түсініп Франция, Швейцария, Орал етірінің, Орта Азия және Қазақстан, Кавказ халықтары деп әрбір халықтың мекеніне байланыстыра айтуға да болады.

Дүние жүзіндегі халықтарды қоныстанған мекеніне қарай топ-топқа бөлуге болады. Топтарға бөлуде олардың ертеден мекен еткен жерін, олардың көршілес халықтармен байланысын, өзара қарым-қатынастарын есепке алады. Адам баласының жер бетіне таралуы зан-

ды да тарихи процесс. Жер шарының бөліктеріне тара-лып мекендеушілерді эйкумендер (грекше ойкое — ме-кендеуші, тұруши) деп атайды. Эйкумендер өздерінің қоныстарын жағдайға байланысты ауыстырып отырған. Ағашқы адамдар онша үлкен емес Оңтүстік Шығыс Азияда немесе Шығыс Африка жерінде пайда болуы мүмкін. Кейінгі кезде, әсіресе, төменгі полеолит дәуірінде өмір сүрген неандерталь адамы Шығыс Азиядан Батыс Еуропаға дейін тараған.

Әрістері Неолит, одан кейінгі дәуірлерде эйкумендердің әрістері кенеіе түскен. Сөйтіп, адам баласының күн көруіне қолайлы болған жерлерге үнемі қоныс аударып, жаңа жерлерді іздестіріп тауып, сол тың мекенді өздерінің тұракты қонысына айналдырып отырған.

Әтнографтар жеке елдердің этникалық құрамымен танысып, сол елдің жергілікті (абориген, автохтондық) халықты басқа жақтан кірме болып келушілерден айыра білу керек. Кейбір елдердің халқын «жергілікті» және «кірмелер» деп екіге бөлуге болар еді. Алайда сирек болса да, бір ұлттан құрылған елдер де кездеседі.

Сөзімізді дәлелдеу үшін, мынадай мысал келтірейік. Солтүстік Американың халқы негізінен екі бөліктен құралған. Жергілікті халық — үндістер мен эскимостар болса, европалықтар деп аталатын ағылшын насылдері мен негрлер көйінгі уақытта келушілер. Қазіргі кезде ауып келген кірмелердің саны жергілікті халықтан анағұрлым басым болып отыр. Мұндай өзгерістерді басқа да елдердің этникалық құрамынан кездестіруге болады. Сөйтіп, дүние жүзінің халықтарын географиялық жағынан тоң-тоңқа бөлудің жасанды бір жақты кемшілігі барлығын жасырмауымыз керек.

\* \* \*

Халықты топтаудың негізгі түрлерінің бірі — тіл. Ол басты этникалық белгілердің бірі. Осы белгілерге қарай отырып, халықтардың арасындағы тарихи өзара байла-нысын, туыскандығын, әрі шығу тегінің жақын-алыстырығын, шаруашылық, мәдени ұқсастығын байқауға болады. Осы сияқты жан-жақты жақындық байланыстарды тосыннан пайда болған құбылыс деуге болмайды. Олар халықтардың ғасырлар бойы қарым-қатынастарының негізінен келіп шықкан.

Жер шарындағы халықтар екі мыннаи астамырақ тілде сөйлейді. Тілші ғалымдар барлық халықтардың тілдерін морфологиялық және генеологиялық принциптеріне негіздел тіл семьясына бөледі.

Морфологиялық жолмен жіктегендегі дүние жүзіндегі барша халық тілі грамматикалық құрылышының ұқсастығы бойынша бірнеше топқа бөлінеді. Бірақ морфологиялық жағынан тілді топтау әлі күнге дейін жеткілікті дәрежеде зерттеліп бітпеген іс. Себебі тілдердің грамматикалық құрылышының ұқсастығын, олардың өзара туыстық қарым-қатынасының қайдан, қалай шыққандығын толық белгілеу мүмкін болмай келеді. Қоңтеген халықтар туыскандық жағынан бір-бірінен қашық болса да, олардың тілдерінің грамматикалық құрылышы ұқсас келуі әбден мүмкін. Мысалы, Вьетнам тілінің грамматикалық құрылышы, Судан халықтарының тілдерінің грамматикалық құрылышына өте жақын. Сондай жақындықты ағылшын және полинезиялықтар жөнінде де айтуға болады. Морфология бойынша дүние жүзі халықтарын топ-топқа бөлудің осындай киыншылықтарына қарамастан, кейбір туыстық жағынан жақын халықтарды түбекейлі зерттеп тану үшін, оның керекті жақтары да баршылық.

Генеологиялық (қан, туыскандық) жағынан тілді топтау бір тіл мен екінші тілдің туыскандық байланыстарын ғана көрсетіп қоймай, бір халық пен екінші халықтың арасындағы тарихи туыскандық жақындығын айқын ашып көрсететін белгілердің бірі. Тілдің генеологиялық жағынан жақындығы халықтардың шығу тегін зерттеуде этнографтарға үнемі көмекші құрал бола алады. Мысалы, орыс пен украин тілдері бір-біріне жақын болса, казак пен ногайлар, қарақалпактардың тілдері бір-біріне тіпті ұқсас және бұл халықтар бір-бірін еш киындықсыз түсінісе алады. Ал орыс пен неміс тілдері бір-бірінен өте алшақ жатыр. Олар бір-бірінің сөздерін түсінбейді. Сондыктан да бұл халықтардың арасында генеологиялық байланыстар бар деу қын.

Тілдердің ұқсастықтарына қарай, тамырының бір тектілігіне қарай дүние жүзіндегі 2000-нан астам тілдердің бірнеше тіл семьясына бөледі. Ал бір-біріне тамырластығы жақындау тілдерді «тамырлас, туыстас» тілдер деп атаса, бір-біріне тіпті жақын тілдерді кішкене бөліктерге, тармақтарға, тармақшаларға қосып жік-

тейді. Сөйтіп, дүние жүзіндегі халықтардың тілдері 10 үлкен тіл семьясына бөлінеді.

1. Үндіеуропалық тіл семьясына Оңтүстік Азиядан Еуропаға дейінгі жерлерді мекендеуші халықтар тілдері жатады. Кейінгі кездерде, әсіресе, халықаралық қарым-қатынас күшесімен үндіеуропа тілінде сөйлейтін халықтар Америка, Оңтүстік Африка, Австралия мен Океания құрлықтарына көптеп таралған.

2. Семито-хамит тіл семьясына Солтүстік Африканы, Оңтүстік-батыс Азияны мекендеуші халықтар тілдері жатады.

3. Орал-Алтай тіл семьясында сөйлеушілерді угрофин және алтай — деп екіге бөледі. Угрофин тілінде сөйлеушілер — Еділ өзенінің жоғарғы ағысын мекендеушілер және Венгрия мен Финляндия, Обь өзенінің төменгі жағына дейінгі жерлерді жайлаған халықтар.

Алтай тіл семьясындағы тілде Кіші Азияда Балқан жарты аралында, Якутияға дейінгі жерлерде тұратын халықтар сөйлейді. Анығырақ айтқанда, Орта Азия және Кавказдың, Еділ бойының, Оңтүстік Сібірдің кейір халықтары осы тілде сөйлейді. Бұл тіл үш топқа бөлінеді: түрік, монгол және тунгус (тунгусаманьжур). Тунгус тілінде сөйлеуші кіші-гірім Азия халықтарына маньжурлар, эвенктер, тунгустар, нанай-гольдтер және тары басқа ұлт-ұлыстар жатады.

4. Қытай-тибет (сино-тибет) тілінде Шығыс, Оңтүстік-шығыс Азияның тұрғындары сөйлейді. Бұл семьяға қытай тілінен басқа да бірнеше кіші-гірім тан, мяо-яо т. б. ұлыстар тілі де жатады.

5. Малай-полинезия тіл семьясында Үнді және Тынық мұхиттарындағы көптеген аралдардың, Мадагаскар мен Пахси секілді аралдардың тұрғындары сөйлейді. Бұлардың ішіндегі ең ірі тілдің бірі — Индонезия, онан кейін Мальгаш тілдері. Меланезия және Полинезия, Микронезия тілдерінде сөйлейтін адамдар саны жағынан онша көп емес. Олардың тілдері Оңтүстік-шығыс Азия халықтарының тіліне үқсас келеді.

6. Дравид тіл семьясында Оңтүстік Үндістанның, Цейлон аралының бір бөлігінде мекендеушілер сөйлейді. Олар — телуг, тамиль, каннар, малаяя және т. б.

7. Мунд тілінде (Орталық Индияны) мекендеушілер сөйлейді. Дравид пен мунд тілдері алғашқы уақытта осы Индия жерінде пайды болған тілдер болуы тиіс.

8. Банту тіл семьясына Оңтүстік Африканың жарымынан көпшілігінде орналасқан халықтардың тілі жатады. Бенту тілі Судан жерінде пайда болып, кейін сол жерден Оңтүстік Африкаға тараған болуы ықтимал.

9. Қавказ тілі Таяу Шығыста, Жерорта теңізінің төнірегіне тараған тілдердің бірі.

10. Мон-кхмер тілінде сөйлеушілер Үндіқытай, Камбудже жерін мекендейді. Кейбір тілшілер мон-кхмер тілін малая-полинезиялық тіл семьясына жақын деседі.

Жоғарыдағы біз тоқталып өткен 10 тіл семьясынан басқа да алуан тілдер бар. Олардың көпшілігі әлі жақсы зерттеліп болмаған ұсақ, кіші-гірім тілдер. Әсіресе, ондай тілдерді Американың, Азияның, Океанияның және Африканың аборигендерінің арасынан кездестіруге болады.

Барлық халықтарды мәдени-шаруашылық жағынан үқастығына қарап топтауға болады. Бір табиғи-географиялық аймақта бірнеше тілдерде сөйлейтін ұлттардың мекендеуі мүмкін. Олардың тілдері бір-біріне үқас болмағанымен шаруашылықтары, тұрмыстары және заттай мәдениеттері үқас немесе мұлдем жақын болып келуі мүмкін. Міне, осындай үқастығына қарай отырып, дүние жүзіндегі халықтарды шаруашылық-мәдени тұрмысы жағынан топ-топқа таратып бөлуге болады. Әрбір шаруашылық-мәдени бөліктерге өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша, шамамен біркелкі дамыған және үқас табиғи-географиялық жағдайда орналасқан, ертеден әр халыққа тән болған, тамырлас шаруашылығына және мәдени тұрмыс ерекшеліктеріне ие болған халықтарды бір топқа жатқызуға әбден болады. Әр халықтың мәдени-шаруашылықтарының ерекшеліктері, сол халықтардың тарихи даму жолынан келіп шыққан. Мысалы, адамдар жер бетіне тараған кездерде олар әр түрлі табиғи-географиялық орталыққа шоғырланып, сол жердің табиғи өзгешелігіне икемделеді. Өздерінің өндіріс күралдарын жасап, шаруашылықтарын дамытады, заттай және рухани мәдениеттерін оркендеткен.

Шаруашылық-мәдени ерекшеліктердің барлығы бір уақытта емес, олар әр түрлі жағдайда, әр түрлі кезеңдерде пайда болған. Кейбір халықтарда мәдени-шаруашылықтың дамуы алғашқы заманнан бастап қалыптасса, кайсыбіреулерінде жейінірек пайда болған. Сөйтіп, дүние жүзін мекендеуші халықтарды шаруашылық-мә-

дени тұрмыс белгілерінің ұқастығынан қарай отырып, төмендегіше топтауға болады. Олар: қарапайым аңшылар мен терімшілер, ірі өзендердің жағалауындағы отырықшылар мени балықшылар, тундраның бұғышылары, қоңыржай және троцкитік аймақтың егіншілері, көштепілі малышылар тағы басқа болып жіктеледі.

\* \* \*

Халықтарды жоғарыдағы тоқталып өткен этнографиялық түрғыдан топтаудың осындағы жүйелерінен басқа да бірнеше топқа жіктеп бөлушілік белгілері бар. Оларды антропологиялық жағынан қарау деп атайдыз. Антропологиялық нысан белгілеріне қарап, дүние жүзі халықтарын еуропоидтық, монголоидтық және пигроидтық деп үлкен топқа бөлуге болады. Жер шарындағы халықтарды өзара нәсілге бөлгенде, олардың ерте заманнан бері ата-бабасынан сақталып келген сыртқы көріністерінің (физикалық, дene және тіс қыртыстарының) ерекшеліктеріне қарайды. Бұл белгілеріне анықтарақ тоқталсақ, шаштың сыртқы көрінісі, беттегі тыныс жолдарының даму дәрежесі, шаштардың түсі (пигментация), тері мен көздерінің түстері, бойдың ұзындығы, бас сүйектің құрылымы түрпаты, әсіресе, жақ сүйектің, жақ еттерінің орналасу нышаны бойынша ажыратады. Адамдардың мұндай нәсілдік белгілері полеолит (тас) замандарында пайда болған сияқты.

Дүние жүзінің халықтарын діни түрғыдан да топтауға болады. Бірақ халықтарды дін жағынан толқа болу өте жасанды, сондықтан бұл сала этнографтарға айтарлықтай жәрдем ете алмайды. Себебі дін дүние жүзінде ұлттар немесе мемлекеттер бойынша тараған емес. Жер шарын мекендеушілер негізінен: христиан, будда және ислам атты үлкен үш дінге сыйынады. Бұл діндерді мойындаушылардың ішінде - көптеген рулар, ұлыстар, тайпалар, халықтар, ұлттар және мемлекеттер бар.

Этнографиялық ғылым-білімінің жинақталып, өз алдына ғылым ретінде қалыптасуы өткен ғасырдың орта кезеңіне тұра келеді. Бірақ этнографиялық деректер мени мағлұматтар ерте кездерден бері жинақталып, топтала берген. Ертедегі Египет, Вавилон, Парсы мемлекеттері соғыс, сауда жүргізу үшін көрші елдерді жақыннырақ танып, бөлуге үмтүлған. Сондықтан көрші халық-

тәрдің мекендеғен жерлері, олардың тұрмысы және мәдениеті жөнінде көптеген деректер жинаған. Сол уақыттардан бері сақталып қалған жазу, сыйуларда, суреттерде Таяу Шығыс және Солтүстік Африка халықтары туралы көптеген этнографиялық мағлұматтар жинақ болған. Сондай-ақ, Геродоттың «Тарих» (б. з. д. V ғ. Страбонның «География» (б. з. д. I ғ.), Юлий Цезардың және Тациттің еңбектерінде көптеген Оңтүстік Еуропа мен Орта Азия т. б. халықтары жөнінде азды-көпті этнографиялық мәліметтерді кездестіреміз. Ертедегі мағлұматтар бізге көп халықтардың алғашқы тұрмыстарын үйренуге молынан жәрдемдеседі.

Ғылым, білімнің дамуымен жана географиялық жерлер ашылып, ол жерлердің халықтары жөнінде этнографиялық мағлұматтар көбірек жинала бастады. Сол кездегі теңізде жақсы жүзе білген португалдықтар, испандықтар, голландықтар, ағылышындар, француздар мұхиттың арғы жағында Америка, Азия, Австралия және Океания елдеріне барып, ол жерлерді өздерінің отарына айналдырып, сол жердіңaborигендері жөнінде түрлі деректер жинай бастады. Оның себебі жергілікті халықтарды бағындыру үшін, олардың тұрмысымен, мәдениетімен жан-жақты танысуға тұра келген. Орыс мемлекетінің теңізшілері де Сібір халықтарымен ерте-ден-ақ жақынырақ таныса түсуге тырыскан. XVIII ғасырда Ресейдің ғалымдары шет аймақтарын мекендеуші халықтар жөнінде, көптеген этнографиялық мағлұматтар жинаған.

Этнографияның ғылым ретінде қалыптасқан уақыты XIX ғасырдың ортасына тұра келеді дедік. 1845 жылы Ресей Географиялық қоғамының жаңында этнография бөлімі ашылып, халықтардың тұрмысы мен мәдениетін тереңірек зерттей бастады. Шетелдерде этнографиялық мағлұматтар антропология және т. б. табиғи ғылымдармен қатар, бірге жинала бастаған. XIX ғасырдың 60—70 жылдарында Еуропа мен Америкада Тэйлордың, Леббоктың, Мак-Леннаның, Спенсердің, Липпердің, Моргандардың этнография ғылымына қосқан үлестері зор болған. Олардың эволюционизмдік көзқарастары этнография ғылымында да кең өріс алған. Бұлардың пікірі бойынша, қоғам бірте-бірте күрделі жолдан өту арқылы дамыды деген пікірді ұстанады.

Батыс елдеріне қарағанда, Ресей этнография ғылымының ғылымы ретінде ертерек танылып, толығып, да-

ми түсіне, әсіресе, Ресей Географиялық қогамы мушелөрі көп күш салған. Олардың ішінде этнографияны ғылым ретінде биік зор белеске көтерген орыстың атақты оқымыстылары болған. Олардың қатарында: Н. Миклухо-Маклай, Г. Н. Потанин және саяси көзқарастары үшін жер аударылған революционерлер В. Серошевский, Д. А. Клеменц, Л. Я. Штернберг, В. Г. Богораз, В. И. Иохельсон, тарихи-этнографиялық еңбектерін жазған Д. Н. Анучин, Ник, Н. Харузин, Ш. Ш. Уәлиханов сияқты басқа да фалымдар болды.

Этнография ғылымы Қазан революциясынан кейін бұрынғы КСРО-да кең көлемде дами бастады. Кеңестік этнография ғылымы тарихи материализм тәсіліне негізделіп, батыстық этнографияға сын көзben қарай отырып, оның ең бағалы жақтарын орынды пайдалана білді. Батыстық этнографияның реакцияшыл көзқарастарына қарсы шығып, ондай реакциялық пікірлердің ғылыммен қатысы жоқ екенін үнемі әшкереlep отырды.

КСРО этнография ғылымы өте кең құлаш жайып, ол өз еліміздегі халықтардың және дүние жүзіндегі ұлкенді-кішілі барлық халықтардың бәрін де зерттей бастады. Кеңес этнография ғылымының штабы — КСРО Ғылым академиясы және одактас республикалардың Ғылым академиялары болды. Оның бәріне КСРО Ғылым академиясының Этнография институты басшылық жасады. Республикалар Ғылым академияларының құрамындағы тарих институттарының ішінде, этнография бөлімдері ғылыми жұмыстар жургізді. Барлық республикалар дерлік ірі университеттердің этнография кафедралары жоғары білімді мамандар дайындалап, этнографиялық зерттеу жұмыстарын қолға ала басталды.

## ШЕТЕЛДІК АЗИЯ

Шетелдік Азия — жер шарындағы ең үлкен күрлықтың бірі. Ол өзінің табиғи-географиялық жағдайына қарай үлкен-үлкен ойпаттары, биік таулары және шөлді далалары бар. Қарақұрым, Гималай, Памир және басқа таулары; Араб Сахарасы, Орталық Иран жотасы, Тянь-Шань сияқты шөлдері бар. Ерте заманнан бері жүрттың отырықшы мекені болған Тигр, Ефрат, Инді, Ганг, Брахмапутр, Иравад, Солуэй, Меконг, Янзыцзян, Хуанхэ және тағы басқалар сияқты ірі-ірі өзендер бар.

Географиялық және этнографиялық жағына қарап, Таяу Шығыс, Оңтүстік, Оңтүстік Шығыс, Шығыс және Орталық деп аймактарға бөлуге болады. Бұл аймактарды алғашқы адамдар мекендеген. Бірақ олардың жер бейнеле таралуы біркелкі емес. Үлкен өзендердің алқаптарындағы ойпаттарда бір шаршы шақырым жерде 500-ден астам кісі мекендесе, таулы және шөлді жерлерде жүрт сиректеу орналасқан.

Шетел Азиясын табиғи-географиялық ерекшелігіне қарай отырықшы, жартылай отырықшы және көшпелі деп мәдени-шаруашылық салаларына бөледі. Бұл күрлықты мекендеушілерді антропологиялық жағынан: еуропоидтық, монголоидтық, негроидтық, буддо-австро-лонидтық деп және бірнеше кіші-тірім өзге наслідерге бөлуге болады.

Алғашқы адамдардың өрбіген жерлерінің бірі де осы — Шетелдік Азия, Оңтүстік Шығыс Азиядан питен-кантроптың сүйегі табылса, Шығыс Азиядан — синантроптың, Батыстан — палеолит дәүірінің жоғары және орта сатысында өмір сүрген адамдардың сүйектері табылған. Бұдан жалпы Азия құрлығы, оның үлкен бөлігі болған Шетелдік Азия жерлері өте ертеде пайда болғаны байқалды. Бұл құрлықтағы алғашқы адамдар заттай және рухани мәдениеттің іргетасын қаласып, бүкіл әлем халықтарының біртұтас орталық мәдениетін қалыптастыруда өздерінің біршама улестерін қосқан.

## ТАЯУ АЗИЯНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫ

Шетел Азиясы құрлығының үлкен бір бөлігі — Таяу Азия, оның жер көлемі 6 млн. шаршы километрден астамырақ. Ол Еуропа мен Африка құрлықтарымен шектесіп жатыр. Ол Кіші Азия жарты аралы, Месопотамия,

Левант, Аравия жарты аралы және Иран таулы жотасы аймақтарынан құрылған. Жалпы алғанда, Таяу Азияның жері құрғакшылықты. Дегенмен Жерорта теңізінің, Қара теңіздің, Қаспий теңізінің, Аравия жарты аралының жағалауларының ауа райы ылғалды, субтропиктік болып келеді. Бұл жердегі ірі өзендер — Тигр және Ефрат. Олардың алқабына орналасқан Месопотамия ойпаты — ежелден отырықшы мәдениет орталықтарының бірі. Оның тұрғындары егіншілікті қолдан суару жолымен жүргізіп, Месопотамияның құнарлы топырағынан тұракты, мол өнім алып келген.

Таяу Шығыс жерінде улкенді-кішілі 20-ға жуық мемлекет орналасқан. Олардың ішінен ірілері: Түркия, Иран-Ислам Республикасы, Ауганстан, Сауд Аравиясы, Ирак, Иемен, Сирия, Ливан, Иордания, Израиль, Оман және тағы басқалар.

Таяу Шығыстағы мемлекеттерді ұлт жағынан бір үлтты және көп үлтты деп екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Араб және Түркия, Израиль елдерін жатқызамыз. Бұл мемлекеттердің халықтары, негізінен, өз үлтynan құрылған. Түркияның негізгі халқы — түріктер. Олар өз елінің тұрғындарының 88 процентін құраса, Израильдің 90 проценті еврейлерден тұрады. Бұл құрлыкта араб мемлекеттерінің тұрғындары да, негізінен, өз халықтарынан құрылған. Екінші топқа Иран, Ауганстан және т. б. елдері жатады. Иранның негізгі халқы парсылар, олар өз мемлекетінің тұрғындарының 50 процентін, Ауганстанда — ауғандар өз елінің 50 процентін құрайды. Қалғандары әзіrbайжан, курд, түрік, тәжік, казак басқа да үлттар болып келеді.

Таяу Азияның халықтарын антропологиялық жақтан еуропоидтық, монголойдтық және негроидтық деп үш нәсілге жатқызуға болады. Сан жағынан басым көшілігі еуропоидтық нәсілдің өкілдері болса, қалған екі нәсілге жататындардың саны шамалы ғана. Монголойдтық нәсілге түріктер, хазарлықтар; негроидтыққа: Аравия жарты аралының тұрғындары, әсіресе, Қызыл теңіздейін жағалауларындағы тұрғындар жақынырақ келеді.

Таяу Шығыс халықтары үндіеуропалық, түрік (урало-алтайлық) және семит-хамиттік үш үлкен тіл семьясында сөйлейді. Үндіеуропалық тіл семьясында сөйлеушілер: тәжіктер, парсылар, курдтар, белуджар, лурлар, хазарлықтар, чор-аймақтар, гилянцтар, талыштар, гректер, армяндар, албандықтар, боснийлықтар және

басқасы; түрік тіл семьясында: түріктер, казақтар, өзірбайжандар, өзбектер, түркімендер, қашқарлықтар, қарақалпақтар және басқалар; семит-хамит тіл семьясында: арабтар, еврейлер, айсорлар.

## ЭТНОГЕНЕЗ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХ

Таяу Шығыс алғашқы адамдардың көне қоныстардың бірі Палестина және Сирия жерлерінен палеолиттің ертедегі сатыларын көзге елестетін археологиялық көптеген заттар табылған. Бұл аймактардан шелль және ашель кезеңдеріндегі адамдардың қолданған құралдары табылса. Эт-Табун үнгірінен ашель кезеңінде өмір сүрген тұрғындардың баспаналарының қалдықтары ашылған. Мұнан кейінгі, мұстөе дәуірінде, өмір сүрген неандерталь адамының сүйегі Ирактан және Палестина жерлерінен табылған. Осы кезеңге жататын Кармел тауындағы Эт-Табун және Эс-Схул үнгірлерінен 12 адамның қаңқасы шыққан. Тас көзенге жататын құралдар Кіші Азиядан және Жоғарғы Месопотамиядан кездескен. Бұл құрлықтардың басқа да аймактарынан палеолиттің соңғы кезеңдеріне, әсіресе, неолитке жататын заттар біраз жерлерден табылған.

Жаңатас (неолит) ескерткіштері Таяу Азия жерлеріне кең тараған. Месопотамия, Сирия, Палестина, Иран, Ирак, Кіші Азия елдерінен жаңатас кезеңдерінің ескерткіштері көптел ашылды. Мұнан кейінгі энолит, қола кезеңдерінде бұл жердің тұрғындары егіншілікпен айналысадынын, олардың қыштаң, қоладан, темірден жасалған құралдары дәлелдейді. Біздің дәуірімізге дейінгі IV мыңыншы жылдары жергілікті тұрғындар алғашқы қауымдық карым-қатынаста өмір сүріп, олар аңшылық, балықшылық, оナン кейін егіншілік кәсілтерімен айналыса бастаған. Олар қой мен ешкі, шошқаны қолға ұстап, отырышы өмір сүрген, баспаналар салған. Осы деректерге қарағанда, неолит кезінде Таяу Шығыс жерінде алғашқы адамдар кең тарап, қоныс тепкені байқалады.

Сол кездің өзінде Таяу Шығысты әр түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар мекендеген. Месопотамияның онтустігінде — шумер, аккада, элам; шығысында касситтер, мидиялықтар; солтустігінде — хеттар, ғатысында — палестиналықтар мекендеген. Тигр мен Ефрат өзендерінің алқаптарын халықтар ертеден мекендеп, олар алғашқы

адамзат өркениетінің іргетасын қалаушылардың бірі болды.

Месопотамияның оңтүстігінде шумерлер мемлекеті бой көтерді. Олар кейін Эль-Обейда, Урука және Джемдет-Наср мәдениеттерін қалыптастырыды. Бұл мәдениет үлгілері аккадалықтармен тығыз қарым-қатынаста дамыған. Ал Месопотамияның орта шенінде келіп шықкан семитикалық тілде шумерлер сөйлесе керек. «Шумер» деген термин (атама) аккадашылардың сөзінен шыққан. Біздің дәуірімізге дейін IV мыңыншы жылдарда пайда болған шумерлердің жазуындағы адам есімдері Оңтүстік Месопотамияға да кең тараған. Бір ғасырдан кейінгі III мыңыншы жылдардың ортасында Месопотамияның солтүстік аудандарында, тағы бір ғасырдан соң оңтүстігінде шумер атаулары семитикалықтармен алмасқан.

Шумерлерден басқа Месопотамияның шығыс бөлігінен Иран қыратына қарай жайылған кеңістікте бір-біріне тіл жағынан жақын әр түрлі халықтар орналасқан. Солардың ішінен осы күнгі Хузистан жерінде эламиттер өмір сурген. Бұл манда жүргізілген археологиялық зерттеулер көптеген жаңалықтар ашты. Соның бірі біздің дәуірімізге дейінгі IV және III мың жылдарда жазылған пиктографиялық ескерткіштер. Сол дәуірдің III мыңыншы жылдардың орта шенінде эламиттер аккадашылардың жазуын өз тіліне қарай икемдеп, өздерінің жазу-сызуын жасады.

Загроса тауларында, осы күнгі Луристанда, эламиттермен көршілес касситтер өмір сурген. Біздің дәуірімізге дейінгі II мың жылдықтың бірінші жартысында олар саяси жағынан үстемдік етіп, Месопотамияның мәдени тарихының дамуына да өз әсерлерін тигізген. Касситтер — Вавилониядағы жылқыны жақсы осіре білгендер деген сөз бар. Касситтердің тілі эламиттерге жақын болған сияқты. Кейбір ғалымдардың пікірлері бойынша, эламиттердің, касситтердің, лулубесвтердің тілдері бір-біріне жақын болған. Олар туысқандық және тіл жағынан касситтердің тіл тобына жатады. Касстий тобындағылар: кастийлер, геловтар, тапуровтар. Бұл тайпалар V ғасырда Қаспий теңізінің жагалауын мекендеген. Аты аталған тайпалар ертедегі Оңтүстік Әзіrbайжанды, Батыс Иранды мекендеген кутии, парсуа, манией тайпаларының үрпактары болуы мүмкін. Осы тайпалар ертеректе саяси жағынан басқаларға ықпалын жүргізген. Мы-

салы, Кустин (гутен) б. д. д. III мыңыншы жылдың аяғында Қос өзеннің бойларын мекендереп, сол жерде өздерінің үстемдігін жүргізген.

Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағасындағы осы күнгі Армения мен Курд қыраттарында, Кіші Азияның шығыс болігінде Месопотамияның солтүстігінде көп тұрлі халықтар тіршілік еткен, олардың барлығы да «ала-родиялықтар» деген жинақы атпен аталған. Зерттеушілердің пікірлеріне қарағанда, ол халықтардың тілдері кавказдықтардың тіліне жақынырақ болғанын көрсетеді.

Б. д. д. IV мыңыншы жылдардың аяғында, III мыңыншы жылдардың бас кезінде семиттік нәсілдік халықтар Таяу Азия жеріне кең тараған. Олар — жоғарыдағы аты аталған аккадалықтар. Осы кездегі шумерлердің жазулаты аккадалықтарға тән болған. Өйткені кісі есімдерінде көп ұқсастықтар бар. Кейін осы семит тілі шумерлердің тілін ығыстырып, аккадашылардың (семит) тілі үстемдік еткен.

Кейінгі кездерде аккадашылар күшейіп, сол жердегі семит тілінде сөйлеуші халықтармен бірлесіп, Ефрат және Тигр өзендерінің орта, төменгі ағысында Вавилония мемлекетінің өркениетін жасайды. Аккадашылар Вавилония диалектісінде сейлейді. Бұл тіл б. д. д. 2-мыңыншы 500 жылға дейін өмір сүріп, кейін арамейлық диалектімен алмасқан. Басқа да Қос өзеннің онтүстік-батыс атырабын б. д. д. III мың жылдарда семиттік тілде сейлейтін халықтар — хананейлер, аморейлер, еврейлер, арамейлер мекендереген. Осы мың жылдықтың екінші жартысында онтүстіктен Аравия жарты аралына арабтар келіп коныстанып, жергіліктіaborигендермен арасын кеткендері мәлім.

Үндіеуропалық тілде сейлейтін халықтардың бар екенінің алғашқы деректер б. д. д. II мыңыншы жылдардың ортасына тұра келеді. Осы кездерде Таяу Азияда хетталардың ірі мемлекеті пайда болған. Б. д. д. IX ғасырында Арменияда және Кавказдың онтүстігінде Урарту мемлекеті дәуірлеп өмір сурғен. Армян халқының қалыптасқаны б. д. д. VII ғасырга жатады. Бұл халық өзінің мемлекетін орнатып, оны бір мың жылдан артық сақтай білген. Б. д. д. мыңыншы жылдарда әр түрлі үндіеуропалық тілде сөйлеуші халықтар жаугершіліктерінде көрсетілгенде бірлесіп, Мидия, Персия кейінірек, Бактрия, Парфия секілді бірнеше күшті мемлекеттер

пайда болған. Орта ғасырдың кейінгі кезеңдерінде, осы мемлекеттің халықтарының өзара қарым-қатынастарының нәтижесінде отырықшы иран тілдес парсылар, гилянцтер, мазандаранд, пуштундардың бір бөлігі, тәжік және қошпелі пуштундар, курдтар, лурлар, бахтиарлар және қазіргі Иранның, Ауғанстанның тұрғындары келіп шықкан.

Таяу Шығыс Азияда құл иеленуші мемлекеттер ерте заманнан-ақ үйымдаған. Олардың катарына жоғарыдағы аты аталған, б. д. д. III мың жылдардағы Месопотамиядагы Шумер мен Аккади мемлекеттері жатады. Осы құл иеленуші мемлекеттер бір-бірімен бақталаста болып, алдымен шумерлер үстемдік етсе, билік кейіннен аккадашыларға ауған. Өзара соғыстардың барысында женғен жағы женілгендерді құлға айналдырып, оларды егін суару жүйелерін салуға кеніштер қаздырған және тағы басқадай ауыр жұмыстарға қосқан.

Осындай алғашқы қоғамның ыдырап, б. д. д. II мыңыншы жылдардың аяғында, II мыңыншы жылдардың басында саны көп аморейлердің тайпасы Месопотамия жерінде үлкен құл иеленуші Вавилония мемлекетін құрған. Олар эламит тайпасын да өзіне қосып, билікті аморей әулеті жүргізген. Аморейлердің мемлекетінің гүлденген кезеңі оның патшасы Хаммурабидің б. д. д. (1792—1750 ж.ж.) тұсына тұра келеді. Тарихтағы белгілі Хаммурабидің заны дегенді окушылар білуі тиіс. Б. д. д. XVIII ғ. ортасында өзара тартыстардың нәтижесінде Вавилония мемлекетін касситтер, онан кейін хеттер бағындырған. Жаулап алушылар вавилония мәдениетін, жазу-сзызуын қабылдап, жергілікті халықтарға араласып кеткен. Хеттер мен Мысыр арасында ұзаққа созылған соғыстардың нәтижесінде хеттер женіліп, бұрынғы үстемдігінен айырылған.

Таяу Азия халықтарының этникалық тарихында б. д. д. I мыңыншы жылдарда Ассирия үлкен ықпалын тигізген. Сол дәүірдің II және I мыңыншы жылдарында Ассирияның гүлдену және құлдырау кезеңдері де болған, б. д. д. XIII ғ. Ассирия күшті мемлекетке айналып, оның әскерлері Митанияны, Вавилонияны басып алған. Бірақ XII ғасырда Вавилония қайта көтеріліп, олар ассириялықтарға соққы берген. Ұақытша сәтсіздікке ұшырағанымен, б. д. д. IX ғасырда ассириялықтар қайта күшейіп, оның патшасы Ашшурнаасирапал II (884—859) күшті әскер үйымдастырып, Месопотамиядагы

арамейлерді бағындырып қана қоймай, Жерорта теңізіне ісейін шапқан. Оның мұрагері Салманасар III Сиріяны, Вавилонияны өзіне қаратып, VIII ғасырдың орта шенінде Ассирия патшалары барлық ертедегі Шығыс елдерінің төңірегіне шоғырландыруға үмтүлған. Нәтижесінде олар барлық Месопотамияны, Сиріяны, Финикияны, Палестинаны, Батыс Иранды және Мысырды жауап алған. Ең сонында б. д. д. VII ғасырдың екінші жартысында Мидия мен Вавилонияның сокқысынан Ассирия құлаған.

Көп ғасырлар бойына Ассирияның және басқа мемлекеттердің жиі-жиі жүргізілген өзара соғыстарының барысында бір халық екінші халықтармен араласып, әр түрлі этникалық қурамалардың тарихында көп өзгерістер болып жатты. Мұндай араласулар Таяу Азия тұрғындарының заттай және рухани мәдениеттерінің бірбірімен қосылуына, карым-катынасын күштейте түсуге алып келді. Сан жағынан көп және күшті халықтар салын аздарын өздеріне сініріп, жетіл отырған.

Ассирияның үстемдік еткен жерінде, б. д. д. II мынышы жылдары ең қуатты мемлекет пайда болды. Олар жаңа Вавилония және Мидия патшалықтары еді. Жаңа Вавилония патшалығы ірі, саяси және саудасы дамыған ел болып, көршілері Мысыр, Иудей елдерін, финикилердің калаларын, кейін Сирия және Филикияларды да өзіне бағындырады. Иранның батыс жағындағы Загрос таулы өлкесінде Мидия мемлекеті құрылды, оның астанасы қазіргі Хамадананың орнындағы Экбатон қаласы еді. Иран қыратындағы бұрынғы Ассирия патшалығының жері және Кіші Азияның жерлері Мидияға бағынды.

Б. д. д. VI ғасырдың ортасында Иран қыратының онтүстік-батысында Кир бастаған Персия мемлекеті құрылды. Тарихи қысқа мерзім ішінде, Кир бастаған Персия мемлекеті Мидияны, Кіші Азияны, Вавилонияны жауап алып, Иранның солтүстігіндегі көршілестеріне жорық жасады. Кирдің баласы Камбиз Мысырды өзіне бағындырыды. Кейін Дари (521—486) кезінде Таяу Азия ахеменидтердің қол астында болды. Б. д. д. IV ғасырдың екінші жартысында Александр Македонский Таяу Шығысты басып алып, қолға кіргізген жерлерінің көлемі ахеменидтерге бағынған жерлерден анағұрлым асып кетті.

Ахеменидтер мен Александрдың мемлекеттері үлкен болғанымен, олардың іштей татулықтары шамалы болатын. Солай бола тұрса да, олардың жүргізген соғыстары кездерінде халықтар, тайпалар өзара араласа қоныс аударып, қалалардың тұрғындары көбейді, қолөнер өркенде, тіршіліктері көптеген өзгеріске ұшырады. Сауда-саттық дами түсті. Мысалы, Таяу Азияның Жерорта теңізі бойында Орта және Өңтүстік Азия елдерімен қарым-қатынастар жолға қойылды. Б. д. д. I мыңыншы жылдарында аремей тілі Таяу Азияда, Мысырда үстемдік етті. Бұл тіл Иран тілдес халықтардың тіл ерекшелігіне икемделген жалпы бұқараның ортасына кең тарады. Аремей жазуы көрші елдерге де, сондай-ақ Орта Азияға дейін тараған. Иудей (еврей), арабтардың жазулары да аремей әріптеріне негізделген. Осы кездерде аремей тілі гректердің тілімен тайталасатын еді.

Б. д. д. III ғасырда Таяу Азияның батыс жағы әллинистік мәдениеттің ықпалында болса, бұл ықпал Александр Македонскийдің жорығынан кейін күшіе түскен. Таяу Азияның көп жері селевкидтердің мемлекетіне бағынған. Сол тұстан бастап селевкидтердің шығысында Парфия, Грек-Бактрия атты екі үлкен мемлекет пайда болған. Парфия патшалығы Иранның солтүстік-шығысындағы иран тілдес халықтардың арасында болса, Грек-Бактрия Ауғанстанның солтүстік-шығысында, Тәжікстанның, Өзбекстанның өнтүстігіндегі жерлерде орналасқан. Б. д. д. II ғасырдың орта шенінде Грек-Бактрия мемлекеті шығыстан келген көшпелілер мен парфиялықтардың шабуылынан құйрекен. Ал Парфия мемлекеті күшіе түскен еді. Біріншіден, Парфиядан кейін үйимдасқан Сасанидтық (220—650) Ирандың мемлекеттері бір-бірімен 6 ғасыр бойына күресіп келген. Екіншіден, парфиялықтар мен Рим, Византия мемлекеттері біздің дәуірдің IV ғасырына дейін соғысқан.

Б. д. д. VI ғасырда Таяу Азияның солтүстігінде, Орта Азияның өнтүстігінде отырықшы иран тілдес хорезмилықтар, соғдылықтар, бактрилықтар, сактар өмір сүрген.

Аравийлық жарты арал ерте кезден-ақ мәдениет орталығының бірі болған. Б. д. д. II мыңыншы жылдардың сонында бұл жерде құл иеленушілік Миней патшалығы болған. Ол кейін Сабей және Фимъяр патшалықтарына бөлінген. Б. д. д. I мыңыншы жылдарында араб тайпалары солтүстікке қарай жылжып, Аравий жарты аралы-

ның солтүстік жағындағы, қазіргі Сирияның жерінде, бірнеше кіші-гірім мемлекеттерді қалыптастырған. Сасанидтердің дәуірінде Иран мен Византияның шекараларында арабтық-набатейлық арабтардың мемлекеті үйімдасқан. Кейін олар Махмидтердің және Гассанидтердің мемлекеттері деп аталып, византиялықтармен және ирандықтармен тығыз қарым-қатынас жасап тұрған. Оларды арабтар жақсы білген.

Біздің дәуіріміздің VII—VIII ғасырларында араб халифаты күшіейіп, көрші отырған елдерге шабуыл жасай отырып, оларды өздерінің қол астына қараткан. Осы жаугершіліктің нәтижесінде, Таяу Шығыстың этникалық құрамында көп өзгерістер пайда болды. Кейбір аборигендер өз қоныстарын аударып, өзге халықтармен араласты, арабтар бағынышты халықтармен аралас-құралас болып кетті. Арабтар, Сирия, Месопотамия мемлекеттерінің түрғындарымен туыстасудың нәтижесінде жаңа этникалық қауым келіп шықты. Олар араб тілінде сөйлем, ислам дінін қабылдаған.

Осындай этникалық өзгерістерге азиялықтар кейінгі кездерде жиі ұшыраған. Мысалы, X ғасырдың шенінде Орта Азия жақтан түрік тілінде сөйлейтін тайпалар батыска қарай ығысып, жергілікті халықтардың этникалық құрамына өзгеріс жасауға өз үлестерін қосқан. XI ғасырдың басында солтүстікten көптеген сельжуктер бастаған түрік тайпалары Иран қыраттарына, Сирияға, Месопотамияға келіп жеткен. Түріктердің келуі XII ғасырға дейін тоқталмаған. Соның нәтижесінде, Таяу Шығыста түркі тілінде сөйлейтін түріктер, әзіrbайжандар сияқты бірнеше ұлттар пайда болған. XIII ғасырдың басында монголдар Таяу Шығыстың солтүстігін жаулал алып, жергілікті халықтарға өздерінің этникалық әсерін тигізді.

Таяу Азияның халықтарының арасында да өзара жаугершіліктер болып, соның нәтижесінде әркайсысы-ақ этникалық өзгеріске ұшыраған. Парсы әскери XVII ғасырда бірнеше дүркін армян мен грузиндерді топтап, Иранға айдал әкелген. Ал XVIII ғасырда курдтардың біразын Хорасанға көшіріп әкелген. XIX—XX ғасырларда курдтардың бір бөлігі орталық Анадолға, Оңтүстік Түркияға орналастырылды. Армян, айсора және грузиндердің арасында алауыздық өршіп, жанжалдар тұтанып отырған. Соның салдарынан 1915 жылы 1 млн. армян қыргынға ұшырап, 1,5 млн. армян күгінға ұшырады.

1948 жылы Израиль мемлекеті шаңырақ көтерді, ол 1 миллионға жуық арабты өз жерінен қуып шығып, олардың орнына саны осы мөлшердегі еврейлерді әр елден көшіріп әкеліп қоныстандырыды. Сойтіп, Израильде еврейлердің саны арта түсті. Кейінірек құрылса да бұл мемлекет империалистік мемлекеттер үйымдастырыған Таяу Азиядағы реакциялық жанжал ошағына айналып, көрші Палестина, Сирия және т. б. елдерге отаршылдық әрекеттер жасап, олардың ежелгі жеріне қол сұғуда. Қазіргі Израильдің басшылары Таяу Азия халықтарына соғыс қаупін төндіру bylай тұрсын, олар дүниежүзілік реакцияшыл күштермен ауыз жаласып, соғыс қаупін тудырды. Бірақ олардың мұндай саясатына прогресшіл адамзат батыл тойтарыс беруде. Таяу Шығыс Азиядағы кіші-гірім халықтар әлі де қалыптасу кезеңінде екені рас.

Таяу Шығыс халықтары ерте заманнан озық мәдениетімен танылған болатын. Бірақ тарихи себептерге байланысты өздерінің даму дәрежесі жөнінен кейінгі ғасырларда мұлдем мешеуlep қалды. Оның ең басты себептерінің бірі — XVIII ғасырдан Батыс Еуропа елдерінің Таяу Шығысты отарлап алды. Бұрынғы өзара феодалдық соғыстардың салдарынан әбден әлсіреген мемлекеттерді оп-онай отарға айналдырып, Таяу Шығыстың экономикалық, мәдени дамуына үлкен кедерігі келтіреді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кездерінде капитализм өзінің жоғарғы сатысы империализмге өтті. Еуропа билеушілері жергілікті халықтарды сүліктей сорып, оларға отаршылықтың, озбыр азабын шектірді.

Екінші дүниежүзілік соғыска дейін, Таяу Шығыс елдерін отарлап алып, оларды билеп-төстеген Англия мемлекеті еді. Осы соғыс жылдарда ағылшын империалистірі өздерінің ықпалын бұл елдерге жүргізіп, бәсекелестері Франция, Италия сияқты елдерді еріксіз ығыстырып шығарады. Бірақ кейінгі кездерде Англия өзінің гегемондық рөлін бұл құрлықта берік үстап тұра алмады. Екінші дүниежүзілік соғыстың салдарынан Англияның әлсірегендігін пайдаланып, АҚШ Таяу Шығысты өз дегеніне қоидіріп, жан-жақты ықпалын жүргізе бастады. АҚШ монополистері Аравия жарты аралын, Иранның мұнайын және басқа бұл құрлықтың аса бай жер асты кендерін билеп-төстеуге үмтүлды. Барлық капиталистік мемлекеттер пайдаланатын мұнайдың 60 процен-

ті Иран, Ирак және Сауд Аравиясынан өндірілді. Бұл байлықтарды игеріп, пайдалану үшін АҚШ жергілікті еңбекшілерді барынша қанаумен болды.

Казан революциясының жеңіп шығуы дүние жүзіндегі ұлт-азаттық куресінің күрт өршуіне қолайлы әсерін тигізді. Соның нәтижесінде таптық қоғамда әмір сүрген елдерде, әсіресе, отырышылықтағы халықтардың арасында ұлт-азаттық куресі дами түсті. Сондай-ақ Таяу Шығыс елдерінде ұлт-азаттық куресі күшейіп, тарихи қысқа мерзім ішінде бұл құрлықты сүліктей сорып келген шетел монополистері қып шығарылды. Нәтижесінде Ауғанстан, Иемен халқы бостандық алды. Ғасырлар бойы үстемдік еткен шактың билігін құлаткан Иран халқы Ислам Республикасын орнатты. Бұлардан басқа да Таяу Шығыстың біраз елдері батыстың отаршылығынан азат болды.

Сөйтіп, үзак жылдар бойы созылған ұлт-азаттық куресінің нәтижесінде Таяу Шығыс халықтары еркіндікке жетіп, өздерінің экономикасын, мәдениетін дамытуға кірісті. Бірақ XX ғасырдың 90-жылдарында АҚШ бастаған батыс елдері әр түрлі саясатты сылтауратып. Таяу Азияға кіріп, жергілікті халықтарға өз ықпалын жүргізу үшін әрекет істеп отыр. Бұған 1991 жылдың басындағы Парсы шығанағындағы болған тарихи оқиға дәлел бола алады.

## ТАЯУ ШЫҒЫС АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚӘСІПТЕРІ МЕН ТҰРМЫСТАРЫ

Таяу Шығыс елдері ғасырлар бойына аграрлық ел болып келді, содан да өндіріс орындары нашар дамыды. Сондықтан мұнай, газ және басқа кен байлықтарын жергілікті халықтар жақсы пайдалана алмады. Өндірілген өнімдер шетелдерге шикізат түрінде сатып келген еді. Кейінгі жылдарда бұл елдер отаршылдықтың бұғауынан босаған сон, өздерінің ұлттық өнеркәсібін шүғыл дамытып отыр. Олармен достық қарым-қатынастары біраз елдерде Азия халықтарының экономикасын, мәдени дәрежесін көтеруге үнемі көмектесіп, көптеген өндіріс орындарын салуға жәрдемдесті.

Таяу Шығыс елдерінің басым көпшілігі егінмен, мал шаруашылығымен айналысады. Ефрат, Тигр және бас-

қа өзендердің алқаптарындағы тұрғын жүртшылық ертеден-ақ егіншілікпен айналысқан. Содан да оның әр түрлі аудандарындағы егіншілік кәсібі бір-біріне өте үқас. Жалпы бұл өлкенің ауа райы ыстық, құргақ болып келетіндіктен, егіншілік кәсібі суармалы болып келеді. Жергілікті халықтардың әл-ауқаты осы егіншіліктен алынатын өнімге байланысты. Бұл үшін өзендерден үлкенді-кішілі арықтар қазып, осы су жүйелері арқылы егістік жерлерді суландырған. Бік жерлерге суды шығыр арқылы көтерген. Иран, Ауғанстан жерлерінде су өте тапшы болған себепті, диқандар жер асты суларынан керіз қазып, бір жерге суды жинайды да, содан кейін егісті суарған. Мұндай тәсілді Түркіменстан, Өзбекстан диқандары да қолданған. Диқандар одан басқа да құдықтың, бұлактың суын, яғни барлық ылғал көздерін түгелге жуық кәдеге асырған рой. Жаңбырдың суымен өсетін егін Түркияның, Иранның және Ауғанстанның кейір таулы жерлерінде кездеседі.

Араб елдерінде бидай, арпамен қатар кендір, зығыр секілді техникалық дақылдар да егіледі. Түркияда дәнді дақылдармен бірге темекі, макта, жұзім; Иранда құріш, жеміс ағаштары, жібек құрты, бау-бақша егу үрдісі бар. Егіншілікке пайдаланылатын құралдары көне заманнан келе жатқан күрек, кетпен, қол орақ, темір сока, жер ағаш, шығыр сияқты болып келеді. Күш көліктері — өгіз, туýе. Осы күнгі егіске пайдаланылатын техниканы тек фермерлер, қуатты шаруалар ғана қолға түсіре алады. Ірі каналдар мен арықтарды күрек, кетпен сияқты құралдармен қазады. Өндіріс орындары артта қалғандықтан бұл елдердің диқандары егістік жерлерге минералдық тынайтқышты пайдаланбайды деуге болады.

Ирандықтардың суармалы егістікті дамытқан жерлерінің бірі — Исфахан ойпаты. Мұнда да, негізінен, кәріз қазып, жер асты суын егіншілікке пайдаланады. Шахты құлатқанға дейін иран диқандары жер иеленүшілерді 6 түрлі дәрежеге болғен, олар: помещиктер — арабтар, мемлекеттік — халиса, діншілдер — уақым (векуф) көшпелілердің карауындағы жерлер — иляти, кіші-гірім жерлері бұларды — хурдамалик және қоғамдық жерлер — умуми. Иранның егіске жарайтын жерлерінің 94 проценті помещиктер мен дін иелерінің, мемлекеттік басқарушы адамдарының қолдарында. Қалған 5—6 проценті ғана диқандардың үлесіне тижен.

Мал шаруашылығына келсек, бұл кесіп көшпелі, жартылай көшпелі халықтардың арасында кең орын алған. Отырықшы жерде мал аз есіріледі. Шөлді, таулы жерлерді мекендейген арабтар, пуштундар, түріктер, курдтар және ирандықтар мен ауғандардың бір бөлігі мал бағумен шұғылданады. Көшпелілер қой, ешкі, түйе, есектерді көбірек өсірсе, жылқы малын аз ұстайды. Уақ майдың жүні экспортқа шығарылады.

Көшпелілер әр маусым сайын қоныс аударып, шөлді жерлерде құдықтың, қолдан қоршап қойған қақ, тоған сүйн пайдаланады. Сауд Аравиясының малшылары мен бәдәуилер түйе мен араб арғымақтарын өсіреді. XIX ғасырда мал шаруашылығының маңызы нашарлай бастады. 1920 жылдан бастап қоңтеген бодоуилер бірлескен отырықшылыққа айналды. Бірақ оларды түгелдей отырықшы етуге әлі де жағдай туғызылмай келеді. Жартылай көшпелілер Аравия жарты аралында, Туркияның, Иранның таулы аймақтарында мекендейді. Олар жаз бойы малды биік таудағы жайылымдарға жайса, қыстақтасын, шуақты тау етегіне көшіп келеді. Күш көліктепі ретінде өгіз, түйе, жылқы, есек малдарын пайдаланады. Сырдың сүті мен етін азық-түлікке жаратады. Таю Шығыстағы елдердің өсіретін малдары біркелкі емес. Себебі бұл құрлықтың табиғи-географиялық жағдайлары да әр түрлі. Сондыктан таулы, өсіреле, шөлді жерлерде қой, ешкі және түйе малдары көп өсірілсе, ойпатты жерлер сиыр, жылқылардың өсіп-өнуіне қолайлы болып келеді.

Түркияның мал шаруашылығы Анатолия жарты аралының орталық және шығыс жақтарында жақсы дамыған. Мемлекет меншігіндегі малдар түлік түрлері бойынша бөліп-бөліп өсіруге негізделген. Және аймақта сауын малдар өсірілген, екінші аймақта еттік бағыттағы малдар бағылған, ал үшінші жерде жүн беретін малдар бағылған. Құйрықты қой және ангор ешкілері көп өсіріледі. Бұл ешкінің ұзын, жібек сияқты жұмсақ жүндерінен өте бағалы маталар және орамалдар тоқылады.

Темірден құрам-сайман, әр түрлі асыл тастан зергерлік бүйімдар, сүйектен, ағаштан түрлі мүліктер жасаған. Ауылдық жерлерде тоқымашылық кесіп үлкен қанат жайыл жібектен, мақтадан, жүннен мата тоқыған.

## ТҮРМЫСЫ

Таяу Шығыс халықтарының көпшілігі ауылдық жерлерде тұрады. Түркияның халықтары ойпаттар мен теніз жағалауына көбірек шоғырланған. Ал аугандар таудың шатқалдарына, етектеріне орналасқан. Қошпелілер тіршілігінде жүйелі қоныстар өте аз. Ал қыстактарында базар, мешіт, медресе, моншасы болады.

Егіншілердің үйлері Орта Азия халықтарының үйлеріне ұқсас, шикі кесектен, саздан түрғызылған. Ағаштан салынған үй өте сирек кездеседі. Қошпелілердің, жартылай қошпелілердің үйлері бір не екі бөлмелі келсе; отырықшылардың үйлері бірнеше бөлмелі болып салынады. Отырықшылардың егістік жерлері, корасы үйінің қасында орналасқан.

Үйлердің ішкі безендірілуі әр түрлі: үйдің еденіне кілем төсөлери, биік сәкіде отырып, сол сәкіде үйнектайды. Қымбат мұліктер тек қана байларда кездеседі. Жарлылардың тіршілігі жетіспейтін дүние көне, тіпті азықтулігі тапши.

Күйдірілген қыштан істелген ыдыстарды пайдаланады, мыстан, екпе қабактан су құятын ыдыс жасаған. Тамакты шойын қазанда пісіреді. Қошпелілер қызыжазы қос, не шатырда өмір сүреді. Түрікмендер көбінесе киіз үйде тұрады. Сырт киімдері — желең, жамылғы, тоң, шапан, оларды көбіне малдың жүнінен тоқиды, терісінен тігеді. XIX ғасырдан бастап еуропалықтардың келуі себепті бұрынғы дәстүрлі киімдері біраз өзгерген.

## ОТБАСЫ

Бұл елдердегі отбасының барлығы да ислам дінінің тікелей ыңғалы негізінде құрылған. Қоңай алуга әркім ерікті, тек қалыңмал төлеу басты шарт. Таяу Шығыс елдерінің көпшілігінде ағайындық кісілер бір-бірімен құда бола береді. Үйленетін екі жас бір ананың сутін ембесе болғаны. Мұны эндогамдық үйлену тәртібі дейміз. Қошпелілерде қауымдық, не рулық туыстық кецирек тараған. Израильде еврейлер тек еврейлерге үйленуі шарт, әрі діни нағым күшті дамыған.

Мысалы, хазарлықтар бір тайпаның ішінен қыз беріп, қыз алысады. Тұысқандық жақтан жақын адамдар да бір-біріне құда түсе алады. Үйленуші жігіттің әкесі, тұрмысқа шығатын қыздың үйіне келіп, құдасының ал-

дына орамалдың үстіне аздан ақша қояды. Оны қыздың экесі алғаннан кейін, екі жақтың қатынасып отырған адамдарына шақшақ қант үlestіреді. Бұл құдалыққа келісілді деген сөз, бұдан соң үйленуге бір жыл қалған кезде жігіттің туыскандары қыздың үйіне келіп, ата-анасының батасын алады. Бұны кіші-гірім той ретінде өткізеді. Бұдан кейін үш күн өткен соң, жігіттің туыскандары тәтті нан пісіріп, оны дастанқанга орап, қыздың үйіне әкеліп, болашақ құдаларына үlestіріп береді. Осыдан соң ғана екі ортада қалыңмал жөнінде келісім жасалады. Оны «сурфаи риза» деп атайды. Сөйтіп, осы сапарда қалыңмалдың мөлшерін белгілеп, екі жақ келісімге келеді. Мұнан кейін бір жыл өткен соң үйлену тойы жасалады.

Ирандықтардың үйленуі, отбасын құруы Шығыс халықтарының әдет-ғұрпына ұқсас келеді. Қыздарын 10—13 жастан түрмисқа берсе, жігіттері 14—15 жастан үйлене береді. Қалалы жерлерде құда түсу ісімен айналысатын арнайы адамдар болады, оларды «дел-лалеарус» деп атайды. Құда түсушілер қыздың экесіне шаригат жолымен маҳр төлейді. Соңан кейін ана сүті — «шир бехе» үшін деп қыздың ата-анасына кәде жасайды. Ұзатылар қыздың туыскандары жасау-жабдық, төсек-орнын т. б. заттарын дайындайды. Ол «джехаз» деп аталауды. Бұл әдет-ғұрылтар қалалық тұрғындардың арасынан көбірек кездеседі. Ауылдық тұрғындары арасында қалыңмал төлеу жайына көбірек назар аударады. Жасау-жабдық та сол қалыңмалға сай әзірленеді.

## РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

Бұл елдерде қоғамдық құрылыш әр түрлі. Түркия, Ливан, Сирия, Израиль капиталистік жолмен дамыса, Сауд Аравиясында феодалдық қатынас басым келеді. Ауылдық жерлерде жүртты байлар баскарады. Израильде кейінгі жылдарда капитализм күшті дамыды. Ауылда «кибуц» деген кооператив құрылып, оны қуатты шаруалар билей бастады. Қошпелі, жартылай қошпелі қауым унемі бір-біріне көмектесіп отырады. Каифа — кан, кегін қуалау тайпаның ақсақалға бағыну салттары түгел сақталған.

Бұл елдерде ауыз әдебиеті, өлеи-жыр, шежіре айту аса кең тараған. Музыка өнері жақсы дамып, шекті, барабан, даңғыра сияқты аспалтарды пайдаланады. Эсіре-

се, түріктердің ортасында эпикалық көлемді шығармалар көп жырланады. Ертектер және т. б. құлқілі шығармалар жиі айтылады. Иранның даушылары музикалық шығармаларды, өлең, махаббат рубайы, ғазал, қыссалярды құрметтейді. Ауғанстанда халық өнері, үрмелі аспаптар, ұлт театrlары жақсы дамыған. Тағы Шығыс елдеріне кең тараған бірден-бір дін — VII ғасырда Мұхаммед негізін салған ислам діні болып табылады. Ислам дінінің өзге діндерге қарағанда ел басқарушының адал, таза жүруіне уағыздайтын көптеген шариаттары бар. Оны діни басшылар өз мұддесіне жақсы пайдалана білді. Христиан діні бұл жерде ислам дінінен бұрын тараса да, кейіннен ислам діні оны ығыстырып шығарған.

Тағы Шығыс — дүние жүзіндегі үш діннің: идуаизм, христиан және ислам дінінің де тараған ортасы. Бұлардың ішінен христиан және ислам діндері дүние жүзінде аса кең тараған. Осы құрлық тұрғындарының көпшілігі ислам дініне сыйнады. Араб тілінде ислам деген сөз құдайға «көңгіш, сенгіш» деген мағына береді. Бұл дін VI ғасырдың аяғында VII ғасырдың бас кезінде аборигендердің алғашқы рулық қоғамының ыдырап, феодалдық қоғамға өте бастаған кезінде келіп шықты. Оның негізін салушы Мұхаммед 622-жылы Меккеден Мединага барғаннан кейін жаңадан пайда болған дінді халықта кең көлемде таратқан. Ислам дінінің негізгі догмасы — «Құдайдан басқа еш билеуші жок, Мұхаммед — оның жердегі өкілі» болып келеді. Құранның жазуы бойынша, мұсылмандың деген адам бес түрлі діни міндетті атқару керек: құдайдың жалғыз екенін мойындау, бес уақыт намаз, 30 күн ораза тұту, малдан зекет төлеу, қажыға бару. Ислам екі ағынға болінеді: суннізм, шиїзм.

Христиан дінін ұстанатындар: айсорлар, армяндар, гректер, грузиндер, болгарлар және Сириядары, Ливандагы, Палестинадағы арабтардың біраз бөліктегі.

## ОҢТҮСТІК АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

Оңтүстік Азия — Шетел Азиясының бір бөлігі. Оның жерінің көлемі 4,5 млн. шаршы шақырым. Бұл жерде Үндістан, Пәкістан, Непал, Цейлон, Бангладеш мемлекеттері орналасқан. Физико-географиялық жақтан бұл

аймақтың жерін үшке бөлуге болады: Гималай-Гинду-күшлік таулы өңірлері, Декан таулы жотасы және Инда, Ганг өзендерінің алқаптарындағы ойпаттар.

Индия және Пәкістанды солтүстікегі биік таулардан келетін салқын аудан қоргайды. Бұл аймаққа жауатын жаңбыр тек онтүстік-батыстан және солтүстік-шығыс муссон арқылы келеді. Тек Гималай аудандағында, солтүстік, солтүстік-батыс жактардан басқа жерлерде ауаның жылылығы нөл градустан төмен түспейді. Онтүстік Азияның көншілік жерлерінде ауа райы 24 градус жылылық пен 28 градус сүйкіткіш аралығында болады да, шілдеде ыстық 45 градусқа көтеріледі.

Оңтүстік Азия халықтарының саны жағынан бұл аймақта 650 млн. халқы бар Үндістан Республикасы бірінші орында. Сондай-ақ Бангладеш Халық Республикасында 87 млн. Пәкістан Республикасында 80,1 млн., Шри Ланка Республикасында 15 млн., Непол корольдігінде 13,7 млн., Бутан корольдігінде 1,3 млн. және Мольдив Республикасында 144 мың адам тұрады.

Оңтүстік Азия халықтары көптеген тілде сөйлейді. Құрлықтың халқы, жалпы алғанда, ірі-ірі 20-дан астам ірі және кіші-гірім тілдерге бөлінеді. Олар үндіеуропалық, дравидтық, мунд, тибет-бермилық, мон-хемрмалық тіл семьяларына жатады. Үндіеуропалық тілде Оңтүстік Азия халықтарының үштен бір бөлігі сөйлейді. Олардың ішінен үнді, ирандық тіл, екеуінің ортасына шыққан дарданың тілін айрықша бөліп көрсетуге болады: Индия Республикасының мемлекеттік тілі хинди және ағылшын тілдері болып саналады. Пәкістан Республикасының мемлекеттік тілі — урду, қосымша тілі бенгал және ағылшын тілдері. Дард тілінде камширлықтар сөйлесе, Оңтүстік Азияның кейбір кіші-гірім халықтары мунд, тибет, берман, монжмер тіл семьяларында сөйлейді. Дравид тіліне андхра (телугу), тамиль, аппара, малаяк үлттардың тілдері жатады.

Оңтүстік Азия халықтары арасынан негр-австралоидтық, суропоидтық және монголоидтық көптеген антропологиялық ұқсас тілдерді көруге болады. Индияның оңтүстігінде ируда, ченчу, шолага, курумба наәслдері өмір сүреді. Оңтүстік Индияны дравид түқымына негр-австралоидтық пен еуропоидтықтардың аралығынан шыққан халық мекендейді. Монголоидтық наәслдің әкілдері Гималай және Ассам тауларының түрғындары болып келеді.

Оңтүстік Азия халықтарының этникалық зерттелуі өте қын мәселенің бірі. Өйткені бұл нәсілдер бір-бірімен мидаі араласып кеткен. Жергілікті нәсілдің шығуы және олардың даму тарихы жөнінде Оңтүстік Азия халықтарының арасында көптеген азыздар, шежірелер бар.

Сол деректерге қарағанда, біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңшының жылдарда европоидтық кейбір өкілдері солтүстік-батыс жақтан Оңтүстік Азия құрлығына ауып келген. Бұл келушілер жартылай көшпелі болған. Алғашқы қауымдық қоғамның ыдырап, таптық қоғамға өте бастаған кезі болуға керек. Әлті келімсектердің қолбасшысы әскери және діни абыздар болған. Олар өздерін «аръя» («сенімді», «мейірман», «асыл»); ал аборигендерді «анааръя» («сенімсіз», «мейірімсіз», «әділетсіз») деген сөздермен атапты. XIX ғасырдың ішінде кейбір оқымыстылар мұндай әлеуметтік этникалық, яғни пәсіл куушылыққа мән берген. Сондықтан үндіеуропалық тілді арийлық тіл деп атап, осы тілде сәйлеушілерді арийлық халықтар, европоидтық нәсілді арийлық пәсіл деп ғылыми еңбектерде жазып та жіберген. Нәтижесінде аборигендерді арийлықтар, арийлық еместер деп екіге бөліп, алғашқы заманнан мекендеген жергілікті тайпалардың үрпақтарын төменгі дәрежедегі халықтар деген пікірге келтіріп, жергілікті тұрғындарды бір-біріне қарсы коюмен, алауыздық отын тұтатқан. Мұндай саясат ағылшын отаршыларының идеологиялық басты құралына айналған.

Кейінгі кездердегі археологиялық зерттеулердің пәтижесінде, арийлықтарға жатпайды деген тайпалардың мәдени дәрежелері кейбір жағдайларда сол арийлықтардан анағұрлым жоғары тұрғаны байқалады. Инд өзенінің алқантары мен Гандабта осы ғасырдың 20-жылдарында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде арийлықтардың батыстан бұл қурылыққа келуінен 1000 жыл бұрын Индия жерінде отырықшы тұрғындардың жоғары дәрежедегі мәдениеті болғаны, үлкен-үлкен қалаларды мекендегені, өздерінің қолөнерін жақсы дамытканы дәлелденді. Олар Шығыс елдермен сауда-саттық жүргізіп, өздерінің жазу-сызуын қалыптастырыған. Бұлардың мәдениеті Қос өзен: Тигр Ефрат бойындағы Шумер мемлекеттерінен ешбір кемдігі жок, қайта көптеген ұқсастығының бар екендігі байқалады. Соған қарағанда, алғашқы үнділік абори-

гендер мен Месопотамия, Оңтүстік Еуропаның халықтарының араларында тығыз байланыс болғанын көрсетеді. Үндістан жерінен ашылған алғашқы мәдениет өзінің бастауын палеолит, мезолит, неолиттерден алады. Осы тарихи дауірлердің ескерткіштері бертінге дейін зерттелмей, Үндістанның тарихы терең, жан-жақты жазылмай келген. Тек Үндістан Республикасы құрылғаннан кейін жергілікті халықтардың ішінен археологтар, антропологтар, тарихшылар, этнографтар шыққан соц елінің ертедегі тарихын зерттеуге қызыға кірісті. Нәтижесінде Инди өзенінің алқаптарынан алғашқы үндістердің мәдениетінен өркениетін ашты. Оңтүстік Үндістандағы Мадрастың төңірегінен ертедегі Бадамадур мен Аттирампакка қоныстарынан ертедегі полеолит дәуірінің мәдениеті ашылса, Солтүстік Үндістандағы Саон өзенінің алқабындағы Потвара қонысынан полеолиттің төменгі сатысына жататын мәдениет ашылып, оны «до-соан» мәдениеті деп атаған. Бұл дәуірлердегі қоныстар орталық, батыс және шығыс Үндістан тубегінен табылған. Сондай-ақ Үндістан археологтары мезолит мәдениетін Лангнадж (Гуджарат) қонысынан ашты. Бұл мәдениетті жасаушылар микролит пен қыштан істелген ыдыстарды, қажетті басқа да бұйымдарды бірқатар пайдаланғаны байқалады. Жаңатас дәуірі (неолит) алғашқы адам баласының өмірлерінде слеулі кезеңдердің бірі болып, олардың заттай мәдениеттерінде айтартықтай өзгерістердің болғаны мәлім. Осы дәуірдегі адамдардың бір ерекшелігі жасалған құралдарды әдемілеп, оларды тұрмыска икемдеген. Осындай жаңа тас дәуірінде жасалған құралдар Үндістанның барлық жерінен табылған. Бұл дәуірдің ескерткіштеріне Үндістанның оңтүстігіндегі Брахмагири, Маски және т. б. жатады. Сондай-ақ энолит дәуірінің ескерткіштері Үндістаннан көтеп ашылды. Солардың ішіндегі ең үлкені Хараппалық мәдениет. Шамамен, бұл мәдениет б. д. д. III мыңыншы жылдардың ортасынан, II мыңыншы жылдардың ортасына дейінгі уақыттарды қамтиды. Махенджо-Даро мен Хараппа ескерткіштерінің бір дәуірде жасалып, бір дәуірде қирапанын археологтар дәлелдеді. Махенджо-Даро мен Хараппа отырықшы қалалық тұрғындардың мәдениет ескерткіші. Бұл ескерткіштерден табылған құнды археологиялық деректер Оңтүстік Азия халықтарының арғы тегін анықтауда, жергілікті мәдениеттің даму заңдылығын түсінуде құнды мағлұм.

маттар береді. Соның нәтижесінде ғасырлар бойы Оңтүстік Азияның тұрғындарының мәдени дәрежесі жөніндегі есکі көзқарастарға соққы беріліп, жергілікті тұрғындардың мәдениетінің көне заманнан басталатыны дәлелденді. Сондықтан арийлық тайпалар бұл жерге келгенге дейін, аборигендер өздерінің автохтондық (жергілікті) мәдениетін орасан зор қарқынмен дамыта білген. Автохтондық халықтар мен арийлықтардың және т. б. тайпалардың қоспасынан үндістандықтар мен пәкістандықтар келіп шықкан.

Оңтүстік Азияның халықтары ерте заманнан бері, Таяу Шығыс арқылы Еуропа елдерімен, ал еуропалыктар Орта және Оңтүстік Азия арқылы Шығыс елдерімен тығыз байланыс жасаған. Б. д. д. III—II ғасырларда Александр Македонскийдің бұл елдерге жасаған жорығынан кейін жергілікті тұрғындарға эллиндік мәдениет өз ықпалын тигізген.

Бұл құрлықтың халықтарының этногенезіне Орта Азия жақтан келген тайпалар да өздерінің белгілі әсерлерін тигізген. Үндістандықтар бұларды сактар, әйтпесе шактар деп атаған. Б. д. д. II ғасырда олар Бактрия мен Арахозия мемлекеттері арқылы Оңтүстік Азияға келген. Сөйтіп, біздің дәуіріміздің бас кезінде Үндістанның батысында Шақ империясы ұйымдастып, аборигендердің көпшілігін өз қол астына қаратқан. Б. д. д. I ғасырдың ортасында солтүстікten шактарға үксас күшан тайпалары басып кіріп, Ефрат және Тигр өзендерінің алқаптарын қол астына қаратты, соның нәтижесінде Күшан империясы пайда болды.

Кашмир, Ауғанстан, Орта Азияның басым көшілік бөлігі, Шығыс Туркістан осы Күшан империясының қаруына кірген. Сондықтан үндістердің этногенезіне шактар мен күшандар да өз үлесін қоскан.

Уақыттың бұдан кейінгі кезеңдерінде де Оңтүстік Азияның аборигендері басқа да этникалық халықпен араласып жатты. V ғасырдың аяғында Орта Азиядан ақ гүн мен хунна тайпалары Үндістан жеріне барған. Олар Пенджабтан Виндхьяға дейінгі жерлерді басып алдып, Эфталит мемлекетінің негізін салды. Осы кездерде Орта Азия мен Оңтүстік Азия этникалық жағынан тығыз араласта өмір сурді. Олар VIII ғасырда Синц жерлерін жаулап алса, парсылар мен аугандар Батыс Үндістанның жерін иеленді. XIII ғасырдың орта шеніндегі Солтүстік Үндістанға Орта Азиядан тәжіктер мен

монголдар келіп кірді. XIV ғасыр Виндхъя тауы арқылы Үндістанның онтүстігіне дравид тілінде сөйлеуші тайпалар келіп орналасты. Осында жан-жақты келген тайпалар, халықтар Оңтүстік Азияның этникалық құрамына айтарлықтай өзгеріс енгізген.

Ұлы географиялық ашылудан кейін Оңтүстік Азияның байлықтары тек қана азиялықтарды емес, европалықтарды да қатты қызықтырған. XVI—XVII ғасырлардан бастап португалдықтар, кейін голландықтар және француздар, ағылшындар бірінен кейін бірі Үндістанға баса көктеп келе бастаған. Олар Оңтүстік Азияға кіріп, жаңа жерді отарға айналдырып, жергілікті халықты билеп-төстеп, сансыз қайғы-қасірет әкелді. Жақсы қаруандың отаршылар жергілікті халықтарды өздерінің мекендерінен қып шығып, шұрайлы жерлері мен асыл жиһаз-мұліктерін тартып алып отырған. Осында елдердің отаршылық саясатының негізінде аборигендердің экономикасы, тұрмысы, әл-аукаты және мәдениеті төмөндең кетті. Оның үстіне келген отаршылар Үндістанды дербес иелену үшін бір-бірімен согысты. Нәтижесінде сол кездегі күшті мемлекеттердің бірі болған Англия басқаларын қыл шығып, Үндістанды жеке-дара билеп-төстеді. Бірак бұл құрлықтың халықтары, солардың ішіндегі ұлы үнді халқы өзінің тәуелсіздігі үшін отаршылармен жиі-жиі куреске шығып тұрды. Ұлт-азаттық күрестің басында М. Ганди, Даду, Д. Неру, Шастри, И. Ганди және басқа да үнді халқының қоптеген адамдар перзенттері болған. Олар отаршылардың қолына түсіп, абақтыға қамалды, бәрібір курескерлер өздерінің ұлы мақсаты — Үндістанды отаршылардан азат ету үшін жан аямай, қажымай-талмай жұмыс жүргізді.

Әсіресе, Үндістан халқының ұлт-азаттық күресі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 1947 жылы көп жылдар елге үстемдік еткен ағылшындарды қып шығып, жеріске жетті. 1950 жылы Үндістан Республикасы үйімдастырылды. Өз тағдырына ие болған үнді халқы артта қалған экономикасын, мәдениетін дамытып, жылдан-жылға іргелі озық мемлекеттің біріне айналып келеді. Ұлт-азаттық күресінің нәтижесінде Пәкістан мен Цейлон халықтары да бас бостандығын алды. 1948 жылы Шри Ланка, 1956 жылы Пәкістан өз алдына жеке мемлекет болып, отаршылардың бұғауынан азат етілді. Қазіргі кезде Оңтүстік Азияның халықтары өз алдына жеке-жеке дербес мемлекет болып отыр.

Бұл құрлық халықтарының көбі ауылдық жерлерде орналасқан. Сондықтан Үндістан, Пәкістан, Шри Ланка, Бангладеш және Непал мемлекеттері аграрлық елдер болып саналады. Қала тұрғындары сан жағынан онша көп емес. Бұрын ауыр өндіріс жоқ кезінде қала-ларда, селоларда қолөнер кәсібі кең көлемде дамыды.

## ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Оңтүстік Азия аборигендері ерте заманнан бері отырышы болып, егіншілік кәсібімен айналысқан. Сондықтан бұл елдердің басты шаруашылығы — егіншілік. Дәнді егістерден: құріш, тары, бидай, арпа, жүгері, бүршак егіледі. Май алынатын өсімдікten: кендір, арахис, зығыр, көкнәр; техникалық дақылдардан мақта шай, кофе, каучук өндірілсе, кокос пальмасы және бау-бақша өсіріледі.

Бұл егістердің көпшілігі қолдан суарылады. Жергілікті тұрғындар ерте заманнан бері көлдердің, бұлақтардың сүйн құбыр, науа, арық арқылы жақсы пайдаланып, егінді әрқашан бітік өсірген. Отаршылық жылдарында мындаған, миллиондаған диқандар жиналыш, үлкенді-кішілі канал, арықтар қазып, егістік жерлерді суарған. Ал биік жердегі егіске Орта Азиядағыдай шығыр, атпа, төппе және басқа құралдардың жәрдемімен су шығарып, өнім ала білді. Егістік жерлерді кейде суды қолдан тасып та суарған. Оңтүстік Азия халықтары отаршылдықтан азат болғаннан кейін, жерді суланыруға айрықша көңіл бөліп, техника күшімен ірі-ірі каналдар қазды. Ауыл шаруашылығында қолданылатын көп құралдар тұрпайы, ортағасырлық дәрежеде қалып қойған еді. Жерді ағаш соқа, жер ағашпен жыртты. Темір соқа ірі байлардың, фермерлердің қолындаған болған. Күш көлігіне өгіз, түйе, жылқы, есек сияқты малдар пайдаланылды. Күш көлік жетіспеген, 4—5 диқанға орта есеппен бір ғана күш көлігі тиесілі болған. Жергілікті халықтың арасында жерсіз диқандар бертінге дейін аса көп болды. Бұл мәселені шешуде Үндістан мемлекеті біршама шаралар қолданды. Помещиктердің жерлері бөлініп берілді. Аз ғана жерге себетін тыңайтқыш та жетіспеді. Сондықтан қазіргі Үндістан, Шри Ланка және басқа елдер тыңайтқыш шығаратын өндіріс орындарын салуға айрықша көңіл бөледі. Ауыл шаруашылығы жұмыстарының басым көпшілігі қол

күшімен атқарылған. Бұл жұмысты жесілдесту үшін қазіргі заман техникасын пайдалануға біраз елдер шұғыл бет бұра бастады.

Оңтүстік Азияда мал шаруашылығы да жақсы өркендеғен. Әсіресе, Үндістанның таулы және шөлді жерлерінде төрт түлік мал өсіріледі. Үндістер діни сенімге байланысты сиыр малын соймайды, етін жемейді, олардың тек күшін, сүтін пайдаланады. Сондықтан Үндістанда сиыр малы өте көп. Олар ірі-ірі қалалардың көшелерінде емін-еркін босып жүре береді. Шөлді және шөлейт жерлерде қой және түйе малдары көбірек өсіріледі. Әсіресе, Үндістанда пілдің күшін үй шаруасына пайдаланады. Кейде пілді ірі-ірі құрылымынан жегеді.

Алғашқы уақыттардан бері Оңтүстік Азияда қолөнер көсібі жақсы дамыған. Олардың саны, түрлері, шыгарған заттары өте көп. Отаршылық кезінде бұл заттардың шығарылуы өте азайып кетті. Осы күнде қолөнерлік кәсіпті дамытуға үлкен көңіл бөлуде. Олар ұзак ғасырлар бойы дамыған кәсіпті өркендешту үшін артельдерді, кооперативтерді ұйымдастыруды. Қолөнер кәсібімен шыгатын өнімдер қазіргі кезде Үндістанның үлттық табысының белгілі бөлімін құрайды. Темірден жасалған бүйімдар, ағашқа ою салу, сүйектен бүйім істеу, токи машиналық, зергерлік қатты дамыды. Жер асты байлықтары бертінде ғана пайдалана басталды, соған орай, өндіріс орындары өсіп келеді. Металлургиялық зауыттар, электр станциясы, темір жол өндіріс орындары күрт дамыды. Достас елдердің жәрдемімен Үндістанда ірі-ірі ауыр өндіріс орындары салынып, іске қосылды, бұл күнде шаруашылықтың әр саласына қажетті машиналарды өз күштерімен шығаратын халғе жетті.

Оңтүстік Азия халықтарының басым көлшілігі ауылдық жерлерде тұрганмен, үлттық мәдениеттің ошағы болған ірі қалалар ерте заманиан-ак дүниеге келген. Олардың катарында Дели, Агро, Алигархе, Канпуре, Аллохабад, Лакиау, Бенарес, Патне және басқа қалалар бар. Бұл қалаларда университеттер, ғылыми, мәдени ағарту, діни мекемелер көп. Отаршылдық жылдарында ағылшындар ірі қалаларда орналасып, Дели, Канпуре сияқты қалаларға еуропалық тәртіп енгізгеніне қарамастан, жалпы Оңтүстік Азия шаһарлары өзінің сәулет, салтанат, үлттық мазмұнын еш жоғалтпаған. Бас азат-

тығына ие болған бұл халық ұлттық мәдениетті қала мен ауылда бірдей дамытуға қатты көніл бөліп келеді.

Әр қыстакта орта есеппен 450—500-дей адам мекендейген. Онда бір немесе бірнеше егін шаруашылығымен айналысадын әлеуметтік топтардың, касталардың адамдары өмір сурген. Қоныстардың шет жақтарында жарлы-жақыбайлар, майда қолөнершілер тұрады. Бұлардың бәрінен бөлек тері илеушілер және басқа өзге адамдарға жақындаспайтын «төменгі каста» деп атаған кедейлер мекендейген. Ауылдар мен қыстактардың орналасуы сол жердің табиғи-географиялық жағдайына тығыз байланысты. Дегенмен барлық қыстакқа тән нәрсе — әр қыстактың ортасында адамдар жиналатын, мәжіліс, мереке өткізетін алаң не діні орын болған.

Диқандардың мекені онша үлкен емес, шағын баспанасы, оның қасында қора-қопсысы, азық-тұлік сақтайтын сарайы болған. Үйдің төңірегіндегі жерлерін шарбақпен немесе саздан түрғызылған аласа дуалмен коршаған. Үйлерді әр түрлі етіп салады, себебі оны соғатын құрылыш материалдары да бірдей емес. Мысалы Ганга, Раджстан және Панджаб жеріндегі үйлердің көше тәртібімен салады. Үйді қабырғаларын саздан өріп шығарып, төбесін жалпак немесе итарқа етіп жабады. Ондай үйлер Орта және Таяу Шығыста аса жиі кездеседі. Үндістанның солтүстігінде кірпіштен салынған үйлер ішінәра кездеседі. Ал Оңтүстік Үндістанда үйлердің көшілігі таудың тасасынан қаланып, ағаштан соғылған. Гималайды мекендеушілер тастан биік іргетас құйып, оның үстіне дуалын көтереді. Осындағы табиғи-географиялық жағдайға икемделіп Пәкістан, Шри Ланка және Непал халықтары да өздеріне баспана орнатады. Оңтүстік Азия елдерінің байлары мен помешиктері, фермерлері аса кең жерді пөленіп, соған бірнеше бөлмеден тұратын көп қабатты үйлерін және қажетті құрылыштарын салдырған.

Үйлердің ішкі жағы аборигендердің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі бойынша орналасқан. Қөшілік үйлерде ағаштан онша биік емес сәкі орнатып, соның үстіне тамақтанып, дем алады, әңгіме-дүкен құрады. Қолөнершілер қыштан, ағаштан, темірден, фарфордан, қабактан, бамбуктен әдемілең жасаған ыдыстарды пайдаланады. Байлар мен помешиктердің үйлерінің іші еуропалықтардың тәртібі бойынша жиналады. Әр түрлі қымбатты үй мүлкі, кітапханасы болады. Солай бола

тұра аборигендердің ұлттық дәстүрі азды-көпті сакталғанын байқауға болады.

Оңтүстік Азия халықтарының көпшілігі өсімдіктен дайындаған тамақты күніне екі рет ішеді. Тек ауыл шаруашылық жұмыстарының қызған мерзімінде күніне уш мәрте тамақтанады. Бау-бақшадан өндірілген тағамды көп жейді. Теніз бен мұхитқа жақын орналасқаны әрі түрлі тамақты балықтан істейді. Қойдың, ешкінің, шошқаның, тауықтың етін аздап қана пайдаланады. Сиырдың сүтін айран етіп үйітып, әлсін-әлсін іше береді. Оның майын (чхи) тек еріткеннен кейін ғана тамаққа пайдаланады. Бұл құрлықтағы мұсылмандар ғана ет тағамдарын молырак жейді.

Оңтүстік Азия халықтарының ұлттық киімдері тігілген және орама деп екіге бөлінеді. Тікпей-ак денеге орай салатын киім «дхоти» деген белбеу тәрізді мата. Ерлердің киімдері күпі, көйлек, іш киім, сандал, такия, сәлде болып келеді. Үндістердің діни сенімі бойынша былғарыдан тігілген аяқ киімді кимеулері керек. Сондықтан олардың көпшілігі жалаң аяқ жүреді. Отаршылық кезінде және кейінгі жылдары европалық әдіспен тігілген киімдерді ерлер, әйелдер, балалар жиі пайдалана бастады.

Әйелдердің негізгі киімі — сари. Ол ұзын орамал сияқты матадан тігілген. Оның бір ұшын белінен бастап аяғына дейін ораса, қалған ұшымен көкірегін, керек десе, басым да жабады. Әйелдер одан басқа көйлек, кафтаң, кең етек көйлек, шалбар сияқты киімдерді киеді. Әйелдердің, қыздардың киімдері әр түрлі моншақ, қымбат тастанмен безендіріледі. Моншакты, жүзікті қолдары мен аяқтарына дейін тағады. Сыргалары құлаққа және мұрынға ілінеді. Жерлерінің ауа райы жылы болған соң, аборигендер жылы киімдерге оншалық әуес емес.

Оңтүстік Азия тұрғындарын діни сеніміне қарай буддизмі және мұсылман деп екіге бөлуге болады. Буддизмді дәріптеушілер бұл елдің басым көпшілігін құрайды. Олардың көпшілігі үндістер. Бұл халықтың арасында ерте заманнан бермен таптық қоғам пайда болған. Соған қарамастан алғашқы қауымдық қоғамның қалдықтары тақау күндерге дейін өмір сүріп келгенін байқауға болады. Үндістердің арасында ауылдық қауымы (община) ұзак уақыт болып келді. Оның мұшслері егіншілер, қолөнершілер және әлеуметтік каста-

лар дең еңбегіне қарай бөлінген. Қауымның негізін егіншілер құрайды, олар қыстақтарда тұрған. Қыстақтың шеттерінде немесе белгілеп берген айрым көшелерінде қолөнершілер және басқа көрші ауылдың қызметтің атқарушы малайлар өмір сүрген. Қауымның басшылары қызметшілердің еңбегіне заттай ақы төлеген әйтпесе сол еңбек еткені үшін оларға жер бөліп берген. Қоғамды қауымның мүшелері сайлаған кеңес басқарған, оны панчает деп атаған.

Кейін бұл қауымның ыдырай бастауына байланысты бұрынғыдан демократиялық басқару жойылып, ол қызметті атқару міндепті үстем таптан құрылған билсүшілердің қолдарына өткен. Олар дікандардан ақшалай салық жинап, сол жиналған қаражаттан керек деген басқарушы кісілерге ақы төлеген. Басқарушылар салықтан азат болған. Сөйтіп, кейін елді байлар, помещиктер және діни абыздар (брахмандар) билеп-төстеген.

XVI ғасырдан бастап Оңтүстік Азияның Еуропа капиталистері Үндістанның және тағы басқа елдердегі ауыл шаруашылығы помещиктердің үстемдігімен жүргізілді. Ирі жер иелері дікандарға ауыр салықтар салып, оны төлей алмағандардың жерін арзан бағаға сатып алды. Олардың осындай саясатын ағылшын отаршылары қолдап, оларға ылғи жәрдем беріп отырды. Соның салдарынан жерінен жартылай, түгелдей айырылған дікандардың саны көбейіп кетті. Олардың көшілігі қалаларда қолөнер, өндіріс орындарына ауып барса, кейбіреулері помещиктердің қол астында отбасымен жұмыс істеуге душар болды. 1950 жылы Үндістан Республикасы құрылғаннан кейін Д. Неру кезінде көп жерлерде аграрлық реформа жүргізіп, помещиктердің жерінен кедейлерге үлес берген. Бірқатар дікандарға салынған салықтар кемітілді.

Үндістан халықтарының кастаға бөлінушіліктері өте ерте заманнан келе жатқан үрдіс. Б. д. д. I мыңшының жылдарда Үндістанды мекендеуші тайпалардың арасында — брахмандар, кшатрилер, вайшвилер және шударалар болып бөлінгендері тарихи деректерде баяндалған. Алғашқы замандарда мұндай әлеуметтік топқа кастаға бөлінушілік басқа да тайпалардың, халықтардың арасында болған (ертеңдегі Қытайда, Мысырда). Бірак үндістандықтарда кастаға бөліну көп ғасырлар бойына өмір сүріп, тайпалар, рулар арасында кең орын алып, өзінің әдет-ғұрынгарына ие болып қалыптасқан.

Халықтар арасындағы аңыздар бойынша: жер бетіндегі тіршілікті бір құдай жаратқан. Құдайдың демінен брахма — праджабти пайда болған, кшатрилер қолдың етінен, вайшьларды санның етінен жаратқан, шудраларды табанынан шығарған. Сөйтіп, үндістердің арасындағы төрт әлеуметтік каста келіп шыққан: брахмандар — діни әулиелер; кшатрилер — әскери адамдар; вайшья—диқандар; ал шудралар — үй жалшылары.

Бұл касталардың арасында қарама-қайшылықтар, әлеуметтік теңсіздіктер күшті болған. Брахмандар өздерін ең жоғарғы аксүйектерміз, қасиетті адамдардың үрпағымыз деп мақтаныш етіп, төменгі касталарға үстемдіктерін жүргізген. Касталар теңсіздігінің бір мысалы біреу вайшьларды өлтірсе, онда ол екі есе айып төлесе, шудралар мән кшатрилерді өлтірсе төрт есе, ал брахмандарды өлтірсе он алты есе айып төлеген. Бір кастадан екіншісіне өтуге рұқсат етілмеген. Өз үрпағын төменгі касталармен жақындасуға, керек десең бір жерден су ішуге болмайды деп тәрбиелеген. Эр каста тек ішінен қыз алып, қыз берген. Басқа кастадан үйленуге рұқсат етілмеген. 1950 жылы Үндістан Республикасы конституциясында халықтарды кастаға бөліушілікке заң жүзінде тыйым салынған. Бірақ ғасырлар бойы қалыптасып қалған бұл үрдіс әлі көп жерде жоғалған жоқ. Солай болса да, кастаға бөлүшілікке қарсы Үндістан үкіметі батыл күрес жүргізуде.

Оңтүстік Азия халықтарының отбасы қарым-қатынастарына келсек, олардың ішінде батыс еуропалықтарға қарағанда, үндістер қоғамында отбасылық дәстүрлер жақсы сақталған. Бірақ бұрынғы патрархалдық үлкен отбасының қалдықтары үндістерде жоқтың қасы. Кейбір белгілері ғана халық арасында әлі де болса кездеседі. Отбасының қағидалары бойынша туыскандардың бір-бірін сыйлау, жасы үлкендерді құрметтеу, қыншылық жағдайда қол үшін беру тәртібі кең орын алған. Туыскандық сезім қан жағынан жақын адамдарда бірнеше атага дейін жалғасқан. Отбасындағы болатын салтанатты оқиғаларды өткеру туыскандардың мәжілісінде шешіліп, оған Үндістанның барлық жерлеріндегі ағайындары келіп, тойды, думанды жоғары дәрежеде откізеді. Үндістер мен мұсылмандар туыскан-жақындарын қыншылыққа қалдырмай, ондай халге түскен бауырларына жәрдемдеседі. Бұл халықтардың ерекшелік-

терінің бірі жасы үлкен қарияларын қоғамдық орындарда да, үйлерінде де айрықша құрметтейді.

Үндістандықтардың жасы кішісі үлкеніне «Рам, Рам» деп, мұсылмандар «Сәлем» — деп амандасады. Бұлардан басқа қалыптасқан өте сыпайы сәлемдескенге кінекене еңкейінкіреп, екі алақанын қеудесіне тигізіп «настас» дейді. Егерде баласы әкесімен, окушы мұгалімімен амандақанда, жастар еңкейіп, екі қолын құрметтеген адамның табанына тигізіп, соナン кейін қусырған қолын өзінің мандайына тигізеді. Сәлем алушы мұндай жағдайда өзінің ризашылығын білдіріп, сәлемдесушіні тұрғызысы келетін ишара білдіреді. Мұндай құрметті ең жақын көрген адамдарына ғана істейді.

Ертеден келе жатқан әдет бойынша және брахмандық дәстүрге орай үндістердің әйелдері қоғамдық жұмыска араласуға тиісті емес. Қыздар үйінде әкесінің айтқанынан шықпаса, тұрмысқа шықкан соң ерінің еркінде болған. Қарияларды үлдары асырауға міндетті. Бұрын Үндістанда 8—10—12 жасқа толған қыздарды тұрмысқа берген. Үндістер де үл балаларды қөбірек құрметтейді. Себебі олар отбасының ертеңгі тірегі, мұрагері. Әкесі дүние салғанда, оны ер балалары құрметтін жерлеп, соңын жақсылап жөнелтуге тиіс. Қыздар мұндай оқиғаларға қатынаспаған. Сондықтан үлдарды айрықша құрметтеп, туғаннан 10—12 күн өткениен кейін, салтанатты жағдайда ағайындары жиналыш, ат қою (намакарана) тойын өткереді. Жыныда ат қоюшы діни періштелердің аттарына негіздел, әйтпесе халық эпостарына сүйеніп, бірнеше лайықты аттарды атайды. Қөшілік солардың ішінен біреуін таңдап алады. Қыздарға қоятын аттар өзендердің, гүлдердің және әдемі заттардың атауынан алынады. «Жоғарғы» кастаңың өкілдері бала 7—10 жасқа келгенде «Упанаяна» ырымын өткізген. Онда туыскандары жиналыш, бала брахман кастасының әулеті екенін білдірген. Ұлды тәрбилип, білім беретін ұстазының қолына ұстатқан. Діни адамның басшылығымен жас өспірімді жақсылап шомылдырып, оның денесіне май жағып, шашын алдырған. Оナン кейін жиналған топтың ортасында баланы әкеліп, діни қағидаларды оқытын болған. Бала оқылған сөздерді қайталап, әкесіне, діни өкіліне және жиналған туыскандарына еңкейіп, тәжім қылған. Бұдан кейін бала брахмандар кастасының өкілі дініше еніп, мақта жібінен

өрілген жалпак жіпті баланың сол жақ иығына іліп, оның үшін он жағына ерекше орап байлаған. Бұл жіп-ті «жоғарғы» касталар өмірінше іліп жүрген.

Үндістердің қыздарының жағдайларына келсек, қыздарға үйде аса құрмет көрсете бермейді. Жалпы, қыз баланың өмірге келуін көңілсіз қарсы алады. Себебі қыздар отбасының жәрдемшісі, мирасқоры емес. Ол есейген соң тұрмысқа шығып, жат жүрттық болып кетеді деген пікір қалыптаскан. Оның үстіне қызды күту, оның тұрмысқа керекті заттарын дайындау көп қаржатты талап етеді. Қыздарын өздеріне тен немесе бай адамдардың балаларына беруге тырысады. Мұндай тілекті іске асыру оңай емес. Сондықтан қызын тұрмысқа беру үшін ата-аналар лайықты күйеу баланы қарастырады. Оны тапқаннан кейін, қалыңдық жағы тойға да-йындалады. Үйленуге байланысты үндістерде әдет-ғұрыптар аса көп. Олардың негізділерін орындаپ, үйлену тойын салтанатты жағдайда өткізеді.

Үндістандағы мұсылман әйелдері шарияттың заңына байланысты өмір суреді. Оларды жасынан бастап тұрмысқа берген. Кейбір әйелдер паранжа сияқты «буркханы» басына бүркеп жүреді. Қазіргі жағдайда Үндістандағы үндіс және мұсылман әйелдері шаруашылыққа, қолөнер кәсібіне, өндіріске ерлермен бірдей қатынасады.

Үндістанның Бихара, Раджастханцтар, Панджабцтар, Қашмир, Гуджаратцылар, Бхилылар, Маратхилар, Бенгальцтар және т. б. аймақтарындағы тұрғындардың отбасын құруда аздаған өз ерекшеліктері бар.

## ӨНЕРІ

Оңтүстік Азия халықтары көршілес елдермен ғасырлар бойы қарым-қатынаста болуының нәтижесінде аборигендердің мәдениетінде көптеген ұқастықтар байқалады. Әсіресе, мұндай байланыстарды көп жаңыры халық фольклорынан және буддистік классикалық әдебиетten ұшыратамыз. Алғашқы кезде Солтүстік Үндістанда пайда болған эпикалық поэмалар «Махабхарат» және «Рамаяна», мақал-мәтелдердің жинағы болған «Панчаратра», «Хитопадеша» классикалық шығармалары үнді жеріне барынша кең тараған. Діни мейрамдарынан үнділіктердің мың жылдаған өте бай, өте әріден сакталған автохтондық мәдениеті жөнінде құпды мағлұмат алуға болады. Сондықтан да бұл шығармалар қа-

Зіргі күнде де Үндістан халықтары сүйсініп оқитын шығармаларға айналып отыр. Тарихшылар, этнографтар, әдебиетшілер өздеріне керекті құнды деректерді көбінесе осы шығармалардан алып келеді.

Оңтүстік Азия халықтарының, соның ішінде үндістердің халықтық ән-би музикалары, билері, театрлары, көркемөнері халық арасындағы фольклормен аса тығыз байланыста дамыған. Жалпы, бұл халықтардың рухани мәдениеті өз халықтарының өмірлерімен тығыз байланыс үстай отырып, оны дамыта түсуге күш салады. Сонымен қатар әр түрлі діни мерекелерге байланысты келіп шықкан билер де кездеседі. Шива құдайына бағышталған билер кейбір гибадатханаларда осы күнге дейін биленеді. Жалпы, Үндістан өнері, соның ішінде би өнері ертеден келе жатқан ұлттық дәстүрдің негізгі саласы болып саналады. Музыка мен білді үйретстің ариналулы касталар болған.

Халықтық музыка мен би өнері тыңдаушы мен көрмерменің ізгілікке, адамгершілікке төрбиелейді, содан да ол жүртты қызықтыра 'білген. Музыка шекті аспаптармен ойналады. Халық арасында қуыршақ театрлары кең тараған. Оның келуін қала, ауыл тұргындары қуанышпен қарсы алады. Бұл театр сахналарында мифологиялық және тарихи тақырыптар кеңінен орын алған. Мұндай театрлар Пәкістан және Шри Ланка елдерінде көп. Оңтүстік Азия елдерінің театрларының көпшілігі қалалар мен ауылдарды арапап жүреді. Бір жерде тұракты жұмыс іstemейді. Бір жерде тұракты жұмыс істейтін театрлар өте аз. Бірақ кейінгі кездерде бір жерде тұракты жұмыс істетін драма, опера театрларын дамытуға елеулі көңіл бөлінуде.

Оңтүстік Азияда кино өнері кейінірек шыққанымен, ол халық арасынан кеңінен орын алды. Үндістан Республикасы қазіргі кезде әлемде киноның көп шығаратын елдердің қатарынан саналады. Үндістаннан шыққан біраз фильмдер біздің көрмермендерімізге де жақсы таныс. Осындай кино шығаратын студиялар Пәкістан мен Шри Ланкада да дамып келеді.

Бұл құрлықтың халықтары ерте замашан бері зәулім гибадатханалар, сарайлар және әр түрлі ескерткіштерді өнер туындылары ретінде шебер салып, халық илгілігіне айналдырыды. Қоңтеген гибадатханалардағы (ою-өрнекстер) көрушіні қайран қалдырады.

Халықтың ем бүл халықтардың арасына кең тараған. Аборигендер әр түрлі шөптен дәрілер істеп, емдел жазады. Оташы, тәуіп, балгерлер көп. Кейбір тәуіп науқастың жүйесіне әсер ету арқылы емдей білген. Отаршылық кезінде еңбекшілерге дәрігерлік көмек беру оте нашар болатын. Соңықтан халық арасында жұқпалы аурулар кең тарап, елді жиі қырғынға ұшыратыл отырды.

Отаршылық дәуірінде Оңтүстік Азия халықтарының арасында ағарту ісі, ғылымның даму дәрежесі, әдебиет пен өнердің өсуі күрт төмендеп кетті. Себебі ағылшын отаршылары бүл халықтардың рухани мәдениетінің дамуына жәрдем беру түгіл керісінше, оның өсуіне, дамуына кедегі көлтіріп отырды. Бүл елдерде әлі күнге бірнеше миллион сауатсыздар бар.

Үнді халқы негізінен екі дінді индуизм мен мұсылман дінін ұстайды. Жалпы, тұрғындарының 85 проценттен астамы бірінші дінге сиынса, 12—18 проценттей екінші дінді ұстайды. Тек 3 процент аборигендер басқа дін өкілдері болып саналады. Үндістандағы ең үлкен өзендердің бірі — Ганга. Оны үндістер шарапатты өзен деп атап, оның алқаптарына діни ғибадатханалар, үлкен қалалар салған. Солардың бірі — Беларес қаласы, бүл қала Таяу Шығыста Меккемен парапар саналады. Онда көптеген ғибадатхана, діни медреселер бар. Бүл орындарда үйлену тойлары және дүние салған адамдарды қою салтанаттary жүріп жатады. Қошелерінде қасиетті деп саналатын сиырлар емін-еркін жүре береді. Ганга өзенін жергілікті халықтың дәріптейтіні сонша — ауырып-сырқаған адамдар бүл өзенге жан-жақтан ағылып келіп, шомылып жатады. Суын іshedі, жуынады. Дертінен тәуір болмаса, әлгі пақырлар осы өзеннің жағасында қайтыс болуға да дән риза.

Сонымен, Үндістан Республикасы отаршыл езгіден азат болып, өз тағдырын өз қолына алып, ежелден бай, көне мәдениетін дамыту жолында үрдіс еңбек стіп келеді.

---

## ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

Бұл жердің халықтары Үндіқтай жарты аралын, Индонезия архипелагын және Филиппин аралдарын қамтиды. Жер көлемі 4 млн. шаршы шақырым. Ауа райы тропиктік жылы болып келеді.

Үндіқтай жарты аралы табиғаты жағынан батыс, орталық және шығыс болып үш аймаққа бөлінеді. Адамдардың қоныстану шекаралары географиялық аймақтарға дәлме-дәл үйлеспейді. Батыс және орталық аймақты тау жотасы бөліп тұрса, орталық және шығыс аймақтардың шекарасы Меконг, Уbon өзендері, Донрек, Кардомома тау жоталары арқылы бөлінеді.

Бұл құрлықтың мемлекеттері Вьетнам, Тайланд, Бирма, Камбоджа, Индонезия, Филиппин және Малайзия, Тимора сияқты үлкенді-кішілі елдерді қамтиды. Оңтүстік-Шығыс Азия өз алдына тарихи-этнографиялық аймаққа жатады. Бұл жердің халықтары өздерінің шығуы, мәдениеті және тарихи қалыптасуы жағынан бір-біріне өте жақын.

Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарын қытай-тибет, мон-кхмет және малай-поленезия деп үш тіл семьясына жатқызуға болады. Қытай-тибет тіл семьясында сөйлейтіндер — тай, лао, шан, бирма, чин, кочин, карендең; мон-кхмер тіліне жататындар — кхмет, мал, сеной, семонглер; малай-поленезия тіл семьясына кіретіндер — индонезия, малаккилер, филиппиндер.

Вьетнам социалистік республикасының халықтары кинь деп аталады. Олардан басқа мон-кхмер тіл семьясында сөйлейтіндерге: орталық таулы аймақта мекен ететін мондар, кхмерлер, ак, қара, қызыл таилар және яо, ляо тайпалары саналады. Тайландтың негізгі халқын — сиамдықтар, Лаос халықтарын — лаотийцер деп атайды. Бұл мемлекеттердің таулы аймақтарында және Камбоджеде мон, кхмер тілінде сөйлеушілер өмір сүреді. Вьетнам, Тайланд, Лаос, Камбоджа жеріне қытайлар да көп тараған. Индонезиялықтар өз елінің 96 проценттейі болса, қалғандары көрші халықтардың өкілдері. Аборигендердің арасында Қытайдан және Үндістаннан келушілер де бар. Олар өз тілінде сөйлейді әрі жергілікті халықтың тілін де жаксы біледі.

Оңтүстік-Шығыс Азияның аборигендері антропологиялық жағынан монголоидтық наследілге жатады. Сонымен, бір қатарда негр-австролоидтық наследінің және

еуропоидтық нәсілдің өкімдері де кездеседі. Олар Австралия мен Океаниядан және Еуропадан ауып келушілердің нәсілдері.

Въетнамдар ерте заманнан бастап иероглиф жазуын колданса, бирмалықтар мен индонезиялықтар үнді алфавитін қабылдаған. Бірақ бұл елдің халықтары өздеріне тән ұлттық мәдениетті жасап, оны жоғары дәрежеде дамыта білген. Аборигендер мәдени даму жолында ұлттық тілдеріне икем өздерінің жазу-сызулатын жасаған.

Оңтүстік-Шығыс Азия — алғашқы адамның пайда болған жерлерінің бірі. Бұл пікірді дәлелдейтін археологиялық деректер жеткілікті. Ява аралынан питекантроп адамның сүйегі табылған. Бирмадан, Малокки жарты аралынан тас дәүірінің (палеолит) төменгі басқышына сай көлетін мәдени орын ашылды. Сол жерлерде жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған ежелгі құралдарды палеолиттің жоғарғы басқышына жатқызуға болады.

Ява аралындағы Нгандонг қыстағынан табылған он бірдей адамның бас сүйегі, ірі қаңқалар исандерталь адамдарының сүйектері болып шықты. Антропологиялық әдебиеттерде бұл адамдарды «явантроп» әйтпесе «нгандонгтар» деп атаған. Алғашқы адам тарихының кейінгі кезеңдері болған мезолит, ертеектері неолитке жататын адамдардың сүйектері Үндіқытай және Индонезиядан көп мөлшерде табылды. Осы адам сүйегінің маңынан ерте кездегі аборигендердің пайдаланған құрал-саймандары да шықты. Құрал-саймандар олардың аңшылықпен, балықшылықпен, өсімдіктердің дәндерін жинаумен айналысқанын көрсетеді.

Оңтүстік-Шығыс Азия ерте заманда Азия мен Австралияны тікелей жалғастырып жатқан. Сол кезде азиялық аборигендер Индонезия арқылы Австралия және Океания жерлеріне бірте-бірте тараған болу керек. Сөйтіп, жаңа дүние болған Австралияға, Океания тұрғындарының көшілігі Үндіқытай жарты аралынан келген. Археологиялық, антропологиялық және тілдік зерттеулерге қарағанда, негізгі аборигендердің антропологиялық құрамы негр-австролоидтық пен монголоидтықтардың қосылуынан шыққан нәсіл деген тұжырымға қолуғе болады. Монголоид тайпалары солтүстіктен, Қытай жерінен оңтүстіктері Үндіқытай түбегіне қарай жылжып, Индонезия жеріне дейін ауып барған. Олар папуастар мен

австралиялықтардың тіліне жақын болған мон-хамер және г. б. жергілікті тайпалармен араласқан.

Енді осы Оңтүстік-Шығыс Азияны мекендейген этникалық бөліктегердің тарихи этнографиясына қысқаша тоқталып өтейік.

Вьетнамдықтардың жалпы тарихы ежелгі Қытаймен тығызы байланыста өткен. Олардың ата-бабалары мекендейген Оңтүстік Қытайдың Гуандун және Гуанси жерлерін б. д. д. III мыңыншы жылдарда мекендең, олардың өздерінің королі Хон Банг басқарған. Б. д. д. V—III ғасырларында осы жерде лаквьет тайпасы қалыптасты. Олардың мекені Ван Лон деген атпен аталған. Ван Лон тұрғындарының арасында бірте-бірте мұлік тәңсіздігі келіп шықты, құлышық табының алғашқы көзендері пайды болған. Б. д. д. III ғасырда осы жерде құлдық дәуірдегі Ау-Лак (255—207 ж. ж.) мемлекеті болған, одан бір ғасырдан соң вьетнамдықтардың мемлекетін Қытай империясы жаулап алды, олардың арасында таптық қатынастардың дамуын тездектені мәлім. III ғасырда вьетнамдықтарды қытайлықтар «Аннам» («Жаңыз түстік») деп атаған. Вьетнам еңбекшілері Қытай империясына қарсы өздерінің тәуелсіздігі үшін қуресті, талай рет елін азат етті де. Әсіресе, Чун Чжян мен Чун Ни бастаған апалы-сіңлі қыздардың 40—43-жылдардағы көтерілісінің тарихтағы орны ерекше. Одан кейін Ли Бон басшылығымен болған көтерілістің нотижесінде жеке дара Ван Сюан (544—602 ж. ж.) мемлекеті үйымдастырылған. Кейінірек Май Тхук Loана (939 ж.) көтерілісінен кейін вьетнамдықтарға ерік беріліп, тек олардан әр кезде алым-салық қана алынып тұрған.

XV—XVIII ғасырларда Вьетнам король басқаратын өз алдына дербес феодалдық мемлекет болып қалыптастан. 1806 жылы король өзін император деп жариялады. XVIII ғасырда зат, акша қатынасының күшеюі және көпшілік әл-ауқатының нашарлауы салдарынан шаруалардың көтерілісі күшесін түсти.

Алғашқы европалықтар Вьетнамға XVI ғасырда келген еді. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап француздар Оңтүстік Вьетнамды иеленді. Оны басқаруға женил болу үшін, әрі ел бірлігін әлсірету үшін Вьетнамды Тонкин, Аннам және Кохинхин деп үшкі бөлгөн. Отаршылар халықты аяусыз қанап, құнарлы егістік жерлерін тартып алған. 1939 жылы бұқара халық елдегі

барлық жердің 25 проценттейін ғана иеленді. Қалған егістік жерлер отаршылар мен жергілікті феодалдардың қолдарында болды. Олардың плантацияларындағы жұмышшылардың тұрмысы өте ауыр еді. 1930 жылы жергілікті әскерлердің арасында көтеріліс шықты. Ұлт-азаттық күрес күшіне түсті. 1941 жылы бірлескен халық майданы, 1944 жылы халықтық Вьетнам демократиялық республикасы орнады. Оның бірінші басшысы Нгуан Ай Куок, бұл осы халықтың көсемі Хо Ше Миннің бүркеншік есімі еді. Ол кейін президенті болып саланды. Оңтүстік және Солтүстік Вьетнам дүние жүзі арандатушыларының айдалап салуымен өзара соғысты. Екіге болінген Вьетнам халқы бірігіп, біртұтас Вьетнам социалистік республикасын құрды. Вьетнам халқы бірлесіп, көп жылдық АҚШ бастаған импералистерге қарсы құрестің салдарынан қираған шаруашылығын қайтадан қалпына келтіріп, дамуда.

Камбоджениң 6 миллионға жуық халқы бар. Олардың басым көпшілігі кхмерлер, өзегері пор, шон, саош секілді өзге тайпалар. Кхмерлер Вьетнамға, Лаосқа және Таиландқа да тараған. Олар неолит дәуіріндегі осы жерді мекендеген. Үндіқытай жарты аралы тұрғындарының алғашқы ата-тегі болып саналады. Ол кезде құлтың күшін пайдалану біраз өрістеген. Кхмерлер бұл жерлерді тек бір өздері мекендеген. Аздаған өзге тайпалар да болған. Камбоджеге оңтүстігінен үндістер көп ықпалдарын тигізген. Ертеде Комбуя — Комбуя Фунаң кейіннен Камбодже деп аталып, бұл ел тек VI ғасырдан бастап өз алдына дербес мемлекет болған.

VII—VIII ғасырлардың басында мон-кхмер мемлекеті құлаш, батыс (сиамбирмалық) және шығыс (Камбоджа) болып екіге бөлінген. XIII ғасырдан бастап Камбоджа жеріне лаостар, сиамдықтар шабуыл жасады. 1863 жылдан бастап Камбоджа Францияның протектараты болды. Әуелі осы жерге бекінген француздар, кейіннен Үндіқытайдың басқа жерлерін де отарлауға кірісті. Жергілікті феодалдарға арқа сүйеген отаршылар аборигендерді канап, бұл құрлықтың экономикасы мен мәдениетін күрт құлдыратып жіберген. Сондықтан Үндіқытай елдері көп уақыт ежелгі дәрежеде қалып қойды. Камбоджа халқы отаршылармен көп жыл бойы күресіп, соның нәтижесінде осы ғасырдың 40-жылда-

рында босгандық алды. Елінің астанасы — Пномпень қаласының орталық алаңына көк пен қызыл түсті ұлттық жалауын тігіп, өз алдына дербес мемлекет болып, шаңырақ көтерді.

Кейінгі жылдары Камбоджа халқы реакцияшыл Пол Пота-Иенг Сари режимі салдарынан көп азап шекті. Ел ішіндегі ададиң инициаторы азаматтардың барлығы қуғынға ұшырап, біраз жұрт аяусыз дарға асылды, абақтыға жабылды. Осындағы корлыққа шыдамаган кампучильтар Пол Пота — Иенг Сари режимін жойып, Камбоджа Халық Республикасын орнатты.

Лаос Халық Демократиялық Республикасының халқы лао деп аталады. Олар негізінен «тай» тайпасынан құрылған. Лаостар уш топқа: шығысты мекендеушілер — лао, пангло; орталықта — лаокланг; солтустікте — лао понгдам тайпалары болып бөлінеді. Лаостардың арасында феодалдық қатынас үстемдік етсе де, солтустік Лаоста XIX ғасырға дейін құлышлық дәуір қалмай келді. XIV ғасырда Лаосты біріктіру үшін кхмер тайпасының жәрдемімен Фа Нгуен күрес жүргізген. 1353 жылы ол өз мемлекетін ерікті деп жарияладап, оның тәуелсіздігін көрші елдерден жақсы қорғай білді. Бірақ XVIII ғасырда ішкі феодалдық қарама-қайшылықтың салдарынан бұл мемлекет құлап, лаостар бірнеше бөлікке бөлініп кетті. Ел ішіндегі алауыздықтың кесірінен 1893 жылы Франция мемлекеті Лаосты басып алды. Вьетнам, Камбоджа халықтары француз отаршылдарына қарсы үздіксіз күрес жүргізіп келді. Мысалы, 1901—1903 жылдары лаостар көтеріліс бастаған болса, 1910—1937 жылдар қхмерлер отаршылармен үздіксіз соғыс жүргізді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жағондар Шығыс Үндікітайдың, оның ішінде Лаосты туғелдей басып алған болатын. Лаостықтар ұлт-азаттық соғысын Вьетнам, Камбоджа халықтарымен бірлесе жүргізіл, ақыры, 1954 жылы француз отаршылдарының шығып, өз мемлекетін құрды.

Тайландықтарды өз тілінде «кхон тай», «тай пои» деп атайды. Бұл елдің негізгі халқының басым көшілілігі осылардан құралған. Сиамдықтардың халық болып қалыптасуы XIII—XIV ғасырларға тұра келеді. Таиланд жеріне португалдықтар, ағылшындар, голландықтар, француздар XV ғасырдың аяқ кезінде келген. XIX ғасырдың аяғында бұл жердің көшілілігін ағылшындар билеп-төстеп, өзінің отаршылық саясатын жүргізді.

Француздар тек Таиландтың шығыс бөлігінде ғана қалды. XX ғасырдың басынан бастап бұл елдің ішінде капиталистік қоғамның көріністері көбірек орын алды. 1932 жылы Таиланд конституциялық монархиялық елге айналды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де Жапонияның қол астында болып, ол жер Азия мемлекеттеріне шабуыл жасайтын бекініске айналды. Жапония жеңілген соң, Таиландқа АҚШ иелік етіп, өз ықпалын жүргізді.

Бирма халқы Үндіқтайтың батыс жағын мекендейген. Әсіресе, Иравади өзенінің екі жағасына көбірек шоғырланған. Біздің дәуіріміздің I мыңыншы жылдары олардың бабалары Чиндвин, Иравади өзендерінің атырабын мекен етіпти. Олар дүркін-дүркін дамылсыз қоныс аударып отырған.

Бирма жеріне батыстың отаршылары XVI ғасырдың аяғында XVII ғасырдың басында келді. Бұл жерде жақсы бекініп, халықты өзу, қанау үшін отаршылар аборигендердің өз ішіне іріткі салып, бір-біріне үнемі айдан салып отырды. Бірақ отаршылар бұл жерде де үзак билік күра алмады. Жергілікті халық отаршыларға қарсы XIX ғасырдың басында бірнеше рет (1824—1825, 1852—1855 ж. ж.) үлкен күресті жүргізді. Бұдан қатты қорыққан ағылшындар Бирманы өзінің отар елі ретінде Үндістанға кости. Әйтсе де езілген бирмалықтар отаршыларға қарсы көтерілісті үдегіп, партизандық соғысты жыл сайын күшітеп түсті. XX ғасырдың басында Бирмада капиталистік даму жолының күшеюі нәтижесінде жергілікті халықтардың арасынан жұмысшы табы қалыптасты. Жұмысшы табының пайды болуы Бирма елінің үлт-азаттық күрестің күшіне түсіне алып келді. Осы ғасырдың 30-жылдарында жұмысшылардың күресі мейлінше күшініп, ақыры, 1948 жылдың 4 қантарында Бирма Англияның отарынан азаттық алып, карен, шан, кочин, каз жоне чин деп аталағатын бес үлттық автономиялық облыстар құрылған өз алдына Бирма одағын қурды. Осыған байланысты Бирманың үлттық жалауында 5 айдың суреті салынған.

Индонезия — гректің «несос — арал», «көп аралдардан құрылған дүние» деген сөзінен шыққан. Оңтүстік-Шығыс Азия мен Австралия арасындағы аса көп жеке аралдар мен архипелагтарды малайлықтар мекендейгендіктен бұл жерді Малай деп те атайды. Индонезия Республикасының 100 миллионға жуық халқы бар. Олар

көбіне аралдарда тұрады. Бұл елдің жалпы тұрғындарының 70 проценті Ява аралына орналасқан. Себебі бұл жерде егіске қолайлы кең жазық жерлер мол. Орта есеппен бір шаршы шақырым жерге 350-дей адам орналасқан. Кейбір аралдарда бір шаршы шақырым жерде 600—800-ге дейін абориген тұрады. Негізгі халқы — малайлықтар, олар мемлекеттің жалпы тұрғындарының 97 процентін құрайды. Олардан басқа 70 мыңға жақын арабтар, 30 мыңдай ундістер, 100 мыңдай еуропалықтар бар. Аборигендердің 95 проценттейі полинезиялық тілде сөйлейді.

Индонезия халқын тіл жағынан және жалпы мәдениеті жағынан біртұтас деуге әбден болады. Олардың көп жылдарға созылған бай тарихы бар.

Үнділер келместен көп бұрын индоцезиялықтар егін егіп, рулық қауыммен тіршілік еткен. Үнділер келу қарсанында олар явалықтарды өз мемлекетіне қосып алғып, біртұтас күшті мемлекетке айналды. Бұл ел үнді саудагерлері арқылы Персиямен, Таяу Шығыстың көп мемлекеттерімен және Қытаймен сауда жүргізген. Біздің дәуіріміздің мыңыншы жылдарында Шығыс Калимантан кнәздігі (IV ғ.), Явапың батысында Таруша (IV ғ.), Суматраның оңтүстік-шығысында Шривирл — (VII ғ.) секілді бөлек-бөлек мемлекеттер болған. Бұдан кейінгі кездерде де көптеген мемлекеттердің үйымдастып, құрылғаны белгілі. Суматрада Минангкабау мемлекеті (XII ғ.) болған, оны XIII ғасырда Ява аралындағы аса күшті Маджапахит мемлекеті өзіне қаратқан. XVI ғасырда бұл жерлерге мұсылман діні келіп жетті. Дін нелері әуелі саудагер болып келіп, бара-бара аборигендердің арасына ислам дінін таратады. Индонезиялықтардың арасында өзара алауыздық шығып, акырында, кіші-гірім бірнеше мемлекеттерге болінеді. XVI ғасырдың аяғында олардың басын Матарам сұлтан қайтадан қосқан еді. Осы кездерден бастап Индонезияға Еуропа отаршылары бірінен кейін бірі келе бастаған. Олар остан-Индия серіктігін үйымдастыруды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Индонезияда капиталистік қатынастардың пайда болу нәтижесінде өндіріс орындары, жұмысшы табы қалыптасты. Ақырында, шетел отаршыларын қып шығып, 1950 жылы Индонезия Республикасы дүниеге келді.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін отаршылықтың ғасырлар бойы бұғаудың келген халықтардың азаттық

алуына қолайлы жағдай жасалды. Солардың бірі — Үндіқтай жарты аралының тұрғындары.

Енді Үндіқтай халықтарының шаруашылықтарына қысқаша шолу жасасақ, вьетнамдықтардың 80 проценттен астамы ауыл шаруашылығымен айналысады. Оңтүстігіндегі егістік жердің 40 процентіне, солтүстігіндегі жердің 60 процентіне күріш егіледі. Кейінгі кездерде Вьетнамда ауыр өнеркәсіптің дами бастауының арқасында органикалық, химиялық тыңайтқыштар көптең шығарылатын болды. Мұндай шаралар күріш өнімін көбейтуге жәрдемдеседі. Вьетнамдықтар күрішті екі түрлі жолмен етеді: егістік көлемі көбірек болған жerde тұқымды себсе, көлемі шағын егістікке көшетте көгеріп өскен күрішті әр сабағын қолмен отырғызып шығады. Мұндай тәсілмен егудің бейнеті көбірек болғанымен, өнімді мол береді. Вьетнамда, жалпы, Үндіқтайдың күріш ежелден егіліп келе жатқан дақылдың бірі.

Вьетнамда қолөнер кәсібі ертеден дамыған. Олар үй тұрмысына, шаруашылыққа қажетті бұйымдарды, киімді, құрал-жабдықтарды және басқа заттарды жасап, оны базарға шығарып сатқан. Қымбат, асыл тастарды және зергерлік бұйымдарды жасау өнері де дамыған. Бұрын өндіріс орындары көп болмаған кезде жұмышты табының саны да аз болған. Олар отаршылардың иелігіндегі кеңіштерде, шахталарда және өндіріс орындарында жұмыс істейтін. Вьетнам қолөнер кәсібін дамыту өткізу өз елін ауыр өндірісті мемлекетке айналдыру үшін көп жұмыстар жүргізуде.

Камбоджа тұрғындары — кхмерлердің шаруашылығы да вьетнамдықтарға өте ұқсас. Олар суармалы күріш, қант құрағын, жаңғақ және бұрыш өсіреді. Ауыл шаруашылығының вьетнамдықтардан айырмасы аз. Кхмерлер алғашқы жер жыртуды мерекелейді. Дін басылары Пномпинь гибадатханасының алдынан қызыл соқаға жегілген өгізді жетелеп өтеді де, жерге бірінші болып сол кісі соқа түсіреді. Содан кейін егіндікті жырту, дән себу барлық жерде басталады. Егістікке жеткенде ыдыска шөп және дән салып «қасиетті өгізге» жегізеді. Егерде өгіз шөп пен дәнді жақсы жесе, егілген егіс өнімді көп береді деп дикандар қуанатын болған.

Тайланд халқының көбінде жер жоқ, не жерлері өте аз. Егістік жердің 65 проценті помещиктер мей кулактардың қолында. Олардың саны жалпы тұрғындардың 15 проценттейі ғана. Таиланд жерінде негізінен күріш

егіледі, шығысында егіншілік пен мал шаруашылығы, солтүстігінде әр түрлі шаруашылық түрлері және оңтүстігінде каучук өсіріледі. Эсіресе, Менам өзспінің алқаптарында күріштің 40-тан астам түрін егеді. Күріш өнімі 2—3 рет алынады. Халықтың тек I проценттей ғана балықшылық кәсібімен айналысады, қолөнер кәсібімен айналысады да бар. Жалпы, Таиланд тұрғындарының 12 проценттен астамы қалада тұрады.

Бирма халықтары егіншілік, бау-бақша егумен айналысады. Тұрғындардың 70 проценті ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Отаршылық кезде көпшілік диқанның жерлері болмаған. 1948 жылы Бирма одағы үйымдастынан кейін жер, су реформасы жүргізіліп, көп диқап өз жеріне ие болған. Ауыл шаруашылығында пайдаланатын құралдарның жоғарыдағы тоқталып откен елдерден айырмашылығы аз. Бирмалықтар ауа райы қолайлы болған жылдары 2—3 рет өнім жинайды. Малдан буйвол, сиыр, шошқа өсіреді. Бұлардың өмірінде балықшылық та азды-көпті орын алады. 1931 жылы 1,5 млн. бирмалық қолөнер кәсібімен айналысан. Соған қарағанда ауылдарда, қалаларда етікшілер, зертгерлер өте көп, бұл кәсіптің ерте заманын дамығаны анық.

Индонезияның 96 проценттей халқы ауыл шаруашылығымен айналысады. Бұл елдің де Үндіқытай елдерінен айырмашылығы жоқ. Негізінен күріш, жүгегі, кофе, шай, темекі, макта, бұрыш өсіреді. Индонезия аралдарда орналасқандықтан балық аулау кәсібі де белгілі орын алады. Эсіресе, отаршылық жылдары сауда күшіген себепті елде Сингапур сияқты портты қалалар көбейген. Өз алдына дербес ел болғандықтан ірі өндірісті күштейтуге көп көңіл бөлінуде. Жерінде қалайы, мұнай, боксит сияқты кен байлықтары мол. Бұл өніріс орындары кейінгі кезде дами түсіп, жергілікті тұрғындардың ортасынан жұмысшы табы өсіп шықты.

Оңтүстік-Шығыс Азияның халықтарының заттай мәдениеті өте бай болып келеді. Вьетнамдықтардың 15 проценті қалаларды мекендейді. Ал олардың қалғандары ауылдық жерге орналасқан. Солтүстігінде Ханой, Хайфонг, Намдинь, Бакинь, Ниньбинь, Пханъхоа, Винь, Хатинь; Оңтүстігінде Хо Ше Мин, Дананг, Куангнгай, Кюиньон, Нячанг сияқты ірі қалалары бар. Вьетнамның қалалық сәулет өнері ерте заманғы ескерткіштермен сабактас, діни сенімге икемделе салынған. Қалаларда

гібадатханалар, императорлардың сарайлары және көп-теген тарихи ескерткіштер — қалалардың сәнді ғимараттары. Сондай ірі ескерткіштердің бірі Конфуция гибадатханасы. («Эдебиет гибадатханасы»). Ол 1070 жылы салынған. Үлкен қалалардың сәулет өнеріне отаршылар өздерінің ықпалын тигізген. Ондай қалалар еуропалық және жергілікті тұрғындардың араласқан аудандары.

Вьетнамдықтардың ауылдары, қыстақтары жолдардың екі жағына, өзендердің бойларына, биік төбелердің баурайларына жайғасады. Әрбір шаршы метр жер бау-бақша үшін пайдаланады. Қыстақтардың көлемі онша үлкен болмаганмен, адамдар тығыз орналасқандықтан кісі көп болады, оның ортасында гибадатхана және оған қатысты әр түрлі құрылыштар, ауылдық қоғамның үйі, «динь» орналасады.

Ауылды жердегі тұрғындардың үйлері сыртынан дуалмен коршалады. Ауланың түкпіріне тұрғын үйлері салынса, оның алды тегістелген ашық алаң болады. Ол — қүріш кептіріп, бастырып ұшыратын қырман. Алаңның төңірегіне асхана, қора, астық қоймасы және т. б. шаруашылыққа керекті құрылыштар орналасқан. Қалған бос жерлерде бау-бақша, жеміс ағаштары, суда жүзетін құстарға арналған әуіз болады. Үйдің, қораның төңірегіне тікенді шөптерді тығыз етіп егіп, коршайды.

Камбоджаның халқының 88 проценті қыстақтарға орналасқан. Қалалардың саны да, олардың тұрғындары да көп емес. Тек Пномпеньеде 500 мындалада адам тұрса, Баттамбанг, Банам, Компангчам сияқтылардың әрқайсысында 30 мындей тұрғындары бар. Ауылдың адамдары тасқын су келмейтін жерлерге шогырланған. Көшілік ауыл тұрғындарының үйлері бір-екі бөлмелі болып келеді. Кейбір үйлердің бөлмелерін кісі санына қарай тоқылған қамыспен бөліп те қояды. Үндіқытайлардың тегістік жерде тұрушулыры үйлерін жерге көмілген бөрененің үстіне қамыстан тоқып салынған. Үйдің төңірегіне тұрмысқа қажет құрылыштар орналасады. Мал қоралары үйдің астына орналасады. Үйлерінің төбелерін итарқалап жабуды — «птах — кантайнг» дейді. Қедей шаруалардың баспаналары әр түрлі көлемдегі лашықтар түрінде жұпны болып келеді.

Индонезия архипелагында сан жағынан үлкенді-кішілі ұлт тұрады. Олардың санының қанша екені әлі белгісіз. Солай бола тұрса да, этнографтар олардың саны 360 деп болжайды. Солардың ішінен саны 1 мил-

лионға жететін 16 үлт бар екен, олар Индонезияның тұрғындарының 80 процентін құрайды. Индонезиялықтар орналасқан үлкенді-кішілі аралдардың табиғаты біркелкі болмаған соң, тұрғындары да баспананы әр түрлі ғып салады. Индонезияның көшілік тұрғындары Ява аралына шоғырланған. Үйлерін өзендердің, көлдердің жағалауларына, үлкен жолдардың екі жағына салады. Жері жок адамдар жанартаулардың етегіне жайласқан. Ауылдарының төңірегіне егін салынады. Әрбір қыстақтың ортасына лангер деп аталатын қоғамдық үй, мешіт, медресе, мектептері шоғырланады. Үйлерді жерге қағылған бөренелердің үстінен қамыстан салып, іші-сыртын балшықпен сылап, тәбесін пальма ағашының жапырағымен итарқалап жабады. Бау-бакша және әр түрлі жеміс ағаштарын мол егеді.

Ява аралында 100 мыңдан асатын тұрғындары бар ондаған қала да бар. Солардың ішіндегі ең үлкені Джакарта қаласы, онда 3 млн. адам өмір сүреді. Үйлердің екінші қабаттарына дүкендерін орналастырады. Қалаларда қолөнершілер мен саудагерлер көп. Жарлы-жакыбайлар қалалардың шет жақтарына орналасқан. Қала орталықтарында тарихи ескерткіштер көп. Будда, Чанди Павон (VIII ғ.), Лара Джонггранг, Боробудур (772 ж.) және т. б. гибадатханалары бар.

Вьетнам диқандарының киімдері мақтадан тоқылған қара коңыр киімдер киеді. Вьетнамның солтүстігінде тұратындар жылырақ киім кисе, онтүстігіндегілер — жецил киінеді. Мерекелерге, гибадатханаларға, мешітке және сондай орындарға барғанда әйелдері көйлек пен халат киеді. Іссу және жауын құндері пальманың жапырағынан тоқылған ши қалпак киеді. Қала тұрғындары ауылдық жердегілерге қарағанда сәндірек киінеді.

Камбоджа кхмерлерінің киімдері сиамдықтардың киіміне ұқсас. Ерлері қара түсті матаны белінен тәмен қарай денесін ораган «сампот» деген киімді киген. Бұл киімді қазір салтанатты жағдайда ғана киеді. Қунделікті киімдері: қоңыр, қара матадан тігілген көйлек, шалбар, Әйел-қыздары жеңі қысқа кеуде көйлек киіп, белінен тәмен қарай денесін матамен орайды. Кіімдерінің басым көшілігі қара, қоңыр маталардан тігіледі.

Үндіқытайдағы басқа елдердің тұрғындарының киімдері бір-біріне жақын болғанымен, олардың әрқайсының үлттық ерекшеліктері бар.

Явалықтардың ұлттық киімдері ежелден келе жатқан ерлер мен әйелдерге ортақ құнделікті киетін кайнадеп аталады. Әр түрлі өрнек салған матаны белінен тәмен қарай дізесіне, немесе тобығына жеткізе орайды. Қаинды үстіне жамылуға да болады. Салтанатты жағдайда ерлер ұзын және кең кайндарды киеді. Оны «долот» деп атайды. Қалаларда тұрушылардың көпшілігі еуропалық киімдерді пайдаланады. Явалықтар бастарына барқыттан тігілген қара тақия киеді. Ал әйелдер басына орамал тартады. Оны «икет» дейді. Әйелдер кайнан басқа бәтеспен қеудесін орап, оның үстіне шолақ көйлек киоді «кембен» деп атайды. Бірақ Индонезияның аралдарында тұратын әр түрлі ұлт, тайпалардың ұлттық киімдері бір-біріне ұқсағанымен, өзара ерекшеліктері бар екені байқалады.

Оңтүстік-Шығыс Азияның халықтарының отбасылық тұрмысына қоңіл аударсаңыз, бір-бірінен ерекшеліктерін байқауға болады. Вьетнамдықтарда патриархалдық тәртіп үstem, отбасының әр мүшесі әке сөзін екі етпейді, оның рұқсатының есейген балалары бөлініп кете алмайды. Тек әкесі дүниe салғаннан кейін, оның мүлкі балаларының арасында бөлініске түседі. Енші алған кезде үлкен үлға басқаларынан 10 процент артық үлес тиген. Ал қыздарының еншісіне тек өздеріне арналған жасаулары, киімдері, ыдыс-аяқтары ғана бөлініп берілген. Жер, құрал-саймандар үлдарда қалған. Егерде үл балалар болмаған күнде әкесінің мүлкі барлық қыздарға бірдей бөлінген. Мұрагерлік күк тұрмыска шыққан қызына өткен. Вьетнамдықтарда туысқандық дәреже аталақ-аналық бойынша саналып, әкесінің туысқандары мен ағайындары «ішкі туысқан» — деп аталса, анасының жақындары — «сыртқы бауырлас» делінеді.

Үйленгенде бір фамилиядың адамдар бір-біріне қосылмауы керек. Үйлену үшін жастар әкесіне, әйтпесе үйде бағынатын кісіден рұқсат алуды тиіс. Оナン соң үйленетін жігіт қалыңдығының туысқандарына күріштен жасалған аракты апаруы керек. Егерде апарған аракты қабылдаса, қызын беруге ризашылығы берілді деп саналады. ОНАН кейін жігіт пен қыздың туыстарының арасында құда тусу жұмыстары жүргізілген. Келісімге келген соң «жібек тарту» деген салтанатты әдет-ғұрыпты өткізген. Ол қызыл бояуға боялған төрт бұрышты ағаштан соғылған құтыны қызыл жібек матаға орап, тарту ретінде берген. Бұндай дәстүр екі жасқа

бақыт әкеледі деген тілекті білдірген. Сонымен қатар, келінгे әр түрлі маталар, екі қызыл шырағдан, екі шыны арақ және тірі шошқа және т. б. сол сияқты тартулар берген. Үйлену тойына екі жақтың туған-туысқандары қатынасады. Осы тойда келінгे тағы тарту ретінде екі ләйлек (аист), әйтпесе екі қаз беріп, олардың аяқтарына қызыл шүберек байлаган. Бұл ырым жастар бақытты тұрмыс құрып, көп жасасын деген тілекті білдірген. Сонан кейін келін қайын атасы мен енесіне, олардың бабаларының аруағына бағыштап, иіліп тәжім қылған.

Вьетнамдықтардың тұрмысында көп әйел алу дәстүрі бәйбішениң рұқсатымен ғана іске асқан. Ондай жағдайда ерінен кейін отбасындағы билікті бәйбішесі жүргізген. Вьетнамдық жұптар зайды бала көтермеген күнде ғана ажырасқан. Ондай жағдайда бір мыс тының екіге бөліп, бір бөлігін ажырасатын әйеліне берген. Екінші адамға тұрмысқа шыққандай болса, оған тының бір бөлігін көрсететін болған. Вьетнамдықтар қытайлықтар сияқты рулық фамилияны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған. Мұндай фамилиялар вьетнамдықтардың арасында 400-ге жақын.

Бирмалықтар отбасын құруына келсек, оларда моногамиялық семья үстемдік етеді. Бұларда да отбасының басшысы — отағасы мен оның әкесі. Тұысқан адамдар топ-топқа бөлініп, шаруашылықты жүргізеді. Топтың ішінен жасы үлкен біреуі басшылық етеді. Тұысқандар балаларды үйлендіргенде, қыздарды тұрмысқа бергенде, қайтыс болғандарын жерлегенде, жұмыста бір-біріне жәрдем беріп, баспаға қатынасады.

Бирмалықтарда да әйелі мен қыздары отағасы өлссе, оның мұлкіне мұрагер бола алмайды. Мұрагерлік үл балаларға ғана өтеді. Егер үлдары болмаган күнде, қолға кірген бір күйеу баласы мұрагер болады. Бұл жағдайда әкесінің дүниесінің иесі қыз болып есептеледі де, билікті күйеу бала жүргізеді. Бирмалықтардың әйелдері ерлермен тең құқықта болып, қоғамдық, шаруашылық жұмыстарына еркін қатынасады және ерлері кез келген мәселені олармен ақылдасып шешеді. Себебі отбасына меншік жерлеріндегі егілетін өсімдікten, тоқымашылықтан, майда сауда-саттықтан кіретін табыстың көпшілігін әйелдер табады.

Қыз бен жігіт бір-бірімен танысып, жігіт қызды үннатса, оған жеміс сыйлап, болмаса оған ариап өлең

шығаратын болған. Егерде істеген сыйлықты қыз қа-былдамаса, немесе өлецін тыңдамаса онда жігітті ұнатпағаны. Бір-бірін ұнатса, екі жас келісімге келіп, ата-аналарымен ақылдасқан. Оナン кейін жігіттің әкесі құда түсіп, болашақ келіннің ата-анасымен танысқан. Арада екі айдай уақыт өткізіп, қыздың әкесі болашақ күйеудің үйіне қонаққа барады. Сөйтіп, екі жақ құда түсіп, бір келісімге келген. Соңан кейін гана олар үйлену тойына дайындық жасай бастайды. Жігіт жағы құдасына киіт дайындаса, қыз жағы той дастанқанына қойылар тамақтарын әзірлеген. Белгіленген күні қызыдың үйіне екі жактың туықандары жиналышп, салтанатты дәрежеде тойға қатынасқандардың ішінен абырайлы, сыйлы адамдар жігіт пен қыздың қолдарын ыдыстағы суға малдырып алышп, өздерінің жақсы тілегін екі жасқа айтады. Жігіт пен қыз бір ыдыстан тамақ ішіп, бір-біріне тамақ беріп, өздерінің ізет-құрметтін көрсетіп жатады. Той үстінде әр түрлі өлецілерді, тақпақтарды айтып, музыка ыргағымен биге шығады. Той сонында екі жас келгендеге «лемпет» — көк шай құйып берген соң, келгендер тарай бастайды.

Бирмалықтардың үлдары 18 жаста үйленуге, қыздары 15 жасқа толған соң тұрмысқа шыға алады. Екіқабат болып, айы-күні толған кезде қыз әкесінің үйіне барып, тұңғышына өз үйінде босанған. Персенттің атын қойғанда ұл болса оның есіміне «Маун», қыз болса «Ма» косымша қосатын болған.

Индонезияның Ява тұрғындарының отбасы да жоғарыдағы айтылған халықтар сияқты моногамиялық отбасы болып саналады. Тек діни адамдар мен помещиктер бірнеше әйелдер алған. Үйлену тәртібінде қан жағынан жақын адамдарға қыз беріп, қыз алу үрдісі жок. Явалықтарда да ерлер мен әйелдер тен құқылы. Жастар өз бетінше танысып, ата-аналарының рұқсатын алышп үйленеді. Жігіттің әкесі қыздың ата-анасына барып, құда түседі. Тойдың күнін қыздың әкесі белгілейді. Оған дейін жігіттің әкесі қалыңмалды дайындайды. Қалыңмалды ақшалай да, заттай да беруге болады. Заттай қалыңмалға өгіз, немесе буйвол, үйге керекті бүйімдер беріледі. Тойды қыздың үйінде өткізіп, той шығынын сол үйдің туған-туықандары көтеріп алады. Неке киу мешітте өткізіледі. Той үстіндегі дәстүрлер бирмалықтардың әдет-ғұрыптарына жақын. Үйленгеннен кейін екі жас қыздың үйінде болып, тұңғыштары дүниеге кел-

гөн соң, қыздың, жігіттің әкелері өз алдына отау етіп шығарады. Явалықтар дүниеге келген нәрестенің шіл-деханасын, бесінші күнін, ат қоюын, шашын алуын, кіндігінің тұсуін атап өтеді. Әсіресе, перzentтің жеті айға толуын салтанатты түрде атап өтеді. Бірінші үлдің атын атасы қоюы шарт. Отбасының мұрагері ерлер болып саналады.

Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің тұрмыстарында үлкен өзгерістер болды. Олар өз ішінен отаршыларды ығыстырып шығарып, өздерінің тәуелсіздіктерін жеңіп алды.

---

## ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

Шығыс және Орталық Азияда Қытай Халық Республикасы, Корея Халық Демократиялық Республикасы, Оңтүстік Корея, Жапония, Монгол Халық Республикасы және Тибет мемлекеттері орналасқан. Бұл елдердің халықтары ерте замандардан бері бір-бірімен көршілес қарым-қатынаста болған. Әсіресе, қытай халқы сан жағынан аса көп болғандыктан да төңірегіндегі елдер мен тайпаларға үнемі өзінің ықпалын тигізіл отырды. Шығыс Азия жерінде Азияның барлық халқының 50 проценттейі, жер шары тұрғындарының 28 проценті мекендейді.

Шығыс, Орталық Азия халықтары тибет-қытай, жапон, корея, орал-алтай және мон-ххмер тіл семьяларында сөйлейді. Бұлардан басқа индонезия, айна және басқа да кіші-гірім тілдерде сөйлейтін тұрғындар да ұшырасады. Жергілікті халықтар антропологиялық жақтан монголоидтық нәсілге жатады.

Шығыс және Орталық Азия — алғашқы адамдардың пайда болған ескі қоныстарының бірі. Пекин қала жаңындағы Чжоукоудян селосына жақын жердегі Юашжэнъедун үңгірінен синантруптың (қытай адамының) сүйегі табылған. Бұл б. д. д. 500—400 мың жылдарда өмір сурғен адам екені анықталған. Синантроп төменгі тас дәуірінде кейінгі қауымдық топтарға бөлінген, олардың негізгі кәсібі аңшылық болған. Қытай тарихшылары бұл дәуірді «чжоу-коудян мәдениеті» деп атаған. Синантроптар кейінгі кездерге дейін өмір сурғені байқалған. 1958 жылы Шаогуань уезіндегі Маба деревнясының маңындағы үнгірлерден адамның бас сүйегі табылған. Оны маба адамы деп атайды. Бұдан да кейінірек дәуірге жататын адамның сүйегі 1959 жылы Хубэй бай провинциясы Чанъян уезіндегі Лундун үңгірінен кездескен. Осындай алғашқы адамның сүйектері Батыс Азиядан және Еуропадан шыққан неандерталь сүйектеріне оте ұқсас екендігі байқалады. Оның қасынан б. д. д. 150—100 мыңшы жылдары орта полеолитке жататын көптеген тас құралдар шыққан. Бұлардан басқа да археологтардың палеолит дәуірін көзге елестетіндегі біраз көне деректерді тапқаны мәлім.

Шығыс Азиядан табылған археологиялық деректер-

ге қарағанда, жоғарғы палеолит пен мезолит дәуірлөрінің арасында үздіксіз даму байланысының бар екені байқалды. Осы кездерде ішкі Монголияда палеолиттің аяғында аңшылары мен өсімдік өнімдерін жинаушылар тіршілік еткен. Мезолиттік аңшылар мән жинаушылардың өмірін білдіретін заттар Гуанси үңгірінен табылған. Олар Солтүстік Вьетнамнан табылған заттарға соншама үқсайды.

Біздің дәуірімізге дейінгі III мыңыншы жылдарға жақын Қытайда «ян-шао» мәдениеті ілгері дамыған, оған аса сапалы өрнектелген бүйымдар куә. Бұл кезде диқаншылық дамып, қолға ит пен шошқаны үйреткен. Неолит дәуірінде отырықшы бола бастаған кісілердің үйлері дөңгелек, төрт бұрышты болып келеді. Тас пышак, тас балта, сүйектен істелген кескіш секілді құралдарды пайдаланған.

Қытайлықтардың ата-бабалары Хуанхэ өзенінің төменгі ағысын мекендей, б. д. д. III мыңыншы жылдарда Солтүстік Қытайдың аборигендері ретінде егіншілік кәсіппен айналысқан. Кейінгі кездерде қытайлықтар Хуанхэ өзенінің төменгі алқабына дейін тараған. Жаңа жерлерді өндеп, жыртып, диқаншылықты дамыта тусти. Қытайлықтардың басым көвшілігі отырықшылықта өмір сүріп, өздерінің мәдениетін ілгері дамыта білді. Біздің дәуірімізге дейінгі II мыңыншы жылдары олар өз мемлекеттерін үйімдастырған, оның ең ірісі Шан (Инь) мемлекеті.

Шан (Инь) мемлекеті кейін б. д. д. XI—VIII ғасырларда Чжоу мемлекеті болып өзгерген. Чжоу мемлекеті өзінің ішіндегі қым-қиғаш қарама-қайшылықтың нәтижесінде сол дәуірдің ғасырларында Лего (Жаз және Құз) деп аталған Чаньцю мемлекетке айналғаны мәлім. Бұл мемлекет — өз ішінен шықкан алауыздық салдарынан көп бүліншілікке үшыраған. Бірақ қытайлықтар өзара тыныштықта өмір сүре алмаса да Чжоу және Чаньцю мемлекеттерінің өзара қатынасы тығыз байланыста болған. Бір мыңыншы жылдары Қытайда суармалы диқаншылық жақсы дамыған, егістік жерлерге тыңайтқыш, қосымша корек берген. Бұрын егістік жерді кетпенмен аударатын болса, енді жер ағашпен жыртқан. Ауылдарда, калаларда қолөнер кәсібі өскен, құмыра жасаған, жібек мата тоқыған, темір, шойын қорыта білген. Шаруашылықта темірден, шойыннан соғылған аспаптар кең көлемде қолданылған. Қытай-

лықтар өзара және көрші сидермен сауда-саттықты кең көлемде жүргізген. Біздің дәуірімізге дейінгі VI ғасырда Қытайда құлшылық қоғамы ыдырап, оның орына феодализм орнады. Осы кездегі қытай мәдениеті кең көлемде дамыған. Олар осы уақытта иероглифтік жазуын шығара бастаған. Сол кездегі иероглиф жазуы әр түрлі заттардың, бұйымдардың бетіне жазылып, біздің дәуірімізге дейін сақталып келді. Қытайдың бұл жазуы Корея, Жапония басқа да көрші елдерге тараған. Сол кездегі иероглиф жазуы онша көп өзгеріске ұшырамай, біздің заманымызға келіп жетіп отыр. Қытай осы көне жазу-сзыға әлі күнге айтарлықтай реформа жүргізе алмай келе жатыр.

Озінің ішкі қарсылықтарының нәтижесінде әлсірекен Чжоу мемлекетінің орына Батыс Қытайда, осы күнгі Шэнъси, Сычуань провинцияларының жерінде Цинь патшалығы қурылды. Циньнің империясы (221—207 ж. ж.) Дунб-әядан Сычуаньға дейінгі үлкен көлемдегі ұлан-ғайыр жерді иеленген. Цинь Шихуан тұсында жақадан көптеген қалалар салынды. Ескі қалалар жаңғырып салынды. Қатынас жолдары салынып, байланыс бекеттері жүргіzlді. Жер суару каналдары кептейтілді. Өз империясының солтүстік шекарасын бекемдеу үшін, жұмыскерлердің күшімен 214—213 ж. ж. орасан зор құрылғы жүргіzlіп, Ұлы Қытай қорғанын салдыруға кіріскең. Бірнеше мыңдаған шаруаны күнделікті жұмыстарынан босатып, осы құрылышқа айдан алғып келген. Сонымен, император елді басқару, әскери және салық жинауды тәртіпке салу үшін, маңызды реформа жүргізген. Иероглиф жазуын, оның таңбасын өлшейтін өлшем шығару және бүкіл елде бір жүйедегі ақша шығару жөнінде жарлық шығарған.

Бірақ Цинь-Хуан басқарған империя онша мықты болмаған. Оның өзі өлген соң, императордың және ақсүйектердің әскерлері императордың мұрагерлеріне қарсы шығып, Цин династиясының быт-шытын шығарған. Көтерілістің қолбасшысы Лю Бан женіп шығып, Хань династиясының негізін қалады. Бұл династия б. д. д. III ғасырдың басына дейін өмір сүрді.

Хань империясының гүлденген кезеңі б. д. д. II ғасырдың аяғы б. д. д. I ғасырдың бас кездеріне тұра келеді. Осы дәуір ішінде империяның жер көлемі кептейіп, бұл күнгі Шыңжан провинциясы жақадан қосылған болатын. Қытай мен Орта Азия арасында сауда-

саттық карқынды жүріп жатты. Солтүстік-шығыс жағындағы көрші Кореяға өз ықпалдарын жүргізді. Оңтүстігіндегі біршама жерлерді де өзіне қосып алды. Хань империясы оңтүстіктегі халықтарды өзіне бағындырып, өз саясатын күшайте түсті. Сондықтан қытайлықтар оңтүстіктегі тайпалармен жиі араласып, олардың жергілікті халықтарымен қан алмасуы күшайе түсті.

Цинь империясы кезінде Қытайдың солтүстігінде бірлескен гундердің күшті тайпалық одағы құрылып, көрші Қытайға шабуыл жасап, оның көп жерлерін басып алған болатын. Қытай Цинь Шихуан империясының төңірегіне бірігіп, күш жинады, генерал Мын Тянь 300 мың әскерімен гундерге жорық жасап, олардың басып алған жерлерін өзіне қайтарып алған. Солай болса да, бірлескен гун тайпалары одағының көсемі Шаньюй Мәде гундердің қажырлы қолбасшысы және ақылды саяси қайраткері болды. Осы қолбасшының кезінде гундер Манчжурия жеріндегі дун-ху тайпаларын, Орталық Азиядағы динлиндерді, массагеттерді бағындырған. Гундер қайтадан Қытайға қауіп тудырды. Сондықтан Қытай патшасы Гао-цзу гундермен бейбітшілік шарт жасасып, оны б. д. д. II ғасырдың ортасына дейін сақтаған.

Гао-цзудың орнына келген У-ди Қытай патшасының гундермен жасаған шартты бұзып, 13 дүркін гундерге карсы жорық жасаған. Бірақ гундерді ол бағындыра алмады. У-ди Қытайдың батысындағы Шыңжан және Орта Азиядағы көршілерімен бірігіп, гундерге карсы күрес жүргізбекші болған. Сол ушін Қытайдың батысындағы массагеттерге Чжан Цянъның басшылығында елші жіберген. Бірақ одан еш інтиже шықпаса да Чжан Цянъ Орта үйсіндермен, Ферғана және Парфия елдерімен қарым-қатынас орнатты. Сөйтеп тұра У-ди Турған еліне, б. д. д. 104 жылы Ферғанаға жорық жасап, оны жаулап алған. Бұл жақтан ауыл шаруашылық өнімдерін Қытайға жіберіп жатқан. Қытайлар Орта Азияға буддизм дінін таратқан. Кейін Чжан Цянъ Үндігіде де жол ашқан. Сөйтіп, Хань империясы күшайе түсken.

Яңцы өзенінің төмен жағындағы У-ди патшалығы құлаған соң, оның тұрғындары Жапония аралына көшіп барып, сол жердіңaborигендерімен араласқан. Қытайлықтар осы дәуірде түстікке қарай жылжып, Үндіқытайдың жарты аралына дейін тарады. Хань империя-

сында құлдық дәуірін ұстанғанмен құлдарды үй жұмыстарына пайдалану тоқтамаған. Қоғамның негізгі күші диқандар қауымдық жер иелерінің қарауында жұмыс істеген. Әрбір обшина үкіметтің жерінде жұмыс істеп, өнімін жер иелеріне беретін болған.

Цинь империясы дәуірінде қытайлықтар бірлесіп, жаңа жерлерді иеленген. Жергілікті түрғындар белгілі территорияға не болып, бірлескен бір тілде сөйлеп, біртұтас қытай халқы үйымдаса бастаған. Осы кезде қытай династиясының аты мен халқы бірнеше дүркін «цинъчжань» деп аталған. Ертедегі индиялықтар Қытайды «Чинь елі» деп атаған. Тек Александр Македонский жорығынан кейін Қытайды римдіктер «Сина», ағылшындар — «Чайна», немістер — «Хина», француздар — «Ля Шин» деп атап, түрлі әдебиеттерді әр түрлі жазып келді.

Қытай халқының өсіп-өркендеуі біртіндеп Хань дәуіріне тұра келеді. Осы кезде барлық қытайлықтарға ортақ алғашқы қытай тілі қалыптасты. Бұл тіл Тынық мұхиттан Шығыс Түркістанға дейін, Оңтүстік Қытай теңізінен Маньчжурияға дейін тараптады. Янцзы өзенінің сол жақ саласы Хань деп аталған өзеннің атымен Хань династиясы делінген. Сол жердің халқын «Ханъжэнь», яғни — Хань елі деп атаған. Қытайлықтардың қазіргі күнге дейін осы атпен жүргені мәлім.

Халық көтерілісінің және әр түрлі әскер күштерінің куресінен біздің дәуіріміздің III ғасырында Хань династиясы құлайды. Бұл империяның жері: Вэй — солтүстігі; У — Янцзы өзенінің төменгі ағысы; Шу — Оңтүстік Қытай болып, уш патшалыққа бөлінеді. Үшеуінің арасындағы өзара соғыстың нәтижесінде, Вэй жеңіл шығып, Цзинь (265—316 ж. ж.) атты үлкен династия орнатады. Өз ішіндегі соғыстан әлсіреген Цзинь мемлекеті солтүстіктен келген көшпелі гүнндердің, арабтардың, түріктердің әскеріне қарсы тұра алмай, нәтижесінде Цзинь династиясы құлайды.

386-жылы үлкен Ханган төңірегінде Сэнби тайпасының туысқан тұқымдасы Тоба тайпасы Бэй Вэй (386—534 ж. ж.) патшалығын орнатқан. Бэй Вэйлер (тобалар) қытайлықтармен қыз берісіп, қыз алыса бастаған, ақырында, көп ұзамай-ак қытайлықтар оларды өздеріне сіңіріп жіберген. Бұдан кейін IV—VI ғасырларда Қытайда өзінің ішінен бірінен соң бірі шыққан, әрі сырттан келген 20 династия болды, тек VI ғасырдың аяғында

келген Сүй (589—617 ж. ж.) династиясы ғана Қытайдың қайтадан біріктірген. Ол көп ұзамай Тан (618—907 ж. ж.) династиясымен алмасқан. Ол кезде Қытай экономикалық және мәдени жағынан біршама жақсы дамыған еді.

Тан кезінде бұл елдің жері орасан кеңейіп, Тынық мұхиттан Тянь-Шаньға дейін, Селенгадан (Забайкалияға) Меканға дейінгі жерлер Қытайға қараған. Солтүстік шекарадағы күшті түрік тайпаларын қиратқан. Корея, Маньчжурия, Монголия және Шығыс Түркістан (Шынжан) Қытайға бағынған. Орта Азия мен Қытай арасында ұлы сауда жолы — Жібек жолы қайта күшеге түсken.

Тан дәуірінде саяси, экономикалық және мәдени жағынан Қытай дүниедегі ең күшті елдердің біріне айналды. Егіншілік кәсібі дамыды. Суды жоғары көтеретін машина жасап шығарып, қант қурағын, макта, күріш етісін өрістетті. Қалаларда қолөнер дамып, темірден істеген заттар, зергерлік, фарфор ыдыс, жібек, макта кездемелері, қағаз шығару ісі жолға қойылды. Құрылыш жұмысы да жанданды. Кітап басып шығару, әдебиет, өнер, сәулет өнері сияқты ғылымның салалары жақсы дамыды. Осындай шаруашылықтарының дамуы дикан шаруаларды аяусыз қанаудың нәтижесінде еді. Сондыктан тұрмыстан қиналған диқандардың көтерілістері күшеге түсті. Шаруалардың 874—901-жылғы бас көтеруінің барысында, Тан династиясы құлаған. Содан кейін Қытай тағы да бөлшектенуге ұшырап, оны X ғасырдың ақырында Сун династиясы (960—1279 ж. ж.) қайта біріктірген. Бұдан кейін Қытай жерінде бірнеше мемлекеттер орнаған.

Кейін қытайлықтар шот жақтан келгендердің үстемділігіне карсы көтеріліске шығып, XIV ғасырдың орта шенінде Мин (1368—1644 ж. ж.) атты династиясын орнатқан. Бұл кезде Қытайдың ішінде феодализм ыдырай бастаған, ел ішінде капиталистік қатынастар қалыптаса бастаған болатын. Қалаларда мануфактура дамып, оларда жалдамалы жұмыскерлер көбейді. Олар өндіріс орындарында, қару-жарактарды, жібек кездемелерді, фарфорлық ыдыстарды шығарған. Ішкі және сыртқы сауда гүлденген. Сол кезде Қытайда ірі 33 сауда орталығы қалыптасты, оған өз ішінен және сырттан саудагерлер ағылып келіп жатқан. Қытайдың тенізшілері XV ғасырдың басында Индонезия, Үндіқытай, Индия,

Африка жерлеріне саяхат шеккен. XVI ғасырдың басында қытайлықтар еуропалықтармен тығыз қарым-қатынаста болды. Ел ішінде жол салынып, өзара қатынас байланысы күшейіп, қытай базары дәуірледі, қытай халқының ұлт болып қалыптасуы күшіне түсті. Осы прогрессивтік дамуды XVIII ғасырдың ортасында маньчжуриялықтар бәсендегі жіберген. Себебі олар Мин империясын басып алған еді. Маньчжурлардың халықты қан қақсатып, азаптағанына шыдай алмаған қытайлықтар көтеріліске шығып, ақырында XVIII ғасырдың аяғында маньчжуриялықтарды қиратқан еді.

XVIII ғасырдың аяғында Еуропа, Америка басқыншылары Қытайды жаулап алды. Оппиум соғысы (1839—1842) және тайпин көтерілісі (1850—1864) тағы басқа бүліншіліктер батыс елдердің араласуымен болған оқиғалар еді. Нәтижесінде қытай халқы Англияның, АҚШтың және Францияның көп жылдар бойы отаршылық зардабын тартқан еді.

Қытай халқының шет елдердің отаршылығына қарсы жүргізген ұлт-азаттық күресін күшпен басуға Англия, АҚШ және Франция жаңын салып отырды. Мысалы, 1850 жылдан 1864 жылға дейін созылған феодализмге және маньчжурларға қарсы болған тайпин көтерілісін циндер тек американцылардың тікелей жәрдем беруімен тас-талқан етіп басқан. 1900 жылы имперализмге қарсы «бейбітшілік отрядтары және әділеттік» деп ағалатын бұқара халықтың көтерілісі болды. Бұл көтерілісті Батыс Еуропа елдерінде «боксерлердің» көтерілісі деп атаған. Бұл қозғалысты Қытайға шұбап келген жоғарыдағы аты аталған отаршы елдердің күшімен басты. Қытай халқының азаттық ушін болған күресін өз ішіндегі кертарапта үстем тап пен отаршылар тоқтата алмады. Еңбекші топ қанауышы мен отаршыларға қарсы көтерілісін тоқтатқан емес. Езілуші тантың көтерілісі XX ғасырдың бас кезінде айтартықтай күшіне түсті. 1905 жылы Қытайдың көрнекті демократ революционері Сунь Ят-Сен Тун-мынхой («Лигалық одак») деген партия үйімдастырып, оның төңірегіне ілгері ойлы, сапалы зиялыштарды жинағы. Бұл партия қытай халқының ұлт-азаттық күресін басқарды. Күрестің кең көлемде жайылуына Казан революциясы өзінің тікелей ықпалын тигізді. Феодализмге және империализмге қарсы күрес ел ішінде кең көлемде тарапалды. Нәтижесінде Қытай Компартиясының басшылығымен жұмысшылар

мен шаруалар билеушілердің үстемдігін жеңіп, 1949 жылы Қытай Халық Республикасын орнатты. Бұрынғы билік өкілдері чанкайшилер Қытайдың жерінен ығыстырылып, Тайвань аралын мекендеді. Қытай Халық азаттық армиясы Тибеттегі көтерілісті басып, оны өздеріне косып алды. Қөп жылдардан бергі отаршылықтың нәтижесінде Қытай артта қалып, тұтастай ағаралық елге айналған, өндіріс орындары нашар дамыған еді. Осы мешеулікті жою үшін, соңғы жылдары біраз демократиялық шаралар жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде Қытай бүгінде экономикасы, мәдениеті дамыған елге айналды.

Қытайлықтардың отбасылық тұрмысына келсек, ерте замандардан бері олар ру (син) бойынша топ-топ тіршілік еткен. Ондай бөлшектерді «цзун», «чзу» деп эке бойынша бірнеше туысқан-қандас жақындықпен топтасып, ауылдық қоғамды (община) құрған. XIX ғасырға дейін қытайлықтарда бұл қоғам өмір сүріп келген. Ауылдық қоғам — қан жағынан жақын адамдардың қоғами, олардың шаруашылығы, меншігі бір болын санаған. Бұл қоғамдың цзунцзу басқарып, ауылдық қоғамдағы жерлердің, үйлердің тәуірлері осы басқарушы цзунцуздың меншігінде болған. Ауылдық қоғам үлкейін кетсе, өздерінің ыңғайына қарай әркімнің орнына қарай кейбіреулерін құнарсызыдау жерге бөліп шығарған. Бөлінгенен кейін жаңадан енші алған қоғам өздері шыққан қоғаммен байланыс жасап тұрса да, уақыт өткен сайын олардың аралары сұнынып, бара-бара өз бетінше күн көріп кететін болған. Тек ғибадатхана цзунцуздың меншігіне берілген.

Ауылдық қоғамды басқаратын адамды «староста» деп, оны өздерінің жалпы жиналысында сайлаған. Ол патрономиялық қоғамның ішкі-сыртқы мәселелерімен айналысқан. Ауылдық қоғамның тұрғындарын сяң — ауыл, қыстак, болыс болып басқарған. Тұрғындарды 25, 500 үйлерге (ли) бөліп, сол үйлерден тиісті салық жиналаған. Қытайдың қалалары 10 үй сайын бір бөлікке (квартал) бөлінген. Олар ауылдарда, қалаларда болсын қан жағынан туысқандарына жақын орналасуға тырысқан.

Қытайлықтардың отбасылық тұрмысы көп ғасырлар бойы патриархалдық қоғамның тәртібі бойынша құрылған. Өзара туысқандық жақындықтары «оң жақ» және «сол жақ» болып, екі жаққа бөліну бойынша ата-

лады. Оң жаққа ерлердің туысқандықтары санаңса, сол жаққа әйелдердің бір-бірімен бауырлыстықтары белгіленеді. Ерлер бойынша: это — бір атанаң үлкен, фу — әке, ңзуфу — әкенің тұпкі атасы, ңзуфу — әкесінің әкесі. Цзы — баласы, сунь — немерсе, ңзэнь-сунь — немерелер, тан — екі, үш ата бойынша туыскандар болып аталады. Әйелдер бойынша: бяо — аpanың балалары, тан бяо — аpanың немерелері (екі атага дейін) деп кете береді.

Қытайлықтарда 5—6 жұптан құралған үлкен патриархалдық әулет болған. Орта есеппен олардың әрқайсында 5—6 баладан болғанда, бір үлкен отбасында 25—30 адам болған. Кейін үлкен патриархалдық отбасы ыдырап, үйленген балаларын енші беріп, жеке шығарған. Әкесінің мұрагері үлкен баласы болып, ол әкесінің қолында қалған. Ауылда ол әкесінің жеріне, үй-мұлкіне ие болса, қалада әкесінің мұлкіне мұрагерлік етіп, әкесінің кәсібін одан әрі жалғастырған.

Қытайлықтар үйленгенде қан жағынан жақын емес адамдармен тұрмыс құруды макұл көрген. Орталық, солтустік қытайлықтар көрші отырған рулардың қоғамынан қыз алышын, қыз беріскең. Егерде өзінің руының ішінен үйленетін болса, қан жағынан шалгайлау адамның қызына үйленген. Қазактардың «Бай мей бай құда болса, арасында жорға жүреді. Жарлы мен жарлы құда болса, ортасында дорба жүреді» дегендегіндегі, қытайлықтар да құда түскенде екі жақ өздеріне тен адамдарды табуға тырысқан. Жастардың тұрмыс құруына атапалары тікелей араласып отырған. Ұлдар 18—20 жаста, қыздар 14—17 жаста үй бола алған. Тойдың кара жатын жігіт жағы көтерген. Егерде ондай жағдайға шамасы келмеген ерлер үйленбей де откен. Қытайлықтарда жасынан айттырып қою (хуанъмэнъцинь) дәстүрі де болған. Ирі байлар, саудагерлер жастайынан жарлы-жақыбайлардың ұлдарын асырап, олардың еңбегін қайдаланған, бірақ кейін ер жеткен соң үйлендірген. Қыздарды да осындей жолмен күнге айналдырған.

Ұлдар мен қыздарын ата-аналары өздерінің қоғамдағы орнына қарай тәрбиелеген. Балаларын жеткізу үшін олар барлық мүмкіншіліктерін аямаған. Балаларды «өмір сүріп түрған қоғамның сүйеніші» болуладына тәрбиелеген. Барлық тәрбие конфуцианистік қафидада негізделген: «мемлекеттік қайраткер міндетті турде мемлекеттік адам болу көрек, бағынышты — бағыныш-

та болу керек, әке — әке болу керек, бала — әкесінің ұлы болуға тиіс» — деген қағидамен тәрбиелеген. Яғни әр адамның пешенесіне не жазылса, сол болуға, әскери адам баласын әскери болуға, диқанның баласын — диқаншылыққа, байдың баласын бай болуға, жарлының баласы — жарлы болуға тиіс.

Қытайлықтар балаларды үлкендерді сыйлауға тәрбиелеген. Әсіресе, патриархалдық тәліммен жастардан ер адамдарға айрықша құрмет көрсетуді талап еткен. Жас кезінен бастап балаларға: «Сен тұқымымызды жалғастыруышысын. Сен ұрпағымызға қажетті қамқоршылық тудырмасаң, оны кім істейді? Сондықтан сен мықты, ақылды болуға тиіссің» — деп үйреткен. Осы негізден балаларды еңбекке, білім алуға, адамгершілікке тәрбиелеген. Олардың күнделікті ойындары да еңбекке негізделіп жүргізілген.

Отбасындағы конфуциялық тәрбие патриархалдық әулетті сақтау үшін үш шартты орындауды талап еткен: «Қызы әкесінің айтқанынан шықпауы тиіс, әйел — ерінің, жесір әйел — үлкен ұлының айтқанын орындауды шарт». Қытай отбасында қыздардың ұлдардан кем екенин жиі-жиі ескертіп отырған, оларға Да-що үлкен кате, Сан-до — үшіншінің керегі жоқ сияқты нашар ат койған. «Әкенін үйі — уақытша үй, ерінің отбасы — негізгі үйің», — деп қыздардың құлағына құя берген. Күйлі-куатты отбасының ұлдары мен қыздары 10 жасқа дейін бірге ойнап өсken. Ұлдарды 6 жастан мектепке берген. Қыздарды 12 жасқа келгеннен кейін үйден көп шығармай, оны тұрмысқа шығаруға дайындаған. Осы кезден-ак қыздарына адамдармен сөйлесіп, қарым-катаңас жасауға, іс тігіп, тамақ пісіруге, бала тәрбиелеп, сурет, өрнек салуға, отбасының жай-күйін білуғе негізде тәрбиелеген.

Қытайлықтардың тұрмысында құда тұсуге ерекше қоңіл бөледі және жастарды аяқтандыруды салтанатты дәрежеде өткөреді. Ұлдың әке-шешелері өздеріне лайықты келін іздесе, қыздың туысқандары да осындай мәселелермен айналысады. Әйтпесе екі жас кездесіп, бірін-бірі үнатқанын баяндаса, екі жақын туысқандары қызың мен жігіт жөнінде толық мағлұмат жинаиды. Алдымен екі жастың туысқандық дәрежесін ашып алады. Егерде үш атадан жақын болса, олардың қосылуына тыйым салынады. Одан алыстау болса, қызың мен жігіттің қосылуына болатынын білдіреді. Екі жақтан жиналған ма-

лұматты үйде талқыласып, бір шешімге келеді. Жігіт жағынан шешуші пікірді әжесі айтса, қыз тарапынан оның анасы сөз түйінін жасайды. Қазіргі уақытта шешуші пікірлерді екі жақтың әкелері айтатын болған.

Жігіт қалыңдықты таңдағанда, оның іскерлігіне, ежелден келе жатқан кәсіптерге икемділігіне, әдептілігіне, денсаулығына және тапқырлығына айрықша көніл аударған. Осы айтылған қасиеттері бар қызды ұнатқан соң, жігіт ата-анасына айтып, сол қызға құда түсулерін сұраған. Құдалыққа жігіттің әкесі жақын туыстарын, лайықты адамдарды ертіп, қыздың үйіне барған. Қелген қонақтарды жақсы қарсы алған, оларды сый-құрметпен ұзатып салған болса, «құдалыққа келісті» деп түсінген. Егер немкетті қарсы алса, онда жолдарының болмағаны. Екі жастың туған жылдары да шешуші рөл атқарған. Егер жігіт қой жылы туса, қыз жолбарыс жылы дүниеге келсе, екі жас тұрмыс құруға тиісті емес. Себебі қойды жолбарыс жеп қояды деген түсінік болған. Яғни бұл жылдары дүниеге келген екі жастың тұрмыстары бақытсыздыққа ұшырайды деген ырымға саяды. Қытайлықтар жолбарыс, сиыр, ит, жылан жылдары туғандар бақытты болуға тиіс деп сенеді. Екі жақта келісім болған соң, кийттің мөлшеріне, көлеміне келісіп, тойды қөбіне құзде откізуғе келіскең.

Екіқабат әйелдердің аман-есен босануына қытайлықтар айрықша көніл бөледі. Екіқабат болған соң, әйелді анасының үйіне уақытша әкеліп тастаған. Оны анасы бағып-қағып, босанарға жақындағанда өз үйіне әкелген. Ел құрметтеген әйелді кіндік шешелікке шақыру дәстүрі бар. Жарлылар отбасында бұл міндетті ері аткарған. Жас босанған әйелдерге бидай, күріш қайнатып берген. Бала туғанинан кейін шілдехана откізер күнді белгілеген. Онан кейін нәрестеге киім кидіруді қуанышлен откізіп, оған әкесінің, анасының туған-туысқандары жиналған. Қелушілер сыйлық ретінде бидай, жұмыртқа, қызыл қант және т. б. тағамдар әкелген. Ұл балаға атасы Фу (байлық), Гун (атақты, әйгілі), Си (бақыт), Ли (куаныш) сияқты ат қойған. Немесе Люшиер (ата-сының 62 жастағы көрген немересі), Уши (атасының 51 жаста дүниеге келген немересі) және т. б. деп те ат қояды.

Феодалдық Қытайда патриархалдық салт үстемдік етіл, әйел теңсіздігі сақталған. Қеліннің түскен жері қолайсыз болып, жігіттің ата-анасы оны ұнатпаса, жігіт

әйелін қорғай алмаған. Егерде келіннің тұңғышы үл болса, анысының беделі артқан, қыз болса, оны онша құрметтемеген. Отбасында мұрагерлік ерлерге ғана тән. Әкесі дүние салған соң, мұрагерлік үлкен баласына өткен. Әйелімен ажырасқан күнде, бала әкесінің қолында қалған. Ажырасарда ері әйеліне қарап: «мінезің жаман» десе болғаны. Бұл мәселені сот қарамаған. Егер әйелдің науқастығына, әйтпесе бала таппаганынан байланысты ажырасса, ол әйелді ері асyрауға тиіс, тек үстіне әйел алған. Қайтып келген әйелдің тұрмысқа шығуна рұқсат етілген. Егер ері дүние салған жесірдің тұрмысқа шығуға құқы жоқ. Ерінен кейін көп кешікпей қайтыс болған әйелге аса үлкен құрмет көрсетілген.

Қытайлықтар да екі дүниенің барлығына сенген: «Адамның жаны өлмейді. Ол тұган-туысқандарға қамкоршылық етеді» деп түсінеді. Феодалдық қытайдағы қатты жаза — адамдардың басын кесіп, мушелеп өлтіру.

ҚХР-да 1950 жылы «Неке туралы заң» қабылданған. Бұл заңда ерлер мен әйелдердің теңдігі жарияланған. Ерінен айырылған әйелдерге тұрмысқа шығуна рұқсат етілген және оларға үкімет қаражат беретін болған. Ерлер мен әйелдерге шаруашылықтың барлық таруында және қоғамдық жұмыс істеуге ерік берілген.

Жапония халықтарының шығу тарихы әлде де жақсы зерттелмеген. Жапон аралдарына адамдар кейін келіп қоныстанған. Бұл жерлерде осы күнге дейін полеолит дәуірін сипаттайтын археологиялық деректер табылған жоқ. Бірақ мезолит пен неолит дәуірлерінде мекендерген адамдардың қоныстары біраз жерлерден ашылды. Соған қарағанда бұл аралдарға алғашқы адамдар Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия, Австралия мен Океания жерлерінен мезолит пен неолит дәуірлерінде келген болуға тиіс. Бұл шікірді дәлелдейтін археологиялық деректер аз емес.

Палеоантропологиялық деректерге қарағанда, Жапония аралдарының алғашқы аборигендері нәсілдік жақтан австралиялықтарға, Хоккайда мен Оңтүстік Сахалинді мекендеуші айна нәсілдеріне жақын келеді. Жапониядағы теңіздердің, көлдердің, өзендердің жағасында мекендерген отырықшы тайпалардың шаруашылық, мәдениетінің неолит кезеңіндегі айналарға үқас келуі қызық. Мысалы, тас иен сүйектен істелген ыдыс-

тары, құралдары исше ғасырлар бойына төсіз жағасын мекендеген нәсілдерді көзге сlestестеді.

Жапон тілдері Шығыс Азия халықтарының тілдеріне үқсамайды. Олардың тілдері малай-полинезиялықтардың тілдеріне жақынырақ. Кеңес этнографтары мен антропологтары Л. Я. Штернбергтің және М. Г. Левинниң еңбектерінде де, жапон тілінің түбірі Оңтүстік Азиядан шықкан деген пікірлерді айтқан болатын.

Жапонияның оңтүстігіндегі жерлерден неолит дәуіріне жататын көптеген полеоантропологиялық және археологиялық деректер табылған. Бұл мәдениетті жапон ғылыми әдебиеттерінде «дзе мон мәдениеті» — деп атайды. Неолиттен кейінгі кездерде, б. д. д. I мыңыншы жылдарда, басқа мәдениетте болған тайпалар, Жапон аралдарына тарап, ертеден мекендеушілердің шаруашылығы мен мәдениеттерін біраз өзгеріске ұшыратқан. Бұл жаңа мәдениет яеи мәдениеті деп аталып, бұл жердегі энолит дәуірін сәулеттендіреді. Яеи мәдениетінің белгілері: тас кеппенді пайдаланып, күріш басқа да дәнді дақылдар еккен және жылқы малын қолға үйреткен. Олардың негізгі құралдары тастан, сүйектен, қыштан жасалған. Бұл мәдениет шығыс елдерімен, әсіресе, Шығыс Азия тұрғындарымен тығыз байланыста болған. Осы дәуірлерде Жапония аралдарына жұрт Шығыс Азиядан Корея арқылы Индонезияның оңтүстігінен келіп жатқан. Мұндай байланысты тіл жағынан да байқауға болады. Жапон тілінің алтай жөне малай-полинезиялық тіл семьяларына жақындықтары мол екенін көздейсоқтық деуге болмайды.

Біздің дәуіріміздің бірінші ғасырында аборигендердің арасында рұлық қарым-қатынас ыдырап, таптық қоғамға өтті, біртұтас Жапон халқы қалыптаса бастады. Бұл халық Шығыс Азия мен Индонезия аралдарынан келушілер мен жергілікті тайпалардың қосылуынан құрылған. Б. д. д. VII ғасырда жапондықтарда бірлескен бір мемлекет пайда болған. Әуелгі мемлекетті қытайлықтардың әсерінде ұйымдастырыған. Олардан иероглифтық жазуды қабылдаған. Соның негізінде VIII ғасырда «каной», яғни буынға бөліп сойлеуді ойлап тапқан. Бұл жазуды жапондықтар осы күнге дейін қолданады. Буддизм Жапон аралдарын мекендеушілердің арасында Қытайдан б. д. д. VII ғасырда тараған. Осы кезде жапондықтардың бәріне ортақ мәдени ерекшеліктері, әдеби тілі мен жазу-сызулатыры болған. VIII ғасырда жазылған

рухани қазыналардан — «Кодзики» («Қөне заман істері туралы жазбалар») және «Нифонги» («Жапония жөніндегі жазбалары») осыны растайды. Бірақ аборигендердің халық болып қалыптасу кезеңіне өз ішінде бытыранқылық көп кесел келтірген. Ірі феодалдар Тайра және Минамото бір-бірімен әрдайым алауыздық жасап отырған. Ақырында, 1185 жылы Минамотоны жактаушылар Тайраларды қиратып, жәндікке жеткен. Бұдан кейінгі жылдарда да Жапонияның ішінде феодалдық күрес тоқталмagan. Соған қарамастан, жапондықтардың ауыл шаруашылығы, қолөнер кәсібі өсіп, қаталардың саны көбейген. Ишкі-сыртқы сауда күшіне түскен. XIX ғасырдың орта тұсында Жапонияда капиталистік қатынастар пайда болған, ауыл шаруашылығына қолданатын құралдарды өз алдына өндіріс орындарында әзірлеп шығарған. Өндіріс орындары дамып, жібектен, мактадан кездеме тоқитын фабрикалар, мыс қорытатын, қант шығаратын зауыттар салына бастаған. 1846 жылы Жапонияда бірінші домна иеші салынды. Ел ішінде ұлттық сауда-саттық нығайып, ол экономикалық жағынан аралдағы жүрттЫ біріктіруге себепші болды. Капиталистер мен феодалдар бұкараптарды аяусыз қанауына қарсы талай мәрте бас көтерулер болған. 1868 жылы феодалдарға қарсы болған буржуазиялық «Мэйдзи» революциясы Жапонияда капитализмің күштірек дамуына өз әсерін тигізді. Осы кезде Жапония буржуазиялық ұлт болып қалыптасты. XIX ғасырдың ақырында, XX ғасырдың басында Шығыстағы ең күшті капиталистік мемлекетке айналып, Кореяны, Тайваньды, Куриль аралдарын және Сахалиннің оңтүстік бөлігін басып алды. Ол жерге жапондықтарды қөшіріп әкеліп, отаршыл озбыр саясатын жүргізді. Мұнымен қоймай, жапон импералистері Қытайға, Монголига және бұрынғы КСРО-ға қауіп тудырып, Шығыстағы бірден-бір соғыс ұясына айналды. 1945 жылы Кеңестік қарулы күші Жапон империясын құлатып, Шығыс Азиядан қуып шықты. Нәтижеде Шығыстағы соғыс қаупі жойылып, жапондықтардың басын алған жерлері азат етілді.

Қытай жазбаларының айтуына қарағанда, монголдардың шығысында «Шығыс шетел түрғындары» деп аталатын тайпалар мекендеген. Бұл қазіргі -- Корея. Қытайлықтар оларды «дуньм» деп те атаған. Осы күнгі қытай тарихшылары дуньмдерді Сахалиннің түрғындары, тунгустардың арғы ата-бабалары болуы тиіс деп

жорамалдайды. Бірақ та дуньмдер мекендерген жерінен табылған неолиттік археологиялық деректер, сол заманға тұспа-тұс келетін ежелгі солтүстік Қытайдан шыққан тарихи заттарға соншама ұқсас. Олар жүйелі түрде балықшылықпен, аңшылықпен, мал бағумен айналысқан. Кейіннен олар бұл кәсіпті егіншілікпен ұластырып, жабайы жануарларды қолға үйрете бастаған.

Қытайлықтардың деректеріне қарағанда, дуньмдер осы күнгі Корея жерін неолит дәуірінде, әйтпесе одан да ертерек кезде мекендерген. Корея жерінен табылған ескерткіштердің сол кездегі Солтүстік Қытай мәдениетіне біршама жақындығы байқалады. Ал палеоантропологиялық деректерге қарағанда, корейлер Солтүстік Қытайды мекендерген монголоидтерге соншама ұқсас. Қөшілік лингвистердің пікірлері бойынша, корейлердің тілдерінің алтай, монгол және тунгус-манжур тілдерімен ұқастығы байқалады. Бұған қосымша корейлердің Тынық мұхит аралдарының халықтарымен байланысы бар екеніне тарихи деректер күә болады. Осы ұқастықтарына қарағанда, корейліктердің келіп шығуына палеозиаттықтар, алтайлықтар және басқа тайпалар өз улестерін қосқанға ұқсайды.

Біздің дәуірімізге дейінгі II мыңыншы жылдарда Солтүстік Кореяға аборигендердің ата-бабалары келген. Біздің дәуірімізге дейінгі ғасырлардың соңында корейліктердің рулық қофамы ыдырап, оның орнына таптық қофам құрылған. Сол кезде Чосен мемлекеті құрылған. Біздің дәуіріміздің I мыңыншы жылдарында корейліктер өзара соғысып, көп бүліншілікке ұшырады. Нәтижесінде X ғасырда барлық Корея елі Ко-ре династиясына біріккен. Сол династияның атынан корея атауы ғайда болған. Алғашқы кезде жазу-сзыулары иероглиф негізінде болып, XV ғасырларда латын алфавитінен көшкен.

Орта ғасырда және жаңа дәуірлерде Қытай мен Корея жерлерінде көптеген соғыстар жүріп, қарапайым халықтың экономикасы мен мәдениетінің дамуына үлкен кедері келтірген. XIII ғасырдың бас кезінде монголдардың жойқын шабуылы елді тоздырып жіберді. Осындай соғыстар VII—IX ғасырлардағы Таң династиясы кезінде, кейінгі XVII—XVIII ғасырлардағы Маньчжур династиясы кезінде де болып жатты. Кейін Қытай өзінің батыс, солтүстік, көршілеріне қарсы басып алушылық соғыстарын үзбей жүргізе бастады. Осындай

соғыс апатынан қаймықкан Жапония көп жылдар бойына ешбір елмен қарым-қатынас жасамай, түйікта қалып, экономикасы және мәдениетін мешеулетіп алды. Тек XIX ғасырдың ортасында Жапония қапиталистік жолмен дами бастаған. Ал Корея көп жылғы ұлт-азаттық куресінін нәтижесінде ғана отарлаушы сілдердің бұғауынан азат болды. 1947 жылы Солтүстік Корея өз алдына Халықтық Демократиялық Республика болып құрылды. Оңтүстік Корея капиталистік жолмен дамып отыр.

Монгол халқы жөніндегі сақталып қалған тарихи деректер көбіне кейінгі дәуірлерге байланысты. Олардың ата-бабалары біздің дәуіріміздің I—II мың жылдарындағы Орталық Азияны, Солтүстік Қытайды және Солтүстік Кореяны мекендерген қидандар болса керек. Олар ертедегі монгол тілінің негізінде сөйлеген. Монгол халқының келіп шығуна б. д. д. I мыңыншы жылдарда жасаған гүнн, сәнби тағы басқа жергілікті тайпалық құрамалар өзіндік үлестерін қосқан. Біздің дәуіріміздің III—IV ғасырларында монголдардың арасында ертедегі феодалдық мемлекет күшті дамыды. Олардың бірі — Тобавэй мемлекеті және әскери басқаруға негізделген жуан-жуан құрамалары болып табылады. Кейінше жуан-жуандарды қөшпелі түріктер (орхон түріктері) қиратып, Түрік қағанаты пайда болған. VI ғасырда (603) Шығыс және Батыс қағанаттары болып, екіге бөлінген. Қытайлықтардың ықпалымен қызмет жасаған Шығыс қағанатын VIII ғасырда үйғырлар жаулап алады. Үйғырлардың алғашқы феодалдық мемлекеті құрылышып, оның астанасы Қарабалғасун қаласы болды. 840-жылы үйғырлар үстемдігін Енисей қырғыздары құлатса, X—XII ғасырларда Ляо империясы деп аталған қидандар қырғыздарды Монголиядан батысқа қарай ығыстырып жіберген. Қидандар — монгол нәсілді халық. Олар буддизм дінін үстанады. Соған қарағанда, олар монголдардың бабалары болуы мүмкін. Олардың қазіргі Монголияда қалалары және тұракты мекендері болған. Оларды археологтар бірлесіп зерттеу үтінде. Қидан империясы сыртқы күштен XII ғасырда құлаған.

XIII ғасырда өмір сүрген Иран тарихшысы Рашид ад-дин қидандарды ормандық және далалық деп екіге бөледі. Орманда тұрушуylар қоғамның сатысында өмір сүріп, аңшылықпен айналысқан. Даалалық қидандар Монголияның негізгі халқын құрап, қошпелі мал ша-

руашылығын дамытқан. Монголдардың ірі тайпалары керейт (кәрәйт), найман, меркіт, (мәркут), жалайыр деп аталады. XI ғасырға дейін монгол далаларында көптеген түрік тілдегі тайпалар өмір сүрді. Оларды монгол тайпалары батысқа қарай ығыстырыған. XII ғасырда бұл жерде бізге белгілі ірі түрік тайпаларынан татарлар, наймандар, меркіттер және басқалар болған. XIII ғасырдың бас кезінде монгол ханы Тимучин — Шыңғысхан өз мемлекетін аса күшті іргелі елге айналдырыды.

XIII ғасырда Монголияда феодализм жецип шығый, бұрынғы бытыранқы құлдық дәуірі жойылған. Шыңғысхан қалың қол жинап, өзінің басып алушылық жорықтарын алдымен Солтустік Қытайға, кейін Батысқа қарай жүргізді, сөйтіп, көптеген елдерді жауап алды. Шыңғысхан мен оның балалары көптеген елдердің ғасырлар бойына тұрғызыған қаласын, ғылым-білімін, мәдениетін құл-талқан етіп, жойып жіберді. Ұлы Монголия империясы XIII ғасырдың аяғында ыдырап, Шығыс жағы Юань империясына қосылды. Кейіннен монголдар Маньчжуриялардың, Қытайдың қол астына қарап, өз алдына ел болды.

Монгол халықтары өздерінің тәуелсіздігі үшін үздікіз құресіп келді. Әсіреле, бұл құрес XX ғасырдың бас кезінен бастап күшіне түсті. Қазіргі Монголия арта қалушылықты тез арада жойып, жан-жақты дамыған дербес елге айналды.

## ШЫҒЫС ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫГЫ

Қытай, Корея және Жапония елдерінде егіншілік касібі бірінші орында болса, Тибет пен Монголияда мал шаруашылығы басым.

Біздің дәуірімізге дейінгі III мыңыншы жылдарда Қытайда егіншілік қатты дамып, дәнді дақылдан тарыны қобірек еккен. Одан кейін Индиядан әкеліп, құріш өсірген, оны Корея, Жапония халықтары да ерте заманнан бері егеді. Біздің заманымызда да құріш дақылы бұл елдерде ең басты қорек ретінде кең көлемде өсіріліп келеді. Мысалы, Жапониядағы егілетін дәнді дақылды егістің басым көшілігі құріш. Бұдан басқа да ат бүршақ, зығыр, бидай, жүгері, арпа, шай өсіріледі. Баубақша өсіру де жақсы жолға қойылған. Егіс атаулының басым көшілігі қолдан суарылады. Мысалы, Қытайда,

Жапонияда су жүретін үлкенді-кішілі канал-арықтар, су қоймалары аса ұқыптылықпен, берік етіп жасалған. Егістік жерлерге ерте заманнан бері тыңайтқыш пайдаланатын болған. Ауыл шаруашылығында әлі күнге дейін қол күшінің үлесі басым. Біздің дәуірімізге дейін-ақ қытайлықтар тіс ағашқа шойыннан түрен кигізіп, соқа жасаған. Бұл елдерде егістік жер тапшы, сондықтан егіншілер орақ, кетпен, жерағаш, тісағаш, күрек, тырнауыш, шығыр сияқты құралды кеңінен пайдаланады.

Мал шаруашылығы Шығыс және Орталық Азия елдерінің бәрінде де өсіріледі. Бірақ оның ең көп бағылатын елдері — Монголия, Тибет және Қытайдың солтүстік, батыс жағы. Бұл жерлерде: қой, ешкі, жылқы, түйе, сиыр, қодас, шошқа, ит, үй құстары өсіріледі. Жапонияда Қытайда, Кореяда балық аулау кәсібі кең тараған. Әсіреле, жапондықтар балық аулаудан дүние жүзіндегі бірінші орынға шығады. Оған қосымша теңіз капустасын және басқа да теңіз, мұхит жәндіктерін қорек етеді, әрі шет елдерге шығарады.

Қытай, Корея, Жапонияларда қолөнер кәсібі ерте заманда пайда болып, кең көлемде дамыған.

Біздің заманымызда Корея, Қытай, Жапония және Монголияда өндіріс орындары қарыштап өсіп, ірі индустриялық елдерге айналып отыр. Қытайда, Жапонияда, Кореяда ауыр және жеңіл өнеркәсібі жақсы дамыған. Әсіреле, Жапония Шығыстағы өндірісі ең күшті дамыған капиталистік ел болып саналады.

Шығыс және Орталық азиялықтардың тұрмыс мәдениеті бір-бірімен жақын ұқсастығы болғанымен, олардың өзара ерекшеліктері аз смес. Ерте заманнан бір-бірімен туысқан қытайлықтардың ауыл-ауыл болып, бір жерге шоғырланып отыратынын айттық. Солтүстік Қытайда үйлер жолдың бойына, өзеннің жағалауына ұзыннан-ұзак көше болып орналасса, Оңтүстігінде хутор тәртібімен салынады. Осындай елді мекендерді Жапониядан да, Кореядан да байқауга болады. Бұларда да тұрғын үйлер көше-көше болып та, хутор тәртібімен де салынады. Мысалы, Кореяның таулы аудандарында үйлер хутор бойынша салынған. Мал шаруашылығы басым болған монголдардың негізгі баспаналары — киіз үй. Олардың үйлері Орта Азия халықтарының киіз үйлеріне ұқсас болғанымен, өзінше өзгешеліктері де бар. Монголдардың киіз үйлері өте жатаған келеді. Олардың

ішкі-сыртқы безендірулар, өрнектері сол халықтың үлттық салт-санасына, дәстүріне тікелей байланысты.

Монголдардың киіз үйден басқа да, тұрақты баспа-лары болған. Әсіресе, жартылай отырықшы тұрғындардың арасында жиі ұшырасады. Біздің заманымызда Монголияда ірі-ірі қалалар, қала типіндегі поселкелер дүниеге келді.

Шығыс және Орталық Азия халықтарының киімдерінде де бірталай ұқсастықтар бар. Қытайлықтардың ерлері мен әйелдерінің киімдері бір-біріне өте ұқсас. Қиетіндері — жейде, кеуде қөйлек, шолақ жең кеудеше және кең балақ шалбар. Ерлер мен әйелдер кеудешені солдан онға қарай қаусырыл түймелесе, жастары кеудесінің тұсынан ілмектейді. Қыста осы киімдердің астарына мақта салып тігеді, бастарына құлақшын, бөрік киеді. Мерекелік киімдерін өрнектеп, кестелеп тігеді. Қазіргі кезде қытайлықтар шолақ жең жасыл түстес киімді тұрмыста кең қолданады. Жапондықтар еуропа стилінде фабрикада тігілген киімдерді пайдаланғанымен үлттық халатты (кимоно) әлі күнге сақтап келеді. Қытайлықтардың кеудешесіндей түзде қиетін жеңіл жаразымды киімдері бар. Жапондықтар көбіне бас киімсіз жүргенді жақсы көреді. Ұлтаны ағаштан істелген сандал киеді. Қалаларда көбінесе былғарыдан тігілген аяқ киіммен жүреді. Аздал өзгешелігіне қарамастан, корейліктердің киімдері қытайлықтар мен жапондықтардың киімдеріне ұқсас десек те болады.

Монголдардың киімдері мал шаруашылығына және далалық ауа райына бейімделген. Киімдері кең, жылы етіл мал, аң терісінен тігеді, аяқтарына ұзын қонышты былғары етік киеді. Кейінгі кездерде жергілікті тұрғындар еуропа стилінде фабрикада тігілген киімдерді тұрмыста көбірек қолданып жүр. Бастарына аң терісінен тігілген бөрік, тымақ киеді. Тибеттіктердің киімдері монголдарға және қытайларға ұқсастау болып келеді.

Шығыс және Орталық Азия халықтарында көп уақытқа дайін патриархатты рулық қауымның қалдықтары сақталып келді. Мысалы, қытайлықтар өз ішінде өзара белгілі нәсілдерге бөлінеді, ол нәсілдің атауы сол адамның фамилиясына тіркеледі. Сунь Ят-Сен, Ян-Сю — мұндағы «сен», «сю» рудың аты болып табылады. Себебі сол фамилияға кірушілер өздерін қан жағынан туысқан жақын адамдар деп біледі. Қытайда осындай фамилия-

лар 100 шамасында. Син фамилиясы ішінен руларға Ши-ге бөлінеді. Әр Ши-дің жері, ғибадатханасы болған.

Корейліктер мен жапондықтардың да отбасы моно-гамиялық жолмен жүреді. Корейліктерде жігіттер 18—20 жаста үйленеді, қыздары 16—18 жаста тұрмысқа шығады. Олар перзенттерін аса жақсы көрген, әкесі қайтыс болса, үйдің иесі үлкен баласы болып саналады. Сол үлкен бала отбасының мүшелеріне қамқорлық жасаған. КНДР-да ерлер мен әйелдер қоғамда, отбасында тең праволы болып есептеледі. Жаңа дәүірде ескі әдет-ғұрыптардың көртартпа түрлөрі бірте-бірте тұрмыстан қалып келеді. Оның есесіне жаңа мазмұнды, махаббатқа негізделіп бас қосқан жас отаулар көбейіп келеді.

Жапондықтардың отбасы ерлі-зайыптылар мен балаларынан құрылады. Үлкен патриархалдық әулет қалдықтары қазіргі кезде өте сирек кездеседі. Солай болса да, Жапония селоларында феодалдық ескі қалдықтар, әдет-ғұрыптар көбірек ұшырасады. Үлкендерді сыйлау, еңбекке баулу — жастар тәрбиесінің негізі болып саналады. Оларды жас күнінен ауыр жұмысқа бейімдейді. Монголдардың отбасы да, негізінен, моногамдық. Полигамиялық отбасы бұрын ірі байлардың, кінәздердің арасында мол болып келген. Жастарды қалынмал төлеу жолымен үйлендірген. Қазір ерлер мен әйелдер тең құқылы. Балалар мен қыздар жас кезінен білім алады. Монголияда мектептердің саны жылма-жыл көбейіп келеді. Мемлекеттік университет, жоғары және орта білім беретін оқу орындары, ұлттық ғылым академиясы және жүздеген ағарту орындары ашылды.

Шығыс және Орталық Азия халықтарының көпшілігі Индиядан тараған будда дінін ұстанады. Бұл діннен басқа да жергілікті діннің салалары мол-ак. Мысалы, Қытайда — буддизм, даосизм, канфуцияның діндер қатар жүреді. Монголияда буддизм мен мұсылман діні бірдей тараған. Жапонияда буддизммен аралас жергілікті синтоизм сенімі де өмір суреті, одан басқа канфуциялық және христиан діндері бар. Кореяда жоғарыдағы атап өткес діндердің бәрі де бар.

Бұл елдер көп жанрлы халық шығармашылығына өте бай. Алғашқы дәүір кезінде Қытайда Шицзин халық поэзиясының үлкен жинағы жасалған. Қытай, Корея, Жапония және Монголияда аңыз, ертегі, жұмбактар, өлеңдер, мақал-мәтәлдер, қиссалық әдебиеттер ке-

циен тараған. Бұл халықтың өнері тым әріден басталады. Драма, балет театrlары жи० өнер көрсетсе, музикалық аспаптары ел ішіне кең тараған. Сәулет, қылқалам, гравюра, мүсін өнері тым ертеден жақсы дамыған. Шығыс және Орталық Азия алғашқы адамдардың тараған жерлердің бірі. Бұл жерде заттай және рухани мәдениеттер ерте заманнан-ақ дамыған. Ол мәдениет үлгілері көрші отырған елдерге ғана емес, батыс елдердің халықтарына да өз ықпалын тигізген.

## АВСТРАЛИЯ МЕН ОКЕАНИЯНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫ

Австралия мен Океания 4 аймақтан тұрады: Австралия мен Тасмания; Меланезия мен Жаңа Гвинния; Полинезия мен Жаңа Зеландия және Микронезия. Енді осы аймақтардың халықтарына қысқаша тоқталайық.

### АВСТРАЛИЯ МЕН ТАСМАНИЯ

Антарктиданы қоспағанда Австралия жер шарының басқа құрлықтарынан бөлегірек орналасқан. Оны мұхиттар мен теңіздер қоршап жатыр. Бұл жерге ең жақын тұрғаны солтүстіктері Малай архипелагтары. Осы архипелагтармен көптеген аралдар арқылы Австралия Оңтүстік-Шығыс Азиямен байланысып жатады. Австралияның жер көлемі 7,7 млн. шаршы шақырым шамасында. Жер бедері біркелкі, аса биік таулар жоқтың қасы.

Тасмания аралы да Австралияның оңтүстік-шығысна жақын орналасқан. Жер көлемі 68 мың шаршы шақырымға жуық. Геологиялық қурылышы бойынша ерте заманда Австралия құрлығы мен Тасмания бір болған. Тасманияның төнірегіне алғаш рет 1798 жылы Флиндересом және Бассом жүзіп келіп, осы аралдың бар екенін анықтаган. Оң жағасы көптеген шығанақтармен коршалған. Тасмания аралын солтүстіктен оңтүстікке қарай екі тау жотасы басып өтеді. Бұл таулардың жоталары өсімдікке бай, оның бөктерлерінде ормандар көп. Климаты қоңыржай, дымқыл. Қыста жиі-жиі қар жауып тұрады.

Австралияның климаты тропиктік, субтропиктік, қоңыржай болып келеді. Тек оның Шығыс және орталығында шөлді дала кездеседі. **Олардың көлемі** онша көп емес. Австралияда өзен мен көлдер көп емес. Ондағы

ен үлкен өзен — Муррей-Дарлинг. Одан басқа да Виктория Орд, Балонн, Барку т. б. өзендер бар. Өзендері онша ұзын емес. Олардың көшілігі жаңбыр аз жауған кездері құрғап қалады. Бұл жердегі үлкен-кішілі көлдердің жалпы саны 763-ке жетеді.

Австралия мен Тасмания аудандарының табиғи-географиялық жағдайларына бейімделген әр түрлі өсімдіктер өседі. Бұл жерлерді климаты жағынан бірнеше аймактарға болуғе болады. Солтүстік, солтүстік-шығыс аймактарында қалың жасыл тропиктік орман болады. Бұл жерлерде: пальма, фікус арауктар, эвколип, акация, казуарин (темір ағашы) т. б. өседі. Бұлардың ішіндегі көп түрі тарағаны эвколип, акация және казуарин ағаштары. Мысалы, Австралияда эвколиптің 150-ден астам түрлері кездеседі. Австралияны шығысъынан батысъына қарай жүрген сайын ормандар, ағаштар сирекіреп барып, оның орта жеріндегі сахаралық шөл, шөлейт жерлерде мұлда ағаштар өспейді. Олардың ішіндегі ірі шөлдерден: Симпсон, Үлкін Викторияның шөлі, Гиссон, Үлкен құмдық шөл. Бұл жерлер шөлді болғандықтан өсімдіктер мен жан-жануарлардың түрлері аз кездеседі.

Австралияда жануарлар әлемі де онша көп емес. Жергілікті жануарлардан: кенгуру, вомбат (кеміруші), коал, (калталы аю); құстардан: тауық, эма-түйе құсы, лира-құсы және т. б. Әр түрлі құрт-құмырскалар, жабайы ара, бал құмырскасы, коныз, балықтар, омыртқасыздар жергілікті австралиялықтар жер бетіндегі қыбырлап жүрген осы жан-жануарлардың бәрін тамақ етеді. Ирі андардың етінен бастап, жыландарға, омыртқасыздарға да және құмырскаларға дейін жейді. Екіншіден, басқа құрлықтағыдай Австралия жерінде адамдарға үрей тудыратын жыртқыш жануарлар жоқтың қасы. Тек улы жылан мен крокодилдер болмаса, ал олар көп емес. Колға үйрететін жануарлар да жоқ. Динго жабайы иті де бұл жерге адамдармен бірге келгені сөзсіз.

Кейінгі кездердегі жүргізілген зерттеушілердің нәтижесінде Австралияның жер асты байлыктарының көп екені байқалып отыр. Бұл құрлықтан: тас көмір, қоңыр көмір, мұнай, газ, уран, темір, мыс, қалайы, хром және т. б. кен көздері бар. Бұл байлықты аборигендер бүрши жөнді пайдалана алмаған. Тек тұрғындар таудың тастанын, гипсті және қызыл жосаны ертеден тұрмыстарына жаратады. Австралияның өте бағалы жер асты

байлыктарын шетелден келген отаршылар пайдаланған. Олар табиғи байлыктарды толық пайдалану үшін аборигендерді аяусыз қанаған. Көп жылдар бойына Австралияның байлығы Батыс Еуропа капиталистерінің қолында болып келген.

1901 жылдың 1 қантарынан бері Австралия өз алдына ерікті Федеративтік мемлекет болып, Британиямен карым-қатынастағы ел болып есептеледі.

Халқының 97,1 проценті қалаларда орналасқан. Олар күрлыққа біркелкі тараалмаған. Жер шарының табиғи-географиялық қолайлышына қарап, адамдардың көпшілігі Австралияның Шығыс, Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік-Батыс жақтарына тығызырақ орналасқан. Бұл күрлықтың солтүстігіне, әсіресе, орталығына адамдар өте сирек қоныстанған.

Австралия мен Тасмания осы күнгі халықтың басым көпшілігі еуропалықтардың, оның ішінде ағылшындардың ұрпақтарынан құрылған. Аборигендердің Еуропадан келген отаршылармен соғыстарының нәтижесінде олардың дені қырылған. Тірі қалғандарын шөл, құнарсыз жерлерге ығыстырып шығарған. Міне, осындай сырттан болған қысымшылықтың салдарынан австралиялықтар мен тасманиялықтар сан жағынан азайып, сырттан келушілермен араласып кеткен. 1981 жылғы дерек бойынша, Австралияның жергілікті халықтарынан 150 мың адам тұқымы калса, Тасмания аборигендерінің тұқымы құрып кеткен. Еуропалықтардың келер алдында тасманиялықтардың саны 250—300 мыңдай болып, олар рулаға, тайпаларға бөлініп тіршілік еткен. Откен гасырдың 70-жылында ең соңғы тасмандық — Уилльям Лэйшиң қайтыс болған. Сөйтіп, тарихи қыска уақыттың ішінде ағылшын отаршылары Тасмания аборигендерін қырып жібергендіктен, олардың этнографиясын тек тарихи этнография арқылы үйренуге тұра келеді.

Австралия мен Тасмания тұрғындары Еуропа отаршыларының келулерінен бұрын осы жерлерді мекендейген. XVIII ғасырдың ақырында олардың жалпы саны 250—300 мыңдай болған. Аборигендердің алғашқы Австралияға және Тасманияға келген уақыттары әлі де анықталмаған мәселелердің бірі. Бірақ Австралия және Океания алғашқы маймылдың адамға айналған жері болмаганы ғылымға белгілі. Себебі алғашқы адамдарға жақын жануарлар ит, шошқа, кеміргіш тышқан сияқты сүт коректілердің бұл жерлерге адамдармен бірге

келгендігі анықталған. Оған қосымша алғашқы адамдардың Австралия мен Океанияда мекендергендігін дәлелдейтін деректер де әлі де кездескен жоқ.

Австралиялықтардың ата-бабалары бұл құрлыққа қайдан және қашан келген?

Бұл мәселеге Австралия мен Океанияны зерттеген әр елдің ғалымдары ол жөнінде көптеген пікірлерін қалдырыған. Солардың бірі ол 1819—1821 жылдары антрактикалық экспедициясына қатысқан орыстың ғалымы И. М. Симонов. Бұл кісі австралиялықтардың ата-бабалары индиялықтардың тәменгі кастасынан шыққан болу керек деп болжау айтады. Бұрынғы кенес этнографтары да бұл пікірге түгел қосылmasa да, австралиялықтардың Онтүстік Азиямен ерте заманнан бері байланыстарының болғанын бекерге шығармайды.

Ч. Дарвин Австралия мен Тасмания тұрғындарының ата-бабалары әр түрлі себептермен Африкадан келген негрлер болса керек деп «африкалық» теорияға негіз салған. Белгілі саяхатшы Э. Эйр 1845 жылы Австралияға алғашқы адамдардың келгені туралы тоқтала келіп, ең алғашқы келушілердің Австралияның солтүстік-батыс жағалауына тоқтап, сол жерден құрлыққа тараған. Бұл пікір әлі де болса ескірген жоқ. Арада екі жыл өткеннен кейін, 1847 жылы ағылшын антропологі Дж. Причард австралиялықтарды зерттеп, олар ертедегі Океанияның аборигендерінің қалдықтары болуы керек деген пікірді білдірген. 1870 жылы әйгілі орыс ғалымы, саятшы Н. Н. Миклухо-Маклай да бұл құрлық халықтарының арасында болып, тұрғындардың тұрмыс-мәдениетімен танысады, ғылымға керекті деректер жинайды. Н. Н. Миклухо-Маклай Австралияның көп жерлерін аралап, аборигендердің антропологиялық және тұрмыс жағынан біркелкі екенін байқаған. Олардың меланезиялық пен полинезиялықтарға жақын екенін дәлелдеді.

Әсіресе, XIX ғасырдың аяғынан бастап Австралия және Океания халықтарының этникалық тарихы жөнінде жұмыс кең көлемде жүргізілген. Бұл проблемаларды шешуге біраз елдердің ғалымдары қатынасқан. Белгілі кенес антропологі Я. Я. Рогинский австралиялықтарды өз алдына нәсіл деп қараса, екінші кеңес антропологі Н. Н. Чебоксаров оларды негр-австралиялық нәсілге жатқызады. Австралиялық нәсілдің негізгі белгілері: түсі қара қоңыр, шаштары бүйра, беттері мен денелеріне түк көп өседі, мұрындары жалпақ, жақ сүйектері қу-

сырыңы, бойлары ортадан жоғары. Бұл айтылған антропологиялық белгілерді австралиялықтардың басым көпшілігінен байқауга болады.

Олардың пайда болуын шешу жөнінде палеоантропологиялық деректер жақсы жәрдем береді. Австралия жеріндегі Талгайдан (1884), Кохуннан (1825) және Кейлордан (1940) табылған адамдардың бас сүйектерінің тылым үшін үлкен маңызы бар. Сондай-ак Австралия жерінен соңғы кездердегі табылған археологиялық материалдардың көрсетуіне қарағанда, австралиялықтардың ертедегі заттай мәдениеті Оңтүстік-Шығыс Азия халықтарының мәдениетімен ұқсастығы байқалады.

Сөйтіп, әр түрлі деректерге сүйене отырып, бұдан 18—19 мың жыл бұрын, яғни жоғары палеолит дәуірінде Оңтүстік-Шығыс Азиядан бірінші адамдар Австралияға келген. Ол шағын-шағын топтарымен жаңа қонысқа келіп орналасқан. Алдымен адамдар Австралияның шығыс жақтарын, сонан кейін оңтүстік-шығыс жақтарын мекендеген. Бұл құрлықтың орталық және солтүстік жақтарына адамдар кейінрек таралған болуы керек.

Тасмандықтардың пайда болуы өте нашар зерттелген. Олар жер жағынан Австралияға жақын жатқанымен, этникалық құрамы бойынша олардан көп өзгешелігі бар. Антропологиялық жағынан тасмандықтар меланезиялықтарға ұксас. Еуропалықтар келгенге дейін өздерінің даму дәрежесі бойынша меланезиялықтар мен австралиялықтардан артта қалып қойған бұл халықтардың этнографиялық жағынан зерттеген ғалымдар тасмандықтардың заттай мәдениетіне қарағанда, олардың ата-бабалары Меланезиядан келген болса керек деген пікірді білдірді. Жана мекенге келмesten бұрын тасмандықтардың ата-бабаларының мәдениеті жоғары болғанымен, Тасманияға орналасқан соң, олардың басқа көршілерімен байланыстары нашар болып, өзінің дамуы бойынша артта қалып қойған. Тасмандықтардың тілі сол жердегі халықтардың тіліне ұқсамайды. Кейбір ғалымдар тасмандықтар антропологиялық және тіл жағынан Жана Каледония түрғындарына жақын келетінін айтқан.

Сөйтіп, адамдардың Австралия мен Тасмания құрлығына келіп қоныстанғанына бірнеше мыңдаған жылдар болған. Олар жаңа географиялық орталыққа бейімделіп, Австралия мен Тасмания жерлерін көптеген жыл-

дар бойына енбек етудің нәтижесінде игеріп алған. Эй-күмендер өздеріне тән болған материялық және рухани мәдениетті пайдаланып, оларды алға дамыта білген және дүниежүзілік мәдениеттің осуіне өз үлестерін қосқан.

Еуропалықтар келгенге дейін австралиялықтар мен тасмандықтардың шаруашылығы өзінің дамуы бойынша өте кейін қалып қойған. Әдебиеттерде өте кең тараған пікірлердің бірі австралиялықтар күндегі тапқанын күнде азық етіп, ертеңін ойламаған дегенге сайды. Бұл пікірдің дұрыс емес екені кейінгі кездерде байқалған. Аборигендердің арасында өздерінің зерттеуін жүргізген Хаут, Лангло-Паркер, Хорн, Эстон және т. б. ғалымдардың айтуларына қарағанда, олар азды-көпті қалған азық-тұліктерін аз уақытқа болса да сақтай білген. Дән, жемістің кейір түрлерін, етті күнге кептіретін болған.

Австралиялықтардың шаруашылығы — күн көріп, тіршілік етуге бейімделген. Олар аң аулап, құрт-құмырска, өсімдіктердің дәндерін жинап және теніз жағалаулары мен көлдерден балық ұстаған. Аңшылық аборигендердің өміріндегі басты кәсібі болып есептелген. Бұл кәсіпті австралиялықтар күн көру үшін ғана емес және ұлттық өнер ретінде де құмартып істеген. Бала-ларын жас кезінен осы аңшылыққа бейімдел, тәрбиелеген. Үлкендермен бірге жүріп, балалары аң аулаудың әдістерін, каруларды қалай ұстап, оларды қалай пайдалана білу керек екенін үйренген. Балалар ойындарының көпшілігі аңшылыққа байланысты болған. Осындай айрықша аңшылық тәрбиесіне көніл аударудың нәтиже-сінде австралиялықтар аңшылық кәсібіне тамаша бейімделген.

Жоғарыда бұл құрлық жан-жануарларға онша бай емес деген едік. Сондыктан аборигендер өздерінің төкірегіндегі жүретін кіші-гірім жәндіктерден бастап, ондағы ең ірі аң болып есептелетін кенгуруды да азық етеді. Үй жануарларынан динго итінен басқа хайуан асырамайды. Аборигендер оны өздерімен бірге әкелген болуы керек. Олар үрмейді, үйдің төнірегінде адамдармен аласып жүре береді. Дингоны жоқсы көргені сондай, оның күшіктерін әйелдер өз сүтін беріп те тәрбиелейді. Негізгі құралдары: найза, найзаны лактыруға қолданылатын темірден істелген атқы тақта, бумерангтер. Осы құралдардың жәрдемімен австралиялықтар жердегі жүретін андарды ғана емес, ол үшқан құстарды да ұстай білген.

Найзаны кенгуруды аулауға пайдаланған. Абори-

гендер андардың мерзіміне қарай жүретін жерлерін, олардың іздеріне қарай қай уақытта, қай жаққа қарай бара жатқанын мұлтіксіз білген. Ізге түсіп, кенгурудың жайылып жатқан жеріне жасырынын жақындаған барып, кенгурудың наизамен шаншып ұстаған. Аңға көрінбей жақындаған баруға олардың түстері де жәрдем еткен. Кенгуруды аулауға кейбір кездерде екі адам болып шығып, біреуі кенгуруғе бой көрсетіп алдандыrsa, екіншісі жасырынып басқа жағынан келіп, наиза лактырған. Кенгуруды ұстадағы тағы бір тәсілдері — аңды қуып жүріп, шаршатып барып ұстай. Жайылып жатқан кенгуруды үркітіп, оларды құн ұзағына қуа беретін болған. Сол күні ұстай алмаса, ертеңіне тағы қууды жалғастырып, ақырында, кенгуруды әбден титықтатып ұстаған. Мұндай жолмен аң аулау онайға түспейтіні белгілі. Олар кейде кенгуруды дингө итінің жәрдемімен де ұстаған. Иттер кенгуруды қуып жүріп, қамап түрғанда аңшылар келіп наиза лактырған. Қөп болып жиналған топ екіге болініп, бір жағындағы әйелдер мен балалар аңды үркітсе, екінші топтағы ересек аңшылар қолайлы жерге жасырынып, тоқсауылда түрған. Кенгуруларды ұстадағы бұл айтылған тәсілдердің басқа да түрлері көп.

Кенгурудан кейінгі үлкен андардың бірі — эма-түйекүсы. Ол — өте жүйрік құс. Бірақ эманы аборигендер алдаған үстайды. Аңшы құска жақындаған барып, қолайлы жерге жасырынады да, эманың көзіне түсетін бірденені қозғап тұрады, оны көрген құс әлгіні көруге келгенде аңшы орнынан ұшып тұрып, құсты наизаға шаншып үстайды. Сөйтіп, өзінің аққаулығынан түйекүс аңшының қолына түседі. Австралияның кейбір жерлерінде аңшылар таяқтың басына түйекүстың тұлышын іліп алғып, оның қымылын келтіріп құска жақындаған барып оны наизамен шаншып ұстаған. Кей жерлерде эманы иттерге қаматып та қолға түсірген. Батыс Австралияның солтүстік бөлігіндегі түрғындар эма құсы ішетін суды улы өсімдікпен улап та ұстаған.

Австралиялықтар жоғарыдағы көрсетілген ірі андармен қоса інді мекендеуші, бауырмен жорғалаушыларды да аулаған. Оларды көбінесе әйелдер мен балалар ұстаған.

Құсты аулау үшін ең басты құрал ретінде 10-нан астам түрі бар бумерангты пайдаланған. Орталық Австралияда қолға қайтып келетін бумеранг қолданылады. Бумеранг құралымен жер бетінде отырған құсты ғана

емес, ұшып бара жатқан құсты да түсіре алаңы. Құстарды тормен т. б. құраллармен де ұстаған. Аборигендер әр түрлі айламен жыртқыш құстарды да ұстай білген. Аңшы таудын биғірек жеріне көтеріліп, тастын үстінде қозғалмай, қолына өлтөн балықты ұстап жатқан. Жыртқыш құс ұшып келіп, балықты ала бергенде аңшы құстың аяғынан ұстай алған немесе аңшы үнгірге жасырынып, жем ұстаған қолын сыртқа шығарып жатып, жемге келген құсты қолға түсірген. Судың астымен білдірмей жүзіп келіп, суда жүзіп жүрген құстың аяғынан ұстап аулай да білген. Құстарды дұзакпен де аулаган. Австралиялықтар жабайы қаздарды жаш қинамай аулаған. Олардың кеште келіп қонағын ағашының бұталарында аңшылар жасырынып отырып, қараңғы түсе қонуға келген қаздарды қолдарымен ұстап ала берген.

Балықшылық Австралия тұрғындарының өмірінде үлкен орын алған. Балықты шанышқы, қармақ, тор, сүңгі және т. б. құралдармен аулаған. Балық аулаудың бірнеше жолдары мен тәсілдері болған. Қөп адамдар біргіп, балықтарды судың тайыздау жеріне үркітіп әкеліп, қолдарымен ұстаған. Балықтардың көбірек жүретін жерлерін тастармен, ағаштармен коршап, суға ағаштың жапырағын, майда бұталарын тастап, соған оратылған балықтарды қолға түсірген. Бұдан басқа да себет тор, қармақ шанышқы және т. б. құралдармен балықты ұстаған. Балықты шанышп ұстаудағы әдістерінің біріне тоқталайық. Қараңғы тунде қайықпен балықтың көп жүретін жеріне барып қамысты жағып, су бетіне жарық түсірген. Сол жарыққа балық жиналған кезде, оларды біртіндеп шанышп ала берген. Балық аулаудың мұндай жолдары басқа халықтарда да көп кездеседі.

Австралия тұрғындары біздің түсінігіміздегідей егіншілікті білмесе де әр түрлі есімдіктерді жинап, олардан күнделікті тамактар дайындаған. Себебі бір аңшылықпен күн көру киын болған. Егерде аңшылардың кейбір сапарлары сәтсіз болса, олардың отбасы тарығып, аш болып қалуы мүмкін. Соңдықтан австралиялықтар басқа да қорек түрлерін жинаушылықпен кең көлемде айналысады. Жинаушылықтың көбірек орын алған жері құрлықтың — шығыс, онтүстік-шығыс және онтүстік-батыс жақтары. Бұл жерлерде аңшылық пен балықшылық кәсібі өркендесе де, жинаушылық кәсібі де дамыған. Мысалы, Квинеленд ауданын зерттеген Пельмердің көрсетуіне қарағанда, бұл жердің аборигендері 69 түрлі

өсімдікті тамаққа пайдаланып, 35 түрлі шөптен дәрі істеген. Осы аймақты зерттеген В. Рот тамак үшін пайдаланылған өсімдіктердің түрлерін 239-ға жеткізеді. Жалпы алғанда, австралиялықтар өсімдіктерді көп пайдаланаип, олардан әр түрлі тамақтар жасай білген.

Австралия құрлығында жаңғақ және басқа да жеміс беретін ағаштар бар. Бұнья ағашына қоректік қасиеті мол жаңғақ өседі. Бұл ағаштың жаңғағының лісіп-жетілуін, әйкумендер шыдамсыздықпен күткен. Бұнья ағашының жаңғағын жинауға әр тайпалар қашық жерлерден келіп, өздерінің мерекелерін откізген. Жаңғақты жинап, пайдаланғаннан қалғандарын алдағы уақытта жеуге сақтаған. Бұдан басқа даaborигендер әр түрлі шөптердің дәндөрін, тамырларын, гүлдерін, жапырақтарын және т. б. тамаққа пайдалана білген.

Австралиялықтардың жинаушылыққа қолданатын құралдары да көп емес. Қатты ағаштан таяқты кесіп алып, оның ұшын шығарып, сол таяқтың жәрдемімен әйел-балалар жеуге жарайтын шөптің тамырын, тұқымын қазып жинаған. Мұндай өнімге құралды пайдаланудаaborигендер көп күш жұмысал, аз өнім алған. Биік ағаштың басына шығып, құстың жұмыртқаларын, араптардың балдарын жинаған.

Олардың қонысы мен үйлері жөнінде этнографтардың ортасында дұрыс пікір болмай, олар жергілікті тұрғындарды үйсіз-күйсіз көшіп жүрген деп жазып журді. Жергілікті халықтардың тұрмысын жақсырап үйренудің нәтижесінде австралиялықтардың өздеріне тән үйлерінің болғаны байқалған. Олардың негізгі үйлері күркелер мен лашықтар болып келеді. Ағаштың ірі бұталарын кесіп, оның жуаңдау жағын жерге шанышып, жоғары жағын иіп, бір-бірімен байлап, лашық істеген. Оның үстін ағаштың жапырақтарымен жапқан. Жерді 2—3,5 метр терендеп қазып, ортасына ағаштаң тіреу қойып, белагаш салып төбесін жауып, жертөле істеген. Австралияның солтүстігінде екі қабатты лашықтың болғаны да байқалған. Олардың бұдан басқа да ортақ үлкен лашықтары да болған. Аңшылықпен көбірек айналысадының тайпалары өздерінің белгілі аймақтарында жиі-жиі қоныстарын аударысып, бір жерден екінші жерге көшіп жүрген. Көшу тәртібіне келсек, белгілі жаңа қоныска бару үшін ерлер мен азамат болған балалары бірге аң аулам жүре берген, ал әйелдері қалған балаларымен мерек-жарақтарын көтеріп, баратын жеріне жетіп, ко-

ныстасыл, бар азық-түліктерін дайындағ берген. Олардың көшілігі негізгі қоныстарына жеткенше, қонақтарған жерлерінде уақытша лашықты немесе ірі ағаштардың үшірлерін мекен еткен.

Сөйтіп, европалықтар келгенге дейін австралиялықтардың тұрпайлау болса да баспаналары болған. Қейбір жерлерде, әсіресе, осы құрлықтың шығыс жақтарында отырықшы тайпалар да өмір сүрген. Еуропа отаршылары келісімен аборигендерді табиғаты жақсы жерлерден ығыстырып, құнарсыз жерлерге жер аударған. Табиғаты жақсы әрі кен байлығы мол жерлер отаршылардың қолында қала берген.

Австралиялықтар көлік дегенді білмеген. Олар жаяу жүріп-ақ көшіп-конған. Теніз, мұхит және өзен алқаптарында тұрғындардың қайығы мен салы болған. Қайықты ірі ағаштардың қабығынан да, ағашты ойып та істеген. Оның жарылған және бір-бірімен қосылатын жерін тіккен.

Қайықтардың ұзындығы 4—4,5 метр болған. Бірнеше ағашты қосып сал істеген. Аборигендер жалғыз ағаштың үстінде тұрып та жақсы жүзген.

Австралиялықтардың киім түрлері онша көп емес. Олардың негізгі киімдері түрлі белдіктер мен безендіру заттарынан құралған. Бұл киімдер ағаштың қабығынан, жапырағынан және кейбір бауырымен жорғалаушы жондіктердің терілерінен істелген. Олар ағаштың қабығы мен жапырағынан жасалған сулық та киген. Ұлу қабығы сияқты заттардан істелген моншақтар тақкан. Ағаштардың қабығы мен шөптердің тамырларынан әр түрлі білезіктер істеген.

Етті, балықты жергілікті тұрғындар тек қуырып, отқа қақтап жеген. Ірі андардың ішек-карнын алып тастап, қызған тасты аңын ішіне салып, шоқтың астындағы ыссы топырақка көміп, оның үстіне ағаштың жас жапырағын жауып, оған шокты үйіп қойғаннан кейін, екі сағат шамасында ет жеуге дайын болған. Ал өсімдіктерден алынған тамактардың көлшілігін сол күйінде жеген, кейбіреулерін қуырып та тамақ еткен. Кейбір өсімдіктің дәндерін жинап алып, таспен уатып, оны суға илеп, отқа көміп нан тәрізді тағам пісірген. Өсімдіктердің шырынын жақсы пайдаланған. Олардың ішінде анаша тәріздес шырын да болған. Тұщы суларды жергілікті халықтар жақсы таба білген. Қай жерден, қандай терендіктен судың шығатының бірден байқаған.

Шөлді жерлерде судын жоқтығынаң қаталап өліп бара жаткан кезде қолының күре тамырын тесіп, одан өзінің канын сорып, шөлін басқан соң, тескен жерін қайтадан бекітіп тастаған. Мұндай жағдай өте сирек болса да олардың өмірінде кездесіп отырған.

Австралиялықтардың қоғамдық құрылышын зерттеуге европалықтар көпкө дейін көніл бөлмей келген. Олар бұл жердегі аборигендердің зерттейтін қоғамдық құрылышы жоқ деген пікірде болған. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап, жергілікті халықтарды басқару қындау баставаннан кейіш ғана европалықтар австралиялықтардың әлеуметтік қоғамының әр түрлі формаларын Файсон, Хауитт, Спенсер және Гиллендер ғалымдар зерттей баставан. Бұл зерттеушілер жергілікті халықтардың өздерінің даму дәрежесіне лайықты қоғамдық құрылыштың бар екенін көрсеткен.

XIX ғасырда австралиялықтар алғашқы обшиналық құрылышта тіршілік етіп, өндіріс қатынастары қоғамдық меншікке негізделген. Олардың орталарында жеке меншік, адамды адам қанаушылық, таптық бөлінушілік және мұлік теңсіздіктері болмаған.

Еуропалықтар келгенге дейін австралиялықтар бірнеше жұз адам болып, тайпа-тайпа түрінде өмір сүрген. Эрбір тайпаның белгілі мекені, өздерінің сөйлеу диалектісі және өздеріне тән әдет-ғұрыптары болған. Бір тайпа екінші тайпадан осыңдай өзгешеліктерімен ерекшеленген. Тайпалар өзара бірнеше жергілікті бөліктерге бөлініп, түрмиска керекті материалдық байлық пен өздерінің рухани мәдениетін дамытқан. Олар өз тайпасына қарасты мекенінің шенберінен шықпаған. Ал басқа тайпалардың адамдары өте қажет болған күнде ғана, екінші тайпаның мүшелерінің рұқсатымен солардың жерінің табиги байлықтарын пайдалана алған.

Австралиялықтардың арасында мұлік теңсіздігі болмаған. Қолға түскен материалдық байлық барлық тайпаның, оның бөліктерінің мұлкі болып есептелген. Олар өзара жыныстық жағынан және жастарына қарай бөлінген. Ерлер ер жеткен балаларымен түрмиска керекті болған қару-жарактарды істеп аңшылықпен айналысып, өз тайпаларын сырттан келген дүшпандардан қорғаган. Эйелдер жас балаларымен тамақ болатын өсімдіктердің дәндерін жинап, тамақ пісіріп, балаларды тәрбиелеген. Тайпаның ер адамдары ер жеткен балаларды өз тайпасының әдет-ғұрпына, қоғамдық тәртібіне, дәстүріне жә-

нेң әр түрлі діни сенімдерге үйреткен. Мұндай әдет-ғұрыптардың негізінде жастарды тәрбиелеуді «инициялар» деп атайды. Осы сияқты әдет-ғұрыптарды үй және отбасылық тұрмысқа байланыстырып, қыздарды да тәрбиелеген.

Жеке тайпаларды қоғамдық жағынан тәжірибелі, абыройлы ер адамдар басқарған. Олар қолға түскен байлықтарды өзінің қарауындағы адамдарға бөліп беріп отырған. Тайпа мушелерінің аш болмауы жөнінде өз камкорлығын жасаған.

Австралиялықтардың арасында «фратрияға» бөлінушілік кең орын алған. Ол тайпаның экзогамиялық бөлігі. Бір фратрияның мушелеріне өз ішінен үйленуге рұқсат етілмеген. Тек қана бір фратрияның жігіттері екінші фратрияның қыздарына үйленген. Үйленудің мұндай түрін экзогамия дейді. Бұл дәстүрді бұзған адамдарды қатты жазалаған, керек десе, оларды өлім жазасына бүйірған. Кейбір тайпаларда кімнің қандай фратрияға жататынын аналық жағынан есептесе, кейбіреулерін ата жолымен жүргізген. Әр фратрияның Муквара, Кильпара, Дилби, Купатон және т. б. сияқты жеке-жеке аттары болған.

Австралиялықтардың отбасын құруы және отбасының қарым-қатынастары онша женіл дөрежеде болды деп айту қын. Бала дүниеге келгеннен кейін есейгенше өзінің үйінде тәрбиеленген. Аборигендердің отбасы ер мен әйелінен және балаларынан құралады. Тұрмысқа шықпапған қыздар мен үйленбеген жігіттер, олардың корі ата-аналары сол отбасының мүшесі болып саналады.

Австралия тайпаларының арасында қарым-қатынас қызықты түрде жүріп жатқан. Өзара әр түрлі құралдарды, үй ішіне керекті заттарды алмастырып отырған. Бір-бірінің тайпалық, рулық мерекелеріне барып, араласып жүрген. Тайпа араларынан шыққан жанжал, даулы мәселелерді қарулы қактығыс арқылы шешкен, немесе женіл-желпі келіспеушілікті тайпа басшыларының өзара келісімі арқылы реттеген. Тайпаның, рудың дәстүрін қатты сақтаған, оны сөзсіз орындауды талап еткен. Егер оны бұзған адамдар болса, оларды қатты жазалаған, керек десе, жиналған топ алдында айыпкерді өлтіріп те жіберген. Сөйтіп, аборигендердің арасында қанға-қан, жанға-жан, көзге-көз, тіске-тіс және т. б. сол сияқты кек алу жолдары кең қолданылған. Тайпа араларындағы келіспеушіліктер шешілгениен кейін, бұ-

рынғыша тайпалардың өзара қарым-қатынастары бей-бітшілік жолмен дами берген.

Австралиялықтар өздерінің рухани мәдениетін де ерте заманнан бері дамыта білген. Аборигендердің сенімі — тотемизм, олар өздерінің ата-бабаларының рухына, өздерін коршаған табиги заттарға, соның ішінде жан-жануарларға, әр түрлі өсімдіктерге сиынған. Сиынғандарының бәрінің жаратылыстан тыс касиеттері бар деп түсінген. Кеңес этнографтарының бірі А. М. Золотарев тотемизм дегеніміз, адамдардың ертедегі руқарым-қатынастарын қиялымда сәулелендіру деп көрсетті. Тотемизмдік сенімді барлық ұлкенді-кішілі халықтар да басынан өткізген. Бірақ тотемизмнің классикалық даму дәрежесіне жеткен жері — Австралия. Осы жерден жиналған мол мағлұматқа сүйене отырып, этнографтар тотемизмнің ерекшеліктерін үйренеді.

Жоғарыда тоқталып өткендей, Австралия түрғындағы тайпаларға, руларға бөлініп тіршілік еткен. Әрбір рудың аттары жануарлардың немесе өсімдіктің атымен аталған. Мысалы, днер тайпасына кіретін рулардың аттары: Әбжылан, Қарға, Бақа, Ұзын құйрықты тышқан, Жарқанат, Қоңыз, Шыбын-шіркейлер, Динго, Жауын және т. б. болып келеді. Осы рулар адамдарды кейбір жерлерде ана бойынша, екінші аймактарда ата жолымен топтайды. Рудың атына берілген жан-жануарлар сол ру мүшелерінің тотемі делінеді. Эр рудың тотемі сол рудың ең жақын жана шырлары ретінде құрметтеліп, «менің әкем», «менің үлкен әғам», «досым», «біздің бір белігіміз» т. б. дей құрметтеледі. Мысалы, Арапта тайпасы — Кенгуру руының адамдары өздерінің тотемі Кенгурумен біздердің арамызда ешбір айырмашилық жок деп түсінген. Олар өздерінің тотемін өлтірмеген. Егерде бір рудың тотемін екінші рудың адамы өлтірсе, құрбан болған тотемің кісісі өлтірген адамға қарап: «Сен неге бұл жігітті өлтірдің? Ол менің әкем еді гой» немесе «Менің мына ағамды өлтірдің, ол саған не істеді?» деген аянышты сөздерін айтатын болған. Өлтірсе де оны қатты аяған, қиналған. Өз тотеміне жататын жан-жануарлардың етін жемеген. Оны этнография ғылымы таңбу деп атайды. Кей жерлерде бұл ырымды сактамаған.

Тотемизммен бірге австралиялықтар әр түрлі магиялық, қоңыл құйларға сенген. Мысалы, емшілік, сүйіспен-шілік, зиян келтірушілік және т. б. касиеттердің әсеріне қатты сенген. Айталақ, рудың ішінен біреу опат болса,

оның өлү себебін соларға дүшпан болған ру кісілерінің әр түрлі жағымсыз қылышынан болды деп түсінген. Қөптеген магияларды халық арасында таратушы және оларды іс жүзінде орындаушы шаман мен тәуіппер болған.

Австралиялықтар ауыз әдебиетін, көркемөнер мәдениетін жақсы дамыта білген. Олардың арасында ертектер, әр түрлі аныздар, халық өлөндөрі мен музикалар кең орын алған. Әсіресе, ән салуға аборигендөр өте күмар және үлкеннен кішілеріне дейін жақсы билейді.

Рулардың, тайпалардың дәстүрлік мерекелері бисіз, әнсіз өтпейді. Австралиялықтар сурет салу, ағашты ойып өрнек істеу, әр түрлі бояумен әшекейлеу және басқа эстетикалық мәдениетке айрықша көңіл бөледі. Жергілікті түрғындарды шетінен суретші деуге болады. Олардың мұндай эстетикалық өнері шеттен келушілерді таңкалдырыған. Аборигендөр ауырғандарын халықтық медицина жолымен емдеген.

1788 жылдан бастап еуропалықтар Австралия күрлігінде келіп, жергілікті халықтардың мекендерін күш көрсетіп, өздеріне басып ала бастады. Ең алдымен, Англияда қылмыс істеп, айыпталған адамдарды осында жер аударған. Олардың көбі кесілген уақыттарын бітірген соң, осы Австралияда отарлаушы ретінде қалып қойған. XIX ғасырдың 30-жылдарында Австралияда кой өсірушіліктің дами тусуіне байланысты, Еуропадан, әсіресе, Ұлыбританиядан біраз кісілер өз еріктерімен жер ауып келіп, осында мекен тепкен. Кой өсіруге Тасмания аралы да өте қолайлы еді. Оның үстіне 1850 жылы Австралиядан алтын кені табылды. Міне, осы байлықтардың шығуымен еуропалықтардың саны одан бетер көбейе түсті. Сөйтіп, откен ғасырдың ортасында Австралиядагы еуропалықтардың саны 400 мыңға жеткен. Отаршылар күш көрсету арқылы аборигендөрді өздерінің мекендерінен қуып, шөлді, құнарсыз аудандарға ығыстырыды. Сондыктан аборигендөр де отаршыларға қарсы қатты күш көрсеткен.

Бірақ сол заманың кару-жарағымен қаруланған еуропалықтар ондай қарсылықтарды күшпен басып отырған. Сөйтіп, аборигендөрді шөлді жерлерге ығыстырып тастаған. Еуропалықтар австралиялықтардың көлшілігі батыс Австралия, Квинсленд штаттарына және Солтүстік Австралия жерлеріне көшірсе, казіргі кезде аборигендөрдің көпшілігі Австралияның орталық шөлді жерлеріндегі резервацияда тіршілік етеді. Резервация-

дағы аборигендерге келімсектер басшылық жасап, оларды рұқсатсыз түрған жерінен еш жаққа жібермейді. Барлық қара жұмыстарды соларға істетіп, оларға өлмейтіндегі ғана корек береді. Медициналық жәрдем көрсету жоқтың касы. Олардың жалпы материалдық және моральдық жағдайлары өте төменгі дәрежеде. Сондыктан да австралиялықтардың саны жылдан-жылға азайып барады.

1901 жылдан бері Австралия Одағы Ұлыбритания империясының бір бөлшегі штаттың правосына ие болды. Австралия Одағының үйымдасуы — австралия үлттының ағылшындар, ирландықтар, шотландықтар және уэльстердің қоспасынан құрылышп, өз іштеріне басқа жақтан келгендерді де мол қамтыды. Қазіргі кезде Австралия үлттының саны 14 миллионнан астам. Тілі ағылшын тілінің австралиялық диалектінде пайда болған.

Осы күнгі Австралия өз алдына капиталистік жолмен дамып келе жатқан ел. Басты экономикасы ауыл шаруашылығы және тау кендері өнімдерінен тұрады. Өндіріс орындары капиталистердің қонында болса, ауыл шаруашылығы фермерлердің қарауында.

Халықтың көбірек топталған ірі қалалары: Сидней, Мельбурн, Брисбен, Аделаид, Перта, Хобарта. Ауылдық жерлерде жалпы халықтың 10 проценті ғана мекен сткен.

## ОКЕАНИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

Океания үш: Меланезия және Жаңа Гвиней; Полинезия мен Жаңа Зеландия және Микронезия аймағынан құрылған.

Океанияның климаты ыссы экваторлық болғанымен тропиктік климатка үкіс атқарылады. Мұхиттан және теңіздерден соққан жел ыссы ауа райын жұмсартып, түрғындар, өсімдіктер мен жануарларға қолайлы жағдай тудырады. Жылдық температуралың өзгерісі тек  $5^{\circ}$  шамасында ғана болады. Орташа жылдық температура Жаңа Коледонияда, Гавай, Маршал аралдарында  $+23,5^{\circ}$ ,  $+28^{\circ}$  жетеді. Жер бетіндегі ылғал мен жаңбыр жеткілікті болғандықтан өсімдіктер жақсы өседі.

Океания аралдары жасыл желекке бай, мөңгі көгеріп тұратын тропиктік өсімдіктер мен ормандар мол. Әсіресе, тропиктік өсімдіктер батыс, онтустік аралдарда көбірек болса, шығыс және солтустік аралдарда сиректеу.

Кейбір өсімдіктердің тұқымдары мұхит, теңіз сулары арқылы Океания жерлеріне келген болу тиіс. Ең көп өсетіні — пальма ағашы. Оның 200-ден астам түрлері Индонезияда болса, 18 түрі Соломон аралдарында, 3 түрі — Гавайда өседі. Осыған қарағанда пальма ағашы барлық Океания жерлеріне бірдей тарамағанын көреміз. Бұл жерлерге пальмадан кейінгі кокос пальмасы көбірек тараған. Ол бұл жердегі аралдарға түгелдей тараған. Нан ағашы, таро, панданус ағаштары мен өсімдіктері мол. Батыс аралдардың ойпаттарында биіктігі 40—60 метрге жететін ірі ағаштармен қатар кіші-гірім аласа, жінішке тал-шыбықтар да өседі.

Океанияның жан-жануарларынан бұл аралдарға жабайы шошқа, кускус, кенгуру және әр түрлі құстар мол тараған. Тек Бисмарк архипелагінде жануарлардың түрлері өте аз. Тотықұс түрі 50-ден асатын жұмақ құстары, түйекұс т. б. құс түрлері болса, теңізде көптеген балықтың түрлері, дельфиндер, кашалоттар, тіссіз киттер, тсіз тасбақалары бар.

Океанияның үлкенді-кішілі аралдарының бәрінде де адамдар мекендейді. Аборигендердің бұл жерлерге келіп қоныс тепкен уақыттары мың жылдан есепталсе, бұдан 150 жылдай бұрын Еуразия мен Америкадан көтеген адамдар келген. Соның нәтижесінде Океания халықтары аборигендер мен келушілерден құралған. Олар бір-бірімен этникалық жағынан араласып, көтеген арақын тұрғындарының қаны араласып кеткен. Океанияның этникалық құрамын жақсырақ түсіну үшін Меланезия, Полинезия және Микронезия аралдарына қысқаша тоқталып өтейік.

Меланезия (гректің) «Мелас» — қара, «несос» — арал) — қара арал деген сөзден шыққан. Еуропалықтар осы жердегі тұрғындардың сыртқы түсіне қарап, олардың мекендереген аралдарына да «қара» деп ат қойған. Меланезияда папустар мен меланезиялықтар тіршілік етеді. Олар өздерінің ісілдік белгілер бойынша, евстрало-істрийдікка жатады. 1950 жылы Жаңа Гвинеяда — екі миллионнан астам адам тұrsa, оның 99 проценті попустар да, қалған аз бөлігі меланезиялықтар. Меланезиялықтар, негізінен, Соломон, Бисмарк, Жаңа Гебридтер, Жаңа Коледония, Фиджи аралдары мен архипелагтарында көптеп саналады. Меланезияның батысынан шығысына қарай жүрген сайын халықтардың құрамының жақсырынан қарасқанын байқауға болады. Мысалы,

1951 жылы Фиджи аралында 301959 адам тұрса, оның 44,3 проценті меланезиялықтар, 2,3-і будандар, 47,5-і үндістер, 1,1-і қытайлықтар, 2,1 проценті басқа ұлттардың әкілдері болған.

Полинезия — грекше «полю» — көп, яғни көп аралдан құрылған едеген мағына береді. Олардың ең ірілері Жана Зеландия, Самоа, Гавай, Туа-Моту, Тонга және т. б. аралдар. Отаршылар келгенге дейін бұл жерлерде 1,1 миллион адам тұрған болса, қазір не бары 450 мың тұрғын калған. Полинезиялықтардың көшілігі орталық аралдарда мекендейді. Шет жақтарындағы кіші-гірім аралдарда басқа жақтан келгендер көбірек. Мысалы, Гавай аралдарында 1950 жылы 499794 адам болса, оның 2,1 проценті полинезиялықтар, 12,8-і будандар, 32,7-і жапондықтар, 10,3-і филиппиндер, 5,8-і қытайлықтар, 32,9-і американцықтар, 1,4-і корейліктер т. б. Жана Зеландияда — 1939700 адам мекендесе, олардың 5,8 проценті маорлар (полинезиялықтар), 94,2-і ағылшындар.

Микронезия — грекше «микро» — кішкентай, кішігірім көптеген аралдар жынтығы. Океанияның солтүстігінде орналасқан. Бұл аралдардың тұрғындары — полинезиялықтардың, меланезиялықтардың қосылуына шықкан будандар. Кейін олар шеттен келген европалықтармен де араласқан. Бұл аймақтың халықтарының этникалық құрамының жақсырақ түсіну үшін, кейбір аралдардың тұрғындарына тоқталайық. 1943 жылы Мариан аралдарын мекендеуші 25836 адам болса, оның 93,7 проценті будандар, 2,2-і филиппиндер, 1,2-і қытайлықтар, 2,9-і американцықтар. Ал Маршалл аралындағы 10500 адамның 99 проценті микронезиялықтар, 1-і американцықтар. Осындағы этникалық құрамаларды басқа да аралдардан көруге болады.

Сөйтіп, Океания халықтарының этникалық құрамы жергілікті тұрғындармен бірге Еуропа, Азия, Америка және т. б. жерлерден келген адамдардан құралған. Кейінгі кездерде аборигендердің саны азайып бара жатса, сырттан келушілердің саны көбейе түсуде. Жергілікті халықтар мен келушілер арасынан шықкан будандардың саны да аз емес.

## МЕЛАНЕЗИЯ МЕН ЖАҢА ГВИНЕЙ ХАЛЫҚТАРЫ

Меланезияға қарайтын үлкенді-кішілі аралдардың барлығына ел өртеден мекендеген. XVIII ғасырдың ақырындағы мағлұматта қарағанда, Меланезияда шамамен жергілікті халықтардың саны 1,5 миллионға жеткен. Бірақ бұл аборигендердің этногенезі әлі де жақсы зерттелмеген. Азды-көпті жиналған этнографиялық деңгектерге қарағанда, меланезиялықтар өздерінің антропологиялық ерекшелігі бойынша, негроидтық нәсілге жатқын. Қенес антропологтарының, соның ішінде Я. Я. Рогинский мен Н. Н. Чебоксаровтардың пікірі бойынша, меланезиялықтар экваторлық, негр-австриялық нәсілге жатқызады. Бұл аралдардың, әсіресе, Жана Гвинейдің тұрғындарын этнографиялық жағынан терен зерттеген Н. Н. Миклухо-Маклай. Оның еңбектерінде Меланезияның аборигендерінің тарихы, сан-салалы тұрмыстары, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері және мәдениеті ғылыми иегізде қарастырылған. Аборигендердің антропологиялық **белгілері**: шаштары бұйра, тістері күңгірт коңыр, мұрындары жалпак, еріндері қалынырак. Бұл айтылған белгілер Африка негрлерінің антропологиялық қасиеттерімен бірдей деуге келмесе де, бұл халықтардың өзара бір-бірімен ұқсас екенін байқау қыны емес.

Меланезиялықтардың антропологиялық ерекшелігіне қарай отырып, оларды төрт түрге бөлуге болады: 1) алса бойлы негроидтық (олар Жана Гвинейдің ішкі аудандарының тұрғындары); 2) негізгі меланезиялықтар; 3) Жана Коледондықтар; 4) Папуастар, (Жана Гвиней, Бисмарк, Архипелог және т. б.). Меланезиялық генетикалық жағынан қайдан шыққаны ғылымда иешілмесе де, олар Онтустік-Шығыс Азиядан, анығырақ айтқанда, Индонезиядан келген болуы тиіс.

Меланезиялықтардың этникалық дамуяна ру-тайпалық тұрмыс өзінің қолайсыз әсерін тигізгел. Бұл аралдардан ірі-ірі этникалық бірліктің шығуы қыны. Солай болса да отаршылар келгенге дейіп, аборигендер әр ру-дың белгілі жерлерінде қауым-қауым болып мекеңдеп, бір ру екінші румен нашар қатынасқан. Жаңа Гвинейдің солтустік-шығыс жағалауындағы папуастардың тұрмыстарын үйрену арқылы Н. Н. Миклухо-Маклай меланезиялықтардың қауымдық өмірін жақсы **корсеткен**. Қоғамдық даму жағынан біршама алда болған. Жаңа Коледония мен Фиджи тұрғындары да тайпа бірлігінен

асып кетпеген. Тек XIX ғасырдың бірінші жартысында Фиджиді мекендеген тайпалардың араларында өзара соғыстар болып, соның нәтижесінде ірі тайпалар одағы келіп шыққан. Осы тайпалар одағының негізінде Мбау корольдігі үйымдастып, келешектегі үлкен қоғамның пайда болуына жол ашылды. Бұл жерлерде ірі-ірі тайпалардың бірлесуінің нәтижесінде халықтық қалыптасу процесі келіп шыққан. Мұндай тайпалардың бас қосуына негізгі себептердің бірі — отаршыларға қарсы болған көтерілістердің нәтижесі.

Меланезия аборигендерінің тілін екіге болуге болады. Олар — меланезия мен папуас тілдері. Папуас тілдері Жана Гвинейдің ішкі бөлігіне, аралдың батыс жартысына және оның жағалауларына жараған. Папуас тілдері ертеректе Меланезияның басқа да аралдарын мекендеушілердің араларына, сондай-ақ Жана Британия, кейбір Соломонов аралдарына таралған болуы туіс. Папуастардың тілінің грамматикалық құрылышын, оның сөз байлығын Н. Н. Миклухо-Маклай терен зерттеп, оған ғылыми талдау жасаған. Ол папуастардың бонгу бөлігінің сөздігін құрастырған болса, А. Ханге бонгудің грамматикасы мен сөздігін жасаған. Солай болса да папуас тілдерінде әлі де болса шешілмеген мәселелер аз емес.

Папуастың тілдерінің Океания халықтарының тілдеріне жақындығы байқалмайды. Жаңа Гвинейдің солтүстігіндегі Хамальхера аралының солтүстік жағындағы папуастардың тілдері Индонезияның тілдеріне ұқсас келетінін зерттеушілер атап өтеді. Соған қарағанда папуастар ерте заманнан бері Меланезияда өмір сурғен. Бәлкім, ол кездे Меланезия мен Индонезия жалғасып жатқан бір құрлық болуы мүмкін. Бұдан 5—6 мың жыл бұрын шамасында папуастар Индонезиядан Жаңа Гвиней аралына келіп, кейін осы жерден Жаңа Коледония, Фиджи және Меланезия аралдарына т. б. тараған болса керек.

Меланезиялықтардың тілдері — полинезиялықтардың, микронезиялықтардың және индонезиялықтардың тілдерімен туысқан тіл. Сойтіп, бұл тіл малайско-полинезиялық тілдер семьясына меланезиялықтардың, мадагаскарлықтардың тілдері кіреді. Бұл тіл семьясында сойлеушілер жер шарында кең тараған.

Еуропалықтар көлгөнге дейін меланезиялықтардың еш біреуінде де жазу-сызу болмаған. Алғашкы аборигендердің сөздерімен, тілдерімен танысушылар саяхат-

шылар мен миссионерлер болған. Олар жергілікті халықтардың сөздерін европалықтардың жазу-сызуының жәрдемімен жинаған, әрі аборигендердің тілдерін жақсы білмеген себепті, олар өздерінің енбектерінде көпте-ген кемшиліктер жіберген. Меланезиялықтар өздерінің ана тілдеріндегі жазу-сызуына тек XIX ғасырдың бірінші жартысында ие болады. Кейінгі жылдарда Кодрингтон Ред пен А. Каппелер меланезия тілін қобірек үйрениге енбек еткендіктен олардың зерттеулерінде меланезиялықтардың тілдері жөнінде бағалы деректер бар.

Меланезиялықтардың тіршілігі, негізінен, егіншілік пен балықшылықта негізделген. Үй жануарларын өсіру мен аңышылық олардың тұрмысына көп қалыптаса коймаған.

Меланезия аборигендері егіншілікпен өте жақсы айналыса білген. Олар егін етуге жарайтын алақандай бос жер қалдырмайды. Аборигендердің пікірі бойынша, жер шарындағы халықтардың ішінде егіншілікпен айналыса алмайтын ел жоқ. Бұлардың өсімдік өсіретін плантациялары европалықтардың таң қалдырған. Жерді егіске өте үқыпты даярлап, тұқым сепкен, өсіп келе жатқан егінге қажетті қоректік заттарды, суды өз уақытында бере білген. Мысалы, Жаңа Коледонияға барған француз саяхатшылары мен қоныс аударушылары аборигендердің бау-бақшаларының Франция бағандарының бау-бақшаларынан анағұрлым артық екенін мойындаған.

Меланезиялықтардың егіншілігі тропикалық табиғи-географиялық жағдайына бейімделген. Түйнекті өсімдіктер: ямса, таро (тәтті картоп), банан, қант құрағы көп өсіріледі. Жемісті ағаштарына да айрықша көніл бөлінеді. Олардың қатарына какао пальмасы, нан ағаштары, сагово пальмасы және банан жатады.

Бұл өсімдіктер барлық жерге бірдей тарамаған. Себебі әр түрлі өсімдіктер өздеріне қолайлы жерге ғана жақсы өсетіні белгілі. Мысалы, таро дымқылды, суы мол, батпакты жерлерде жақсы өседі. Қолдан тағы да үстемелеп суарылады. Ямса болса, керісінше, суды көп қажет етпейді, оны аралдардың шетіне жағалауға егілген. Сагово пальмасы тек Меланезияның батысында ғана өседі. Нан ағашы Жаңа Коледонияда өсірілмейді. Жоғарыдағы аты аталған мәдени өсімдіктердің ішінен тек саговор пальмасы жабайы өседі де қалғандарының барлығы да қолдан өсіріледі. Олардың түрлері көп.

Меланезиялықтардың егін шаруашылығына пайдаланатын өздеріне керекті құралдары болған. Олардың ішінде неолит заманынан келе жатқан тас балта, тас пышақ сияқты әр түрлі тас құралдар бар. Бұл аталған құралдарға қосымша «уръя» деп аталатын жер аударуға арналған қүрек болған. Осы аспаптардың жәрдемімен меланезиялықтар өсімдіктерді тәрбиелеп өсірген.

Алдымен аборигендер әр өсімдіктің өсуіне қолайлы деген жерді белгілеп алғып, ол жерді жабайы шөптерден тазартады, төнірегін агаشتардың бұталарымен қоршайды. Оナン кейін жерді аударып, егіске дайында болған соң керекті өсімдіктердің тұқымын егіп, қажетті жұмыстарды жүргізген.

Тың егістікті игеруге ерлер де, әйелдер де және қолынан жұмыс келетін бала-шагалар да қатынасқан. Дайындалған жерлерге өсімдіктерді отырғызу, оларды күтіл-балтау және өнімін жинау әйел мен бала-шагалдардың жұмысы болып есептеледі. Меланезиялықтардың, соның ішінде папуастардың егін шаруашылығын қандай жолмен жүргізетіндігін Н. Н. Миклухо-Маклай жақсы жазған. Сөйтіп, егіншілікті дамытуда меланезиялықтардың үлкен-кішілерінің бөрі де қатынасып, мол өнім алу үшін физикалық құш-қуаттарын аямаған. Құралдарының тым тұрпалай болуына қарамастан, көп еңбек етулерінің арқасында күн көрulerіне жететін өнім жинаған.

Балық аулау кәсібі меланезиялықтардың тұрмысында елеулі орын алады. Олар балықты өзен-көлдерден де, теніздерден де аулаған. Балық аулаушылықпен тек ерлер айналысады. Балықты тормен, кармақпен, сұнгімен аулайды. Ұзындығы 300 метрге жететін, ені 2 метрлік торларды көшілік бірлесіп тоқыған. Мұндай тормен балық аулауға бірнеше көрші қыстактардың адамдары қатынасқан. Басқа да кішкентай торларды аборигендер кеңінен пайдаланған. Көшілік аралдардың тұрғындары суда жүзіп бара жатқан балықтарды шанышқымен шанышып та, кармаққа ілдіріп те ұстаған. Аборигендердің балықты аулау әдістері бір-біріне үқсас келеді. Балық жүретін судың бір шетін бөгеп алғып, суды улы шөппен улаған. Ұланған судағы балық есенгіреп жүрген кезде, кісілер оларды қолдарымен-ақ ұстап алған. Жыртқыш балықтарды осы әдіспен аулаған. Ол үшін кішкентай балықтың ішіне улы шөпті салып, суға жіберген. Сол уланған балықты жыртқыш балық келіп жұтып жіберсе

болғаны көп уақыт өтпей-ак жыртқыш балық та есептіреп судың бетіне шығады. Осы сияқты айла-тәсіл жасау арқылы акуланы да үстай білген. Қөп адамдар бірлесіп, теңіз тасбақасын да аулаған.

Тормен қоршап немесе жағалаудағы құмға жұмыртқа төгуге келген кезде де үстаған.

Меланезия аралдарында жабайы жануарлар жоқтың қасы. Тек ірі аралдарда жабайы шошқа мен жабайыланған иттер ғана болады. Аборигендер оларды да аулайды. Құстарды еті мен қауырсындары үшін үстайды.

Меланезиялықтар ўй жануарларынан шошқа, ит, тауық асырайды. Еуропалықтар келгеннен кейін шошқа бұл жерлерге көбірек тараған. Аборигендер шошқаның етін, азу тісін өте қадірлейді. Оның етін мереке дастарқанына қойса, азу тісі әсемдік зат орнына жұмсалады. Кейбір жерде ол тіс ақша есебінде қолданылған. Шошқаның көптігі байлықтың белгісі.

Аборигендер тұрмыста отты ертеден пайдалана білген. Екі ағашты бір-біріне ысу жолымен әрі-беріде-ак отты тұтандыра алады.

Меланезиялықтар құнделікті тамактарын, негізінен, отқа қақтал жейді. Кокос жаңғағының сүті мен судың қайнатып ішкен. Тамактарын оттың шоғына, қоламтасына қақтаған. Әсіресе, тамакты қызған тастандардың арасына салып пісіру әдісі кең тараған, оны жер пеш деп атайды. Ол үшін қазылған шұңқырдың ішіне жалпақ тастандарды төсейді де, үстінен лау ғып от жағады. Қызған тастандардың үстінгі қабатын шұңқырдың бір жағына жинап, ең астыңғы қабатта жатқан тастың үстіне бананның жапырағына жақсылап ораған етті, балықты, ямсаның түйнегін, таро сияқты тамакты қатарластырып қойып, оның үстін қызған тастанмен қайтадан бастырады да оған су бүркіп, оның үстін бананның т. б. жапырағымен қымтап жауып тастанған. Соңан кейін 3—4 сағаттың ішінде өте тәтті болып буға піскен тамак дайын болған. Осындай жолмен мереке құндері бірнеше шошқаның етін пісірген.

Еуропалықтар келгенге дейін меланезиялықтар адамды елітетін есірткілік сусындарды ішпеген. Кейінгі кездері есірткілік «кава» (Оңтүстік-Шығыс Меланезияда), «бетель» (солтүстік-батыста) сусын әзірлеуді үйренген.

Кава сусының өсімдіктің тамырын қазып алады да, оны ұсақтаған соң, бір ыдысқа жинап су құйып ашыт-

кан. Қаваны көп ішкен адам мас болып еліреді, ал аз ішсе емдік қасиеті бар. Бұл ішімдікті тек ер кісілер мекелерде ішімдік ретінде пайдаланылады.

Бетель Меланезияның солтүстік-батыс жақтарына кеңірек тараған. Бұл ішімдікті үш заттың қоспасынан істеген немесе тұқымынан жаңғақ пальмасының жаңғағы жапырағы және ұнталған каройлов әгінің қоспасынан істеген. Бұларды да алдымен ұнтақтан суға ашытып даярлайды.

Меланезиялықтардың негізгі шаруашылығы егіншілік болғандықтан, аборигендер ерте заманнан бері отырықшы деревняларды мекендеген. Эр деревняның үлкендігі өздерінің тұрғындарының санына байланысты. Қөшілік жерде деревняның ортасында ашық алаң қалдырылған. Кейбір деревняны қоршаса, кейбірі қоршалмайды. Сыртқы жаудан сактану үшін, деревняның тоңірегін бір немесе бірнеше қабат етіп қоршап, оған келетін жіңішке сокпақ жол қалдырады. Қөшілік жерлерде деревняны дүшпан көзінен таса, қалың орманның ішіне, таудың баурайына қалтарысқа салған. Қобінесе орманды жерлерде үйлер хутор тәріздес, жоспарсыз әр жерлерге шашыранқы орналасады.

Меланезиялықтар барлық жерде үйлерді біркелкі етіп салады. Олар үйлерін жеңіл етіп салады. Жуан ағаштардан тіреулер койып, төбесін бамбук және пальма ағашының жапырактарымен су өтпейтін етіп жабады. Төбесі күмбезденіп жабылады, іші адамдардың тұруына қолайлы. Оның алдына лашықтар да салынады.

Меланезиялықтардың тұрмысына кең пайдаланылатын басты көліктері — қайық. Қайықты үлкен ағаштарды, соның ішінде наң ағашын кеулей ойып жасайды. Қайықтарын әр түрлі өрнектермен безендіріп тастайды. Қайықтардың ұзындығы қобіне 9 метр, ені жарты метр етіліп жонылады. Қайықтарының алды-арты көтерінкі болады. Үлкен сауда кемелерін де жасап, теңізшілік өнерді де біраз мәнгерген. Комpassыз-ақ түнде, тұман күндері де қай жерге барам десе, сол жерді адаспай тауып бара алған.

Меланезияның ауа райы тропикалық болғандықтан, аборигендердің киім түрлери онша көп болмайды. Өздерінің әдет-ғұрыптары бойынша, кісілердің жалаңаш жүргі ұят болып саналмайды. Кейбір аралдағылар мұлде жалаңаш жүрсе, кейбіреулеріне белдеріне белдік

байлаумен шектелсі. Меланезияның солтүстік жақта-рындағы аралдағылар ағаштың жапырағынан құрастырып тігілген желеңі жамылған. Бұл желенді жаңбырдан, сұық жеден сактану үшін киген. Меланезиялықтардың арасындағы көп тараған қиімнің түрлері дең ағаштан істелген ерлердің белбеуі мен өсімдік жібінен тоқылған әйелдердің етеккөйлегін айтуға болады.

Меланезиялықтар кімнен гөрі денелерін әсемдеуге көбірек көнділ бөледі. Мұрын жәлбезегіне қыстыратын шыбық, иттің тісінен тізіп істеген моншактар, бамбук ағашынан жасалған тарақ, теніз малюскасының қабыршағынан жасалған біләзіктер, сырғалар т. б. сол сияқты көптеген әсемдік заттарын пайдаланады. Осындаи заттармен аборигендер басын, құлактарын, мойнын, кеудесін, қолдарының қырын, белдерін әшекейлеуге тырысады. Кейбір кездері меланезиялықтар денелеріне сурет те салады. Жергілікті тұрғындардың бұлай бәзенулерінің әсемдік жағынан гөрі, әлеуметтік мазмұны басымырақ болған. Адамның әшекейіне қарап, оның қоғамдағы орнын және жасын байқауға болады. Діни адамдардың безенуі де өз ерекшелігімен көзге түседі.

Еуропалықтар келгенге дейін меланезиялықтар рұлық қауымның ыдырап, таптық қоғамның жаңа пайда бола бастаған сатысында тіршілік еткен. Меланезияның солтүстік-батысында, Жана Гвинейде рұлық қауымның қарым-қатынастары күштірек болса, ел Меланезияның басқа жақтарында, сондай-ақ Фиджи аралдарында таптық қоғамның алғашқы көріністері пайда бола бастаган. Сөйтіп, қоғамдық даму дәрежесі жөнінен меланезиялықтардың бірдей дәрежеде өспегені байқалады. Олар ру-ру, тайпа-тайпа және тайпалық одактар бойынша бөлінгендейтін, өзара қарым-қатынас нашар болып келген. Кейбір үлкен аралдардың тұрғындары өздері мекендеген аралдарының табиғи-географиялық жағдайна қарай бірнеше топқа бөлінген. Мысалы, Адмиралтейство тұрғындары өзара үш бөлікке бөлінген. Матаинкор — моанус пен узиайлардың екі ортасында егіншілік, балықшылықпен айналысушылар мекендеген. Бұл үшке бөлінген тайпалардың араларында әдет-ғұрыптарында, тілдерінде айырмашылық болумен бірге, олардың сыртқы антропологиялық жаратылыстарында да айырмашылықтар бар. Бұлардың ішіндегі саны көп узиайлардың этникалық құрамының өзі әр түрлі. Олар кіші-гірім 20-дан астам бөліктерге бөлініп, көптеген диалектермен

сөйлейді. Кішкене бөліктер кабули, малай, пундру, ла-ла, сабон және т. б. болып аталады.

Жаңа Коледония, Фиджи тұрғындары тайпалық одактарға біріккен. Жаңа коледондықтар 40—50-дей тайпалық қауымға бөлініп, әр қауымда 500-ден 2000-ға дейін кісі болған. Бірнеше тайпалардың тайпалық одактың белгілі меншік жерлері, өздерінің аттары, диалектілері, әдет-ғұрыптары және көсемдері болған. Олар көсемдеріне салық төлеп тұрған. Тайпалар бір-бірімен жанжалдастып та отырған. Бірақ мұндай жаугершілік ұзаққа созылмаған. Онан кейін бейбітшілік орнап, тайпа араларында қайтадан қарым-қатынас басталған.

Әр тайпа бірнеше қауымға бөлініп, олардың ортақ меншік жерлері болған. Әр қауым экономикалық жағынан дербес ұжым болып саналған. Оның мүшелері қауымның жұмысына белсене қатынасқан. Егіншілікке, ба-лықшылыққа, үйлерді, қоғамдық құрылыштарды салуға әрқайсысы белсене қатысқан. Өндірілген байлық ұжымның барлық пайдасына жұмсалған.

Қауымның орталығы ерлердің үйлері болып, бұл үйлерде ерлер ер жеткен балаларымен бірге жатып-тұрып, тамактанған. Қоғамның ішкі және сыртқы мәселелері осы ерлердің ортасында талқыланып, шешілген. Эйелдер жас бала-шагаларымен кішірек үйлерде ерлерден болек өмір сүрген.

Меланезиялықтардың арасында матриархат пен патриархат дәстүрі қатар өмір сүрген. Мысалы, Жаңа Гвинейде, Жаңа Коледонияның онтустік-шығысында, Фиджи, Жаңа Тебридтің онтусігінде патриархат (әкелік) дәстүр үстемдік етсе, Меланезияның Соломонов, Ванико, Банкс және т. б. қалған аралдарында жұртты матриархат басқарған. Меланезияда аналық экзогамиялық руладың бірлесуінен фратерия құрылған.

Меланезиялықтардың қауымы қан жағынан туысқан адамдардан құралған және оны сол қауымның ішінен шыққан белгілі адам басқарған. Бір ру кіслері өзінің руының қызына үйленбеген. Үйлену мәселесін қауым басшысы шешкен. Бір қауымның адамы екінші қауымның адамымен отасуға тиісті. Тұрмысқа шыққан қызы ерійң қауымына келіп қосылған. Кейбір жерлерде, кепісінше, үйленген жігіттердің эйелінің қауымына бағып қосылғандары да байқалған. Меланезиялықтардың орталарында үйленерде қалынмал төлеген. Қалынмалды үйленуші жігіт емес, сол үйленушінің руы бөлісіп төле-

йен. Төлейтін заттардың ең бастысы шошқа және малюс-ка қабыршығынан ақша болған. Мысалы, XX ғасырдың бас кездерінде Газель жарты аралында мекендеушілер өздерінің байлық дәрежесіне қарай, 20—40 немесе 100—150 қабыршақ-ақшасын төлеп үйленген. Ал Адмиралтейство аралында қалынмалдың орташа мөлшері 100 қабыршақ мөлшеріне жеткен. Үйлену мерекесі онша киын болмаған. Қыз бен жігіт жағы бірге жиналып, билеп, тойды тамаша қылып бірлесіп өткізген.

Меланезиялықтардың отбасы ынтымақты болған. Бірақ отбасында экономикалық дербестік болмаған соң, көп әйел алуға рұқсат етілген. Алайда көп әйелді ру басшылары мен көсемдері және бай адамдар ғана алған. Ірі рудың көсемдерінің ондаған әйелі болған. Кейбіреулерінің әйелдерінің саны 30—60-қа жеткен. Меланезиялықтар жас балаларын есейгенше өздерінің жанында тәрбиелеп, үлдары ер жеткен кезде оларды ерлердің үйлеріне апарып қосқан. Бұдан байлайғы жас оспірімдердің өмірлері ерлердің үйінде тәрбиеленуге тиіс.

Меланезияның кейбір жерлерінде рулық қауымның ыдырап, таптық қофамға өте бастағаны байқалған. Мұндай жердегі тұрғындардың арасында жарлы, бай болып жіктелу басталған. Мысалы, шошқасы мен қабыршақ ақшасы көбірек кісілер бай болып саналған. Осындай мүлік теңсіздігінің нәтижесінде тайпалардың арасында қарама-қайшылтықтар күшіне түсін. Бір тайпаға қарсы екіншісі соғыс ашқан. Сондықтан тайпалар ішінен әскери көсемдердің басшылығы арқасында сарбаздар үйымдастықан. Әскерді үйымдастыруда, тайпаның ішкі-сыртқы мәселелерін шешуле «ерлердің одағы» шешуші рөл аткарған. Кейбір аралдарда әлеуметтік бөлінушілік жоғары дәрежеде болып, көсемдер демократиялық жолмен смес, атадан балаға мирасқа қалдыру жолымен басшылық еткен. Осындай жағдай Жаңа Коледония мен Фиджи аралдарында болған. Жоғарыда тоқталып өткендегі Фиджида Мбау корольдігі құрылған. Алғашқы кезде Мбау кішкентай аралдың көсемі болса, кейін соғыс арқылы көп тайпаларды біріктіріп, XIX ғасырдың бас кезінде Мбау корольдігі үйымдастып, қауымдық билік орнаған.

Меланезиялықтардың рухани мәдениетіне тоқталсак, олардың ортасында жаратушыға сену күшті болған. Сонымен бірге, аборигендер жаратылыстың құбылыста-рына, белгілі адамдардың рухына, ру, тайпа көсемдері-

не, әсіресе, олак көсемдеріне сиынған және olandың до-  
режесін үнемі көтермелеп, дәрітеп отырған. Ел арасында тәуітер (знахарлар) көп болған. Олар өздерінің аруақтарын, жын-шайтандарын, пірлерін шақырып, әр түрлі ауруларды емдеген. Олардың біреулері ревматизмді, екіншілері эпилепсияны, үшіншілері безгекті және т. б. сол сияқты ауруларды емдеудің маманымыз деп есептеген. Ішінде бал ашуышылар да болған. Кейбіреулері атадан келе жатқан халық медицинасының бай тәжірибесін пайдалаңып, ауруларды емдеудің біраз қырсырын менгерген. Тәуіптік — тұқым құған, әсіресе, әйелдер арасында тәуітер көн.

Аборигендер «ұшатын сиқыршыдан» қатты қорқып, оны пері, албасты («вувьм») деп түсінген. Бұл сиқыршыны әйкүмдер, «попова» деп атаған. Поповалар әйелдерден шығып, олар теңізде өлген адамдардың етін жеген, қыздарын кішкентайынан тәуіптікке тәрбиелеген. Сиқырши поповалар бал ашу арқылы қай кезде теңізде дауыл болатынын болжап отырған. Мұндай әйелдердің тұрмыска шығуына рұқсат етілген. Тұрмыстың дамуымен ру, тайпа көсемдері өлгеннен кейін, оны сол рудың құдайы деп те санаған. Қосем — тайпаның күні, шамшырағы деп түсіндірлген.

Меланезиялықтар, олардың ішінде папуастар ағаштан әр түрлі бүйімдар жасаған. Әр түрлі маскалар, ыдыстар және т. б. осылар сияқты бүйімдарды істеген және суретті жақсы сала білген. Барабан, сыйызы, теңіз малюскасының мүйізінен істеген музикалық аспаптары бар. Бірақ шекті аспаптары болмagan. Аборигендердің арасында аяқпен теуіп ойнайтын ойындар кең тараған. Әйкумендердің бәрі дерлік осы ойынды ойнайды десе де болады.

Халық медицинасында массаж жасау, қан алу, оташылық, әр түрлі шәптерден дәрі даярлау істері көбірек тараған. Керек десе, адамың бас сүйегін тесіп, ішіне дәрі жіберіп емдейтін дарежеге де жеткен.

Меланезияның көлшілік жерінің ауа райы тропикалық болғандықтан, Еуропадан келген отаршылар барлық жерін басып ала алмады. Іссы, дымқыл, климатқа европалықтар бірден үйрене коймады. Сондықтан Австралия мен Полинезияға қарағанда, шетел отаршылары Меланезия аралдарын біршама кейінрек отарлаған. Отаршылар, ең алдымен, ауа райы қолайлырақ Жаңа Коледония мен Фиджиға үмтүлды. Англия мен Франция

мемлекеттерінің арасындағы өзара таластан кейін, Жаңа Коледония 1853 жылы Францияның отары болады. Біршама кейінірек Франция Лонлти аралын да өзіне косыл алды. Франция мемлекеті Жаңа Коледонияға да сottалған саяси айыпкер адамдарды әкелген. Сөйтіп, бұл арал да жер ауып келген қылмыстылардың мекеніне айналды. 1871 жылғы Париж Коммунасына қатынасу шылардың көпшілігі Жаңа Коледонияға келіп, ауыр жұмысқа салынды. Әр түрлі себептермен жер ауып келушілердің саны жылдан-жылға қоғамдастырылған. 1896 жылы тек Жаңа Коледонияда олардың көпшілігі өздерінің айып жылдарын бітірген сон, осы жерде қоныстанып кала берген. Сөйтіп, Жаңа Коледония және т. б. Меланезия аралдарына қоныстанушылардың негізгі бөлігі Еуропадан жер ауып келген адамдар болатын. Бұл жерлерге өз еріктегімен аздаған француздар да келген.

Фиджи аралына бірінші болып XIX ғасырдың 30-жылдарында еуропалықтар келген. Миссионерлер болып келген олардың көпшілігі жергілікті тайпаларды, руларды өзара өшіктіріп, оларға мылтық және т. б. кару-жаралықтар берген. Аборигендердің бұрыннан нашар бірлігіне одан әрі қаяу түсіріп, еуропалықтардың Фиджиді тез отарласуына жағдай тудырған. Соның інтижесінде 1874 жылы Фиджи аралын Англия өзіне қаратып алған. Жаңа Гвинейдің батыс бөлігін 1828 жылдан бастап голландықтар, ал енді оның шығыс жағын 1884 жылы Англия мен Германия бөлісіп алған. Аборигендердің қоғамдастырылған жері - Жаңа Гвиней. Мұнда 2 миллионнан астам папуастар тұрады.

Меланезияны отарлаудың өзінше ерекшелігі болған. Еуропалықтар келгенге дейін Меланезия аралдарында көптеген жергілікті адамдар тұрып, олар өздерінің тарихи дамуы бойынша алғашқы қоғам құрылыштарында тіршілік еткен, содан да олар адамның адамды қанайтынын жақсы түсінбегендікten де еуропалықтардың қанай бастағынына аборигендер катты қарсылық көрсеткен. Олар келімсектердің плантациясында жұмыс істеуден бас тартқан. Мұны көрген отаршылар жергілікті халықтарды күш көрсетіп, бағындыруға тырысқан. Отаршылар аборигендерді андай аулап, қолға түскенін байладап-матап, кейбіреулерін алдап, кемемен Австралия, Фиджи, Полинезия жерлеріндегі отаршыларға апарып, құл ретінде сатқан. Бұл жердің отаршылары меланезиялықтарды аяусыз жұмыс істету арқылы канаган. Осын-

дай жолмен 40 жыл ішінде Австралияға алып барған 57 мың меланезиялықтардың тек бір мыңдай еліне қайтып келген, қалғандары сол жақта өлген. Жергілікті жұмысқа адам күші жеткіліксіз болған соң, отаршылар Меланезияға Азиядан жұмыскерлерді жалдап әкелген. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, жергілікті халықтың саны өте азайып кетті. Осы кезде 80 мыңдай болған жаңа коледониялықтардың жалпы саны 37 мыңға төмөндеді. Еуропалықтардың саны өсіп, 28 мыңға, азиялықтардың саны 8 мыңға жеткен. Осындай жағдайды фиджилықтардың тарихынан да көруге болады.

Фиджилықтар келімсектердің плантациясында жұмыс істеуден бас тартқан соң, отаршылар Индиядан жалдамалы жұмыскерлер әкеліп отырған. Сондықтан қазіргі кезде Фиджи аралы халқының 50 процентін үнділіктер курайды. Аборигендердің саны өте азайып кеткен. Жаңа Гвинейде әлі де жергілікті халықтардың саны келгендерге қарағанда анағұрлым көп.

Меланезия аралдары жер асты байлықтарына, әр түрлі минералдарға бай. Мысалы, Жаңа Гвинейде: мұнай, алтын, теніз маржаны, басқа да байлықтар өндіріледі. Оған қосымша қөптеген плантациялар, олардың ішінде қант құрағының плантациялары бар. Осы жергілікті байлықты өндіруде аборигендер мен сырттан жалданып келген жұмысшылар еңбек етеді. Отаршылардың қанауына қарсы меланезиялықтардың бас көтөрүлөрі еш үақытта тоқталған жоқ. Аборигендердің үлт-азаттық үшін болған күрестері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін күшіне түсіп отыр. Оңтүстік-Шығыс Азия, оның бірі Индонезияда үлт-азаттық күрестерінің көбеюі, Меланезия халықтарына да әсерін тигізуде. Жаңа Гвинейде саяси-экономикалық толқулар болса, бұл аралдың батыс бөлігінде папуас пен меланезиялықтардың үлт-азаттық күрестің жеңіске жетуі, Меланезия, соның ішінде Жаңа Гвиней халықтарын жігерлендіре түсті. Гвинейліктердің азаттық күресінен қорықкан австралиялық отаршылар папуастар мемлекетін құру керектігін мойындаї бастады.

### ПОЛИНЕЗИЯ МЕН ЖАҢА ЗЕЛАНДИЯНЫҢ ХАЛЫҚТАРЫ

Полинезияның жергілікті халықтарын Я. Я. Рогинскийдің пікірі бойынша, полинезиялық пәсілге жатқызды. Оның негізгі белгілері: бойлары биік (170—173 см.),

түктері және сақалдары онша өсіреген, бет пішіні жалпақтау, мұрындары кең. Бұл белгілердің көшілігі Австралия және Меланезия нәсілдерінде де кездеседі. Сонымен қатар полинезиялықтарда монголоидтық нәсілдің де белгілері бар екені байқалады. Осы ұқсастықтарына қарағанда, полинезиялықтар көрші нәсілдермен қарым-қатынастар жасаған болуы керек. Мұндай пікірді орыс этнографы Н. Н. Чебоксаров та қолдайды.

Полинезиялықтардың этногенезі жөнінде көптеген пікірлер бар. Оларды үш топқа бөлуге болады: автохтондық (аборигендік) теория; Америкадан келіп шықты дейтін теориясы; Азиядан келіп шықты дейтін теория.

Автохтондық теорияны қолдаушылардың көшіліктері еуропалық саяхатшылар болған. Тынық мұхиттың аралдары алғашқы заманда үлкен материкиermen жалғасып, Азия мен Американы қосып жатқан, ал кейін геологиялық апattyң нәтижесінде арал болып бөлініп қалған деген пікірге келген. Бұл пікірді испандық хатшы Кирсадан бастап, XVIII ғасырдың саяхатшысы Кук бұл жердіңaborигендері геологиялық апattyң нәтижесінде «аралдарда сақталып қалған адамдардың үрпактары» деген тұжырым жасайды.

Автохтондық теорияны қолданушылар да болған. Олардың бірі француз Лессон еді. Ол көп жылдар бойы Океания аралдарында дәрігер болып істеп, жергілікті тұрғындардың арасынан көптеген деректер жинап, өзінің 4 томдық еңбегін шыгарған. Ол XIX ғасырдың 80-жылдарында полинезиялықтардың пайда болуы жөнінде мынадай пікір білдірген: «Полинезиялықтар онтустік-батыстан солтустік-шығысқа қарай тарап, анығырақ айтқанда, Жаңа Зеландиядан осы күнгі Полинезия аралдарына келген», дейді. Бірақ Лессонның және оның пікірлестерінің автохтондық теорияны дәлелдейтін деректері жеткілікті дөрежеде болмаған.

Океаниялықтарды, оның ішінде полинезиялықтарды Америкадан келді деген пікірді қолданушылардың бірі - Эллис. Ол полинезиялықтардың тілдері мен әдет-ғұрыптарының, заттай мәдениетінің үндістермен кейбір ұқсастығына қарап, океаниялықтар Америка құрлығынан тараган деп тұжырым жасаған. Океаниялықтар ерте заманнан бері Америка және Азия құрлықтарымен байланыста болғаны мәлім. Соның жылдарда норвегиялық Тур Хейердал Эллистің пікіріне қосылып, Полинезияға адамдар Америкадан келіп тараган деген қорытынды

жасады. 1947 жылы Тур Хейердал өзінің бес жолдасымен Перу мемлекетінің жағасынан салға мішіп, Полинезия аралдарына барған. Ол бұл сапарды өз пікірін дөлледеу үшін ұйымдастырыған.

Океаниялықтар, оның ішінде полинезиялық Батыс Азиядан келген деген ғылыми қорытындыларды қолдаушылар көп. Бұл пікірді XVII ғасырда Бугенвель, Лаперуздар айткан болса, қазір де көшілік ғалымдар оны қуаттайды. Себебі полинезиялықтардың тілдері меланезиялықтардың, микронезиялықтардың, керек десе, мадагаскарлықтардың тілдеріне ұқсас. Мұндай жақындықтар жайдан-жай болды деуге болмайды.

Полинезиялықтардың тілдері малай-полинезиялық тіл семьясына жатады. Осы тіл семьясына кіретін халықтар Тынық және Үнді мұхиттаратындағы көптеген аралдардан Мадагаскарға дейінгі кеңістікті алып жатыр. Полинезиялықтар бір-бірінен қашығырақ орналасқан аралдарда тұрса да олар бір-бірлерінің тілдеріне түсінеді. Полинезиялық Те Ранги Хироа өз халқының тілін және тұрмысын этнографиялық жағынан зерттеген ғалым.

XIX ғасырдың басында Полинезия мен Жана Зеландияны 600—700 мыңдай адам мекендеген. Олардың көншілігі Самоа, Тонга, Таити және Маркиз аралдарында тұрған. Самоа мен Таитида 150—200 мың, Маркизде — 100 мың, Тонгада — 30 мыңға жуық кісі тұрған.

Отарышылардың келгеніне дейін полинезиялықтар өздерінің құралдарын: тастан, ағаштан, сүйектен, малюска қабыршағынан өте шеберлікпен істеген. Олардың түрі темірден істелген құралдарға ұқсас болған. Соған қарағанда полинезиялықтардың ата-бабалары Онтустік-Шығыс Азиядан келгенде, өздерімен бірге темірден жасалған саймандарды ала келген болуы мүмкін. Жаңа мекенде темір кеңінің жоқ болуының нәтижесінде қоныстанушылар темірдің орнына тастан және басқа заттардан құрал-саймандар жасаған.

Полинезиялықтардың негізгі құралдарының бірі — тас балта. Оның басын имитіп, ағашқа саптап, шаруашылықтың әр түрлі саласына, әсіресе, егіншілікке қолданған. Бірақ тас балталар арал тұрғындарының бәріне бірдей тарамаған. Полинезияның батыс аймағына сабы жоқ балта көп тараса, оның шығысында сапты балтаны пайдаланған. Тас балталар әмбебап қызметті атқарған. Ағаштан және қабыршақтан балтаның жер-

демімен көптеген бүйімдар, мұсіндер жасаган. Егіншілік жұмыска пайдаланылатын ұшын үшкірлеген ұзын ағаштан істелген «Ко» немесе «О» дейтін құрал болған. Осы ағаштың жәрдемімен жерді қосытып, кесек топырақты ұнтақтаған.

Аборигендердің құралдарының нашар болуына қарамастан егіншілік — полинезиялықтардың арасында ертеден дамып келе жатқан шаруашылық. Қоңшілік аралдарда өсімдіктерді қолдан суару арқылы өсіреді. Олар жерді өздерінше өндеген. Ол үшін егістік аланды әр түрлі тыңайтыштармен құнарландырган.

Әйкумендер әр түрлі жеміс ағаштары және бау-бақшашилықты көбірек егеді. Жеміс ағаштарынан: нан ағашы, кокос пальмасы, банан; бау-бақшада өсетіндерден: таро, ямс, батат, аскабақ, қабақ және т. б.

Алғашқы уақыттарда егіншілік кәсібімен әйелдер мен балалар айналысқан болуы мүмкін. Кейінгі кездерде егіншілікпен ерлер мен әйелдер де қатар шұғылданады. Егінге кейбір аралдықтардың ерлері көбірек көңіл бөлсе, әйелдер мен балалары жабайы өсімдіктердің жемісін, тамырын жинаиды.

Полинезиялықтар үй жануарларына онша бай емес. Олардың бағып-өсіретіндері: шошка, ит, тауық. Шошка —aborигендердің арасына кең тараган хайуан. Полинезиялықтар оны өздерімен бірге алып келген болуы керек. Рудың, тайпаның басшылары (көсемдері) шошқаны көптең өсіреді. Сондыктan оларды бай адамдар деп санайды. Полинезиялықтардың иттері аласа бойлы, үрмейді, аң ұстамайды. Әйкумендер оны еті үшін асырайды. Тауықтың етін жейді, жұмыртқасын тамаққа жұмсамайды.

Полинезиялықтар балық кәсібімен ерте уақыттан бастап айналысқан. Негізгі құралдарының бірі ұзындығы 150—160 метрлік ау болған. Оны ру-ру болып тоқып, бірлесіп ортақ пайдаланады, соナン соң ұстаган балықтарын тен бөлісken. **Мұндай үлкен тор** рудың, оның көсемінің меншігі болып есептеледі, өсіреке, өздерінің мерекелеріне арналған балық аулайды. Осы тормен балық аулауға ру мүшелерінің барлығы қатынасқан. Әр отбасының немесе бірнеше әулеттің кіші-гірім торлары болып, ол тормен күнделікті балықтарын аулайды. Балық аулау үшін тастан, сүйектен істелген қармақтарды пайдаланған.

Полинезиялықтар балық аулауда бірнеше әдістерді колданған. Балық жүретін судың таяз жерін таспен қоршап, сол жерге жиналған балықты қолдарымен ұстаған. Судың ішінде тұрып немесе қайыктың үстінде бара жатып, балықтарды таспен де ұрып ұстаған.

Полинезиялықтар акуланы ұсташа үшін, үлкен аппак сүйекті ұзын жіпке байлап алғып, жүзіп бара жатқан қайыктың артына тіркеген. Сүйретілген сүйек жүзген кезде судың бетінде ағарандап, судағы жүзіп жүретін балық сияқтанып көрінген. Мұны көрген акула балық екен деп сүйекке жақындағанда, қайыктағы кісілер секіріп суға түсіп, оны қоршап тұрып, ұрып алған. Теніз тасбақасын аулаудағыaborигендердің әдісі де көңіл аударарлықтай. Ол үшін үлкен де мықты етіп тоқылған ауды тасбақаның жолына құрып тастаған. Құрғақтан суға түскенде немесе судан құрғаққа шығарда құрған торға оратылып, судың астан-кестенін шығарған. Торға түскен тасбақаны, суға жаксы сұңгитін адам үркітіп, жағаға жақыннатқан. Сол кезде жиналған адамдар жабылып, бақаны құрғаққа шығарған. Тасбақаны ұсташаға қатынасу, оны қолға түсіру,aborигендердің өміріндегі елеулі, құрметті күндерінің бірі болып саналады. Тасбақаны ұстаған ру сол күнді мереке ретінде откізгін. Қобінесе полинезиялықтар оны өздерінің ұлттық мереке күндеріне арнап аулаған.

Полинезиялықтар аңшылықиен көп айналысқаиды. Олар жабайы қөгершіндерді, егеуқүйрықты садақпен атып алған.

Полинезиялықтардың тамақтарының түрлері өздерінің шаруашылықтарына байланысты. Қоңтеген тамақтары өсімдіктерден жасалған. Еттен дайындалатын тамақтары онша көп емес. Аборигендер шошқаның, пттің, тауыктың, жабайы қөгершіннің, балықтың етін жейді. Оған кося жәндіктерді тамақ етеді. Тасбақаның етін өздерінің мерекелеріне арнап пісіргенмен, ол барлығына жеткіліксіз болғандықтан, ру басшылары сияқты құрметті адамдар көбірек жеген.

Тамақтардың көпшілігін отқа қақтап пісірген. Саз балышқтан күйдіріліп істелген ыдыстары болмағандықтан, кейбір тамақтарды ағаштан ойып жасалған ыдыска қайнатқан. Ол үшін ағаш ыдыска су құйып, оның ішінде қызған тасты салып, суды қайнатқан, сол судың ішінде банан салып пісірген. Ет, балық тамақтары жерошақта пісірілген. Тамақты қайнатып және қақтап пісіру әдіс-

тері жоғарыдағы тоқталып откен меланезиялықтардың тамақ дайындауына ұқсас. Сусындарының ең бағытының кокос жаңғағының сүті. Оған қосымша өсімдік тамырларының шырынын сорады және аштып та істейтіп «кава» деген сусындары бар.

Полинезиялықтар өздерінің теңізде жақсы жүзуімен, әр түрлі қайықтарды жақсы жасауымен өзге жүртты таң қалдырған. Үлкен-үлкен кемелерді жасағанды ағаштарды бір-бірімен өсімдік қабығынан мықты стіп істелген жіппен бекіткен. Аборигендер жасаған дара және косарлы кемелерге көп адамдар сыйған. Кемелерді ескек және желкенмен жүргізген. Эйкумендер бірнеше жүз километр кай мезгілде болса да адаспай жүзіп барған. Олар судың ағысына, желдің соғысына, күнге, айға, жұлдызға қарап баратын бағытын белгілеген. Жүзушілер ұзак жолға шығарда өздерімен бірге тамактарын, тұшы суды ала жүрген.

Аборигендер түрмисқа керекті көп заттарды колдан жасаған. Эсіреле, ағаштан ойып әр түрлі ыдыстар істен, тоқыған. Полинезиялықтардың үйлерін төрт бұрышты және сопақ етіп тұрғызып, қабырғаларын шимен қоршап, төбесін су өтпестей етіп пальманың жапырағымен, шөппен жапқан. Кейбір аралдарда үйдің іргетасын биік етіп, тастан жинаған. Жаңа Зеландияның ауа райы салқынырак болғандықтан және ағаштың молдығынан бұл жердің тұрғындары үйлердің көпшілігін ағаштан жасайды. Ондай үйлердің сыртқы кіре берісін әшекейлеген.

Аралдықтардың киімдері өсімдіктердің қабығымен тамырларынан иірілген жіптерден тоқылған материалдардан істелген. Ерлер белбеу тәрізді лыпа кисе, әйелдері қыска, белішен төменгі денесін жабатын етеккөйлек киген. Бұлардан басқа да құстың терісінен тігілген сұлық, құс кауырсынынан істелген киімдер де болады. Кейінгі кездерде аралдықтардың арасында мұлтік тенсіздігінің пайда болуымен ру, тайпа көсемдері, бай адамдары әр түрлі фабрикада істелгеш мatalardan киімдер тіктіріп киген. Өздерінің ертеден келе жатқан әдет-ғұрпы бойынша, полинезиялықтар денелерін суреттеп, нақыштауға айрықша көніл боледі. Кейбіреулері денелерінің барлық жерін әр түрлі нақышпен бөзендірген. Жергілікті тұрғындар өздерінің мерекелеріне мейлинише жақсы бөзеніп қатынасқан.

Еуропалықтардың келер алдында полинезиялықтар

таптық қоғамға өте бастаған. Бірак бұл процесс барлық аралдарда бірдей емес, кейбір аралдар мен архипелагтарда алғашқы қоғамның қалдықтары көбірек болса, кейбір жерлерде таптық қоғамдық басқару әдістері едәуір алға кеткен. Ертеден келе жатқан рулық басқару әдісіне сүйеніп, еңбекшілерге жұмыс істетіп, өндірілген байлықтың басым көшілігін ру көсемдері, оның жәрдемшілері иеленген. Полинезиялықтардың тарихи дамуы осындай таптық қоғамга алып келген. Жұптық отабасы және үлкен әulet болып өмір сүрген. Қан жағынан туысқан, 3—4 атадан өрбіген ерлер бірлесіп, бір қауым болса әр қауымда 30—50 жұп отбасы болған. Содан келіп қауымдық әulet келіп шыққан. Қауымдық әuletтің мүшелері бір жерді мекендейді. Жер, өндірілген байлық сол қауымың меншігі болып саналған. Оларға қауым көсемі басшылық етеді. Қауымның ішкі және сыртқы мәселелерін бірлесіп шешкен. Үлкен әuletтің де өз басшысы болған. Бірак оның рөлі әр отбасы арасында жоғары дәрежеде болады да, ірілі-ұсақты мәселелерді өзі шешіп, өзі өлгеннен кейін, оның орнына мұрагер балалары сайланған. Сөйтіп, басшылар мен оның жақындары ақсүйектік жікке бөлініп, басқаларын қанаған. Бірнеше әuletтік құрамалардың бірлесуінен жерлестік қауым ұйымдастып, әр әулт қауымының басшыларынан кеңес құрылған. Бұл кеңес басқарушы орын болып, жерлестік қауымның ішкі-сыртқы мәселелерін шешіп отырған.

Сөйтіп, полинезиялықтардың тапсыз қоғамнан таптық қоғамға өтуі дүние жүзіндегі басқа халықтар өткен заңдылық жолмен дамыған. Бір шетте еңбекшілер өмір сүрсе, екінші жағында көсемдер және сол сияқты қанауыш тап пайда болған.

Полинезиялықтардың рухани мәдениетіне келсек, олар әр түрлі жаратылыстың құбылыстырына, әлемнің құрылышы туралы нағым-сенімдерге (космология) көбірек иланған. Өздерінің құдай деп санаган заттарының орындарына немесе көсемдерінің қабырларына сиынған. Аборигендердің 4 пантеондары болған: Тане, Ту, Ронго және Тангароа. Бұлар эйкумендердің басты құдайы болып саналса, мұлік тенсіздігі келіп шыққан сайын, жоғарыдағы аттары аталған 4 басты құдайларындай әрбір рудың, тайпаның көсемдерінің әсері күшті болып, соларға сиынған. Полинезиялықтар өздерінің түсінігі бойынша, ол дүние және бұл дүние деп тіршілікті екіге

бөлгөн. Адамның өзі өлгенімен жаны ол дүниеге ба-  
рып өмір сүреді деп, өздерінің көсемдері өлсе, оны  
жақсы көретін заттарымен бірге жерлеген. Өлікті жер-  
леу салтанаты дін басылардың басшылығымен өткі-  
зілген.

Полинезиялықтар көркемдік қолөнеріне шебер бол-  
ған, әр түрлі бұйымдарды өрнектеп, безендірген, қайық-  
тарды, үйдің алдың, соғыс құралдарын, үй ішіне ұста-  
латын бұйымдарды, ағаштан, тастан істелген мүсіндерді  
және т. б. әсемдеп жасаған. Бұларды шетінен суретші,  
өнерпаз деуге болады.

Аралдарда музыкалық шекті аспаптар жок. Олардың  
ауызben үрлеп ойнайтын, қолмен ұрып дыбыс шығара-  
тын ұлттық музыкалық аспаптары бар. Оның сүйемсле-  
деуімен жеке адамдар ән салады. Үлкен мерекелерде  
бәрі бірігіл ән шырқайды және аяқпен ойнайтын ойынсыз  
бірде-бір жынын-той өтпеген.

Полинезиялықтардың өздеріне лайыкты жазу-сызу-  
лары да болған. Н. Н. Миклухо-Маклай Пасхи аралында  
тұрушылардың арасынан тақтайға жазылған біраз  
жазуын кездестіріп, оның екі тақтасын Петроградқа  
алып келген. Қазір де бұл жазу Санкт-Петербургтегі  
антропология және этнография музейінде сакталуда.

Аборигендердің жас өспірімдерді тәрбиелеуге арналған  
мектептері болған. Бұл оку орындары төменгі және  
жоғары таптың мектептері болып екіге бөлінген. Төменгі  
таптың балаларына дін басылар ата-бабаларының әдет-  
ғұрыптарын үйретіп, оларды құнделікті тұрмысқа бағ-  
дарлап тәрбиелеген. Жоғары таптың балалары оқытын  
мектепте астрономия, мифология, генеология, теңізде  
жүзудің әдістері, өз халқының салт-дәстүрлері үйретіл-  
ген. Сөйтіп, бұл мектептің түлектеріне кеңірек көлемде  
білім берген. Барлық сабак мектептерде ауызекі жүргі-  
зіліп, оку жылы емтихан тапсырумен аяқталған.

Полинезия аралдарын Еуропадан келгендер XVIII  
ғасырдың аяғында отарлай бастаған. Алдымен бұл жер-  
ге саудагерлер келіп, жергілікті халықтың қолындағы  
інжу-маржандары және тағы басқа қымбатты заттарын  
түкке тұрмайтын нәрсөлөрге айырбастап алған. Сауда-  
герлермен бірге Тынық мұхиттағы аралдарға, сондай-ақ  
Полинезия жерлеріне отаршылар да келіп жеткен. Сау-  
дагерлер мен отаршылар бірлесіп, жергілікті халықтар-  
ды алдап, күш көрсетумен бағындырған. Аборигендердің  
бірлесуіне жағдай тудырмау үшін, отаршылар бір руды

екінші руға айдаған салып, олардың арасында алауыздық тудырып отырған. Осының нәтижесінде эйкумендерді өз жерлерінен ығыстырып, құнарсыз, шөл жерлерге шығарып, олардың ежелгі мекендері европалықтардың қолдарында қалған. Қөвшілігі аштан, аурудан өлсө, қарсыласқандары отаршылардың қолынан қаза тапқан. Сөйтіп, жергілікті халықтардың саны күрт азайып кеткен. Егерде XVIII ғасырдың аяғында Полинезия аралдарында мекендеушілердің саны 1, 1 млн. адам болса, XX ғасырдың басында олардан 180 мың адам ғана қалған.

XIX ғасырдың ішінде-ак Еуропаның сол кездегі ірі капиталистік елдері Англия, Франция, АҚШ, Германия мемлекеттері Тынық мұхиттағы көптеген аралдарды, архипелагтарды бөліп алуға кіріскең. Осының нәтижесінде өткен ғасырдың аяғында Полинезия жеріндегі аралдары да бөлініске түскен. Отаршылар жергілікті халықтардан салық жинап, міндетті түрде өндіріс орындарына апарып жұмыс істеткен.

Аборигендердің көвшілігі ауылдық жерде тұрады, қалада тұрушылар аз. Олар судың жағасындағы сауда порттарында жүк тасиғы, өндіріс орындарында жұмыс істеп, көше тазалайды т. б. сол сияқты қара жұмыстарды істеп күн көреді. Олардың ішінде жұмыс таба алмай, қайыр сураушылар да аз емес. Бұлардың көвшілігі қалада тұрып күн көре алмаған соң, өзінің рулық қауымына барып қосылған.

Ауылдық жерде тұрушылар бұрынғыша егіншілікпен айналысады. Олардың қуралдарында өзгеріс шамалы. Жерді бұрынғы ата-бабадан келе жаткан құрал-саймандармен өндейді. Еуропалықтар оларға темірден істелген балта, балға т. б. сол сияқты қуралдарды әкелгенмен, олардың еңбегін жәнделетуді ешкім де ойламаған. Ауыл шаруашылығында монокультура кең орын алған. Мысалы. Крисмас, Фаннинг, Уа-Хука аралдарында тек кокос плантациясы кеңінен тараған. Сондықтан басқа мәдени өсімдіктер бұл жерлерден ығыстырылып шығарылған.

Казіргі полинезиялықтардың қоғамдық басқару тәсілі әулеттік қоғам болып отыр. Себебі отаршылардың жергілікті халықты өздерінің көсемдері арқылы басқару өте қолайлы. Сондықтан еуропалықтар оны сактап, күштігүе әр уақытта жағдай туғызып келген. Осы байтта христиан шіркеуінің өкілдері де жұмыс істейді.

Қоғам басшылары өздерінің қарауындағы кісілерге басшылық етеді.

Шетел отаршыларының және өз ішіндегі басшыларының қанауына қарсы болған қозғалыс полинезиялықтардың арасында әр түрлі түрде болып келе жатыр. XX ғасырдың басынан бері Самоа аралының халқы Германия және АҚШ-тың жүргізген саясаттарына қарсы шығып, өздерінің наразылықтарын білдірді. Олардың арасында *Мау* («Лига») үйымдастып, бір ұраның астында құресуде Американдық Самоада тұрушуylар көтерілске шығып тұрған.

Полинезиялықтардың өздерінің тағдырларын өз қолдарына алу жолындағы күрестері екінші дүниежүзілік соғыстан кейін күшейіп отыр. 1947 жылдың 6 наурызында Самоа аралының 46 көсемінің қолдары қойылып, Біріккен Ұлттар Ұйымына жазған хаттарында Самоа аралы тұрғындарына бостандық тенденция беруді сұраған.

Отаршылар, әсіресе, Англиядан келгендер жергілікті халықтарды мекендерінен қуып шығып, ол жерге қойысірген. Жергілікті маор тайпаларының адамдарын зорлап, кит, тюленъдерді аулауға жұмысаған. Отаршылардың осы қорлықтарына шыдамаған маорлар 1843—1872 жылдар арасында ерлік көрсетіп, ағылшындармен соғысқан. Маорлардың арасында алауыздық тудырудың арқасында, көтерілішілерді қанға батырып жеңген. Сондықтан XIX ғасырдың аяғында маорлардан тек 40 мыңдай ғана адам қалған. XX ғасырдың басында Жаңа Зеландия капиталистік жолмен дами бастағандықтан, 1901—1906 жылдар арасында маорлардың саны 4 мың адамға көбейе түскен. Мемлекеттік тілі ағылшын тілі, Англияның отар елі болып келді.

Өздеріне тенденция пен бостандық алу жолындағы күрестері — Полинезияның барлық тұрғындарының түбектейлі аңсаған армандарының бірі.

## МИКРОНЕЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ

Микронезия (грекше — «кішкентай аралдар»). Үлкенді-кішілі мың жарымдай аралдардан құралған. Микронезияның жалпы жер көлемі 3,4 мың шаршы шақырым. Бұл аралдар кең-байтақ мұхитта жайылып жатқандықтан, судың көлемімен қосып есептегенде 14 млн. шаршы шақырым болады.

Микронезиялықтар өздерінің антропологиялық жағынан меланезиялықтар мен полинезиялықтарға ұқсайды. Оның ішінде меланезиялықтардың әсері күштірек. Оңтүстігінде меланезиялықтардың, оңтүстік-батысында азиаттардың әсері көбірек.

Тіл жағынан микронезиялықтар малай-полинезиялықтардың тілдеріне ұқсас. Бұрын олардың жазба тілі болмаған.

Еуропа отаршылары келгенге дейін, микронезиялықтар өздерінің шаруашылығы мен мәдениетін біршама дамытқан. Олардың негізгі құралдары тас пен ма-люска қабыршағынан істелген. Егіске қолайлы жерлер аз болған себепті, жеміс ағаштарын көбірек өсірген. Аборигендердің құралдары: жерді қопаратын өткір үшін бар ағаш (танум), тастан істелген кетпен (акоа) және қабыршақтан жасалған балта. Сулы жерлерде күріш егіп, оны пышақпен орып алады. Эйелдер бала-шағаларымен ағаштың қабығынан, жапырағынан, бұтасынан ши, себет т. б. сол сияқты үй бүйімдарын тоқыған. Тамак болатын ағаш жапырақтарын, сабактарын жинап балаларын тәрбиелеген.

Ал балық аулау кәсібі арал тұрғындары арасында жақсы дамыған. Ағаштың қабығынан істелген жіптерден ұзындығы 30—40 метрдей ау тоқыған. Оның үстінгі жағына бамбук ағашынан қалтқы байлайды. Одан басқа да қармақ, ағаштың шыбығынан істелген иәрете, сунғат т. б. балық аулау құралдары болған.

Бұлар да ашиқ теңізде жақсы жүзс білген. Олардың косарландырып істеген кемелеріне үш мүйісті желкен орнатқан. Қайықты, үйлерді ер адамдар жасаған.

Ру көсемдерінің үйлерін тастан өрілген тіреулердің үстінен салған. Оның төбесін итарқалап жапқан. Ал қарапайым кісілердің үйлері ағаштан істелген тіреулердің үстінен пальманың жапырағымен жапқан лашықтар тұрғызған.

Эйкумендер өздерінің жерлеріне ауыл-ауыл болып орналасқан. XVII ғасырдағы деректерге қарағанда. Әрбір ауылда 50—150 шамасында лашықтар болған. XVII ғасырда Маркан аралдарында барлығы 103 үй болып, оның 53-де ру басшылары тұрған, ал 150 лашықта қарапайым кісілер тұрған. Ерлердің тұратын үйлерін үлкен және әдемілек жасаған. Оның кіре берісін әр түрлі өрнектермен, суреттермен әшекейлекен.

Микронезиялықтар тасты шеберлікпен пайдаланған. Ірі-ірі тастандардан үйдің іргетасын, қабыргасын қалау быттай тұрысын, өздерінің көсемдерінің мұсіндерін де жасаған, олардың денесін салып көметін тастан табыт істеген. Коралл аралдарында тұрушылар тәңіздің күшті толқынынан қорғану үшін, аралдың жағаларына тастан өріп, қорған соққан.

Ауа райының жұмсақ болуына байланысты киімдерінің түрлері аз. Қөшілік жағдайда өсімдіктердің жібінен тоқылған маталардан бөлдік, белбеу істеп киген. Ағаштың жалырағынан тіккен жамылғылар мен күләпаралар киіл, жаңбырдан қорғанған. Микронезиялықтар полинезиялықтар сияқты денелеріне сурет салмаған.

Микронезиялықтардың ерекшеліктерінің бірі, жерле-рінде тау-тас болмаған себепті, құралдарының қөшілігін қабыршақтан жасаған. Сондыктан бұл жердің мәдениеті батыс полинезиялықтарға ұқсанқырайды.

Микронезиялықтар жоғары және төменгі деп атала-тын бөліктерге бөлінген. Жоғарғы бөліктерге тәңізде жүзушілер, әскери адамдар, қайық істеушілер, тәңізши-лер жатса; төмендегілерге шаруалар, егіншілер, балық-шылар т. б. сол сияқты қара жұмыспен айналысушылар кірген. Төменгі бөліктің адамдарына жоғарылардың үйлеріне баруға, олармен бірге отырып табақтас болуына рұқсат етілмеген. Ру, тайпа көсемдері, басшылары үлкен күкіртқа ие болып, қарауындағы адамдарды жұ-мысқа қосып, олардың үстінен жалпы басшылық жур-гізген. Осындай таптық қатынастың арқасында микро-незиялықтардың арасында рушылдықтың қалдықтары сакталған. Мысалы, аборигендердің жақындықтары ана-лары бойынша саналған. Олар ру-ру болып, бірлесіп еңбек еткен. Эйелдер — қоғамда жоғары дәрежелі орынға ие. Қыздары тұрмысқа шыққанша, өз еріктері-мен жүрген. Ерлер эйелдерге бағынышты болған. Микро-незиялықтардың шаруашылық, қоғамдық орталығы үлкен әulet болып есептелген.

Аралдарда тұрушылар өлген адамдарының, ата-ба-баларының аруақтарына сиынған. Олардың орталарын-да бақсылар және дін басылары болған.

Микронезиялықтардың шаруашылықтары, қоғамы және мәдениеті европалықтар келгенге дейін жоғары дә-режеде болса, отаршылар келгенен кейін өте ауыр жағдайға душар болды. XVI ғасырда европалықтар ба-тыс микронезиялықтарға келіп жеткен. Бұл жерге ал-

ғашқы келушілер испандықтар (чұмморо) болған. Олар аборигендерді қатты қанаған. Осындаи зұлымдығына қарсы Мариан аралдарының тұрғындары геморролар өздерінің азаттығы үшін, көп жылдар бойына отаршылармен соғысқан. Бірақ екі жақтың күші тен емес еді. Ол кезде аралдықтардың саны 100 мыңдай ғана болса, кейін отаршылар олардың санын өте азайтып жіберді. Палау аралының халқы 50 мыңдан 9 мыңға дейін төмендеген.

Аборигендер испандар, филиппиндер, жапондар т. б. сырттан келушілермен араласып кеткен. Соның нәтижесінде микронезиялықтардың мәдениеті өзгеріске үшірағанына қарамастан, ежелгі халықтар мәдениетінің қалдықтарын әлі де болса кездестіруге болады.

Микронезия өз басынан бірнеше отаршыларды өткізді. Бұл аралдарда Испания 200 жылдай билесе, онан кейін бұл аралдарға Жапония өз үстемдігін жүргізді. 1944 жылдан бастап Микронезия АҚШ-тың қол астына өтті. Микронезияның көптеген аралдарына АҚШ-тың әскери базалары орналасқан. Оның үстіне АҚШ осы күнгі термоядролық, ракеттік және т. б. сол сияқты адамдарды жаппай қыруға арналған құралдарды сынайтын полигондар орналастырған. Осындаи өздерінің ежелгі мекендеріне ие болмаган соң, олардың экономикасы мен жалпы тұрмысы қыншылық жағдайға душар болып отыр. Мысалы, жергілікті халықтардың негізгі тамақтарының бірі кокос пальмасын өсіру өте төмендеп кеткен. Сондай-ақ қант плантацияларына да күтім болмаған соң, одан алатын өнім төмендеп, қант зауыттары тоқтап қалған. Жеміс ағаштары да азайып кеткен. Сондықтан аборигендер тек АҚШ-тың әскери базаларындағы қара жұмыстарды атқарады. Олардың тұрмыстары өте нашар және мәдени дәрежесі төмен. Қазір микронезиялықтардың жалпы саны 110 мыңдан артық емес.

Австралия мен Океания халықтары өздерінің келіп шығуы, этникалық өзгешелігі, даму жолдарымен бір-бірінен ерекшеліктері бар. Олардың өздеріне тән тарихы мен мәдениеті бар. Қазіргі қолдағы бар деректерге сүйене отырып, жергілікті халықтардың этногенезін толығырақ болжауға болады. Бірақ Австралия, Тасмания халықтарының тілдері жөнінде аз болғандықтан нақты мағлұмат берілмеді. Кейбір мәселелерді толық шешу үшін, археологиялық зерттеулер айтарлықтай жүргізілмей отыр. Сондықтан негроидық, монголоидық

белгілер жергілікті халықта қалай, не себепті пайда болғаны анықталмай келе жатыр.

Австралия мен Океания халықтарының үлкен құрлықтардан шалғай орналасуы, олардың тарихи дамуына үлкен зиянын тидірген. Оған қосымша аралдарда тұрушылардың өзара қарым-қатынастары да нашар болған. Осындай географиялық қарым-қарынастардың кем болуы, австралиялықтар мен океаниялықтардың артта калуына алтып келген. Австралиялықтар мен океаниялықтар отаршылыққа ұшырап, қатты қаналса да әр аралдың тұрғындарының тарихи тағдыры өздерінше болғанын көреміз.

Австриялықтарға қарағанда Океанияның халықтарының отаршылыққа айналуы біршама өзгеше. Аборигендер отаршылармен қатты соғыссып, ағылшындар Жаңа Зеландияны көп жылғы соғыстың нәтижесінде өзіне әрен бағындырыған.

Маорлар барлық тұрғынның 5,8 проценті ғана. Олардың көпшілігі — шаруа (дикан), кіші фермерлер, арендаторлар, капиталистердің плантацияларында істейтін жұмысшылар. Ағылшындармен көбірек араласқан. Океаниялықтар отаршылармен өздерінің азаттығы мен бостандығы үшін көп жылдар бойы күрескен. XVI—XVII ғасырларда мариандықтар-чаморлар испандықтармен соғысқан, XVIII ғасырдан олар европалықтармен, 1843—1872 жылдары Жаңа Зеландиядағы моарлар өздерінің азаттық соғысын жүргізген. 1873—1879 жылдары, 1913, 1917 жылдары француз отаршыларына карсы жаңа коледониялықтар батырлықпен соғысты. Микронезиялықтар 1910 жылы немістермен, жапондықтармен күрескен, осы ғасырдың басында арал тұрғындарының арасында ұлт-азаттық жолындағы күрестері күшіне түскен. 1920 жылы Самоа аралында ұлттық үйым May («Лига») үйімдасқан. Ол үйым «Самоа аралы — самоаттарға!» — деген ұраимен күрес жүргізген. 1935 жылы бұл әрекет күшіне түскен. Қазіргі кезде австралиялықтар мен океаниялықтар отаршыларға карсы күресуде.

## ШЕТЕЛДІК ЕУРОПА ХАЛЫҚТАРЫ

Еуропа — жер шарының шағын бір бөлігі. Оның жалпы қолемі 10 млн. шаршы шақырым. Табиғаттың географиялық жағдайының және кейінгі кездерде тарихи кезеңдерінің қолайлы болуының інтижесінде адамдардың тұрмысының, мәдениетін жедел дамытуға қолайлы жағдай тигізді. Әсіресе, Батыс Еуропа тұрғындарының ішерілеуі 4—5 ғасыр ішінде алға күрт өрлеп кетті.

Шетелдік Еуропа елдерінде 1961 жылғы мағлұмат бойынша, 428 млн. халық тұрады. Бұл дүние жүзінің тұрғындарының оннан тоғыз бөлігін құрайды. Шетелдік Еуропада үлкенди-кішілі 58 ұлт мекендейді.

Еуропа — алғашқы адам тұқымының өрбіген жерлерінің бірі. Олардың қалдықтары Онтүстік және Орталық Еуропаның көптеген жерлерінен табылды. Гейдельберг адамдарының қалдықтары, жақ сүйектерінің қалдықтары Батыс Германиядан, неандерталдардың қанқалары, бас сүйектері Гибралтар бұғазынан бастап, Чехославакияға дейінгі жерлерден табылған. Еуропа жерлерінде палеолит дәүірінің басқы кезеңінде аңшылар тайпасы мекендеген. Мезолит пен неонит кезеңдерінде жергілікті тұрғындар Еуропаның солтүстігіне қарай жылжып, Скандинавия және Британия аралдарына барып коныстанған. Бұл кездерде европалықтардың неғізгі кәсібі аңшылық, өсімдік жемісін жинаушылық, балықшылық және егіншілік болған. Сол кездерден бастап Еуропаның әр түрлі аймақтарына лайықты шаرعاшылық тұрларі келіп шықкан. Оның онтүстігіндегі керағашпен егін еккен отырықшылар өмір сүрсе, солтүстікте аңшылар, орманды жерлерде мал өсірушілер мекендеген.

Шетел европалықтарының этникалық шығу тегі әлі күнге шиеленіскең қызын мәселелердің бірі. Неолит кезеңінің біздің дәуірімізге дейінгі III мыңыншы жылдағында бұл құрлықта үндіеуропалық диалектіде сөйлейтін тайпалар пайда болып, олардың алғашқы шоғырланған жері Балтық теңізінен, Карпатқа дейінгі жерлерді мекендеді деген пікірді беделді оқымыстылар тобы айтса, екіншілери үндіеуропалықтардың алғашқы коныстары Дунай жағалауындағы далалықтан Қара теңіздің Солтүстік жағалауына дейінгі жерді мекендеген деп жазған. Жалпы алғанда, біздің дәуірімізге дейінгі

ІІ—І мыңыншы жылдар үндіеуропалықтар сурона жे-  
ріне түгілдей тараған.

Сол б. д. д. II мыңыншы жылдарда Жерорта теңізі-  
нің жағасында шығыс елдердің мәдениеті зор алғашқы  
іргелі халықтар калыптасқан. Олар алғашқы адамзат  
мәдениетінің әгейлік (крит-мекендік, III—II мың), онан  
кейінгі эллиндік (гректік I мың, римдік — б. д. д. III ғ.)  
негізін салған. Бұл мәдениетті жасаушылар Жерорта  
теңізінің жағасында пайда болып, тарихқа белгілі құл-  
шылық мемлекеттер орнатқан, сәулетті қалалар тұрызып,  
жазу-сызуды, көркемөнерді, ғылымды жетілдірді.  
Ежелгі Рим империясының мәдени жетістігі туралы  
«Ерте дүние тарихында» кең тоқталған. IV—V ғасыр-  
ларда герман және славян тайпалалары онтүстікке қарай  
жылжи түсті. Өйткені ол тайпалардың арасында әлеу-  
меттік біраз өзгерістер болған еді. Соның нәтижесінде  
олардың арасында алғашқы рулық қоғам ыдырап, оның  
орнына феодалдық қоғам пайда болды. Герман және  
славян тайпалалары құлдық қоғамды басынан кешірме-  
ген. Рим империясының ерте дүние уақыттарымен са-  
лыстырғанда, бұлардың тұрмыстық және рухани мәде-  
ниеттерінің даму дәрежесі анағұрлым төмен болған.  
Рим империясының бір кездегі тамаша мәдениетін гер-  
мандық жауынгер тайпалар күрт төмендетіп жіберген.  
Үш ғасыр бойы арабтардың жойқын жорықтарының  
нәтижесінде Солтүстік Африканың және Пиреней жар-  
ты аралы тұрғындарының этникалық құрамына әжеп-  
тәуір өзгерістер енген. IX—X ғасырларда нормандар  
келіп Еуропаның теңіз жағалауын, Францияның солтүс-  
тік-батысынан Жерорта теңізінің аралдарына дейінгі  
жерлерді түгелімен өздеріне қаратқан. Нормандықтар  
сан жағынан аз болғандықтан, олар жергілікті тұрғын-  
дармен тұқым араластырып, сіңісп кеткен. IX ғасырда  
Оңтүстік Орал бойынан Дунайдың орта ағысына дейінгі  
жерлерді венгрлер (угорлар, мадьярлар) жайлап алып,  
Венгрия мемлекетінің негізін салған.

Шетелдік Еуропа халықтарын тілі және антрополо-  
гиялық жағынан төмендегіше жіктеуге болады. 1959  
жылғы мағлұматқа қарағанда, Шетелдік Еуропада  
421 млн. (428 млн.—1961 ж.) халық болған. Олардың  
96 проценті үндіеуропалық тіл семьясында сөйлейді.  
Бұл тіл семьясы, негізінен, славяндар (67 млн.); поляк-  
тар, чехтар, словактар, лужичтер, словенцтер, хорват-  
тар, сербтар, боснилықтар, черногорлықтар, македондар,

болгарлар, германдықтар (168 млн.); немістер, австріялықтар, эльзастер, герман-швейцарлар, голландықтар, фланандықтар, фриздер, шведтер, даттар, романдықтар (49 млн.); испандар, каталондтар, португалдар, галисилиқтар, франкошвейцарлар, румындар болып төртке бөлінеді. Кельттер (6,2 млн.) ирландар, гэлдер (таулы шотландықтар), уэльсцтер (валлийцтер) және бретондықтар болып жіктеледі. Бұлардың басқа үндіеуропалық тілге қосылмайтын Пиренейдің батысында баскилердің тілі бар. Фин, лопар, венгр тілдері угро-фин тіл семьясына жатады. Татарлар, түріктер, гагауздар түрік тіл семьясына кіреді.

Шетелдік Еуропа халықтарын антропологиялық жағынан өуропоидтық нәсілге бірінші рет 1684 ж. Ф. Брене жатқызыған болатын. Осы нәсілге 'бөлу әлі де болса үстемдік етіп келеді. Бұл нәсілдің негізгі белгілері солтустіктері нәсіл түрлері ақшыл, ал онтүстікте қонырау болып келеді. Еуропеодтық нәсіл әрбір аймактың ерекшеліктеріне байланысты Жерорта теңізі динарық, балтықтық деп кіші бөліктерге бөлінеді. Бұлардың бір-бірінен антропологиялық ерекшеліктері онша айтартылған көп емес.

Еуропа күрлігі табиғи-географиялық жағынан адамдардың мекендеуіне қолайлы, ауа райы — қоныржай. Сондықтан бұл күрліктың ежелгі түрғындары неолит пен қола дәуірлерінде егіншілікпен айналысқан. Тарихи дәуірлердің басқа да кезеңінде бұл шаруашылық үздіксіз дамып, аборигендердің түрмисында егіншілік шешуші маңыз атқарған. Әр жердің жағдай ерекшеліктеріне байланысты егіннің түрлері де әр түрлі болып келген. Мысалы, солтүстікте арпа, қара бидай, сұлы, кейіннен картоп көбірек егілсе; Орталық Еуропада бидай, қара бидай, картоп, қант қызылшасы; онтүстікте жүгері, картоп, күріш және Еуропаның көп жерлерінде бау-бақша, жұзім мол өсірілді. Бұлардан басқа онтүстікте өсірілген техникалық мәдени өсімдікten зығыр, құмық, макта, темекі өсімдіктері бар.

Польшада Ұлы Отан соғысының сонына дейін оның жалпы түрғындарының 60 проценті ауылдық жерде тұрып, диқаншылықпен айналысқан. Өндіріс орындары баяу өскен. 1944 жылдан бастап, Польша индустриясы өскен елге айналып отыр. Онда бірнеше миллиондаған жұмышшы қызмет етеді. Егерде 1944 ж. ауыл түрғындарының жерсіз, жартылай жерсіздердің саны көп болып

келсе, Польша Республикасы орнағаннан кейін поме-щиктердің жерлері диқандарға берілді. Соның нәтиже-сінде 1 млн. 68 мың ауыл тұрғындары жерге ие болды. Польшаның өндіріс орындары алға ілгерілген сайын, ауыл шаруашылығындағы ауыр жұмыстар механикалана-нып, көшілік жұмыстар машинамен атқарылады. Егі-летін егістердің түрлөрі де, олардан алатын өнім де жылдан-жылға көбеюде. Ертеректе поляктар тары, би-дай, арпа, қара бидай, қара құмық сияқты дәнді дақыл-дарды өсірсе, кейін жүгері, ас бүршак, кепдір т. б., сон-дай-ак бау-бақша өсімдіктері кен көлемде өсіріледі. Жемшіптік мал азықтары егіледі. Ауыл шаруашылы-ғында бұрын қолданып келген орта ғасыр құралдары ығыстырылып шығарылды. Польшадағы 30 жылдан астамырақ уақыттың ішіндегі болып отырған саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістер Чехославакия, Болгария, Румыния, Венгрия және т. б. Шығыс Еуропадағы елдердің бәріне ортақ өзгерістер.

Ежелгі кезден егіс құралдарындағы айтарлықтай өзгешеліктеріне қарамастан, барлық жерде дерлік Еуро-пада жерді аударып жырту әдісі кең тараған. Бүкіл Еуропада жалғыз, кейіннен бірнеше тісті соқалар пай-даланылады. Еккен егінді күтуде, өнім жинауда, оны сақтауда қол күші кеңінен қолданылған.

Мал шаруашылығы да Еуропада ерте заманда пайда болды. Аборигендер сауын және еттік бағыттағы мал-дарды көбірек өсірген. Оңтүстікте күш көлік ретінде ірі кара мал. қаралар көбірек пайдаланса, солтүстік аудандарда шаруашылықта жылқы түрін кеңінен қолданды. Қой мен ешкіні еті мен жүні үшін өсірді. Егістік дамыған жерлерде мал саны азырақ болса, керісінше, Альпы, Карпат, Балқан үстіртіндегі биік жерлерде мал шаруашылығы жақсы дамыды. Балықшылық кәсібі Еуропа-ның теңіз жағалауында, Скандинавия, Англия елдерінен ежелден тән. Бұл жерлердің тұрғындарының өмірі, тір-шілігі теңізбен тығыз байланысты.

Болгарияның мал шаруашылығына қысқаша тоқта-лайық. Болгарлардың тұрмысында мал өсіру ісі, өсіре-се, түріктердің қол астында болған кезендерде дамыған. Болгария патшалығының кезінде де мал шаруашылығы айтарлықтай қолға алынбаған. Бұл шаруашылықтың интенсивтік жолмен өсуіне тек Болгария Республикасы құрылғаннан бастап жағдай жасалды. Малдардың тұқымын асылдашыруға, тұракты жемшіппен қамта-

масыз етуге және ауыр жұмыстарды машинаның күшімен істеуге үкімет айрықша көніл бөлді. Бұл елде кой, ешкі, ірі қара малдарды және шошқаны өсіруге айрықша көніл бөледі. Қара малдардан — сиырлар, буйволдарды өсіреді. Буйволды өсіруден Болгария Еуропада бірінші орынға ие. Ал сиыр өсіруден Болгария Венгриямен пара-пар келеді. Кой, ешкіні өсіруден Болгария Еуропада бірінші орынға ие болса, шошқа, үй құстарынан: тауық, қаз, түйетауық, үйректерді болгарлар ертеден-ақ баға білген. Болгарияда бал арасын өсіруге және жібек құртын асырауға айтарлықтай көніл бөлінеді.

Мал шаруашылығымен айналысу ісінен венгрлер де қалыспайды. Бірак венгрлер ерте кездерден бастап жылқыны көп өсірген. Олар малдарды үш түрлі жолмен — жайып, жартылай жайып және қолда бағып өсіреді. Эр туғайті бағатындарды әр түрлі: жылқышыны — «чикош», сиырши, войволышыны — «гүйяш», шоланды — «юхас», шошқашыны — «канас» деп атаған. Мал бағушылардың киімі сол жердің табиғи-географиялық жағдайына икемделген. Жаңбырдан, желден сактану үшін машылар шашын, бетін, қолын сиырдың тоңмайымен майлаған. Жылқы мен ірі қараға таңба басқан.

Орта ғасырдың алғашкы дәуірлерінен бастап Еуропада қолөнер кәсібі құрт өсті. Бұл кәсіп ауылда, қыстакта және қалада кең өріс алып, диқандардың тұрмысына керекті бұйымдарды көптеп шығарған. Сөйтіп, қолөнершілер мен шаруалардың өмірлері бір-бірімен тығыз байланыста болған. Капиталистік қоғамның тууымен ірі-ірі фабрика, зауыттар ашылып, бұрынғы кіші-гірім қолөнер кәсібін ығыстырып жіберді. Капитализмнің ірі өндіріс орындарының батыста күшті дами бастаған кезеңдері XVIII ғасырдың екінші жартысына, XIX ғасырдың бас кездеріне тұра келеді. Осы дәуірде Англия және Францияда өндіріс орындары күшті жетілген болса, кейін басқа да Еуропа елдері осындай даму жолына түсті.

Ерте дәуірде-ақ Еуропада қалалар қыстактан, селодан бөлініп шықкан. Біздің дәуірімізге дейнігі II мыңыншы жылдары Грецияда, Римде қалалар өсіп, олар қолөнер кәсібінің, мәдени дамудың орталығына айналды. Сол кезде салынған қалалардың көпшілігі қазірге дейін бар. Ауылдық жердің тұрғындарының орналасуы әр түрлі. Олардың салыну жүйесінде өзара ұқсастық бар. Қыстактар көше-көне болып та, хутор болып та

салынады. Капитализм формациясы кезінде ауылдық жерлерде фермалар көбейген. Қыстактар ұзынша, не кораланып орналаса береді. Еуропалықтардың дәстүрлі үй салу тәртібі оны салатын құрылым жабдығына, жұрттың ежелден қалыптасқан дәстүріне байланысты. Еуропаның онтүстігінде үйлердің тастан көбірек салса, сол түстігінде ағаштан соғатын болған.

Еуропалықтардың киімдері де халықтың тарихи да-муына сай өзгеріп отырған. Мұндай процесті барлық дүние жүзі тұрғындары бастан откерген. Палеолиттен бастап қазіргі күнге дейін киім кио салты сан мэрте өзгерген. Бұл елдердің киімдерінің өзгеруі нәтижесінде үлттық белгілері де жойылып, барлық еуропалықтарға ортақ киім үлгілері қалыптасқан. Батыс Еуропа капиталистік мемлекеттерінің отаршылық саясатының салдарынан еуропалық костюмдер ауа райының ыстықтығына қарамастан Африка, Азия елдерінде де тараған.

Еуропалықтардың отбасы кіші жұптық отбасы. Ол капиталистік жеке меншікке негізделіп, христиан дінінің мораліне сүйенсіз. Еуропалық отбасында ескі көзқарастар, діни сенімдер, негізінен, өзгеріске үшыраған. Оларда сирек болса да ертеден қалыптасқан патриархаттық, патриархаттық-рулық отбасының қалдықтары кездеседі.

Польшада феодалдық, кейін капиталистік қоғамдар кезінде халық арасында әр түрлі тоңқа шляхтар, мешандар, място — қала тұрғыны, хлоптар сияқты болулер орын алған. Бұрын жастарды үйлендіргенде экзогамияны сақтай отырып, осы бөлінушілікті сақтауға тырыскан. Осы күні, яғни демократиялық қоғам үстем болған кезде былайша сословияға бөліну жойылды. Жастар үйленгенде өздерінің тілегі, сүйіспеншілігі негізінде қосылады.

Чехославакияның тұрғындары да үйленуге экзогамиялық тәртілті сақтаған. Жұптық отбасы кең тараған, жастар үйленгеннен кейін, оларды өз алдына бөліп шығарып, өз шаруашылығын өздері жүргізуге жағдай жасаған. Чехтар жастардың үйлену тойын үлкен салтанаты мереке ретінде откерген. Ескі үйлену тәртібі көнеріп, жаңа қоғамның негізінде пайда болған жаңа тәртіптер халық тұрмысынан кең орын алуда. Осындай экзогамиялық үйлену венгрлердің ішінде айқынырақ сақталған. Бұлардың арасында руға бөлу сақталған. Туыскандық әке бойынша жіктеліп, 3—5 атадан әргі кісінің

қызына үйлене алады. Ертеректе венгрлер балаларын үйлендіргенде қазақтар сияқты жеті атадан бері қызға атастырмаған.

Сейтіп, Шетелдік Еуропа елдерінің ішіндегі дамын келе жатқан халықтардың тұрмысында, сондай-ақ отбасы өмірінде прогрессивтік өзгерістер болуда. Ал капиталистік Франция, Англия, Италия т. б. елдерде үйлену тәртібі ескі жолмен, капиталистік қоғамның мораліне сәйкестендіріле өтеді.

Еуропалықтардың қоғамдық тұрмысында ауылдық қауымға бірлесудің қалдыры бертінге дейін сақталып келген. Мысалы, болгарлардың, сербо-хорваттардың, албандардың, норвегиялықтардың аралдарында мұндан салт жің ұшырайды. Капитализм күштірек дамыған елдерде бұл қалдықтар жойылып, товарлы капиталистік түрлер пайда болған. Капитализмнің алға ілгерілеуіне байланысты қалаларда қолөнер одактары жойылып, товарлы капиталистік түрлер пайда болған. Капитализмнің алға ілгерілеуіне байланысты қалаларда қолөнер одактары жойылып, ауыр және жеңіл өндірістер күштегі түсті.

Еуропалықтардың басым көпшілігі христиан дінінен синаяды. Тек мұндағы азғана еврейлер мен мұсылмандардың діндері басқа. Біздің дәуірімізге дейінгі I—II ғасырларда христиан діні зор беделге не болып, Рим империясынан кейін, IX—X ғасырларда Еуропа елдерін толық қамтыған. Бұл дін феодализм қоғамын нығайтуға көп жәрдемін тигізді. Христиан діні батыс католик шіркеуі және шығыс православиялық шіркеуі болып екіге бөлінген. Біріншісі Рим епископына бағынса, екіншісі ұлттық шіркеулерге бөлініл, әр мемлекеттердің патшаларына, императорларына бағынып, феодалдық-крепостнойлық құрылышты сақтауға қызмет еткен. Мұсылман дінін Еуропаға түріктер мен арабтар әкелген.

Шетелдік Еуропа халықтарының рухани мәдениеті тым ертеден басталады. Олардың арасында батырлар жыры кең тараған. Ерте дәуірдегі Гомер дастандары «Илиада» және «Одиссея» орта ғасырдың бас кезеңінде герман тайпаларының қиялынан туған «Нибелунунтар туралы жыр», «Гудрун туралы жыр» секілді эпикалық аңыздар — озық мәдениет үлгілері. Бұл дастандар кейінгі кездерде жазылып алынған. Осындағы бай, терең фольклорлық мұраны өзге де халықтардан жиі кездес-тіруге болады. Орта ғасырдың соңғы кезеңінде балла-

далар, семья, солдат түрмистарынан алынған өлеңдер, азыздар, мақал-мәтелдер көптеп шығарылды. Оларды тек қана жырышылар ғана емес, біраз кіслер айтқан. Сондықтан XVII ғасырдың аяғынан бастап Францияда, оған кейін басқа мәдениетті елдерде халық фольклорының жинап, жарыққа шығару үрдіс колға алышы. Біздің заманымызда Еуропа елдерінің халық шығармашылығы жақсы зерттелген. Алуан-алуан өнер түрлері Еуропа елдерінде ертеден дамыған. Ерте заманғы халықтық театрлар Грецияда, Римде болғаны мәлім. Мәдениеттің одан әрі шарықтаған дамыған кезеңі кейінгі капитализм дәуіріне ұласты.

---

## АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫ

Африка — улкен құрлықтардың бірі, оның көлемі — 30 млн. шаршы шақырым. Ол тек Азиядан кіші, Еуропадан үш есе үлкен.

Африканың өзіне тән табиғи ерекшеліктері бар. Ол Солтүстік және Оңтүстік жарты шарда орналасқан. Қоңшілік жері тропикалық ауданда орналасқан. Бұл құрлық мұхит теңіз және бұғаздармен қоршалған. Бірақ оның жағалары тайыз келеді. Жері беті біркелкі дөнді және ойпатты. Африкадағы Ніл, Нигер, Конго, Замбези және т. б. өзендер өзінің арнасын жиі өзгертіп отырғандықтан, кеме жұзуге қолайсызды. Виктория, Танганьика, Нъяса, Чад т. б. сияқты ірі көлдері бар.

Табиғи жағдайына қарай Африка бірнеше аймаққа бөлінеді: 1). Тропикалық аймаққа орталық экватордың батысы, Гвиней бұғазының солтүстік жағалауы және Конго атырабы. Бұл жерлерде мәңгі көгеріп тұратын ағаштар өседі. 2). Гилейдің солтүстігі мен оңтүстігінде «муссон» ағаштары өседі. Бұл ағаштар Африканың жер көлемінің 30 процентіне тараған. 3). Жартылай шөлейт солтүстігінде Сахара, оңтүстігінде Колахари және Намиб аймағы бар.

Африка жері ауыл шаруашылығын дамытуға қолайлыш. Эсіреле, жоғарыдағы аты аталған өзендердің жағалаулары мен алқаптарында көптеген субтропикалық өсімдіктер өседі. Ежелден белгілі Африка — бананың, ямса тамырының, көкшіл жаңғақтың, кокос пальмасының, осы жер тарысының, Эфиопия нанының (тэффа) т. б. өсімдіктердің отаны. Нил бойында макта өсіріледі. Мал шаруашылығы да дамыған. Жылдың барлық маусымында да мал жайылады.

Африкада кен байлық өте мол. Алғын, хромит, алмаз, марганец, кобальт, қалайы, уран, платиналардың қоры көп.

Осы кезде Африкада 280 млн. адам тұрады. Бірақ олардың құрлыққа тарапалуы біркелкі емес. Егерде Ніл өзенінің бойында 1 шаршы шақырым жерде 700-ден астам адам мекендесе, Сахарада 0,3 адам тұрады. Орта есеппен әр шаршы шақырымда 2—10 адамға дейін орналасқан.

## АФРИКАНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯСЫ

Африканың ерте заманнан келе жатқан бай мәдени дәстүрін білмейінше, осы құнгі Африканы түсіну қын. Африка халықтарының тарихы әлі де болса толық зерттелмеген. Тек жазба деректерде азды-көпті Солтүстік-Шығыс Африканың тарихы біршама жазылған. Мысалы, біздің д. д. III ғасырдан бастап, Мысырдың тарихы белгілі болса, біздің заманымыздың IX ғасырына дейінгі Солтүстік Африканың Тунис, Алжир, Марокконың, Эфиопияның және тропикалық Африканың тарихы өте аз зерттелген. Бұл елдердің тарихын толықтыратын көптеген археологиялық-этникалық және лингвистикалық деректер де бар. Осы деректерге сүйене отырып, Африка халықтарының даму жолын байқауға болады. Африка мындаған жылдар бойына тарихи даму жолдарын өткізіп, өздеріне тән бай мәдениетімен дүниежүзілік мәдениетті дамытуға үлесін қосқан.

Африка халықтарының тарихын үйрену, зерттеу көп жылдарға дейін ірі импералистік елдердің оқымыстылашының, шенеуніктерінің, миссионерлерінің қолында болып келді. Олардың арасында көргендерін жазып алған, одан ғылыми тұжырым жасаған зерттеушілер де болған. Бірақ зерттеушілердің ішінде көптеген реакцияшыл антропологтар, археологтар, этнографтар және лингвистер де жүрген. Олар өздерінің еңбектерін отаршылық саясаттың негізінде жазып, олардың Африкада жүргізіп отырған саясатын корғаған. Сондықтан көптеген тарихшылар, антропологтар Африка халықтарының ғасырлар бойына қалыптасқан мәдени байлығына ат үсті қарап, аборигендердің дүние жүзі мәдениетін дамытуға қосқан үлесін мойындағылары келмеуі былай тұрсын, олардың шын тарихын бүрмалаған. Олар еңбектерін нәсілдік теорияға негіздел жазған. Мұндай теория саяси, экономикалық және мәдени жағынан артта қалып келе жатқан халықтарды құлдықта ұзақ уақыт сақтауға бағытталған. Сондықтан АҚШ, Англия, Германияның реакцияшыл ғалымдары 100 жылдан астамырақ уақыттаң бері Африка аборигендерін толық мәндегі адам деп айттуға болмайды деп келген. Осындай тұжырымды ғылыми негізде дәлелдемекші болғанмен, мұндай пікірдің ешбір ғылыми негізі жоқ екеніне күмәндануға болмайды.

Тек көптеген прогресшіл оқымыстылар өздерінің ғы-

лыми еңбектері арқылы нәсілдік әр түрлі «теорияға» соққы беріп, африкалықтардың басқа халықтар сияқты тәң күкүйкты халық екенін дәлелдеп берді.

Африка — Оңтүстік Азия сияқты алғашқы адамдардың пайда болған жерінің бірі. Бұл құрлықтан адам сияқты жүре бастаған, бірақ әлі де болса адам қалынын келіп жетпеген австралопитең, зиндантроптардың сүйектері табылған. Олардың табиғи құралдарды пайдаланып, шөплөн және етпен тамақтанатын болған. Синантроптың сүйегіне үқсас қаңқалар да көп жерден табылған.

Полеолит дәуірінде де адамдар тіршілік еткен. Нигерия бассейнінде осы күнгі негриод халықтардың ата тегінің қаңқасы табылған. Алжирдегі Мешта жерінен табылған адамдардың сүйегіне қарағанда, палеолит кезінде Солтүстік Африкада Жерорта теңізінің Шығыс бөлігінен келген европалық типтегі адамдар мекендеген. Африканы мекендеген аңшылар мен жинаушылар европалық көршілермен байланысып отырған. Негриод тәрізді адамның (гримольдилық) сүйегі Ментоннан (Италиядан) кездескен. Мұндай халықтардың Солтүстік Италияны, Швейцарияны, Українаны, Еділ бойын және Англияны мекендегендегері жөнінде ғылыми деректер бар.

Неолит дәуірінің естеліктері Солтүстік-Шығыс Африкадан, Суданнан ашылған. Біздің д. д. V мыңынши жылдарда Ніл бассейнінде егіншілік болған. Осы кезде Эфиопия мен Магриб елдерінде егіншілік, Сахара және Мысырдағы Сенегал, Нигера өзендерінің бойларында егіншілік пен мал шаруашылығы дамыған. Гвиней елдері тропикалық орманда өмір сүріп, жинаушылықпен айналысқан.

Ерте заманнан-ак аборигендер темірді пайдалана білген. Темір дәуірін дәлелдейтін (біздің д. д. III мыңынши жылдарға тұра келеді) Мысыр қөрханаларынан темірден, қоладан жасалған көптеген құралдар мен аспаптар табылған. Темір дәуірі бұл жерде біздің д. д. VII—V ғасырлар-ак болған.

XV ғасырдың сонында, Африкаға Португалияның саяхатшылары келгенге дейін, Африканың көптеген тұрғындары темірді жақсы пайдалана білген. Тек қана Оңтүстік Африкадағы бүшмандер, Батыс тропикалық пілгемейлер темірді пайдаланбаған. Темірдің көбірек шығатын аудандарында, сол замандағы темір корыта-

тын пештер көп кездеседі. Сондай-ақ Оңтүстік Қоңғын, Дамомес, Того Уньямвези, Родезияның, Замбезидің, Суданның тұрғындары, баштерлер тайпасы темірден пышак, балта, шот кетпен және т. б. бүйымдарды істеп, өздерінің көршілеріне сатқан. Сөйтіп, темірді пайдалану Африканың оңтүстігінде пайда болып, кейін ол Солтүстік Африкаға тараған. Мысалы, судандықтар алдымен темірді пайдаланып, кейін қоламен танысқан. Олар қоланы «қызыл темір» — деп атаған. X—XI ғасырда араб саяхатшыларының айтуы бойынша, судандықтар темірден сұнгі (гарпун) т. б. істейтінін айтқан. Археологиялық қазбалардың нәтижесінде Батыс Суданнан Рао, Кумби-Сале, Піл сүйегінің жағаларынан темір қорытатын пештер табылған. Археологтар бұл пештерді біздің д. д. I-мыңыншы жылдарға тұра келеді деп болжайды. Сондықтан бұл жерге темір Мысырдан, Жерорта теңізінің төңірегінен тарады дәудің негізі жок.

Африкада, ең алдымен, бөліп айтартықтай қола дәүірі болмаса да, бұл жердің аборигендері ертеден бастап, қоланы пайдалана білген. Себебі кейінгі уақытта Шари, Лононе, Чад атырабынан қола мәдениеті ашылған. Бірақ ол мәдениеттің қай дәүірге тұра келетінін әлі анықтаған жок.

Алғашқы кезден бастап-ақ Африканың негізгі нәсілдері осы құрлықта пайда болған. Жерорта теңізі нәсіліне кіретін аборигендер ерте замандардан бері Солтүстік Африканың, Сахараның көшілік бөліктерінде мекендейген болса, Оңтүстікте негрондтық нәсіл қалыптасқан. Ал Шығыс, Солтүстік-Шығыс Африкада эфиопия нәсілі пайда болған. Сондай-ақ Орталық Африкада ерте заманнан бері ғылыми тайпалар орналасқан.

Біздің д. д. 3200—3000 жылдарда Мысыр батысындағы тұрғындарды техендер деп атаса, алғашқы қоғамның соңғы кезеңдеріндегі жердің тайпаларын темхулар деп атаған. Екеуінің аттары да, негізгі белгілері де бірбіrine ұқсас, бойлары ұзын, түстері қоңыр, ашық-қоңыр жүзді. Біздің д. д. V ғасырда грек жазушылары бұларды жалпы ливийцылар деп атап, олардың түстері ашық, көздері көк деген. Сөйтіп, бұл тайпалар ертеде осы жерді мекендейген бербер тайпасының ата-бабалары болуында күмән жок. Геродот бұларды эфиопиялықтар немесе қара эфиопиялықтар деп атаған. Алғашқы Мысырдың аборигендері өздерін «қызыл халықтар» деп атаса, ливийцыларды «актар», «негрлерді «қаралар»,

азиаттықтарды «сарылар», ал өздерін «қызыл-қоңырлар» деген.

Алғашқы Мысыр жазбаларында барлық Оңтүстік Африканың тайпаларын нехси деп атаған. Нехсилер алғашқы Эфиопия патшалығының халқы болуы тиіс. Осы елдің естелігінің көрсетуі бойынша, біздің д. д. 2000 жылдарда негр деген нәсілдің бар екені айтылады. Бұл тайпалар Ніл өзенінің жоғарғы ағысында мекен еткен нилоттарды мысырлықтар Пунттардың елі деп атаған. Сөзсіз, ерте заманда Шығыс Африкада негроидтар, Орталық Африканың көпшілік бөлігінде бойлары кіші пигмейлер өмір сүрген.

Пигмей тайпаларына қатысты деректер біздің д. д. III ғасырға тұра келеді. Мысырдың аксүйектерінің біреуін қолға түсіріп, алып келгенін мақтаныш етіп айтқан сөздері жазылып қалған. Ол өзінің әкелген адамын Денг деп атаған. Осы атпен аталатын тайпалар Эфиопия жерінде біздің дәуірімізге дейін сақталған. Амхар тілінде ергежейлерді (писмейлерді) денг немесе данг деп атайды.

Осы күндерде пигмейлер (денг, манг) Конго өзенінің жоғарғы, орта ағысында, Огове және Итури бассейндерінде мекен етеді. Бұл жерде қалың тропикалық ормандар көп. Солардың арасында шамамен 50 мыңдай пигмейлер банту тайпаларымен аралас тіршілік етеді. Олардың кәсібі — аңшылық, жинаушылық. Әсіресе, жинаушылық көбірек дамыған. Олар шөптің жемісін, тамырын жинап, әр түрлі құрт-құмырсқаларды, бақалар мен жыландарды, балықтарды ұстайды. Әкелген заттарынан тамақ дайындайды.

Тұрған жерлерінде азық-тұліктерінің азаюына байланысты, пигмейлер қоныстарын өзгертіп, көшіп журді. Аңдарын да сол жерден аулайды. Олар ірі келетін бантулармен араласып, тіршілік етеді, солардың тілінде сейлейді. Пигмейлер — басқа жақтан келгендер емес, осы жердің аборигендері.

Банту — Оңтүстік Африканың негізгі тұрғындары. Алғашқы кездегі бұлардың мекені Конго өзенінің солтүстігіндегі тропикалық ормандар болуы мүмкін. Кейін пигмейлерді оңтүстікке қарай ығыстырып, Африканың оңтүстігінде де тараған. Өздерінің шығыс, оңтүстік-шығыс көршілері болған бушмендер мен готтентоттарды шығыска ығыстырыған. Бірақ бантулардың оңтүстікке қарай жылжуның қашан басталып, қашан аяқталға-

нын анықтау қыын. Банту жөніндегі бірінші деректерді VIII—IX ғасырда өмір сүрген араб оқымыстылары береді. Аль-Хамазани өзінің «Елдер кітабы», Масуди «Алтын шибындықтар» кітаптарында, арабтың теңізшісі ибн-Маджид Васъконың т. б. еңбектерінде банту жөнінде азды-көнті деректер бар.

Бушмендер мен готтентоттар өздерінің көрші болған бантуларын ығыстыра отырып, шығысқа қарай көшіп, жергілікті тайпалармен ұшырасқан. Осы күнгі Қеңінә жерінде негроид наслілінің белгілері бар эфиопия наслілі қалыптаса бастаған. Бантулар қойсан тайпаларымен араласқан. Бушмендер аңшылықпен айналысып, өздерінің дамуы бойынша бантулардан анағұрлым кейін қалып қойған. Готтентоттар бушмендерге қарағаңда алда болып, мал шаруашылығын дамытқан.

Кейір этнографтардың пікірі бойынша, бушмендерді автохтондық деп, готтентоттарды келімсектер деп есептеген. Кейінгі жылдардағы тіл, этнографиялық зерттеулерге қарағаңда, бұл екі тайпаның тілдерінде өте жақындықтың бар екені байқалған. Д. Блик көп жылдар бойы бушмендердің тілін зерттеп бушмендер мен готтентоттардың тілінегіздері бір екенін байқаған және бұлардың тілдері көптеген диалектілерге бөлінетінін де көрсеткен. XVII ғасырдың ортасында европалықтар келгенге дейін бушмендер мен готтентоттар Африканың онтүстік шекарасына дейінгі жерлерді мекендеген.

Суданның этникалық құрылымы өте күрделі. Себебі бұл жердегі бір-біріне жақын тайпалар, рулар бір жерден екінші жерге көшіп жүріп, бір-бірімен араласып кеткен. Бұлардың ішінде Батыс Африканы мекендеген манд тайпасы біздің заманымыздың III—IV ғасырларында Сенегал, Нигерия өзендерінің жоғарғы ағысында Гана мемлекетін ұйымдастырған. XIII ғасырда Гана мемлекетінің орнына Мали мемлекеті келген. XIV ғасырда Мали Гингаи мемлекетімен алмасып, Триполи, Марокко жерлеріне де билік жүргізген. Екінші мәдениеттің орталығы Чад көлінің төңірегінде болып, бұл жерде Қанем-Борну, Хаяса мемлекеттері пайда болған. XI ғасырда бұл жерге ислам діні келіп, оның орталығы Магриб елдері болған.

Сөйтіп, ерте заманнан бері Африка құрлығы мәдениеттің ошағы болған. Бұл жерде алғашқы адамдар пайда болып, өздерінен тән мәдениетті өрістеткенмен, кейінгі кездерде өздерінің дамуы жөнінен арта қалып

қойған. Себебі, бірінші, географиялық фактор — бұл жерге өзгелердің келуінің қындығынан олардың тұмаға-түйікта қалып қоюы. Екіншіден, XV ғасырда Еуропа елдері капитализм жолымен дамып, бірлескен күшті мемлекет құрылса, мұнда келген европалықтар олардың өздерінің ішінен қарама-қайшылықты қүшейтіп, өзара соғысуларына да себепші болған. Мысалы, XVI ғасырдың аяғында Марокко сұлтандары Сонган мемлекетін басып алған. Әсіресе, Африка халықтарын бүлінушіліке алып келген Еуропа отаршыларының басып алуы мен оларды құл ретінде шет елдерге сатуы болып есептеледі. Құл саудасы XV ғасырдың ортасына дейін Португалия, Англия, Голландия, Франция мемлекеттерінде жүріп жатты. Бұл — уақыт африкалықтардың тарихындағы ең қайғылы ауыр кезеңдердің бірі. Осы оқиғалар Африка халықтарының алға карай дамуына кедергі болды. Құл саудасы кезінде 100 млн. африкалықтарды Америкаға апарып, құл ретінде сатты, кейбіреулері жолда өліп кетті. Осының нәтижесінде бұрын халқы көп, өз мәдениеті өсken өлкелер қаңырап бос қалды. Міне, осындағы географиялық және сыртқы қүштер аборигендерді артта қалдырыды. Тек олар кейінгі жылдарда ғана өз бетінше өсіп, дамуына мүмкіншілік алып отыр.

Қазіргі Африка халықтарын антропологиялық жағынан топтау үшін, олардың көне дәуірлеріндегі антропологиялық түрлерін елестететін деректерге тоқталайық. Африка жерінде археологиялық зерттеулердің нәтижесінде ерте дәуір адамдарының сүйектері көп жерлерден табылған. Ява аралынан питекантроптың, Солтүстік Африкадағы Марокко жерінен неандерталь адамының сүйектері табылған. Осы сияқты археологиялық заттар Шығыс Африкадағы Эяси көлінің маңындағы Танганьикадан және Эфиопиядағы Диредова төңірегінен қазып алынған. Африкадан мұндағы көптеген неандерталь адамдары сүйектерінің қалдықтары табылуының ғылыми маңызы өте зор болып, Африка алғашқы адамдардың пайда болған жерлерінің бірі екенін дәлелдейді.

Ал полеолит дәуірінде тіршілік еткен адамдардың сүйек қалдықтары Африканың көп жерлерінен кездескен. Солтүстік Африкада Каспий дәуіріне жататын адам сүйегі табылса, ал 1929 жылы Жерортта теңізі жағалауындағы Константинопольден 30 адамның бас сүйегі және бүтін қаңқалар табылды. Қаңқалардың орташа ышкіктігі 174 см. Сондай-ақ Чад көлінің төңірегінде, Су-

лерін VIII ғасырдағы арабтардың Магриб елдері Алжир, Тунис, Марокконы жаулап алымен байланыстырған. Сөйтіп, жергілікті берберлер, келуші арабтар екеуі екі нәсіл деп түсінген.

Тарихи деректерге қарағанда, бұл пікірдің ғылыми жағынан дұрыс емес екенін байқау қын емес. Себебі Солтүстік Африканы жаулап алушы арабтардың саны 200 мыңдан аспаған, ал жергілікті берберлер 10 миллионға жақын болған. Сөйтіп, келген арабтар жергілікті халықтың 2 процентін ғана құраған. Аздаған арабтар берберлердің антропологиялық құрылышына айтарлықтай өзгеріс кіргізе алмаған. Берберлер арабтардың, қол астында тіршілік етіп, олардың тілін, мәдениетін қабылдаған және қан жағынан да араласқан. Бірақ берберлердің нәсілі айтарлықтай өзгерістерге үшырағаған.

Атлас, Ливия және Мысыр елдерінің халықтарыeuropалық немесе Жерорта теңіз, Балқан нәсіліне жатады. Бұл халықтар Солтүстік Африкадағы Сахара, Мароко, Алжир, Тунис жерлерін мекендеген.

2. Негроидың нәсілге Батыс, Орталық, Судан, Нілдің жоғарғы ағысын, Конго өзенінің бассейнін түгелдей дерлік Шығыс, Оңтүстік Африка жерлерін мекендейтін халықтар жатады. Негроид нәсілінің алғашқы пайда болған жері Батыс Судан және Батыс тропикалық Африка жерлері болуы туіс. Бұл нәсілдің негізгі белгілері: түстері кара қоңыр, шаштары қара бүйра, тығыз. Осы қасиеттері күннің ыстығынан сақтануға жәрдем етеді. Олардың танауы кен, еріндегі түріңкі, қалың, тістері аппақ. Бойларының ұзындығы 165—185 см. Негрлердің айрықша өкілдері ретінде Нигерия, Конго өзендерінің бойларындағы мекен еткен халықтарды айтуға болады.

Ніл өзенінің жоғары, орта ағысын мекендеуші негрлердің бойлары ұзын, денелері өте қара, қыр мұрындылау. Бұл жерді зерттеуші көптеген ғылымпаздар орта есеппен адамдардың биіктігі 182 см. деп көрсетеді.

3. Эфиопия нәсілі еуропоидтық және негроидтық нәсілдің арасындағы антропологиялық бөлік болып есептеледі. Бұл халықтар Африканың солтүстік-шығысындағы Эфиопия жарты аралын мекендейді. Олардың бір бөлігі Аравия жарты аралының оңтүстігіне де тараған. Эфиопия халықтары: амхара, тигере, гураге, галла, сомали, данакиль, беджа және т. б. Антропологиялық белгілері: түстері негрлерге ұқсағанымен қызылт-қара,

шаштары толқынды бүйра, сріндегі шамалы түрікі, мұрындары кішілеу. Мұндай қасиеттер еуропоидтық және негроидтық нәсілдерде кездеседі. Сондыктан кейбір антропологтар оларды еуропоид расасына да жатқызады. Палеоантропологиялық деректерге қарағанда, Эфиопия нәсілі неолир дәүірінде Шығыс Африкада пайда болғанға үқсайды. Олардың жоғарыдағы көрстілген антропологиялық өзгешеліктері алғашқы Эфиопия халықтарының қоспасынан келіп шығуы тиіс.

4. Пигмей нәсіліне жататын халықтар кіші-гірім топ-топ болып, Конго бассейнін мекен еткен. Пигмей — адамдардың дамуы бойынша «балалық» шакта жасаушылар деген мәнді береді. Анығырақ айтқанда, писмейліктер өздерінің өсүі бойынша неандертальдықтардан алшақ кетпеген деген пікірді білдіреді. Бұл пікірді шығаруши, оны дамытуши швейцар анатомшысы Колльман. Оның пікірін көп жылдар бойына реакцияшыл этнографтар да қолдаған. Оларды пигмей нәсілі деп атап, бұл қасиет оларда алғашқы заманнан бері болуы керек деген пікірді білдірген. Олардың бойлары орта есеппен 141—142 сантиметрден аспайды. Түстері негрлерден ашандай, беті түкті, шаштары мол, кең танаулы, жұқа ерінді келеді.

Бірақ Колльманның пікіріне қосылуға болмайды. Себебі қазіргі дәүірдегі адамдар неандертальдықтардан әлдеқайда алға кеткен. Пигмей нәсілінің ерекшеліктері жергілікті табиғи орталықтан келіп шыққан болуы керек. Басқа халықтар сияқты олар да жалпы негрлер тегінен шыққан. Басқа да халықтар сияқты пигмейлер ғасырлар бойына өсіп-өніп, алға ілгерілеп, өз мәдениетін, тарихын жасаған.

5. Қойсан нәсілі Африканың оңтүстік шетін мекендейген. Оларға бушмендер мен готтентоттар жатады. Бұларды жалпы халықтардың оңтүстікафрикалық топтараты деп атайды. Бушмендер жер шарындағы халықтардың ішіндегі антропологиялық жағынан өзіндік ерекшелігі бар болып келеді. Мәселен, олар бүйра шашты, желбезекті мұрынды болу сияқты кейбір белгілерімен негрлерге үқсас. Ал кейбір белгілері бойынша монголондтарға да үқсайды. Түстерінің сарылығы, көздерінің киғығы, еріндерінің негрлерге қарағанда жұқа болуы да соны меңゼйді. Бушмендердің бойлары орташа 150 см. болып келеді. Ал геттентоттар бушмендерден ғорі бойшандай.

Бұлардың арасындағы айырмашылықтарға қарамай, оларды бір топқа жатқызды. Дегенмен олардың бірінен-бірінің өзгешелігі көбіне бушмендерді негізгі таза тәсілдік типке, ал готтентоттарды кейінгі түрге, яғни негрлермен араласудан болған түрге жатқызды.

Антрапологиялық жағынан Мадагаскар мальгаштарат болса, негроидтық наследі мен монголоидтық наследіндің араласуын көрсетеді.

Казіргі Африканы мекендеуші 200 миллионға жакын халық көптеген тілдерде және үстеулерде сөйлейді. Олардың кейбіреулері халық тілінен ұлттық тілге айналған болса, кейбіреулері ру тілдері дәрежесінде қалған. Бұл тілдер әлі де болса жақсы зерттелмеген. Бірақ қазіргі лингвистика ғылымының жетістіктері бойынша, Африка халықтарын тілдеріне қарап, топтауға болады. Олардың ішіндегі ең ірілері бесеу: 1) семит-хамит семьясындағы тіл; 2) судан тілі; 3) банту семьясындағы тіл; 4) қойсан бөліміне жататын тілдер; 5) мальгаш тілі.

1). Семит-хамит семьясындағы тілде сөйлейтін халықтар Солтүстік, Солтүстік-Шығыс Африканы, Сахараны, Шығыс Суданды, Эфиопияны, Сомали жарты аралдарын мекендейді. Семит-хамит семьясындағы тілді: семиттік, күшиттік және берберлік деп уш бөлікке болуғе болады. Бұлардың ішіндегі ең үлкені семиттік тіл, бұл тілде 60 млн. адам сөйлейді. Мысыр, магриб елдері (Тунис, Алжир, Марокко) және Шығыс Судан, Қызыл теңіздің жағалауындағы кейбір халықтар, Сахара мен Чад көлінің төңірегіндегі эфиопиялықтар.

Эфиопия — амхара (мемлекеттік тіл) — семиттік бөлігіне жатып, солтүстік эфиопия және онтүстік эфиопия тілі болып екіге бөлінеді. Бірінші бөлікке геэз тілі жатады. Бұл алғашқы Аксум мемлекетінің тілі. Осы күнде құрып бара жатқан тіл. Тигре тілінде көшілік эфиопиялықтар және Дахлак архипелагының түрғындары сөйлейді. Онтүстік Эфиопия тілі — осы елдің негізгі тілі. Батыста — амхара (мемлекеттік эфиопия тілі), ал шығыста — гураге тілі жүреді. Бұл Эфиопияның мемлекеттік тілінің диалектісі.

Күшит тілінде Солтүстік-Шығыс Африканың түрғындары сөйлейді. Бұл тіл де көптеген майдың бөліктерге бөлінеді. Олар жақсы зерттеліп болмаған. Солардың ішіндегі ең ірілерінен галла, сомали тілдерін айтуға болады. Ніл мен Қызыл теңіз аралығында Бедаупе тайласы мекендеген. Бұлар ертеден көшпелі (бәдәүи) бо-

лып өмір сүрген. Сол себепті олардың аттары да содан шыққан.

Күшит тілі мысыр тіліне ұқсас болып келеді. Галла тілі — сомалидің батысында мекендеген тайпалардың тілі. Бұл да шоа, меча, арси және т. б. диалектілеріне бөлінеді.

Алғашқы мысыр тілі өзінің дамуы жөнінен мысырға дейінгі және мысыр дәүіріндегі тілдер деп екіге бөлінеді. Алғашқы мысыр тілінде көптеген пирамидаларда жазылып қалған сөздер біздің уақытымызға дейін келген болса, мысыр дәүірінде келіп шыққан тілде көптеген діни кітаптар жазылып қалған. Мысыр тілінің гүлденген уақыттары ортағасыр кезеңі, сол кезде әдебиет дамыған, содан ол мемлекеттік ірі тілдердің бірі болған. Семиттік тілінің финикий, алғашқы еврей және араб тілдерінен өзіне тән ерекшеліктері болған.

Солтүстік Африканың тұрғындары VII ғасырда арабтар жауап алғанға дейінгі берберлер тайпасының тілімен сөйлеген.

Ертеде Карфаген, Утики, Гадрунент т. б. мемлекеттердің арасында финикий тілі үстемдік еткен. Қейін бұл жерді Рим легиондары басып алып, Солтүстік Африканы мекендеген. Ол кезде Солтүстік Африка халықтары латын мәдениетінің ықпалында болатын.

Қейін Солтүстік Африканы арабтар басып алуына байланысты, бербер тайпасының мәдениетіне жақын араб мәдениеті тараған. Сөйтіп, латын мәдениетін ығыстырып, оның орнына араб мәдениетіне үстемдік еткен. Араб тілі мемлекеттік тілге айналды. Қазір берберлер тілінде тек Солтүстік Африканың шет жақтарын мекендейшілер болмаса, сөйлейтіндер өте аз.

Магриб елдеріндегі араб тілі — классикалық негізгі араб тілінен фонетика, морфология, синтаксистері бойынша айырмашылығы мол. Бұл жерде араб тілінің көптеген диалектілері бар.

Судан тілі бірнеше лингвистикалық бөліктерден, құрамалардан тұрады. Бұлардың ішіндегі көбірек тарағаны мунд семьясына жататын тіл. Атлантикадан Қара Волтке, Сахарадан Гвиней қолтығына дейінгі жерлерді мекендеген халықтар мунд тілінде сөйлейді. Олардың ірісі — манде-тан және манде-фу.

Батыс Суданның тілі көбірек зерттелген. Бұл тілде 12 млн. адам сөйлейді: ашанти, эве, йоруба, дагомей, ибо, купе және т. б. Әсіресе, Гвиней қолтығының жаға-

лауындағы халықтардың тілі, соның ішінде эве тілі көбірек зерттелген. Судан тілдері басқа да халықтардың тілдері сияқты біркелкі дамыған. Ол екіге бөлінеді: солтүстігінде — манд-тан, онтүстігінде — манде-фу. Жалпы бұл тіл З диалектіге және әр диалект өзара — говорларға бөлінеді.

Банту семьясына кіретін тілдер. Банту тілінде сөйлейтін халықтар Орталық және Онтүстік Африка жерлерін мекендейген, олардың саны — 60 млн. шамасында. Банту тілінің бәріне тән ортақ грамматикалық құрылышы, сөздік қоры бар. Соған қарамастан, банту тілінің көрші тілдерімен де ұқсастығының бар екені байқалады.

Қойсан бөлімінде сөйлеушілер Африканың онтүстік шеттері. Онтүстік-батыс, Намиб және Колахарі шөлінде мекендеушілердің тілі. Бұрынғы Онтүстік Африканың — бушмендер мен готтентоттардың тілдері. Бұл екі халықтың саны 73 мың шамасында. Олардың тілдерінің грамматикалық құрылышы мен сөздік қорларында ұқсастық бар екені байқалады. Екеудің бірлесіп, қойсан тілі де аталады.

Мальгаш тілінде мадагаскарлықтар сөйлейді. Олардың саны 4 млн. Өздерінің антропологиялық белгілері, мәдениеттері мен тілдері бойынша африкалықтардан көп айырмашылығы бар. Бұл тіл өзінің ерекшелігі бойынша малай-полинезия және индонезия тілдеріне жақынырақ болып келеді.

Африка халықтары тілдерінің даму тарихы бар. Солтүстік Африкада жазу араб графикасында болса, Эфиопия халықтарында эфиоптың буын жүйелі жазуының негізінде болып келеді. Ал басқа халықтардың жазуы латын алфавитімен жазылады. Хауса, факульба және суахиллер латын алфавитімен бірге араб алфавитін де колданады.

Африка халықтарының жазу құрамын екі топқа бөлуге болады: бірінші топқа жататындары — Шығыс және Жерорта теңізімен байланыстылар; ал екінші топқа — бұрын қалып кеткен, әр түрлі түрдегі пиктографиялық жазулардың орнына пайда болғандары.

Көне Мысыр жазуы иероглифтің оте күрделі түрінің көп жылдық тарихы болса да, бәрібір қазіргі алфавитке жете алмайды. Осы көне мысыр жазуынан кейін грек алфавитінен пайдаланған колты алфавиті жүйесі өмір сүрген. Колты алфавиті көне Нубий жазуының пайда болуына себепші болады.

Нубин жерінде христиандықтың пайда болуынан бұрын Мероэ патшалығы өмір сүрген. Мероэттіктер жазудың алфавиттік түріне өтуге бірте-бірте қадам жасай бастады. Зерттеулер мероэ көне тілі күшил тілі тобына жататынын көрсетіп отыр.

Орта Сахараның аир және Азбендең туарег тайпалары көне уақыттан-ак геометриялық типтегі жазу — спифинагты сақтап қалған. Оны өте аз қолданады. Бұл Солтүстік Африкадағы Магриб елдері Тунис, Алжирде тараған және ливиялық алфавиттің дамыған түрі болып саналады.

Эфиопия халықтары қазірдің өзінде амхарлік делінетін жазудың күрделі бір түрін қолданады. Бұл амхарлік алфавит геэз алфавитімен тікелей байланысты. Осы көне геэз тіліндегі жазба біздің заманымыздың IV ғасырында өмір сүрген Аксум мемлекетінің орнынан табылған. Бұл сол кездегі Рим, Византиямен катар тұрған күшті мемлекет болған.

Суахали, хауса фульба халықтарының жазуы эфиопиялыққа қарағанда, әлдекайда кейін пайда болды. Ол араб алфавитіне негізделген. Суахили жазбасы Шығыс Африкаға, Х ғасырларда арабтардың келуінен байланысты пайда болған.

Батыс Суданда араб алфавиті негізінде хауса, фульбе және иянурилықтар жазуы пайда болды. Бұл жазу Магриб пен Батыс Судан мәдени дәстүрінің қатынасын көрсетеді. Суданда араб әрілі негізіндегі жазу өткен ғасырдың ортасында пайда болған, енді ол латын әрпі негізіндегі жазбаға ауысады.

Орталық Африкада Танганьикадан бастап Конго мен Суданың батыс облыстарында әр түрлі таңба, белгі жүйелері тараған. Ол әр түрлі мәлімет беру белгілері болып табылады. Шығыс Африканың көп тайпаларында бұрыннан-ак таңба арқылы белгілеу пайда болған.

Батыс Африкада Оңтүстік Нигерияның жерінде XX ғасырдың басында табылған жазудың тағы ерекше түрі — небиди өте қысқартылған пиктографиялық белгілерінен құралған өз алдына жазудың бір түріне жатады. Небиди жазуы бойынша бір белгінің өзі әр көріністе бірнеше мағына бере алады.

Либериядағы және Свер — Мондағы лай, менде және том халықтары нсбидегі өте жақын буынды вай жазу құрамын қолданады. Лингвистердің зерттеуіне қараған-

да, бұл жергілікті халықтардың өзінің шығарған жазуы болса керек.

Бамум халықтарында мысыр жазуына ұқсас бамуд жазу қурамы бар. Бұл пиктографиялық жазу бойынша бір таңбаның өзі бір сөздің мағынасын беріп отырған.

## ҚАЗІРГІ АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫ

Африка халықтарын этнографиялық жағынан зерттеу өте қынға түседі. Олардың мәдениетінің ерекшелігі көп. Сондықтан Африка халықтарын тарихи-мәдени ерекшеліктеріне қарай бөліп, тоқтап өтпекшіміз.

Солтүстік Африканың көне аборигендері берберлер, олардың үрім-бұтагы қазір араб тілінде сейлейтін халықтар болып, арабтық Африка деп аталады. Бұл арабтық облыстарға Мысыр және Магриб жатады, оларға және де этнографиялық жағынан Нілдің орта ағысы бойындағы Шығыс Судан кіреді.

Магриб елдерінде арабтар мен берберлердің еуропалық отаршыларға қарсы құресуі нәтижесінде, қазір үлкен үлттардың құрылу процесі жүруде. Олар — марокканцық, алжирлық, тунистық, ливиялықтар. Ал Біріккен Араб Республикасында мысыр үлтты қалыптасуда, Судан Республикасында да сондай өзгерістер болу үтінде.

Бұл елдердің бәрі дерлік иегізінде ауыл шаруашылығымен айналысады, оның төркіні неолит дәуірінен бері-ақ басталып келеді. Бірақ әр облыста жер шаруашылығының арақатысы біркелкі емес. Мысыр және Судан тұрғындары құнарлы Ніл өзенінің бойында мекендей отырып, тікелей жер шаруашылығымен айналысушылар болып табылады.

Мысырдың шаруашылығы қыстық, жаздық, күздік болып үш кезенге бөлінеді. Бірінші кезенде немесе қараша-наурыз айларында — бидай, арпа, сарымсак т. б. егілсе, сәуір-тамыз айларында макта, кеңір, жүгері сиякты дақылдар, ал күзде күріш, жүгері егіледі. Мысыр шаруалары феллахтар деп аталады. Олар соканы, топыракты майдалаушы аспап, тақтайдан істелген күрек сиякты куралдарды қолданады. Қазіргі Мысырда жерді суландыру шаралары дамығанмен, әлі де болса кедей шаруалар егінге суды шығыр арқылы шығарады. Мал шаруашылығы Мысырда жақсы дамымаған, себебі олар-

да жайылымдық жеткіліксіз, соңықтан жұмысқа қажетті күш көлігі ғана өсіріледі.

Магрибтің жер жағдайында су қорының көнтігіне, сонымен бірге жұмсақ ауа райына байланысты бұл жерде егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы қатар дамыған. Қей жерлерде егісті қолдан суландыруға да тұра келеді. Магрибте мөдени дақылдан: бидай, арпа жоне жүгері егіледі. Егін шаруашылығының дамығанына қарамастан, қолданатын техникасы өте артта қалған Ұшына теміртіс каптаған соқа т. б. қолданады. Құрғақ аудандарда көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы басым болып келеді. Бұл жерлерде, негізінен, қой-ешкі өсірілді. Сол сияқты жылқы, түйе де бар.

Мысыр мен Магриб қалаларында кейбір негізгі кәсіп салалары жақсы дамыған. Өсіресе, темір ұсталығы, зергерлік майдагерлік т. б. Өндірісі кейінгі кезге дейін өте нашар дамыған. Фосфат, мұнай өнімдері көбінесе сыртқа шығарылып отырады.

Мысыр шаруалары — феллахтар кіші-ғірім ауылдарда тұрады. Олардың үйлері бір қабатты, саз балшықтан тұрғызылады. Феллахтардың тамақтануы да өте жұпны болып келеді. Олардың дәстүрлік киімі мақта мата-сынан тігілген. Шалбар мен ұзын жеңді көйлек, қыс кезінде олар түйе жүнінен (джуббу) тоқылған шапан жамылады. Жүнінен, мақта жіптен тоқылған бас киім (тақия) киеді. Мысыр әйелдері көбіне қара түсті ұзын көйлек киеді, әшекейге өтс құмар болған. Ағылшын отаршылары келгенге дейін олардан: алтын, күмістен істелген сырға, жұзікті жиі көруге болар еді. Қала тұрғындарына көптеген еуропалық киім ұлғілері кең тарады.

Магрибтің отырыкшы тұрғындары үлкен ауылдарда тіршілік еткен. Олардың тұрғын үйлері араб үйлерінен бөлекшелеу, оны гурба деп атаған. Бұлардың қабыргасын сабан араластырылған балшықтан тұрғызып, төбесін қамыспен жабады. Мұнан басқа көп тараган үй тұрларі арабтарша салынған баспақалар. Олар балшықтан согып, шатырын тік қып жабады. Көшпелілердің ауа райы қын, желді Сахараға шыдамды фелидж деп аталған үйі болған. Ол түйе және ешкі жүнінен басылған туырлық іспетті, оны шатыр сияқты қазықтармен тігеді.

Магрибтердің төрттен бірі қалада тұрған. Үлкен қалалары Тетуан, Касабланка т. б. болып саналады. Магрибтің көп жерлерінде қазірге дейін қалалардың ортағасырылық құрылымы сақталған. Олар мұсылман қалаларының үлгісін сақтаған, көшелері тар, үйлердің есіктері аулаға қарап, көше жаққа саңылаусыз қабырғалар тұрғызылады.

Қалалардың негізгі халқы тұратын бөлігін медине деп атаған. Қаланың ортаңғы бөлігінде базар орналасады да, ол кәсіптік өндірістің негізгі орталығы болып саналған. Ал теңіз жағалауындағы қалалар еуропалық үлгіде салынған, оларда көп қабатты үйлер, көше транспортты көп болады. Мұндай жерде бай тұрғындар мекендейді.

Олардың үлттық қиімінің негізі жіп-мақталы көйлек, шалбар болып, оның сыртынан кең желбегей бурнис жамылған.

Қоғамдық құрылымында Солтүстік Африка халықтарында әр түрлі әлеуметтік-экономикалық құрылыш түрі сақталған. Тарихи жағынан бұл халықтар құлдық дәуірді басынан кешірген.

Арабтар жауап алған соң, олар феодализм дәуірінде өмір сүре бастады. Көп уақытқа дейін көшпелі магрибтіктер мен шығыс судандықтар соғыс-тайпалық құрылымды және де басқа рулық құрылышты басынан өткізді.

XIX—XX ғасырдан бастап еуропалық мемлекеттердің отарлау саясаты орнағаннан кейін, капиталистік қоғамдық қарым-қатынас орнады.

Қазіргі дәуірде тәуелсіз солтүстікафрикалық Алжир, АРЕ сияқты елдерде жұмысшы табы мен шаруалар жерге ұжымдық кооперацияның құрылуын, жұмыс акысыны арттыруды талап етіп, күрес жүргізуде.

Магрибтің ішкери аудандары әлі де жартылай патриархалдық, жартылай феодалдық қарым-қатынаста. Ал Сахараның көшпелі туарег тайпаларында осы уақытқа дейін Ақсақалдар кенесі басқарады, оның ішінде әйелдер де катынасатын тәртіп сақталып келеді. Туарегтерде неке патриархалдық ләстүрді ұстанады, бірақ ерінен айрылған әйел бала-шагасымен өз руына бара алады.

Шығыс Суданың бакара сияқты тайпаларында матриархаттық дәстүр көбірек сақталған. Мәселен, үйленгеннен кейін әйелдің екі-үш бала тапқанға дейін өз

үйінде болуы, сонымен бірге өз әкесінің үйіне бір бала-ны қалдырып кетуі — соны көрсетеді. Ал шиллуктерде көпке дейін патриархалды семьяда құл ұстай сақталып келді.

Солтүстік Африканың негізгі халықтарының діні ислам діні болып саналады. Бірақ мұнда ислам дініне араб басқыншыларына дейінгі әдет-ғұрыптар мен салттар тығыз араласып кеткен.

Әфиопия мен Сомали халықтары тарихи жағынан тығыз байланыста және де төркіндес бір тілде — семит-хамит тіл семьясында сөйлейді. Ал бұл халықтарда да ұлттардың қалыптасу процесі жүруде, солардың бірі эфиоптық ұлт. Ол амхара мен семиттік халықтар тигре — тиграл, сонымен қатар күшит тілінде сөйлейтін галла және сидамо тайпаларының негізінде құрылуда.

Сомали Республикасында, негізінен, сомалилықтар тұрады. Жоғары тарауда айтылғандай, Әфиопия же-рінде IV ғасырда өмір сүрген Аксум мемлекетінің кезінен-ақ дами бастаған мәдени дәстүрі бай болып келеді. Сондықтан Әфиопия Африканың басқа елдерінің этно-графиясынан ерекшеленіп тұрады.

Осы мемлекет кезінен бұл жерде христиан діні орнығып қалды. Қазір де Әфиопия Солтүстік Африкадағы христиан дініндегі ел. Аксум мемлекетінің жоғары мәдениетін кейінірек XIII—XVI ғасырларда өмір сүрген феодалдық Әфиопия мемлекеті онан әрі дамытып отырды. Осы дәуірде геэза тілінде жазылған әдебиет өркендеді.

Әфиопия халқының шаруашылығының өзіне тән ерекшеліктерін байқауға болады. Амхора галла тайпалары ертеден-ақ жер шаруашылығымен әрі мал шаруашылығымен де айналысады. Олар сиыр, кой-ешкі өсіреді. Ағау деген аз халқында мал шаруашылығы басым. Шығыс Әфиопия шөлді және далалы аудандарында көшпелі шаруашылық дамыған, олардың өсіретін малдары түйе, кой-ешкі болып келеді.

Егін шаруашылығы да ертеден-ақ дамыған. Ол кофе жөне бидайдың түрінің отаны. Онда егін егу кезеңі маусым айынан бастап, сонау қыркүйекке дейін созыла береді. Сонымен қатар мұнда мақта егу ісі жақсы да-мыған. Әфиопияда егін шаруашылығының дамуына қарамастан, оны өндіру, өндеу техникасы өте нашар. Әлі де болса, шот, қазу-таяқшаларын колданады.

Эфиопияның тұрғындары шуро-напымен коректенеді, ол әр түрлі дақылдардан істеле береді. Етті өте аз қолданады. Ал көшпелілер керісінше ет пен сут өнімдерін көптеп пайдаланады. Олардың негізгі ішімдігінің бірі су араластырылған ара балы болып саналады.

Эфиопия халықтарында өнеркәсібі жақсы дамыған, солардың бірі — зергерлік. Ұсталар өте шебер, олардың жасаған білезік, сырға тағы басқа заттары ешбір еуропалық зергерлердің дүниесінен кем емес. Эфиопияның кыш-күмыра жасаушылары да өте шебер, ыдыстары өте әсем, әрі мықты болып келеді.

Эфиопияның аграрлы ел болып, әсіресе, ауыл шаруашылығының дамып кетуі қалаларының өсуінен де көрінеді. Көптеген қалалары дамыған ауыл сияқты болып келеді. Аддис-Абеба астанасының өзінде бірнеше қабатты үйлері бар көшпелер өте аз.

Амхарлық, галлалық, каффалық шаруалар дөңгелектене салынып, тәбесін күмбездеп қамыспен жабылған лашықтарда тұрады. Олар ауылды жерлерде көше жасамайды, қалай болса, солай ретсіз, өз лашықтарын орнатады. Сонымен бірге бұл үйлер биік корғанмен қоршалады. Тукулдың ортасында тамақ пісіретін ошақ орналасқан.

Эфиопияның солтүстік және шығыс аудандары үйле-рін тертбұрышты етіп орнатып, қабырғасын тастап, майда киыршық лай немесе малдың қыны араластырып тұрғызады да, үстін жермен бірдей етіп ағашпен жабады.

Эфиопия халықтарының киіміне келетін болсақ, олардың ерлері мақта матасынан тігілген ұзын және өте тар шалбар, ұзын, жағасы тік келген койлек киеді де, үстінен арнаулы жапқыш — шамма жамылады. Ал сұйқта бурнус киеді. Жай кезде олар бас, аяқ киімдерін кимейді. Құмды жерде ғана шаруалар тері сандал киеді. Эйелдер жеңі қыска, ұзын койлек киеді.

Әлеуметтік-экономикалық құрылышында Эфиопия, негізінде, феодалдық карым-қатынасты ұстанып, патриархалдық қалдықтарымен және дамып келе жатқан капиталистік элементтермен араласып отыр.

Сомалийлар жоғарыда айтқан Эфиопияның халықына өте ұқсас келеді. Негізгі айырмашылығы халқының бестен бірі отырықшы, егінмен айналысушылар, қалған біразы көшпелі, мал шаруашылығындағылар. Бұл халықтардың басым көшшілігі ислам дінін ұстанады.

Суданда көптен бері қоғамдық еңбек мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысушыларға бөліне бастады, өздерінің жеке өндірістік кәсібі пайда болып, оларда ішкі және сыртқы сауда едәуір дамыды. Кейінірек Африка құрлығында бай облыстың бірі болған Судан, европалық отаршылардың назарын ертеден-ақ өзіне аудара бастады. Мұнда этникалық топтардан ірі халықтар манде, гур, гвинейліктер, хаусалар т. б. тұрады.

Жалпы, Суданның ыңғайлы табиғаты онда егіншіліктің дамуына қолайлы жағдай жасаған. Жер кетпенмен өнделеді. Мәдени дақылдарын көбірек егеді. Оларда Атлант бойы мен орта орманды аймақтарында жүгері, күріш, арпа, фонна, жер жаңғағы, бұрыш, кауын, асқабак өсіреді. Бұлардың көптеген түрі жергілікті дақылдар, ал маниока, жүгері европалықтар арқылы Америкадан келіп кірген. Негізгі дақылы күріш болып саналды. Ал йоруба, ашанти, ибо халықтарында дәнді дақылдар көп егілмейді. Мұнда ямс, жер жаңғағы т. б. басымдау егіледі. Бұл халықтар жоғары Гвинеяның тропикалық ормандарында тұрады. Бұл жердің шаруашылығында бір жақты какао, жер жаңғағы, мақта егуімен, пальма майын алуымен ғана шұғылданады. Ол өз пайдасын ойлаған европалық отаршылардың тікелей әсері еді. Мәселен, Сенегал және Гамбия, негізінен, жер жаңғағын беріп отырса, Піл Сүйегі жағалауы какао, Нигерия мен Дегомея пальма ағашының өнімдерін шығарады. Орталық және Шығыс далалы аудандарда дәнді дақылдар арпа, жүгері, бидай, күріш егіледі.

Жоғарыда айтылған аудандарда тұратын халықтарда мал өсіру шаруашылығы өте әлсіз дамыған. Атлантикалық және Гвиней жағалауының бірқатар этникалық топтарына жататын хауса, майдинголар да шағын меншік малдарын ұстайды. Сондықтан еттің жетіспеуінен аңшылықпен, балықшылықпен шұғылданатындар көп.

Мал шаруашылығы дамыған тайпалар ретінде біз фульба мен туарегтерді білеміз. Түркы аласа сиыр, сондай-ақ жылқы, түйе, қой-ешкі өсірумен шұғылданады. Бұл екі тайпа өз шаруашылығын жартылай көшпелі түрде жүргізген. Құзде ауа райының құрғақ кезінде табындыларымен онтүстікке қарай көшсе, көктем шыға қайтадан солтүстікке келіп, егін егу жұмысына кіріспетеді.

Судан халықтары өздерінің үй және шағын өндіріс кәсібінің дамуымен көзге түседі. Қазірдің өзінде теріден, ағаштан, матадан шаруалардың өздері әр түрлі тұтыну заттарын жасай береді. Мата тоқушылар, тігіншілер әлі де колдан жасалған станоктарды пайдаланады.

Хауса тайпасы кәсіпшілерінің өнеріне қызықпауға болмайды. Олар тері өңдеуге өте шебер. Мысалы, май және бал салуға арналып, өгіз терісінен жасалған таңду ыдысы әрі берік, әрі шыдамды келеді. Жалпы теріден сөмке, қап, сол сияқты белдік, аяқ киім, ер-тоқым, ат үстінде журуге қолайлы етік жасайды.

Судан темір өндірушілері темір мен мыстан өндіріс құралдарын жасауға да шебер келеді. Бұл жерде, әсіресе, Гана дағы ашанти және Нигерия дағы йоруба, Орталық Камерун дағы баму халқында көркем колөнер кәсібі жақсы өркендеген. Бенинде колдан неше түрлі мүсіндер т. б. жасайды. 1897 жылы ағылшын отаршылары Бенин қаласын өртеп, ондағы т. б. жерлердегі көркемөнер кәсібінің төмөнделеп кетуіне көп әсер еткен. Бірақ олар осындағы тамаша өнерді әлі де болса сактап келеді. Олардың құймашылары адам және жануар мүсіндерін, сол сияқты білезік тәрізді тұтыну заттарын жасайды. Хаус мата тоқымашылары шеттен келген мatalарды пайдаланып, өздері бұрын тоқитын тамаша мatalарын шығармай қойды.

Судан халықтарының көпшілігі деревняларда тұрады. Олардың үйлері ағаш пен балшықтан жасалады. Манде, хаус тайпалары тәбесі күмбездеп жабылған балшықтан жасалған дөңгелек лашықтарда өмір сүреді. Бұларда терезе мен түтін шығатын жері болмайды, негізгі тіршіліктері сыртта, тамақты аулада арнаулы жабық жерде даярлағандықтан, бұл баспана тек жатар орын ретінде пайдаланылады.

Мандинголықтар 30—40 агайындылардың отбасылары лашықтарын қатарластырып, бір жерде мекендеген. Фульбелерде бірнеше отбасы қазір де айналдыра қойылған бірнеше лашықтарда тұрады.

Батыс Суданның орталық орманды алқабында біз айтып кеткен дөңгелек үйлерден басқа, төртбұрышты үйлер болады. Бұл үйлер жалпы қауымдық жиналыстарға, сот мәжілісіне т. б. арналған.

Ал гур тобына жататын халықтар күйдірлімеген кірпіштен қаланған жайпақ төбелі үйлерде тұрады. Сырт көріністеріне қарағапта, мұндай үйлер кіші-гірім қамал-

жарға ұқсайды. Эр ауыл осындай бірнеше үйлерден ғана тұрады.

Гвиней жағалауы халықтары тік бұрышты ағаш және балшықтан жасалған үйлерде тұрып, көп жерлерде оның ішкі қабырғаларын, төбесін тіреп тұрған ағаштарды оюлап, әшекейлеп отырған. Мұндағы үйлердің төбесі шатырланып, камыспен жабылған.

Батыс судандыктардың негізгі киімдері ерлерінде ұзын көйлек, шалбар, ал әйелдері ұзын матамен оранып жүрген. Ал Гвиней түрғындары лыпа киіп, әйелдері етеккөйлек есебінде матаңы орай киіп, белден жоғары жағын ашық ұстайлы.

Судан халқын зерттеушілер оның әлеуметтік-экономикалық құрылышының өте күрделі екендігіне, өзгешелігіне өте көп көңіл боладі. Дамыған тапқа бөлініп тұратын мемлекет болып отырған елдерінде де рулық катынас сақталып отырған. Мәселен, Ашанти мемлекетінде басқару ісін патшаның сайлауымен болған көсемдер охене басқарған. Көсемнің орына мұрагерлікті әйелдері алған.

Йоруба елінде тағы бір өте қызықты жағдайды байкауға болады. Олардың ел басқару ісіне әйелдің көп араласатынын көреміз. Басқару ісінде кеңесші есебін «патша анасы» деген атпен сайланған әйел атқарады. Осы йоруба елінен батысқа таман пайда болған XVII ғасырдың басындағы Дагомме мемлекетінде ұрыс әскерлерінің құрамында әйелдерден құрылған отрядтар да болған. Осы жоғарыда көтірілген мысалдардағыдай көптеген судан халықтарының қоғамдық жөнсө саяси өмірінде әйелдердің көбірек араласатынына қарап, олардың дамыған патриархалды құрылышты басынан кешірмей-ақ, аналық-рулық құрылышта жүргенін көреміз. Ал көшпелі фульбелер бұрыннан дамыған патриархалды қоғамдық қарым-қатынасты басынан кешірген. Бұл жерде XVIII ғасырда үлкен саяси-бірлестік — имамат құрылған. Имаматтың негізі феодалдық-патриархалдық құрылышта, онда фульбе аксүйектердің үстемдігі орын алған.

Судан халықтарында дамыған діни көзқарастар қалыптасан, олар қоғамдық құрылыштың түріне қарай бейімделген. Олар қауымдық рухқа және құдайларға сенеді. Ал кейбір Нигерия тайпаларында жануарларға табынады. Фетишизм қалдығы да бар. Бұл Батыс Африкада көңіл бөле кетерлік бір жайт, көптеген одақтар

бар, әсіресе, Суданда өзара берік топтасқан құпия одақтар көп. Осында үлкен одактарды Либериядагы Порони, Камерундегі Эгбоны және Нгуаерлер одактарын айтуда болады. Мәселен, Эгбо одағының құрылышы оте күрделі. Оның құрамы көптеген сатыларға болінеді. Жоғары сатысында негізгі ақсүйектер болса, басында жергілікті король тұрады.

Батыс Африкада Ерлер одағы аналық-рулық құрылышқа қары бағытталған емес. Оларды қолдай отырып, жергілікті билеушілердің, көсемдер мен корольдердің мүддесі үшін қызмет етеді. Суданда Ерлер одағымен бірге Әйелдер одағы да болған. Мұнда ересек әйелдер жас қыздарға болашақ неке тәртібін, үй шаруашылығын, емдеу өнерін үйреткен. Бұл одақ мүшелері әр түрлі діни ғұрыпта болған.

Тропикалық және Оңтүстік Африкада тұратын банту халықтарының экономикалық дамуы судандықтардың дәрежесіне жете алмаған. Оларда Баконго және зұлус тайпаларының экономикасы едәуір жоғары болды. Бантұлықтар егіншілікті суландыру тәсілдерін жақсы менгерген. Далалық пен орманды, нұлы жерлерде мал шаруашылығы өркендерген. Олар мыс пен темір балқытуды, алтын өндіруді үйреніп, темір, ағаш, піл сүйегінен тамаша заттар жасай алған. Бантұлықтар тастан ғимараттар сала білді. Бұлардың Баконго, Балуба, Буганда, Моно-тапа сияқты мемлекеттері болды.

Егіншілікпен айналысушы бантулар Конго бассейнінің тропикалық аймақтарын мекендейді. Міне, осы жерлерде алғашқы тропикалық өсімдіктер сезам, сорго, майлы пальма өсіру ісі ілгері дамыды. Казіргі кезде оларда маниока, ямс, арпа, жүгері, күріш дақылдары егіледі. Еуропалықтардың келуімен бірге бұлардың шаруашылығына мақта, кофе, шай, темекі егу ісі қалыптасты.

Жер суландыру жұмысы, әсіресе, шығыс аудандары Руанда мен Урундида кенінен тараған. Қоپ жерлерінде егістікті канал арқылы суарса, қейбір жерлерде ағаш құбыры арқылы да су апарған.

Тропикалық Африканың мал шаруашылығы сан салалы. Конго бассейні халықтары қой, ешкі, шошқа, үй құстарын үстайды. Бұл жерде ірі қара малын үстаяу оте қызын, себебі ондағы кене шыбынынан жұғатын ауру сиыр малына оте қауіпті. Ал шығыс тропикалық Африканың далалы аудандарында мал шаруашылығы дамы-

ған. Мұнда қой, ешкімен бірге ірі қара малы да үсталады. Бұлардың кейбір аудандарында көлік есебіне жылқы малы сирек пайдаланса, негізінен, есек үстайды. Әсіресе, мал шаруашылығы орманды және жартылай құмды аудандарда, Замбези өзенінің онтүстік жағында жақсы дамыған. Мұнда — банту, қоса, зұлұс, болута, бечуан халықтары мекендейді. Олар қой-ешкімен бірге ірі қара мал өсірген. Еуропалықтар келгенге дейін көлік есебінде жылқы малының орнына өгіздерді пайдаланған. Өгіз олардың әрі мінүіне, жук тасуларына да пайдаланған, арбаға жеккен. Бірақ Онтүстік-Батыс Африкадағы банту халықтары жер шаруашылығымен де айналысадан.

Мал шаруашылықтарының бұл аймақтарда төменидеп кетуінен отаршылардың аборигендердің жерлерін тартып алуды себепші болған. Бантұлықтардың қазірге дейінгі негізгі тіршілік көздері егіншілік болып есептеледі.

Бантұлықтардың темір өндіруіне, мата тоқу, майдарлік өнерлерінің дамуына отаршылар біраз кедергі жасады. Соған қарамастан әлі күнге дейін олардың тұтыну заттарын әсемдел, әшекейлеп істейтінін байқаймыз. Қолмен тростник, пальма ағаштарының шыбығынаң сабеттер тоқиды, тіпті өте тығыз етіп тоқыған себетке сұйық зат құйып жүруге де болады.

Енді бантулардың үй құрылышына көз жіберсек, олар үйдің қаңқасын ағаштан түрғызып, төбесін тростник және пальма ағаштарының жапырактарымен жабады. Батыс тропикалық Африкада үйлердің көпшілігі төртбұрышты, шатырлап жабылған үйлер болып келеді. Конгоның шығысы мен Ұлы өзен аудандарында лашықтары дөңгелек болып, төбесі сүйірленіп жабылады. Эрбір ауылда ерлер жиналатын үй немесе шатыр болады. Онтүстік бантуларда патриархалды әулет тұратын үлкен баспаналарын крааль деп атайды. Оның ортасында мал тұратын аула болады да, **оны қоршай** әйелдердің лашықтары орналасады.

Олардың киімдеріне келсек, ауа райы ыстық жерде тұратын бантулар тек бөксесін, не алдын ғана жабатын өсімдіктен тоқылған немесе мал терісінен тігілген лыпа киеді. Бантуларда тоқымашылық болмаған, тек шығыс жағалауларда тұратындары ғана арабтардың келуіне байланысты тоқымашылықты менгере бастаған. Мал шаруашылығымен айналысадан бантулар кароос деп атаптын сулық-желбегейді жамылады.

Бантулар да кейінгі кезге әр түрлі әлеуметтік-экономикалық даму жолында болып келді. Африканың шығыс жағалаудында арабтың сұлтандарында феодалдық қарым-қатынас қалыптасқан. Конго мен Анголаның біраз аудандарында ертеден феодалдық мемлекеттер мен тайпалар одағы өмір сүрді. Тропикалық және Оңтүстік Африканың ішкі аудандары әлі де болса қауымдық-рулық құрылыштың ыдырау кезеңінде тұрса, кейбір тайпаларда рулық құрылыш қатты сақталған. Конго бассейнін кейбір басаката сияқты артта қалған тайпаларында матриархалдық рулық құрылыш тәртібі сақталып,, сол дәстүрдегі неке салты өмір сүреді.

Ал Батыс тропикалық Африканың көптеген халықтары өткен ғасырда толық дерлік патриархат дәуірінде болды. Кейін отаршылардың келуімен, олардың ру және тайпа көсемдері қанаушы, билеушілерге айналып кетті. Шығыс Африка банту халықтары қоғамдық құрылышы жөнінен рулық қоғамның ыдырау кезеңінде өмір сүріп келеді. Оңтүстік африкалық банту халықтары да көпке дейін рулық құрылышта болып келді де европалық патриархалды әулеттерге бөліне бастады және де тайпалық рулық құрылыш, оның өз көсемдерін сайлау және мұрагерлік салты да өзгерді.

Бантуларда өте ерте құрылған мемлекеттік құрылымдары болған, боконго тайпасы арқылы көптеген тайпалар XVI ғасырда Конго мемлекетіне біріккен. Конгода басы бос шаруалардан басқа құлдар да болған. Олар көбінесе соғыс тұтқындары және қарызын өтей алмай құлға айналғандар еді. Құл иеленушілердің басында мемлекет басшысының өзі тұрды. Жалпы мемлекеттерді басқару ісі ортасынан өздері сайлаған билеушінің қолында болды. Бір қызығы, алғашқы кезде елді билеудің жоғары орындары әйелдер жағынан келетін туысқанға мұрагерлікке берілді. Мысалы, ер адам өзінің қарындастының баласына, яғни жиеніне билікті бере алған.

Отаршылар Банту халықтарының артта қалғанын пайдаланып, оларды қанап отырды. Дегенмен, бұлардың келуіне байланысты бантуларда плантациялар пайда болып, өндіріс орындары көбейді, жұмысшы табы қалыптаса бастады. Сонымен қатар буржуазия мен зиялды қауым қалыптасты. Оңтүстік бантулықтардың біргігүйнің натижесінде зұлұс, басуто сияқты тайшалар отаршыларға қарсы құрес жүргізуде. Бантулар ата-баба арағына сыйну, сол сияқты жаратушыға да табынды. Ал европа-

лық миссионерлердің әсерімен көптеген бantuлықтар христиан дінін кабылдады.

Койсандық халықтар — бушмендер мен готтентоттар Африканиң онтустігінде өмір суреті. Готтентоттардың экономикалық және қоғамдық құрылышы европалықтар келгенге дейін өтө жоғары болған. Олар негізінен мал шаруашылығымен айналысты. Олардың малды күтетіні сондай, ауырған мал болмаса оны соймаған, қорек есебінде пайдаланбаған. Олардың құралдары темірмен үшталған наиза, садақ болып келді. Бұлар темірді өздері өндеп, әрі өздері шығарып отырды. Готтентоттардың қоғамдық құрылышында патриархалды рулық тайпалық құрылым өмір сүрді. Қазіргі кезеңде олардың бір қатарлары ауыл шаруашылығымен айналысып, европалықтардың фермаларында жұмыс істейді. Тау-кен өндірісінде де готтентоттар жұмыс істей бастады. Готтентоттарға қарағанда бушмендердің тіршілік деңгейлері өте тәмен. Оларды отаршылар Қалахарі шоліне ығыстырып тастанады. Осы кейінгі кезге дейін олардың тұрмысы тәмен жағдайда қалып келді. Аң аулау, жабайы өсімдіктер мен тамырларды терумен тіршілік етті. Бушмендар садақ пен наизаны пайдаланған, темір қаруларды готтентоттардан айырбас жолымен алғып отырды. Бушмендер аң аулау қынышылығына өте шыдамды болып келеді. Олар көбінесе аңдарды бірігіп қоршап алу арқылы да аулап, оған әйелдер мен жас балалар да жәрдем көрсеткен. Осы аңшылықпен айналысқан бушмендерде тұракты қоныстар да болмаған. Сондыктан олар тез жинап, тез тігуге кос-куркелерде тұрады. Киім атаулардан тек бөксесін жауып тұратын лыпаны байлан жүретін болған.

Бушмендерде де тайпалар этникалық жағынан бірігіп, әке жағынан жақындар топ-топ болып, бірлесіп өмір сүрді. Элі де болса бушмендердің жартысындағы бүрнігі дәстүрлерді ұстанады.

Бушмендердің діни сенімі табиғатпен тікелей байланысты. Аңшылар кунге, айға, жүлдізға және т. б. өздері сәтті аңшылыққа себепші затка бас иеді.

Ғылымда олардың жартастарға салған сурет өнері үлкен орын алады.

Бantu тілінде сейлейтін пигмейліктер тропикалық орманда, Бутти Коно, Огове, Тури өзендерінің бассейндерінде шашырап, топ-топ болып тұрады. Пигмейліктер негізінде аңшылықпен өмір сүреді, кейінгі кезге дейін

садакты пайдаланып келді. Әйелдер мөн жас балалар болса терімшілікпен айналысты. Ал пигмейліктер болса, темір өндіреу мен өндіруді білмеді. Егішілікті үйренбеді. Олар көрек іздеу жолында бір жерден екінші жерге қоныс аударып отырлы. Бірақ олар белгілі бір жердің шекарасынан асып көпеген. Тек олар өздеріне керекті құралдарды айырбастап алу үшін бантулармен арала-сып турды.

Олардың діни сенімі де өндіріс жағдайына байланысты еді. Тотемизм сенімі қатты дамыған. Олар жануарлар мен өсімдік тотеміне синыған.

Мадагаскар мальгаштары — Мадаскар аралының тұрғындары. Мальгаштардың заттай мәдениетінде онтүстіказиялықтар мәдениетінің көрінісі бар. Олардың үй салу, күріш егу тәсілдері, қабір үстіне ұстын орнатуы, бір кезде Онтүстік-Шығыс Азия халықтарымен байланысты болғанын көрсетеді. Бұлардың мәдениетінде онтүстіказиялық және африкалық мәдениеттердің Мадагаскар аралының географиялық жағдайына қарай қосыла бейімделген байқалады.

Мальгаштар егіншілікпен айналысады, олар жер суландыру тәсілін жақсы менгеріп, күріш егу ісін ойданыдай жолра қойған. Ал күріш жақсы өспейтін аудандарда, негізінен, жүгегері егіледі. Онан басқа картоп, қант құрағын егу дамыған. Олар бал арасын ұстайды. Отаршылық кезінде коғені шетке шығара бастады. Диқандар малды құнделікті қажеттілік мөлшерінде ғана ұстайды. Мадагаскарда мал шаруашылығымен айналысатын аудандар да бар. Елдің батысындағы ол аудан тұрғындары ешкі, қой, шошка, ірі қара мал осіреді.

Мальгаштардың тұратын үйлері де әр түрлі. Кейбір аудандарда қабырғасы ағаш қанқалы болып көтерілсе, тобесі тік шатырлы болып жабылады, ал орталық аудандарда үйлері балшықтан тұрғызылады. Бұлардың ете әшекейленген үйлері төртбүршты етіп салынады.

Ерлер белге алжапқыш байласа, әйслдері етеккөйлек киеді. Мальгаштардың ерлері мен әйелдеріне де ортақ, әрі үстіне киіп, әрі жамылғы есебінде пайдалана беретін «ламба» деген киім түрі кең тараған.

Мальгаштардың бұрынғы рулық құрылышы туралы толық мәлімет жок. XVI—XVIII ғасырларда Мадагаскардың орталық бөлігінде феодалдық Америна мемлекеті болған. Өткен ғасырдың аяғында Мадагаскар

Францияның кол астына қарады. Соған орай, буржуазиялық қарым-қатынас орнай бастады.

Біз жалпы Африка халықтарының негізгі шаруашылығына, қоғамдық құрылышына тоқталып өттік. Олардың қоғамдық қарым-қатынасына, мәдениетіне, ауыл шаруашылығына отаршылық саясаты көптең әсер етті. Оның өзі көптеген халықтардың саяси-әлеуметтік жағдайының төмендеп көтуіне әкеліп соқты. Африка халқы соған қарамай өздерінің мәдени дәстүрін әлі де сактап отыр. Олардың отаршылармен үздіксіз күресінің нәтижесінде өздерінің дербес ел болуларына қолдары жетті.

---

## АМЕРИКА ХАЛЫҚТАРЫ

Америка жана дүниеге жатады. Ол — Беринг бұға-  
сы, Гренландия, Испания, Британия арқылы көне дүние-  
те жақын орналасқан құрлық. Жаңа дүние үш бөліктен  
құрылған: Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Америка<sup>1</sup>.

Осы күнге дейін Америка жерінен алғашқы адамдар-  
ың пайда болған дәуірін білдіретін археологиялық де-  
ректер табылған жоқ. Алайда бұл жер тұрғындары та-  
рихи туралы кездескен кейбір ғылыми деректер адам  
баласының басынан откерген дәуірлерінің бірі болған  
жаңа тас (неолит) кезеңіне тұра келеді. Демек, Америка  
алғашқы адамдар Көне дүниеге жататын Еуразиядан,  
Африкадан жаңа тас дәуірінің 20—30 мыңыншы жылда-  
рында Азия құрлығынан тараған. Олар жаңа қоныс із-  
дең, Беринг бұғазы арқылы Америка құрлығына келіп  
қоныс тепкен антропологиялық, тілдік, археологиялық  
және көптеген ғылымдар деректері бұл пікірді дәлел-  
дейді. Бұл құрлықтыңaborигендерінің антропологиялық  
(монголоидтық) және тілдік ұқсастықтарын кездейсок  
деп қарауға болмаса керек.

Негізінде Американың жергілікті халықтарын X. Ко-  
лумб бір сөзben «ұнділер» деп атап жіберген. Себебі ол  
құрлықты Ұндістан деп шатастырган. Солай болса да,  
Американың ежелгі тұрғындарын әлі күнге дейін «ұнді-  
лер» деп ғылыми енбектерде жазып келе жатыр. Әйтпесе  
Америкада ежелден әр түрлі тілде сөйлейтін, өздері-  
нің этникалық атаулары бар халықтар жасаған. Олар-  
дың біреуі де, өздерін «ұндіміз» деп атамайды.

Ғылыми тұжырымдарға қарағанда, алғашқы адам-  
дар Азия құрлығынан Американың солтүстігінен онтүс-  
тігіне қарай жылжыған. Әсіресе, Тынық мұхитты жаға-  
лай отырып, бірте-бірте құрлықта тараған.

Америка құрлығынан табылған археологиялық дерек-  
тердің басым көшіліктері жаңа тас дәуіріне тұра келе-  
ді. Соған қарағанда алғашқы адамдар бұл құрлыққа  
мезолит, жаңа тас кезеңдерінде келген болулары тиіс.  
Олар алдымен Солтүстікті, кейін Орталық және Оңтүстік  
Американы өздерінің отандарына айналдырган. Солай  
болса да әр түрлі себептермен Оңтүстік Америкаға Ты-

<sup>1</sup> Америка құрлығын италяндық тенізші Америго Веспучи ашып,  
ал бұл құрлықтың бұрын-соңды белгісіз болып келген, жаңа дүние  
екенінде алғаш пікір айтқан еді. Сол италяндық жиһанкезідің  
атимен бұл құрлық «Америка» деп аталаған кеткен.

пүк мұхит арқылы Австралия, Океания жерлерінен де адамдардың келуі мүмкін екенін Теодр Харирдолдың саяхаты дәлелдеген сияқты. Оңтүстік Америкадағы үндістердің кейбіреулерінің арасында негроавстралиялық антропологиялық белгілер де ұшырасады,

Америка құрлығын мекендеген олар келген жердің табиғи ерекшеліктеріне бейімделіп, өздерінің шаруашылықтарын қалыптастырып, оны дамыта білген. Еуропалықтар келгенге дейін түпкілікті халықтардың саны есепке алынбаған. Кейінгі кездердегі жүргізілген есеп бойынша, шамамен Солтүстік Америкада (Мексиканы қоспағанда) 10 миллионнан астамырақ үндіс болған дегендер еректер бар, Жалпы Америкада түпкілікті тұрғындардың қанша болғаны беймәлім.

Американың түпкілікті халықтары көптеген тілдерде сөйлеген. Бірақ олардың тілдерін зерттеу кейінгі кездерден басталады. Тілдерді зерттеушілердің кейбіреулесір үндістер екі мындаған тіл семьяларында сөйлеген деген болса, енді біреулері аз тіл семьяларында сөйлеген деген пікірлерді айтады. Солай болса да, мамандар үндістердің тілдерін зерттеп, оларды он бес тіл семьясына топтайтыны, олар: эксимос — алеут, атапас, алгонкин — вакаш, хока — сид, оңтүстік — ацтек, майя — соке, чипча, аршбак, кариб, туни-гуарани, кечу, аймара, араукаи, пүэльче.

Осы аттары аталған тіл семьясы түпкілікті халықтардың аттарымен аталған. Эрбір семья генологиялық және морфологиялық жақтан ұқсастықтарына қарай отырып, тіл топтарына бөлінгендейтін, бір тіл семьясына бірнеше туысқан тайпалардың кіруі мүмкін. Осынша тілдерде сөйлеген сан жағынан үлкенді-кішілі халықтар, ғасырлар бойы өздерінің заттай және рухани мәдениетін қалыптастырыған.

Америка жеріне қоныстанған көптеген тайналардың шаруашылықтарын 10 үлкен топқа бөлуге болады: Арктиканың аңышылары мен балықшылары, орман аңышылары, Калифорнияның терімшілері мен аңышылары, Американың далалық аймақтарындағы аңышылар, солтүстік-батыс жағалаудың үндістері, отты аралдардың тұрғындары, Солтүстік Американың шығыс және оңтүстік-шығыс егіншілері, Орталық және Оңтүстік Америкада құрылған мемлекеттер. Оңтүстік Американың басқа егінші халықтары.

Американың солтүстігін, Гренландия жағалауларын, Аляска, Канаданың солтүстігін эскимос тайпалары ертеден қоныстанған. Олардың қазіргі жаллы саны 60 мыңнан астамырақ. Бұлардың этникалық тарихы зерттелмеген. Солай болса да, эскимостардың мәдениеті б. д. д. 4000 жылдарда қалыптасқан деген пікір бар. Олардың негізгі кәсібі аңшылық пен балықшылық, олар тюлень, балық аулаған. Ұстаған андарының еттерін күнделікті тамактарына жаратса, терілерінен кім, сүйектерінен әр түрлі құралдар жасаған. Құрлық жерлерде бұғыларды, аюларды, мұскусты, өгіздерді, терісі бағалы андарды, суда жүзетін құстарды аулаған. Эскимостардың құралдары ағаштардан, сүйектерден және т. б. қатты заттардан істеген. Сүнгі (гарпун) найза, садак, жебе, қақпан, ау, шапқы сияқты құралдар болған. Бір кісілік, көп орындық қайықтары болған. Эскимостардың заттай мәдениеті өздерінің кәсібіне бейімделген. Күн жылы бастаған сайын олардың кәсіппері кең өріс алып, қоныстарын жиі-жіе өзгертуге лайықталған күрке текtes баспаналары болса, сұық түсісімен, олар бір жерге шоғырланып, жертөлеге орналасқан. Кей кездерде мұзды, қарды жинап «иглу» деп аталатын баспана салған. Киімдерін аң терілерінен әдемі етіп тігеді. Ұлттық тагамдары, негізінен, ет пен балықтан даярланады. Кейінгі кездерде құрлықта тұруышылармен тығыз араласа бастаған соң, тағаминың басқа да түрлерін жасауды игерсе бастаған. Эскимостардың арасында космогониялық түсінкітер кең тараған. Тұнде айға, жұлдыздарға карап, тіпті жел бағытын болжап та жолын мұлтіксіз тапқан. Ата-бабаларынан келе жатқан ертегілер, онғимелер және т. б. ауыз әдебиеттері де болған. Эскимостардың ертеден келе жатқан біраз салттын, әдет-ғұрпын Канада, АҚШ отаршылары бұзды. Олар құрал-сайман, азықтүлік пен киім-кешектермен қамтамасыз етіп, эскимостардың өнімдерін шикізат ретінде өз елдеріне алып кетіп жатады.

Алясканың ішкі аймақтарында, Канада мен АҚШтың ормандарында алгоникендер мен атапаскілер деп аталатын аңшы тайпалар орналасқан. Өздерінің шығу тегі, тілі, кәсіппері бойынша бір-біріне жақын түрғын тайпалар. Жабайы бұғы аулайды. Бұғының солтүстіктен онтүстікке қарай жүретін жолдарына орай қоныстанған. Әсіресе, бұғыны еті, майы, терісі үшін ағаштан, сүйектен, тастан дайындалған құралдармен күзде көбі-

рек аулайды. Үндістер мыстар жасалған заттарды әшкей үшін пайдаланған. Сонымен біраз күстарды, бұландарды және балық аулаған. Аңшылар садақ, жебе, қақпаш, тұзак, шалма, сұнгі сияқты құралдарды пайдаланады. Эйелдер мен жас балалары терімшілікпен шұғылданады, аңшылықтан түскен табыстарына керекті жабдықтар әзірлейді. Баспаналарының қаңқасын ағаштан тұрғызып, сыртын ағаш қабығымен, бұғының терілерімен жабады. «Чум» деп аталатын мұндай үйлердің ортасына от жағып жылжытқан. Жазда қайықты, қыста ит жеккен шананы қөлік етеді. Үндістер киімдерін аң терісінен тігеді. Оларды үлттық өрнектермен әшекейлейді. Отаршылар келгеннен кейін орман аңшыларының тұрмысында көп өзгерістер болып, бұрынғы салт-дәстүрлерінің көпшілігінен айырылып қалған. Канада мен АҚШ елдерінің заттары аңшылар тұрмысына кең тараған. Калифорния терімшілері мен аңшыларының шаруашылықтары да табиғатына бейімделіп қалыптасқан. Бұл аймақтың ауа райы тіршілікке қолайлы. Жерлері жеміс-жидекке бай болғандықтан, калифорниялықтар терімшілікті ертеден өздерінің негізгі кәсіптеріне айналдыраған. Олат жеміс-жидек, өсімдік тамырларын, әр түрлі өсімдіктер, еменнің дәнегі т. б. жинауды. Терімшілікпен қоса олар садақпен аң аулаған. Калифорниялықтар ру, тайпаларға бөлінеді, оларды өздерінің көсемдері басқарған. Ауа райы қоңыржай, жұмысқа, жылы болғандықтан, олардың баспаналары да ағаштың қабығын, андардың терісін жауып, женіл-желпі ғып салынса, киімдері де өсімдіктердің жапырағынан, қабығынан, аң терілерінен жасалған. XVI ғасырдан бастап, отаршылар бұл жерге келе бастаған, ал 1848 жылы Калифорниядан алтын басқа да тұсті металдар шыға бастаған соң-ак, келімсектер ағыла бастады. Олар жергілікті үндістерді қырып-жойып, санын орасан төмендеп жіберді. 1910 жылы бұл жерде 16 мындаған үндістер қалған болатын және оларды шөл, шөлейт жерлерге ығыстырып тастады. Жергілікті тұрғындармен келімсектер қан жагынан араласып, будандар көбейді.

Американың солтустігінде ауа райы қоңыржай далалы аймақтар бар. Бұл далалықтарды сан жағынан болса да аңшылар мекендейді. Еуропалықтардың Америка құрлығын иеленген кезден бастап, бұл аймаққа басқа жақтан келушілер көбейіп, жергілікті үндістердің санын көбейтіңкіреген. Сөйтіп, бұл аймаққа басқа тілдерде

сөйлейтін үндістер де келген. Олар жергілікті тұрғындармен қосылып аң аулаған, үлкенді-кішілі андармен бірге жабайы жылқы-мустаң-тарландарды да аулаған. Жылқыларды қолға үйретудің арқасында кейіндері жылқы шаруашылығы қалыптаса бастаған. Оларды қөлік ретінде мініп, аңға, шаруашылықтың басқа да салаларына кең пайдаланаған. Олар егіншілік, балықшылық кәсібімен де айналысқан.

Олар бизондарды ат мініп аулаған. Аңшылардың иегізгі құралдары наиза, шанышқы, садак, пышак, балта, дұзак, тор. Кейіндері мығықты пайдалана бастады. Үндістердің әлеуметтік дәрежесі баққан жылқысының санына байланысты бағаланған. Олар кең жазық, көкрай шалғын жерлерді иемденген. Үндістердің байлық көздері — бизон, аң, жылқы терілері. Олар баспаналарын ірі андардың, хайуанаттардың терілерімен жауып, чум күркелерін тігіп, қызы-жазы сонда тұрған.

Солтүстік-батыс жағалаудың үндістері алеут, тлинкит, хайза, сэлши, бақаш тайпаларынан құрылған. Осы аймақтың солтүстік-батысын алеуттер мекендесе, онтүстігінде гленкиттер, хайза, сэлши, бақаштар тұрады. Бұл тайпалар теңіз андары мен балық аулауды қосіп еткен. Мұхит, теңізден ірі-ірі су жануарларын ұстаса, өзен, қолдерден балық аулаған. Олар руларға, тайпаларға бөлініп өмір сурғен. Тайпалар фратрилерге, ал олар өзара руларға бөлінген. Рулардың ортақ ата-тегі болып саналатын өздерінің сиынушы құдайтары болған. Мысалы, қарға руының санының көбеюіне байланысты, олар әрі қарай қарғаның қанаты руына, қарғаның басы руына және басқа руларға бөлінетін болған. Қөшшілік рулар туыстықты әкелік жолмен санаса, ал глинкиттер аналық жол бойынша ажыратады. Руларды, тайпаларды өз ортасынан сыйлы көсемдер, басшылар басқарған.

Американың онтүстігінде Отты жер аралдары орналасқан. Ол бірнеше кіші-гірім аралдардан тұрады. Ерте заманнан бұл жерді алакалуф, ягана тайпалары мекендейді. Олар аңшылық, терімшілік, балықшылықпен күн көрген. Сол себепті жиі-жиі қоныс аударып журген. Құралдары наиза, шанышқы, ілмек, тастан, ағаштан жасалған әр түрлі аспаптар болған. Аңшылық, балықшылықпен ерлер айналысса, терімшілікпен әйелдер шұғылданған. Олар ру, тайпа болып өмір сурғен және әзогамдық жолмен отбасын құрған. 1870 жылы еуропалықтар Отты жердің өмірге қолайлы аймақтарын отар-

лан, жергілікті тұрғындарды аңдай аулап, қолға түскендерін өлтіріп отырған. Сондықтан алакалуфттар мен яғаналар өте азайып кеткен.

Солтүстік және Оңтүстік Американың тілі, оның түрі және құрылымы бойынша әр түрлі болып келеді, сондықтан да олар әлі нашар зерттелген. Бұл тілдерді алғаш зерттеушілер христиан дінін уағызыдаушы миссионерлер болған. Олар XVI—XIX ғасырларда үнділер тіліне библияны, жаратушыға сиыну уағыздарын аударған. Сол тілде құнды аудармалар жасалды. Смитсон институтындағы этнология бюросының басқарушысы американдық Дж. Пауэлл өзі геолог бола тұра, 1879 жылы лингвистер шеше алмаған қын мәселені игерді. Ол Солтүстік Американың көп тайпаларын зерттеп, олардың тілін алғаш рет топтарға бөліп, тілдердің грамматикалық құрылымына көніл аударған. Кейбір кемшиліктеріне қарамастан, Пауэлл енбегі осы уақытқа дейін өзінің ғылыми маңызын жойған жок.

1886 жылы Пенгильван университетінде американдық үнділер тілдерін үйрену кафедрасы ашылды. Оны белгілі американ лингвистикасы мен археологиясының профессоры Даниел Бrintон басқарды. 1893 жылы Бrintон тек Солтүстік Америка емес, бүтін Американың тіл классификациясын бере отырып, өзінін «The American race» деген енбегін жарыққа шығарды. Бrintон Америка халықтарының көп түрлі тілін Солтүстік Атлантикалық, Солтүстік Тынық мұхиттық, Орталық, Оңтүстік Тынық мұхиттық, Оңтүстік Атлантикалық деп негізгі бес топқа бөлді. Барлық тілді 45 тіл семьясына бөлсе, оның 13-і Солтүстік Америка тұрғындарына жатады екен. Американ тілдерінің өзара байланысын үйренуді американдық белгілі этнографтар және лингвистер А. Кребер, Ф. Боас, З. Сэпир антың еңбектері ілгері жылжытты. Олар американ тілін талмай зерттеп, кейінгі кезге дейін біріне-бірі бөтен тіл деп келген топтардың тарихи түп жақындығы туралы корытынды жасады. Олардың пікірлері бойынша, кейінгі кезде жоғалып бара жатқан грамматикалық тіл формаларының кейбір қалдықтары көптеген тілдердің негізі болып саналады. Осы әдіспен лингвист Э. Сэпир Солтүстік Американың көп тілді екендігін айтады (Пауэлл бойынша 58). Оларды цскимос-алеуттік, алғондық-вакаштік, сиухокалық, надепелік, пенутилік, танъо-юто — ацтектік деп алты топқа не «үлкен семьяға» бөледі.

Қазіргі кездеген көптеген американдық және европалық лингвистер осы Сэпир схемасын мойындаиды. Оны солтүстік американдық тілдер тобының негізіне жатқызыса, бұл пікірді К. Ф. Вегелин, П. Риве, Г. Лоукотки, Г. Хайджер және басқа ғалымдар да қолдайды. Сэпирдің бұл жүйесі географиялық және мәдени жағынан қашық жатқан тайпалардың өзара тарихи байланысын үйренуде өте пайдалы. Ол Солтүстік Америка құрлығын қоныстану тарихын зерттеуді жеңілдетеді.

Орталық және Оңтүстік Америка тілдерін үйреніп, зерттеу біраз кейін басталды. Мексика мен Орталық Американың тілдеріне байланысты көптеген схемалар мен топтаулар түрлері ұсынылды. Соның ішінен Леон (1908), П. Риве (1924), В. Шмидт (1926) және т. б. топтау тәсілдерін айтуға болады.

Қазір Орталық Америка мен Мексиканың тілдерінен байланысты М. Мендисабол, Х. Морен, В. Леман ұсынған топтау түрлерін көп қолданады. Осы топтау бойынша қазіргі Мексика мен Орталық Американың мәлім болған 90 тілінің 35-і мұлде жоғалып кеткен. Олар 19 тіл семьясына жіктеледі де, сиу-хока, тапиоаитек, макротоми, соке-майя, тараск, пайяленка және сұмо-мискито деген үлкен жеті топқа бөлінеді.

Оңтүстік Американың тілдерін топтауда Ривециң, Лоукоткидің, Мэсончың және басқалардың еңбектерінсүйене отырып, оларды төмендегідей белуге болады: 1). Чибча тобына жататын халықтар Нанама мойнагында және Никарагуа, Коста-Рика, Нанама, Колумбия, Эквадор мемлекеттерінде, әсіресе, олардың таулы аудандарында. 2). Кечуа және аймара тілдерінде сөйлейтін үндістер Оңтүстік Перу, Боливия және Эквадорда. 3). Қөп тарамды аравандық тілдер семьясымен сөйлейтіндер Оңтүстік Америкада тұрады. 4). Кориб халықтары және ондағы өте аз тайпалар. Олардың тұратын мекендері — Амазонканың сол жағалауы мен Оринконың төменгі жағы, Андтың батыс беткейі мен Колумбияның көп бөлігі. 5). Парагвай, Бразилия және Боливия тұрғындары. 6). Жес семьясында сөйлейтін Бразилияның шығыс бөлігінде тұратын тайпалар. 7). Амазонка және Ориноко бассейндерінде басқа тілдермен ұқсас емес тіл семьясы бар. 8). Диагит семьясы испандықтар келгенге дейін Солтүстік Чилидің бірқатар жерінде және Солтүстік-Батыс Аргентинада тұрған. Қазір ол тайпалар қалмаган, тілдері туралы да мәлімет өте аз. Солтүстік

Чилидің шөлді Атакама жеріндегі ұлыстар сөйлеген атакама тілі туралы да осыны айтуға болады. 9). Еуропалықтар келгенге дейін Андтың батыс беткейінде Орталық Чили аумағында аракуан тілі болған. Олар қазір тек Орталық Чилидің онтүстік бөлігінде ғана бар. 10). Қазіргі Уругвайдың және Бразилия мен Аргентинаға жалғас аудандарда тіл топтары бар. Зерттеушілердің көшілігі оларды шамамен чарруа тобына жатқызды. 11). Испандар келгенге дейін Анд пен Аргентинаның орталық бөлігіндегі кең жазықта қазір өте азайып кеткен тайпалар өмір сүрген. Зерттеушілер оларды бір ауыздан же-ке пүэльче семьясына жатқызды. 12). Бір кездерде Онтүстік Аргентинада чон семьясында сөйлейтіндер өте көп болған. Оған патагондық тайпалар және Отты Жерді мекендеуші она тайпасы кіреді. П. Ривенің пікірі бойынша, чон тілдерінің австралиялықтарға ұқсастықтары бар екені айтылады. 13). Отты Жер архипелагының батыс бөлігі мен Онтүстік Чилиде қазір жоқ болып кеткен алакалуф тілі тараған. 14). Қыыр Онтүстіктегі яған тілі бар. Бұл тілде қазір Отты Жердің онтүстік бөлігінде азайып бара жатқан тайпа кіслері сөйлейді. 15). Солармен катар қазіргі кезде толық дерлік жоғалып кеткен тілдер бар. Бұлар: Паранамба мен Сан-Франциско өзендерінің аралығындағы карини тілі, Байя мен Минас-Жираис штаты жеріндегі паташо, машаками, камакан, пуриткорада және басқа майда тілдер. Кайнганг, бугре, гуаяра тілдері. Бұрын бұл тілдері жес тобына жатқызып келгенімен, жаңа зерттеулердің нәтижесінде оларды жеке топтарға бөлуге тура келеді:

Міне, ғылымның жаңа деректері Онтүстік американ тілдерін осылай бөліп отыр.

Американы алғашқы мекендеушілердің тайпа және тіл топтарын тану, олардың тарихи байланысын, этногенезінің сұрақтарын шешуге мүмкіндік туғызады. Бірақ тіл топтары адамдардың бірігін көрсете алмайды.

Мәселен, қазіргі навахалар мен солтүстік атапскілердің тіл жақындықтарына қарамастан, өздерінің жалпы ұқсастықтары аз сақталған. Бұған қарама-қарсы тіл жағынан алшақ болғанмен түрмисында жақын тайпалар кездеседі. Оған Калифорниядағы жайылымдық жерлерге орналасқан тайпаларды мысалға келтіруге болады.

Кейбір топтардың ұлттық-мәдени ерекшелігін білуде бірінші кезекте оның тіл тобына емес, тарихи-этнографиялық ұқсастық жағынан да қараған дұрыс. Мұндай

көзқарастар жөнінде алғаш пікір айткан белгілі профессіл американ ғалымы Франц Боас болды. Боастың окушылары бірінші кезекте Солтүстік Американың «мәдени ареалын» үйренумен шұғылданды. Ал Кларк Уисслер бүтін Американы 15 мәдени ареалға бөліп, негізгі тағам түрлеріне қарап, алты топқа бөледі. Солтүстік Америка тұрғындарының мәдени-географиялық жағына топтауды толығырақ білу жолында Отисом Мэсон мен А. Кребер көп еңбек етті. Кребер үндістер мен эскимостардың географиялық табиғи жағдайға қарай олардың шаруашылығының және мәдени типтерін салыстыра зерттеді. Ал Эрланд Норденшельд Оңтүстік Американың үнді тайпаларын мәдени ерекшеліктеріне қарай топтады. Америкалық ғалымдар тайпалар арасындағы мәдени қарым-қатынастарын зерттей отырып, тайпалар мен халықтарды олардың мәдени географиялық жағдайына қарай бөліп, «мәдени ареал» деп атады. Тайпалар мен халықтарды үлесінде топтау олардың мәдениетін үйрептегі айтарлықтай еңбек болды.

Америка халықтарының тарихын екі дәуірге бөлуге болады. Бірінші, Американы алғашқы рет адамдардың қоныстануынан басталса, екінші, Американы XV ғасырда европалық Христофор Колумб және оның серіктерінің ашу кезеңінен бастауға болады. Ұлы географиялық ашууларға дейін де Америка құрлығында халықтар өмір сүрген. Колумб және оның серіктеп Американы тауып, XV—XVI ғасырларда Америка тайпаларының бүтін әлем халықтарымен байланыс жасауына жол ашты.

Европалықтар келгенге дейін Америка аборигендерінің еуроазиямен байланысы болды ма? Үл мәселе аз зерттелген. Ал бізге белгілі IX—X ғасырларда нормандар Гренландияны жауладап алғып, мың жылдай Солтүстік Америкада болғандықтың негізін салды. Бірақ кейінгі ғасырларда нормандықтар жөнінде деректер жоқ. Оларды эскимостар қиратқан болуы мүмкін. Нормандармен байланысы болғаны жөнінде Америка мен Скандинавия халықтарының тарихында да деректер қалмаған. Француз этнографы П. Риведен кейін маорилік ғалым Те Ранги Хироа XII ғасырда полинезиялық су жолы арқылы Оңтүстік Америкаға, қазіргі Перу жеріне жеткен деген пікір айтады. Солтүстік Американы қоныстану 1497 жылдан XVII ғасырдың басына дейін жалғасқан.

XVI ғасыр мен XVII ғасырдың алғашқы жылдары Солтүстік және Оңтүстік Американы отарлаудың шұғыл жүрген кезі болып табылады. Солтүстік Американын XV ғасырда жаңадан ашылған кезеңі болса, ағылшын қызметіндегі итальяндықтар Джковани Габото мен оның баласы Севастьян тенізде жүзіп жүріп, осы жерге келгеннен кейін, олардың ізімен испандықтар Оңтүстік Американың жағалауларына келіп жетті. Испан отаршылары үнділерге күш көрсетіп, оларды тұтқындал, үйлерін ортеді. Бұларға карсы үндістер қатты қарсылық көрсетті. Олардың көпшілігі отаршылар қолынан қаза тапты.

XVII ғасырдың басынан бастап, Батыс Еуропаның слдерінде капитализмнің дамуына байланысты, Солтүстік Американы отарлау күшіне түсті. XVII ғасырдың алғашқы он жылдығында-ақ Солтүстік Американың Атлант жағалауында Англияның Массачусетс, Вергиния, Францияның (Канадада), Голландияның Манхеттен аралы, Гудзон өзенінің өнірі сияқты отарлары пайда болды. 1641 жылы барлық Голландиялық отарлар Англияның қарауына өтті. Жаңа Амстердам қаласы, кейін Пью-Йорк деп аталды.

Американы басқа да отарлау үздіксіз жүріп жатты. Француздар Қанадаға қол созумен шектелмей, қазіргі АҚШ-тың жерлерін бөліп алуға ұмтылды. Үлкен Миссисипи бассейні мен Канададан Мексика бұғазына дейінгі жерді Франция королі Людовик XIV атымен Луизиана деп атап, Францияның меншігі деп хабарлады. Ағылшындар мен француздар Американың құnarлы жерлерін бөлісіп алу үшін өзара соқтығысты. Қайсысы күштірек болса, сонысы үндістердің шұрайлы жерлерін күшип өздеріне қаратты. Отаршылардың азабына шыдамаған үндістер еуропалықтармен қарсыласып бағты. Бірақ олар жауларын тоқтата алмады. Бұған тек олардың қару-жарағының нашарлығы ғана емес, көптеген тайпалар арасындағы алауыздық себепші болды. Ағылшын мен француздар жергілікті тайпаларды бір-біріне қарсы койып, оларды өзара жаңжалдастыруды. Отаршылар бір-біріне күш көрсетті, бірінің жерін бірі тартып алды. Мысалы, жеті жылдық соғыс (1756—1763) кезінде бұрын Францияның қарауында болған Канаданы ағылшындар жаулап алды. Қоғылыштың күнінде Американы билеп келе жатқан испандықтар, 1522 жылы ацтектердің астанасы Тепочтитланды жаулап алды. Қоғылыштың күнінде Американы билеп келе жатқан испандықтар, 1522 жылы ацтектердің астанасы Тепочтитланды жаулап алды.

жылдық курестен соң төк 1821 жылы Мексикә өзінің бостандығына қолдарын жеткізді.

Американы отарлау Англия, Испания, Франция, Португалия және Голландия сияқты елдердің арасында қарама-қайшылықты қүшайте түсті. Испания мен Португалия екі «Индияны да билейміз» деп тырысты. Бірақ Еуропа елдерінің экономикалық көтерілу кезеңінде Испания мен Португалия өздерінің дамулары бойынша едәүір кенжелеп қалды. Ал бұлардың орнын басуга үлкен уш мемлекет Голландия, Англия және Франция үмтілды. Әсіресе, олардың ішінен отарлы болу үшін аса күш жұмсаған Англия еді. XVII ғасырдың басында Англия жүздеген, мындаған ағылшындарды Солтүстік Америкаға көшірді. Ағылшын отаршылары жергілікті үндістерді жерлерінен қуып шығарып, орнына өздерінің фермерлік шаруашылығын орналастырды. Сөйтіп, Солтүстік Американы ағылшындар өздерінің жеріне айналдырыды.

XV ғасырдан бастап Орталық және Онтүстік Америка құл-үндістердің орнына Африкадан негрлерді әкелді. Себебі отаршылардың шаруашылығында жұмыс істеуден үндістер бас тартқан. Сондықтан еуропалықтар Африкадан негрлерді сатып әкелген. Сол дәуірде Англиядан, Голландиядан, Франциядан келген саудагерлер үндістердің жерін арзан бағаға сатып алғып, ол жерлерді игеруге құлдардың еңбектерін кең түрде пайдалаған.

Солтүстік Американы ағылшындар отарлап алған соң, олар құлдардың тегін күшімен жаңа қоныста кәсіпкерлікті, майдагерлікті, фермерлік шаруашылықты дамытты. Англиядан келушілер молайған соң, бұл құрлықта капиталистік қарым-қатынас дамып, жаңадан американ ұлты пайда болып, Солтүстік Америка Республикасы құрылды. АҚШ ұлты сырттан келгендер мен жергілікті халықтардан құралды. Алайда американ ұлының қөвшілігі ағылшындар. Бұған Англиядың көптеген аграрлық реформаға байланысты жерінен айрылған шаруалардың жаңа мекеннен жер іздеуі себеп болды. Солтүстік Америкада 1625 жылы Англиядан 1980 келім-сектар болса, 1641 жылы олардың саны 50 мыңға жетті. Осыдан 50 жылдан кейін түрғындар саны 200 мыңға дейін өсті. Олардың жергілікті үндістерді аямай қыруының салдарынан көптеген тайпалар жойылып та кетті.

Кейбір америкаңдық тарихшылар еуропалықтардың отаршыл саясатын жасыру үшін көбіне Американы жауап алушыларды «бос жатқан жерге келгендер» деп көрсетуге тырысты. Негізінде Солтүстік Америкада XVI ғасырда 1 миллионға жуық үндіс тұрған. Олар аншылықпен, егіншілікпен айналысады. Еуропалықтар олардың жерін күшпен тартып алғандыктан, күрестер көбейіп, соның бірі жағалаудағы алгонкин тайпаларының бірінің көсемі бастаған «Филипп королінің соғысы» (үнділік аты Метаком) болған. 1675—1676 жылдары Метаком Жана Англияның көптеген тайпаларын біріктірді.

Коғамдық құрылышына, шаруашылығына қарай, Оңтүстік Виргиния, Солтүстік және Оңтүстік Каролина, Джорджия деп ағылшын отаршыларын үшке бөлуге болады. Мұнда үлкен плантациялар пайда болды, оларды жер иеленуші аристократиялар билеп отырды. Ол үшін құлдардың күші өте көп керек еді. Азаматтық соғысына дейін Оңтүстік Каролинада негрлердің саны ақтардан скі есе көп болатын. XVIII ғасырдың басында Солтүстік Американың барлық отарларында 60 мын, ал азаттық соғысы карсацында 500 мындей негр-құл болған. Негрлер Нью-Йорк пен Нью-Джерсиде тағы басқа жерлерде ірі жер иелерінің кол астында жұмыс істеген. Сөйтіп, 1492 жылы X. Колумбының Американы ашуы, жергілікті тұрғындарға қайғы, қасірет әкелді. Нәтижесінде аборигендердің көпишілігі құрып кетті, кейбіреулери еуропалықтармен араласып, сіңісіп кетті.

Еуропада Англия мен Францияның негізгі бакталастығы Американы отарлау үшін болды. Екі ел арасында Америка құрлығын билеу үшін 150 жылға созылған күрес жүрді. Алғашында Канада француздары мен ағылшындар арасында (1755) басталған соғыс, онан кейінгі жеті жылдық соғыска (1755-63) жалғасты. Ағылшын-француз күресіне Канада жазығындағы Миссисипидің төменгі ағысына дейінгі өмір сүруші үндістер тайпалары да қатынасты. Олар бір-бірімен соғысып, қыргынса ұшырады. Жеті жылдық соғыс нәтижесінде француздар жеңілді. Олардың отарлары Англияның қолына өтті. Тек Луизианада, Канадада аздап француздар қалды. Француз билігі аяқталған соң, енді батыска қарай ағылшын отаршылары келе бастанды. Қалған француздар үндістер тайпаларының ең ірілерінің бірі алгонкиндермен бірлесіп, ағылшындарға карсы бас көтерді. Бұл көтерілісті қолбасшы Понтиака басқарды. 1762 жылы болған

бұл көтеріліске көптеген алғонкиндер, ирокездер қатынасты. Көтерілістің қолбасшысы Понтиак айбынды батыр, дарынды басшы екенін көрсетіп, көтерілісті жоғары дәрежеде үйымдастырды. Ол тайпаларды бір жерге жи намай-ақ, көтерілетін бір күнді (1763 жылдың 2 мамырды белгіледі). Міне, осы күні тайпалар жан-жақтан өздеріне жақын жатқан ағылшын айлақтарын, гарнizonдарын киаратып, көрші селениелерге шабуыл жасады. Көтерілісшілер ағылшындардың француздардан тартыл алған, өте маңызды орын алатын Детроид айлағына шабуыл жасады. Бұл айлак үлкен көлдерге шығатын қақпа есебінде еді. Сондықтан ағылшындар айлаққа көп күштерін төккептіктен, оны қолға түсірудің сәті келмеді. Ұрыстың ұзаққа созылуына байланысты күйзеліске ұшыраған тайпалардың бірінен сон бірі Понтиактың қол астынан шығып кете бастады. Көтерілісшілердің ерлік күрестері сәтсіз аяқталды. Француздар мен ағылшындар өзара келісімге келді. Өздерінің одактасы болған үндістерді француздар тағдыр тәлкегіне тастанап, оларға опасызыңық жасады. Ал Топтиактың өзі болса, ағылшындарға сатылған бір опасызыңың колынан қаза тапты.

Англия отаршылары француздарды Солтүстік Америкадан ығыстырып шығара бастағаннан кейін, ол өздерінің өндірістерін кеңейтті, сауданы күшейте түсті. Сондықтан ағылшын отаршылары Еуропадан келгендердің үстінен өздерінің үстемдігін жүргізді. Әсіресе, жеті жылдық соғыстан кейін Солтүстік Америкада ағылшындар күшіне түсті. Өздеріне қарсы шығушыларға әскери күш жұмысады.

Бұл әскери құралды күшті басқарушылардың ірі өкілдерінің бірі — Джордж Вашингтон болатын. Соғыс әрекеті 1775 жылы басталып, 1782 жылы ағылшындардың женуімен аяқталды. Ағылшын отаршыларымен өздерінің тәуелсіздігі үшін күрескен фермерлер, кәсілшілер, жұмысшылар, негр-құлдар Дж. Вашингтоның әскерлерімен қатты шайқасты. Бірақ көтерілісшілер жақсы қаруланған отаршылар армиясына төтеп бере алмады. Осы жеңістен кейін Солтүстік Американың жері мемлекеттік жер деп жарияланды. 1787 жылы болған конгресс АҚШ конституциясын бекітті. Бұл конституция американ буржуазиясының және фермерлердің мүддесін қорғап, жұмысшы-шаруалардың, негрлердің мем-

лекет алдында материалдық, моральдық жақтан тенсіз екенін көрсетті.

XVIII және XIX ғасырларда Америка құрлығының солтүстік-батыс бөлігін «Орыс Америкасы» деп атап келді. Бұған Аляска, Алеут аралдары, Калифорниядағы Румянцево шығанағының жағалаулары кіреді. Бұл жердің тарихы орыс тенізшілері, ғалымдары, саяхатшыларының атымен тығыз байланысты.

1937 жылы Аляскадан (Кенай жарты аралы) түрғын үйлердің қалдығы табылған. Үй орындары оның теніз тасынан, ағаш, қыштан салынғанын көрсетеді. Үйлердің құрылышына қарағанда, оның мұнан 300 жылдай уақыт бұрын болған еуропалықтардің екені мәлім. 1648 жылы Семен Дежнев және оның жоғаңастары Азия мен Еуропа аралығындағы бұғазды ашты. Мұнан басқа ертеректе еуропалықтардың бұл аудандарда болғаны туралы дөрек жоқ. Соңдықтан Кенай жарты аралындағы қоныстарды Дежневтің серіктегі салған деген болжам туады. Тынық мұхиттың солтүстік бөлігін жоспарлы түрде көнін зерттеу XVIII ғасырдың басынан басталады. 1728 жылы Тынық мұхиттан бұғаз арқылы Мұзды мұхитқа өтіп, Дежневтің жолын қайталған В. Беринг пен А. Чирковктың экспедициясы болды. Осы экспедицияның қорытындысы, Лаптев пен Ртишевтің құжаттары 1746 жылы Теніз академиясына шығарған картасына енді. Орыстардың бұл аудандарды зерттеуінің үлкен маңызы болды. XIX ғасырдың 40-жылдарында АҚШ Алеут аралдарына бару үшін осы картаны пайдаланды.

Алясканы орыстардың ашуы XVI ғасырдан бастап, Сібірге қоныстанудың жалғасы болатын. Сібірді игерудің XVII—XVIII ғасырларда онан әрі дамуы Ресейде де капиталистік экономиканың өрістеуінің әсері еді. Ресейдегі помещиктік тәртіптен зардап шеккен шаруалар да, кәсіпшілер де бұл жаңа жерге бірінен соң бірі келе бастады.

Жергілікті халықтармен кеңірек байланыс жасайтын кіші-тірім өндіріс иелері артелінің орнына үлкен сауда, өндіріс компаниялары келді. Осындаи компанияның бірін Рыльск қаласына шыққан көпес Г. Шелихов басқарды. Ол алғашқы тұрақты қоныстардың іргесін қалаушылардың бірі болып табылады. Г. Шелихов өлгеннен кейін, осы компанияның орнына Павел I-дің рұқсатымен орыс Америкасындағы өндіріс монополиясын жүргізуі, отар аймакты билеуге қақысы бар орыс-американ-

компаниясы құрылды. Ол XVII ғасырда Голландия, Англия, Франция компаниясының үлгісіндегі үйим еді. Компанияның өзінің гарнизоны, әрі кемесі болды. Ол жергілікті халықтың еңбегін де пайдаланып отырды.

Орыс пен жергілікті тайпа әйелінен туған балаларды, яғни орыс Америкасының жаңа адамын креол деп атады. Аралас некелілерді орыс Америкасының әкімшілігі бекітіп отырды, креолдардың эскимостар мен үндістерге қарағанда өмір сүруіне әлдекайда женілдік жасалды. Креолдар өздерінің жеке шаруашылығын ұстауға қақысы болды. 1844 жылы креолдар Ресейдің мешандар сословиесіне тәнгерілді. Оларды орыс-американ компаниясы оқытып, білім берді, осыған байланысты олар компанияда 10—15 жыл қызмет етуге тиіс еді. Қейір креолдарды білім алу үшін Петербургке де жіберіп отырды. 1861 жылы орыс-американ компаниясын тарату қарсанында орыс Америкасында креолдар саны 2 мыңға жетті.

XIX ғасырдың ортасында Аляскада 45 орыс қонысы болды. Еуропалық державалар орыс Америкасынан бастап, орыстардың бұл жерді ашқанын, игергенін жоққа шығарғысы келеді. Шетел сауда компаниялары орыстардың жеріне қарайтын жерге кіріп, жергілікті халық-пен сауда жасап жүрген болып, оларды орыстарға қарсы қаруландырып отырды. XIX ғасырдың басында ағылшын-американ сауда кемелері Аляска жағалауына келіп, үндістер мен орыс отаршыларына үлкен зиянкестіктер істеп отырды. Ресей үкіметі бұл жағдайға қарсы тұрудың орнына, оларға орыс Америкасында сауда жасауға рұқсат етті. XIX ғасырдың 20-жылдары келген ағылшындарға Алясканың бір бөлігін жалға берді. АҚШ бұл жылдары құрлықтагы территориясын кеңейте отырып, Алясканы игеруді қөздеген болатын. АҚШ үшін бұл бай өлкे Қанадаға кіруге өте қажет еді. 1867 жылы Ресейдің Қырым соғысына байланысты әлсіреуін пайдаланып, АҚШ Ресейден Алясканы 7200 мың долларға сатып алды. Олар үлкен жерді алушмен бірге, көп аңтерісі мен мол балық қорына ие болды. Қейінрек көп алтын қоры да табылған еді.

XVI ғасырдың басында испандықтар Мексиканы, Перуды, бүтін Вест-Индияны жауап алды. Осы кезеңде португалдықтар Оңтүстік Американың шығыс бөлігін (Казіргі Бразилияны) өз қолдарына қаратқан еді. Оңтүстік Американы отарлаудың барысында испандық-

тар арасында Эльдородо («калтын адам») туралы аңыз тараған болатын. Осындай алтыны «үйліп» жатқан елге ынтыққан испандықтар жанталаса жаңа жерге аттанған. Отаршылар Орталық және Оңтүстік Америка халықтарының, майя ацтектердің көне мәдениет мұраларын қиратты. Олар үндістерге қарасты жерлерді тартып алып, көпшілігін қырып жіберіп немесе ауыр жұмысқа пайдаланды. Олардың көбі алтын кеніштерінде қиналышып, каза тапты.

Испандықтар месіп португалдықтардың отаршылық саясатын католиктік шіркеу басшылары қолдап, олардың өздері көп жерге ие болып, хрестиянға айналған үндістерді рухани және экономикалық жағынан қанал отырды. XVI ғасырдың орталарында испандардың отар жерлерінде аборигендердің саны өте азайып кеткен. Мысалы, миссионер Бартоломенің хабарына қарағанда, испандықтар келген 1509 жылы Пуэрто-Рико Ямайка аралдарында 600 мындаи үндістер болса, 1542 жылы олардың саны 400-ге дейін азайған. Гаитидің жуз мындаи тұрғынынан 1542 жылы 200-дей-ақ қалды. Жұмыс күшінің жетіспеуінен отаршылар Африкадан негр-құлдарды экеле бастады. Олардың көпшілігі жолда келе жатқанда аурудан, аштан өлсе, қалғандары Америкаға келгеннен кейін плантациялардағы кеніштердегі ауыр еңбектен өлген.

Орталық және Оңтүстік Американың этникалық құрамы отаршылардың келуімен айтарлықтай өзгеріске үшірады. Олардың арасынан будандар (метистер) келіп шықты. Бірақ аборигендердің тығыз орналасқан жерлері Мексикада, Юкотанда, Анд тауларында мекендеушілердің этникалық өзгерісі айтарлықтай болған жоқ.

Уругвай, Аргентинаның және Бразилияның жағалау аймақтарында да жергілікті халықтың саны өте азайып кетті, қалғандарын отаршылар ормандар мен пампудаласына ығыстырып шығарды. Отаршылар егіншілік пен мал шаруашылығына ыңғайлы жерді иеленді. Тек Амазонка бассейнінің орманды жерлерінде аздаған үндістер тайпасы іргесін бұзбай қалды. Мексикада, Орталық және Оңтүстік Америкада XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында аборигендер өздерінің бостандағы үшін куресті.

## ӨЗ МЕҚЕНИНДЕГІ ӨГЕЙЛЕР

Отаршылардың Америкаға келуі үндістердің қобінің құрып кетуіне алып келді. Африкадан әкелінген негрлер де аяусыз қаналды. Әсіресе, бұл құрлықтың оңтүстігінде өте қатты болды. Төрт млн. негр-құлдар мен үндістер Америка үлтynын айналды. Африкадан әкелінген негрлер өздерімен бірге алып келген мәдениетінен, әдет-ғұрпынан, тілінен айырылды. Олар ағылшын, испан, француз және португал тілдерін үйренуге мәжбүр болды. Негрлер өздерінің азаттығы үшін талай рет отаршыларға қарсы бас көтерді. Америка елдерінің тарихында азаттық үшін құрестегі шешуші күштер де сол негрлер еди.

1663 жылдан 1863 жылдар арасында негрлердің 250-ден астам көтерілісі мен бас көтеруі болды. Қазіргі Америкада американцы доллар демократиясы жағдайында негрлер экономикалық, саяси жағынан қаналуши, американ еңбекшілерінің ең кедей тобына жатады. АҚШ-тың 13 штатында мындаған негрдің сайлануға құқығы жоқ. Осы уақытқа дейін оңтүстік штатта сайлау тәртібі ақша төлеу тәртібіне иегізделген, ол сайлау салығы деп аталады. Бұл жағынан да көптеген негрлер сайлауға дауыс беруге қатыса алмайды.

XVII—XIX ғасырларда Солтүстік Америкада отаршылар үндістердің төрттен үш бөлігін жойды, ал қаландарын таулы, тасты, шөлді жерлерге айдал салды. Екінші дүниежүзілік соғыстан соң көптеген үндістер резервациядан кетіл, орталық өнеркәсіп аудандарына шоғырланды, зауыттарға жұмысқа кірді. Олардың тырызы тұратын жерінің көпшілігі шаруашылыққа жарамсыз болды. Резервация көбінесе шөл немесе таулы, күтімді қажет ететін жерлерде болды. Америка капиталистеріне үндістердің экономикасын көтеру ешқандай қажетсіз еди.

Негрлер қаланың шет аймақтарындағы кіші-тірім аудандарға орналасқан. Олардың 70 процентке жуығы өте ауыр жағдайда өмір сүреді. Бұған себеп еңбекақының аздығы мен тұрмыстарының өте ауыр болуы. Дәрігерлік жәрдемді ақтармен салыстырғанда 14 есе төмен алады. Ор жылы АҚШ-та тамағын табу үшін еңбек етіл, миллиондаған негр балалары мектеп қабырғасынан тыс қалады. Мәселен, Миссипи штатында мектепке барушылардың саны 45 процентке еш уақытта жеткен емес.

Негрлер үшін жоғары білім алу өте қын, ал жұмысқа орналасу онан да ауыр.

Білім алған көптеген негрлер жұмыссыздықтың салдарынан даяши, билет тексеруші, лифт қызметкері, жүкші т. б. болып қызмет етеді.

Мұның бәрі отаршылардың барлық күшін тек оларды саяси, экономикалық, мораль жағынан қысып, американ азаматтары сияқты тен құқылықты етіп ұстамай отырғанын көрсетеді.

Американың жергілікті халқының этногенезі, оның ішінде эскимостардың жайын зерттеу ерекше орын алады. Олар Беринг бұғазынан Гренландияға дейінгі кең территорияны мекендейді. Эскимостардың тегі туралы көптеген теорияларды американдық және азиаттық деп екі бөлікке топтастыруға болады: Олардың тегі туралы К. Биркет-Смит толық пікір білдірді. Ол эскимостар мәдениетін Гудзон бұғазының жағалауынан алыс жатқан Карибу бұғыларына аңшылық жасушы карибу эскимостарының мәдениетін салыстырады. Бұл теория бойынша олар үндістер тайласының ығыстыруымен Арктика жағалауларынан келіп шықкан.

XX ғасырдың басында «эскимостар сынасы» деген теория тараады. Соны жақтаушылардың бірі В. Иохесон болды. Бұл теорияға қарай Солтүстік-Шығыс Америка (атапаскілер, тлинкиттер) мен Солтүстік-Шығыс Азия халықтары (коряктар, чучалар) біріне-бірі жақын, бір кездерде бірге болған ұлттар делінеді.

Міне, осы жақын халықтарды ажыратушы солтүстік-шығыстан келген сына ретінде эскимостардың ықпалы болған дейтін пікір. Бұл теорияның қателігін кеңес ғалымдары А. М. Золотарев, А. П. Окладников, М. Г. Левиндер дәлелдеді.

Кейінгі он жылдағы Америка мен Азияның артикалық жағалауындағы археологиялық жұмыстардың истижесі, антропологиялық және этнографиялық дәлелдеулер ол теорияны теріске шығарып, оларды Азиядан келді дейтін теориясын бекіте түсті.

Эскимостардың азиаттардан келіп шығуы туралы пікір 1741 жылы айтылған болатын. Оны айтушы Беринг пен Чириков бастаған Сібір Тынық мұхит экспедициясының мүшесі Стеллер болды. XX ғасырда оның пікірін эскимос мәдениеті мен тілін зерттеушілер В. Г. Богораз және В. Тальбишер, антрополог Грдличка, археолог Г. Колнииз тағы басқалар әрі дамытып, қолдады. Қоңе

Беринг теңізін мәдениеті біздің дүуіріміздің ақырығы ғасырларына сай келеді. Ол мәдениет Беринг бұғазы аралдарында (Солтүстік Лаврентия, Дномида аралдары) және Аляскадан Барроу мұйісіне дейін табылған. Бұл мәдениетте теңіз жануарларына аңшылық ету тәсілі маңызыды орын алған.

Беринг теңізі мәдениетінің орнын пунук мәдениеті ауыстырған. Бұл мәдениетте құрғақшылықтағы аңшылық үлкен рөл атқарып, тас құралдарының, сұңгілердің түрі өзгерген. Бұрынғы қисық сызықты өрнектерді, енді бірыңғай түзу сызықты, ортасында дөңгелегі бар өрнек алмастырған. Пунуктық қоныстардың кейінгі қабаттарынан орыс заттарының қалдықтары табылған.

Барлық эскимостар З географиялық және мәдени топтарға бөлінеді: 1) Аляска мен Маккензи бассейнде тұруши батыстық эскимостар; 2) Канаданың артикалық жағалаулары мен Лабрадордың солтүстік-батыс жағалауында тұруши орталық эскимостар; 3) шығыстық немесе гренландиялық эскимостар. Эскимостар жағалау бойында бір қалыпты орныққан емес, әр жерде топ-топ болып тұрып, теңіз жануарларын аулаумен шұғылданған. Өздерінің үйлерін сол теңіз жағалауына орналастырған.

Онтүстік Аляскада тұратын эскимостардан басқа жердің бәрінде дерлік қыста аң, негізінен, тюлень аулады. Оны аулау оте қын болған. Арктиканы зерттеуші К. Расмусен 15 адамның 11 сағат бойына жалғыз тюленьді ұстағанын, бірақ оны барлық тұрғындардың бірлесіп бөлгөнін айтады.

Киттерді аулау үшін үлкен теріден істелген қайықтарды пайдаланған. Оның ұзындығы 8 метр шамасында. Қайықтың ескекшілері әйелдер болған. Теңіз аңшыларының басты құралы сұңгі болып табылады.

Жаз айларының ортасында эскимостар карибу бұғыларын қоршап аулаган. Тунірада тұруши эскимостардың өмірінде бұғыларды қоршап аулау — негізгі тәсіл. Бұғы аулау олардың негізгі кәсібі. Олар касқыр да аулаган. Эскимостар аңшылық үшін шана мен шаңғыны пайдаланды. Олар шанаға ит жегеді. Ит — бұлардың негізгі үй жануары, әрі бірден-бір көлігі болып табылады.

XIX ғасырдың басында кейбір Э. Нельсон, В. Тальбишер, В. Богораз сияқты ғалымдар эскимостарда рұлық құрылыштың болғаны туралы болжам айтты. Бірақ

олар өз пікірлерінің дұрыстығын онан әрі дөлелдеуді дамыта алмаған. Кенес ғалымдарының арасында да бұл пікірді мойындаушылар болды.

Кейінгі он жылдарда Ч. Хьюз, Г. А. Меновшиков және Д. А. Сергеевтер Беринг теңізі эскимостарында әкеleк жолмен тарататын рудын болғанын анытты. Табылған дәлелдер осы әкелік ру процесінің отарлануға дейін де толық болғанын анық көрсете алмайды. Демек, XIX ғасырда болға еуропалықтармен сауда оны тездете түсіп, XIX ғасырдың ақырында эскимостар әкелік руға бірынғай көшкен. Өйткені аналық-рулық құрылыштың элементтері әлі сақталған.

Олар Беринг теңізі жағалауында қалып қоймай, шығыска карай жылжып, кейінрек б. д. д. бір мың жылдықтың ортасында Гренландияға дейін барған. Американың солтүстік жағалауын қоныстануды бастаған эскимостарда аналық рудын болғанын көрсетеді. Ел түрған мекендерде көршілік қарым-қатынас бірінші орын алған. Сонымен, осы рулық қауымның ыдырауына жаңадан пайда болған көршілік қауым себепші болды. XIX ғасырдың ақыры XX ғасырдың басында эскимостардың әлеуметтік құрылышының негізгі түрі көршілік қауым болды. Эскимостардың көпшілігінде әкелік ру пайда болмаған күйі көршілік қауымға тікелей аналық ру арқылы өтті.

Өндірісте және өнімді бөлісүде рулық қарым-қатынас қалдығы толық сақталғанмен, ан аулау және балық аулауға барлық тұрақтың аңшылары қатысты. Жеке аңшының да аулаған өнімі боріне бірдей бөлінді. Сонымен катаң үйлерінде ауырып немесе басқа жұмыстарымен аңшылықтан қалып койғандар, карттар, жетімдер — бірі де өз үлестеріне ие болды. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында да кит етін бөлудегі алғашкы қауымдық тәртіп сақталып келді. Ол тәртіп бойынша әркім өз керегінше үлес алуына болатын еді.

XIX ғасырдың аяғында эскимостар қофамында қару, кайық, шана, киім, тұтыну заттары жеке мешіктік болып санала бастады. Мұз үстіндегі тюлептер, ің дем алуды үшін арнайы жасалған аландар да жеке мешіктік болды. Олар да жеке мешіктік заттарын қарызға беретін. Аляскада қарызға берген заттың иесі оны қайтара сұрамайтын, себебі ол адам өзіне тиесілі заттардан артық үлес алған болып есептелетін. Ер адам қайтыс болған кезде оның мешіктік заттарының бірқатары онымен бірге

көмілетін. Қалған заттарын оның балалары мен туыстары иемденген. Ұлдары аң аулау құралдарына, қыздары үй мұлкіне ие болған. Гренландияда әке мұлкінің көп бөлігін үлкен ұлы еншілеген. Аляскада керісінше үлкен ұл кіші ұлдан аз улес алған. Барлық бағалы заттар ұлдарының ең кішісіне тиесілі болған. Аляскалық эскимостарда мұрагерлікке жесір әйел де құқылы еді.

XIX ғасырдың екінші жартысында әр түрлі территориядағы эскимостар топтаратының арасында тұрақты сауда қарым-қатынастарының болғаны байқалады. Сауда жәрменкелері әр түрлі әдет-ғұрыптар мен мерекелік билеусіз өтпеген. Сол кезде тұрғындар өздерінің қолдарындағы заттарын алмастырып отырған. Американдық ғалым Э. Нельсонның айтуына қарағанда, Аляскада XIX ғасырдың 90-жылдарында әрбір мекенде сауда арқылы байығандарды көруге болады екен. Ол байыған адам кейір уақыттарда өздерінің ауылдастарына той жасап, онда тамғұ және түрлі сыйлық үлестіруге міндетті болды. Егер байыған эскимос той жасағысы келмесе, оны өлтіріп те тастаған не болмаса той жасауға күшпен қондіріп, барлық мұлкін таратуға мәжбүр еткен. Мұнан кейін ол өлімнен қорқып, қайта баю дегенді ойға алмауы керек. Бұл жағдай XIX ғасырдың екінші жартысында эскимостар үшін мұлік тенсіздігі пайда болуының жаңалық қөрінгеннің, әрі оның дамығанының белгісі еді. Дегенмен бұл дәуірде бай адамның әр мекенде үлкен рөл атқара бастағанын көреміз. Себебі басқа тұрғындар біртіндеп оған әр жақты бағынышты бола бастаған еді.

XIX ғасырдың акырына дейін эскимостарда төтемдік топтарга бөліну сақталған. Оларда көбірек тараған төтем-табынар киесі — қасқыр, бүркіт және қарға болған. Төтемдік топтардың барлық мүшелері өзара туыстар болып саналған. Гудзон бұғазы мен Аляска эскимостарының барлығында XIX ғасырдың ортасына дейін ерлер үйі (каждидер) болған. Оны негізінде аналық румен байланыстырады. Әр мекенде ерлердің аңшылықтан кейін бос уақытын өткүзуге арналған арнаулы үйлері болған. Олар сонда жұмыс істеп, тамактанып және туынеген. Сонымен қатар кенес өткізіп, мерекелерін жасаған.

Эскимостарда да жұптық неке тәртібі болған. XVIII ғасырдың аяғында ағалы, карындастылардың балалары үйлене берген. Содан да болар, отбасында әйел ерлермен тәң құқылы қатар болды. Арктиканы американдар-

дың отарлауы барысында капиталистік қарым-қатынастың әсерінен эскимостарда рулық құрылыштың ыдырау процесі басталды. Аляскада рулық құрылыштың ыдырау процесі кейінгі кезеңге дейін жалғасты. Аналық ру тіке-лей әкелік румен емес көршілік қауыммен алмasti. Аляска эскимостарынан мұны толық байқауға болады. XX ғасырдың орталарында эскимостардың көбінде көсем болмаған. Эр мекенде үлкендердің ішінде білгір аңшы, әрі шамандықты білген біреу болса, олар соны «білгір», «кеңесші», «ойшыл» деп атаған. Ол кімдердің түоленъге, кімдердің бұғыға шығуын анықтайды. Бірақ оның айтқанын істеу міндеге емес еді. Эскимостардың өмірінде қоғамдық пікір үлкен рөл атқаратын. Егер эскимостардың бірі аңшылық тәртібін бұзса, бұдан соң оған қауымның жұмысына араласуға тыйым салынып, ешкім онымен сойлеспейтін. Егер ол өзінің көршілеріне қарсы келіп жатса, қауым оны керек десе, өлтіретін де болған. Оның отбасын үкімді орындаған адам не болмаса қауымның мүшесі қабыл алған.

## РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ ӨНЕРІ

Аңшылықпен айналысып, көп жерді аралад жүретін эскимостар жер жағдайын өте жақсы менгерген. Артиканы зерттеушілерге эскимостар көп жәрдем берген.

Эскимостарға тән өнердің басты бір түрі сүйек леп мүйіздерге ою-өрнек салу болып табылады. Олар пышақтың сабын, белдікті оюлап, сүйектен, мүйізден жасайды.

Әр түрлі заттың бетіне аңшылықты бейнелейтін күрделі суреттер сала білген. Оларда сурет өнсінің дамуы әр түрлі тері киімдерді, мерекелік маскаларды әсемдеуіш-әк көрінеді. Сол сияқты таңбалар салу мен әсем өрнектер сызу өнері дамыған. Әсіресе, әйелдердің бұл саладағы өнерлері ерекше. Олардың түсінігінде денесіне таңба, сурет салған әйел жеңіл босанады, не болмаса о дүниеде жұмаққа кіреді. Эскимостарда ән мерекесін өткізіп түрған, оған ерлер де, әйелдер де қатысады. Әсіресе, олардың ән салып, өнер жарыстыруы өте қызық. Екі ер адам не екі әйел көршілерінің алдына шығып, кезекпен ән салады. Бұл біздің айтысқа ұқсайды. Бос уақыттарында эскимостар ән салумен бірге әр түрлі ойын ойнайды. Ер адамдар доп, «аң аулау» ойындарын ойнаған.

Эскимостардың азыздары мен фольклоры өтө бай, сан салалы болып арктикалық табиғаттың әсері байқа-лып отырады. Бұлардың ауыз әдебиеті Солтүстік-Шығыс Азия халықтарының ауыз әдебиетіне үқсас. Аныз, ертегі және әңгімелері, жануарлар туралы ертеғілер, алып немесе жартылай жабайы адамдар туралы азыздар, шамандар мен олардың айтысы туралы, теңізде не құрғак жерде қорек іздеу жолындағы, ұзак сапарлар туралы әңгімелер сияқты әр түрлі болып келеді. Бұрын осы Арктиканы мекендерін өздерінің арғы тектері — тунит халықтары туралы хикая шертеді.

Эскимостардың мекендерінен үш не төрт отбасы сиын кететіндей етіл бірнеше баспана ғып салады. Үйлері жаздық, қыстық болып, негізінен, екіге бөлінеді. Қыста тастан қаланып, төбесі тюлень терісімен жабылған, жартылай жертөле ғып салынған үйде тұрган. Мұнан басқа төртбұрышты ағаштан жасалған жеркепеде де тұрган. Ал жазда олар бұрын да, қазір де шатырда өмір сүреді. Ал Беринг бұғазында тұратын эскимостар женіл ағаш үйлерде тұрады.

Эскимостардың діні бір үлкен сыртқы күшке сенуге иегізделген. Ол табиғат құбылыстарының әсерінен туған. Жануарлардың ерекше жаны бар деп түсініп, оларға ариалған әдет-ғұрпы дамыған.

## СОЛТҮСТІК-БАТЫС АМЕРИКА ЖАҒАЛАУЛАРЫНДАҒЫ ТАЙПАЛАР

Американың солтүстік-батыс жағалауында көптеген, әр түрлі тіл топтарына жататын үндіс тайпалары өмір сүреді. Солтүстігінде — тлинkit, хайда, цимшиан, онтүстігінде — квакиутель, цутка, семш, гинуктар мекен етеді. Бұл тайпалардың европалықтар келгенге дейінгі иегізгі кәсібі теңізben тығыз байланысты болған. Балық аулау жақсы дамыған. Басты қорегі ретінде балықты көп аулап, қыскы кор етіп сақтаған. Сонымен катар, үндістерде терімшілік те басты кәсіптерінің бірі болған. Балық аулау шаруашылығында еңбек өнімділігін үнемі ілгері дамытып отырған. Соған байланысты олар артық өнімді көп жинап, оны айырбастау арқылы басқа қажетін шығарып отырған.

Бұл аймактағы үндіс тайпаларының қоғамдық құрылышына келетін болсак, қазіргі этнографиялық-тариhi деректерге сүйене отырып, отарлау дәүірі кезінде олар-

дың да рулық құрылыштан өтіп кеткепін көреміз. XVIII ғасырдың аяғында аналық-рулық қатынастың орнына үлкен әулеттік қауым келе бастаған. Жеке байлықтың пайда болып, патриархалды құлдық кезең келгеннен соң, әкелік иелік басым бола бастаған. Сонымен, егін шаруашылығымен айналысушы тайпалардағы ауылдық қауымның пайда болуы секілді, бұларда көп рулы ауылдық қауым дүниеге келді. Бұл кезеңде солтүстік-батыс үндіс тайпалары таптық қоғамда өмір сүрген жоқ. Өнідіріс көзіне (жер, су т. б.) ұжымдық меншік болды да, жеке меншіктік қатынас соның ішінде пайда бола бастады.

Бұл тайпалардың тарихи дамуының бір жактылығына қарамастан әр түрлі табиги жағдайына, басқа тайпалармен, халықтармен байланысы болуына қарай бірқатар тайпалардың әлеуметтік, рухани және мәдени өмірінде өзіндік ерекшелігі болды. Міне, осыған орай отарлау кезіндегі бұл жағалау тайпаларын солтүстік (тлинкиттер, хайда, цимшиан), орталықтық (квакиютльдер, нутка) және оңтүстіктік (жағалаулық семштер мен чинуктер) деп үш үлкен топқа бөлеміз. Солтүстік тайпаларда әлі де фратриялық бөлішу сақталған. Экзогамдық қатынас фратрияның негізгі көрінісі еді. Мұндай қатынас тлинкит, хайда мен цимшиан тайпаларының бір атпен аталған бөліктері арасына тараған. Мәселен, қарға бөлігіндегі (фратриясындағы) тилнкит сол атпен аталған хайда мен цимшиан бөлігіндегі әйелге үйленс алмас еді.

Фратриялар рулаға бөлінеді. Эрбір рудың өздерінің шығу тегі — төтемі болады. Рулық төтемдер, әдетте, жануарлар дүниесінен алынады. Цимшиан тайпаларында болса өсімдіктер төтемі кездеседі. Бұл тайпалардан патриархатқа өту кезеңінде матриархаттың да қалдығын байқауға болады. Мұны үндістердің жиеніне, яғни қарындасының ұлына мұрагерлікті, көсемдік орынды беретінінен көреміз.

Солтүстік-батыс үндістердің жануарларды асыраумен айналыса бастағанын көруге болады. Семш және тлинкит тайпалары үзын жұнді ак иттің тұқымын өсірғен. Олардың жүнінен киім тігі үшін жіп нірген. Мұндай иттерді олар аңшы иттерден бөлек ұстаған.

Енді олардың енбек құралдары мен қару-жарақтарына келсек, олардың бәрі дерлік (балталары, пышақтары, садағы мен найзаның ұшы, қырғыштары, инелері)

тастан, сүйектен жасалған. Үндістер аңды сұнгімен, найзамен, садақпен аулаған. Әсіресе, олар көп уақытқа дейін сұнгі мен найзаны пайдаланған. Оларды әрі аңшылыққа, әрі соғысқа қолданған. Үндіс аңшысының сенімді қаруы бұрын — тастан, кейінректе — темірден істелген қанжар болған.

Осы солтүстік тайпаларда, әсіресе, ағаш өңдеу кәсібі жақсы дамыған. Олар тас балтаның көмегімен, бөренелермен үйдің қабырғасын тұрғызып, төбесін жапқан. Ағаштан жүз адамға дейін көтеретін қайықтарды шебер жасай білген. Әсіресе, хайда тайпасының қайық жасауға шебер болғандығын айта кетуге болады. Сонымен бірге олар ағаштан үй тіршілігіне керекті тұтыну заттарын көтеп әзірлеген. Бет жағын төтемдік андарының суретімен бозендіріп, әдемі сандықтар жасаған. Бұлардың бәріне олар қарапайым келген тас балға, шапқыларды қолданған. Ал ағашты ойып әсемдеу үшін үшкір тастан, сүйектен жасаған пышакты қолданған. Үндістер қарапайым жасалған желбегеймен жүрген. Аяқ киім кимеген, тек қыстың күні шаңғы байлау үшін мокасиндеріден жасалған байпакты пайдаланған.

Солтүстік Американың алгонкин және атапаскі тайпаларының тіршіліктері біраз зерттелген. Олар — аңшылар мен балықшылар тайпасы. Алгонкин тайпасына кри, монтанье, наскопи және тағы басқалары жатады. Олар көшілігінде етпен қоректенген. Аңшылар тобы бірнеше үлкен әулеттерден құралған. Бұлар — аталық жағынан топтасқан экзогамдық ұжымдар. Ру қыс кезінде бірлесе отырып, аңшылықпен айналысса, жаз кезінде барлық рулар бір жерде коныстанып, балық аулаумен әрі аңшылықпен шұғылданады. Қазіргі кезеңдегі Лабрадор үндістерінің әлеуметтік құрылышына көніл аударсақ, олар аналық рулықтан патриархалды әулетке өту дәүірінде өмір сүріп келеді. Рулық топтарды жер жағдайымен етene таныс, білгір аңшы басқарады. Оның құрамының өзгеруіне байланысты, аң аулайтын жердің өзгеруіне қарай топ бастығы ауысып отырады.

Атапаскі тайпасының қоғамдық қарым-қатынасы да алгонкиндік Лабрадор үндістеріне ұксас тарихи жағдайда дамыды. Ал шығыс және батыс атапаскілік тайпалар тобының қоғамдық құрылымында айырмашилық бар. Маккензин бассейніндегі шығыс тайпалары бірнеше көшпелі аңшылар топтарынан құралған. Бұларда үрпақ әке жағынан да, ана жағынан да саналған. Олар аңшы-

Лықты, оның өнімін пайдалануды бірге, ұжымдық түрде жүргізген. Осы тайпалардың әдет-ғұрпына қарай аналық рудын болғанын байқауға болады. Мәселен, жаңа үйленгендер алғашқы баланың пайда болуына дейін әйелінің үйінде тұратынын айтуға болады. Батыс тайпалар топтарында көп уақытқа дейін таза аналық ру өмір сүріп келген.

Жоғарыда айтқанымыздай, үндістер еуропалықтар келгенше карибу бұғыны көп аулаған. Оларды оте түрпайы құралдармен-ақ аулап отырған. Олар қақпан жасау әдісін жақсы білген. Терісі жақсы аңдарды аулау еуропалықтардың келуімен тығыз байланысты. Біртебірте аңшылық тек өздерінің қоректенуі жолындағы қажеттіліктен, товарлы аң аулауға ауыса бастады. Себебі үндістер өздеріне қажетті заттар үшін, еуропалықтарға айырбастау мақсатымен аңшылық қасібін онан әрі дамытты.

Лабрадор алғонкиндік тайпаларында балық аулауда аңшылықтан кем дамыған жоқ. Балықты аумен, қармақпен аулады. Бұл үндістердің шаруашылығы тікелей көшпелі өмірлеріне байланысты. Қыс кезінде олар шаңғы мен шанапы пайдаланды. Жаз уақытында қайық үлкен рөл атқарды. Олар қайықты женіл етіп жасап, қызыл түске бояуды үшатқан.

Алғонкиндік және атапаскілік тайпалардың заттай мәдениетінің бірқатар ұқсастықтары бар. Олардың бәрі бұғы терісінен жасалған киім киген. Әйелдер киімі ерлер киімінен әлдеқайды ұзын болады. Бұл киімдерді көбіне таспамен тіккен. Бұғыдан басқа қоян терісі де пайдаланылған. Үндістер мереке кездерінде беттерін қызыл, қара бояулармен боянып алады.

Алғонкиндер мен атапаскілер жаз кезінде күмбездесініп салынған үйде тұрады. Ал қыста ұзынша ғып, төбесін шатырлап жапқан төртбұрышты лашықтарда тұрады.

Алғонкиндерде төтемдік сенім өрістеген. Олар өз төтемдеріне өздерінің тіршілігіне қажетті аңдарын алғып, барлық әдет-ғұрыптарын соған қарай ынғайлайды. Қазірдің өзінде Лабрадор үндістері католик дінінде болсада, аю мерекесі сияқты әдет-ғұрыптарын әлі сактап келеді. Атапаскілерде табиғатқа табыну дәстүрі дамыған. Бұған өздерін рух пен адамдар арасындағы дәнекер реңтінде көрсететін шамандардың ықпалы болғаны сөзсіз. Атапаскілердің үлкен екі әдет-ғұрпын айтуға болады. Оның бірі — өлген адамның жылдығына арнап ас беру,

екіншісі — бір айдан соң еске алу жиыны. Олар адам жаңының о дүниедегі тіршілігіне сенеді.

Шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарында, қазіргі АҚШ-тың ұлы көлдер аймағы мен солтүстік-шығыс штаты жерлерінде егіншілікпен айналысқан алгонкин және ирокездер тайпалары тіршілік еткен. Ирокездік сенека, каюга, онондага, мочаук, онейда тайпаларының өмірі жақсы зерттелген. Олардың қоғамдық құрылышын зерттеу ғылымға елеулі жаңалық әкелді. Көне герман, рим, грек тарихының құпиясын білу үшін Л. М. Морган ирокездерді зерттеген. Ф. Энгельс өзінің «Семьяның, жеке менишіктің және мемлекеттің пайда болуы» деген еңбетіне Морганның ирокездер қоғамын зерттеудегі еңбегін негізге алады. Ирокездер дамыған аналық-рулық қауымды басынан кешкен.

Ирокездер тайпасы руға, ал ру болса әулеттік қауымдарға болінген. Олар бір үйде тұрған. Оварчиде білікті айелдер жүргізген. Олар шаруашылық пең тұтыну жұмыстарын басқаратын өздерінің жәрдемшісін бекіткен. Қажетті мәселелерді шешуге рулық кеңес шақырылып, оған соның ересек мүшелерінің бәрі қатынасқан. Рулар ортақ тотемі бойынша бірге мерекелер өткізіп отырған. Өлген адамның мұрагерін әйелден тағайындалап, туысқандық ажырату да әйелдер жағынан есептелген. Бірнеше ру фратрияны құрып, әр ру өзінің мүшесі үшін жауап берген. Екі фратрия бірккен тайпаларды ру аксақалдағынан құралған тайпалық кеңес басқарған. Тайпалар кеңесіне әйелдер сайланбағанмен, олардың ықпалы өте күшті болған. Тайпалық кеңес жалпы тайпалық істерді шешіп, өздерінің шешімдерінің бүлжытпай орындалуын қадағалаған. 1570 жылдары ирокездер тайпалар одагына біріккен. Оны 50 рудың аксақалдары қосылған жалпы кеңес басқарған. Бұлайша бірігу ирокездердің бірлігін арттырып, сыртқы жаудан корғануда маңызды рөл атқарды.

Ирокездердің негізгі шаруашылығы — егіншілік. Жерді шотпен (мотыга), ағаш күрекпен, үшкірленген таяқпен өндеген. Олардың басты дақылы — жүгері (майис). Онаң кейін темекі, күнбағыс т. б. өсірген. Ерлер орманның ағаштарын кесіп, егістік орын әзірлей, оны құнтарландырумен шұғылданған. Ал тұқым егу, егісті күтіп, өнімді жинау жұмыстарымен әйелдер айналысқан. Егістіктері ауыл маңына орналасқан. Майдагерлік кәсіп жақсы дамыған. Тамақтарын саздан жасалған ыдыстар-

да пісірген. Аң аулаумен де шұғылданған. Құз, қыс, айларында ерлерден ғана құралған топ орманды жерлерге анға шығып, көктем шығарда ғана оралатын болған.

Ирокездер жаз кезінде ерлер мықынын жабушы лыпа мен эйелдер беліне алжапқыш байлаган. Қыс кезінде бұғы терісінен істелген желбекейді киген. Аяқ киімдері басқа үндістерге ұқсас келеді. Олар ұзындығы 10, ені 6—8 метр шамасындағы үлкен үйде тұрған. Үйдің мұндағы үлкен болуы онда тұратын кісі санына байланысты екені белгілі. Бір мекенде осындаи 10—13 үй болған.

Ирокездердің діни сенімі аралас болып келеді. Төтемизм мен магиямен катар, өсімдіктер мен жануарлардың рухына сенді.

Осы шығыстағы алгонкин тайпаларының ішінде дәлавар тайпасы үлкен тайпа болып саналады. Олар отарлау басталған кезде Нью-Джерси мен Делавэр штаттарының көп жерін, Нью-Йорк штатының онтүстік бөлігін және Пенсильванияның шығысын мекендейдеген. Заттай мәдениеті бойынша олар ирокездер тайпасына ұқсас. Олар қасқыр, тасбақа және түйетауық деп аталатын үш рұға немесе фратрияға бөлінді.

Делаварлардың тамаша пиктографиялық жазуы болғаны мәлім. 1820 жылы біраз азыздары бар тайпаның жазба тарихы табылған. «Валом олум» — «Қызыл жазу» деп аталатын бұл жазба 184 белгіден тұрады. Онда дәлаварлардың өмірі, баска тайпалармен байланысы, олардың шаруашылығы туралы едәуір мәлімет бар. Жазба ақырында ақ адамдардың Делавэр өзеніне келе бастауын баяндаумен аяқталды. Ирокездер мен дәлаварлар арасында қактығыс болып, ирокездер оларды Огайо даласына ығыстырған болатын. 1811 жылы Текумсе бастаған алгонкин тайпаларында американцытар Миссисипиден ары ығыстырып тасталды.

## ПРЕРИЯНЫҢ АҢШЫ ТАЙПАЛАРЫ

XVII—XVIII ғасырларда Прерияға тайпалар коныстана бастаған. XIX ғасырдың басында бұл жерде алгонкин тайпалары (арапаки), чейлни, сиу тайпалары (дақота), кәдо тобына жататын шауни, вичита және тағы басқалар болды. Бұл тайпалардың тіл айырмашылығына қарамастан, мәдениетінде жалпылай ұқсастық бар. Прерия тайпаларының қоғамдық құрылышында XIX ғасырдың ақырына дейін матриархалды құрылымда болып,

Үрпәк ана тарапынан саналып келеді. Мұлікті мұрагерлік жасап немдену екі жолмен жүріп жатты: жылқы костарын ерлер жағы, ал қалған мұлікті әйелдер немденді. Бірқатар рулардың қоғамдық құрылтысына әкелік-рулық құрылыш ене бастады. Еуропалықтардың келуімен әрі жылқы шаруашылығының өдан әрі дамуына байланысты көптеген топтар көшпелі тайпалар бірлестігінә айналады.

Прерия тайпаларының негізгі тіршілік көзі отарлаушылар келгенге дейін бұл жерлерде табын-табын болып жайылып жүретін бизондарды аулау болатын. Бизондардың майы мен етін тамақ үшін пайдаланса, терісін үйлерін жабуға, киім тігуге жұмсады, мүйіздерінен садақ жасады. Олар жылқы тұлігімен еуропалықтар келгеннен кейін ғана танысты. Оған дейін иттің көмегімен үндістер бизондарды садақпен аулайтын. Аңшылықтың әр түрлі әдісі пайдаланып, тобымен жүріп аласа жалғыз жүріп аң аулау еуропалықтар келген соң басталды.

Прерия үндістері темірді білмеді. Садактың ұшын, наизаны, балтаны тастан, сүйектен, мүйізден жасайтын. Ағаш табак, тері қапшық тағы басқаларды тұтынатын. Көшпелі өмірлеріне сай бұл тайпалардың үйлері бизон терісін тапқан сүйір төбелі лашық болып келеді. Эрбір отбасы лашықтарын түзіп коралай тігеді. Жерге де тері тулақ төсейді. Ортасына тайпалық кеңестің лашығы орналасады. Үйлердің бұлай шенбер құрып, қатар-қатар орналасуы төтенше шабуылдардан қорғануға негізделген.

Бұл тайпаларда аналық-рулық және әүлеттік қауымдық қарым-қатынас дамыған. Тек еуропалықтардың келуімен осы алғашқы рулық қарым-қатынас өзгерे келе, аймақтық көшпелі бірлестікке айнала бастады. XIX гасырдың аяғына дейін көптеген тайпаларда матриархалды қарым-қатынастар болып, туыстық жақындық та ана тарапынан есептелді. Дегенмен едәуір тайпалар әкелік-рулық қарым-қатынасқа өтті. Жылқылар қосын баққан жеке меншік иелері шыға бастады. Осы жылқы шаруашылығымен бірге, енді үндістер арасында бай тайпалар пайда болып, тенсіздік туды. Жылқысын қобейту үшін тайпалар басқа тайпалардың малына барымта жасап отырды. Одан барып бұл жерлерде әрдайым ұрыс-жанжалға даяр отырып, жастарды соғыс өнеріне баулыды. Колбасшылардың беделі бұрынғыдан да арта түсті. Тай-

паның көсемін енді атагы шыққан жауынгерлер тобы сайлайтын болды.

Қоғамдық қарым-қатынастың тез өзгеруі үндістердің рухани өміріне де қолтеген соны сипаттар енгізді. Оларда тұтыну заттарын, киімдерін әшекейлеу дамыды. Үндістер әрбір жылды пиктографиялық жазумен бейнелеп отырды. Сонымен қатар, Прерия үндістерінің діни түсініктеріне де өзгерістер енді. Бірінші кезекте олар күнге табынса, онан соң жер, су, от, ауа өзгерістеріне табынды. Емдеу, арбау жөнінен шамандардың алар орны ерекше. Осы уақытқа дейіп сақталып келген әдест-ғұрыптың бірі би өнері.

Калифорнияда терімшілікпен және аң аулаумен айналысушы тайналар тұрады. Әр түрлі тіл тобына, семьясына бөлінетін хока, пен тути, алгонкин, атапаскі, шошон тайпаларының негізгі шаруашылығы — терімшілік пеш аң аулау, аз болса да балық аулау. Бұл тайпалар осы жердің табиғатына бейімделіп, терімшілікті қатты дамытқан. Олар дәндерді, тамырларды териу үшін, үшкір таяқты пайдаланды. Себетті үндістер үлкен шеберлікпен жасайды. Аңшылықпен, негізінен, ерлер айналысып, садақты қару еткен. Еңбек түрлери жыныска қарай тиянақты бөліне қоймаған. Балықты бірлесе жүріп, аумен, қармақпен аулаған. Суда жүзу үшін олар құрақтан тоқылған жалғыз ескекті қайық пен сал жасаған. Отырықшы болмағандықтан бұлар да женіл лашықтарда тұрады. Бұл жерде күн жылы болғандықтан олар кей кездерде көленке әрі жаңбыр суы ақлас үшін төбесі гана жабылған женіл үйшіктерде тұра береді.

Калифорния үндістерінің киімдері де жұпны. Ерлері лыпа, әйелдері етеккөйлек сияқты киімдермен шектелген. Суық түскенде олар аң терісін жамыла салады.

Еуропалықтардың келуімен бұлар да әкелік-рулық құрылышка өте бастаған. Тек жерге, аңшылық, балық муліктеріне, түскен өнімге қауымдық-рулық билік жүргізіледі. Қолтеген тайпаларда матриархалдық қатынас сақталғанмен, қазір әке рөлінің де көтеріле түскені байқалады.

Олар көсемді сайлап отырған. Діни сенімдері Солтүстік Американың басқа тайпаларымен де сай келеді.

Оңтүстік-батыс болікте екі тайпа тобы бар. Олар: ютоацтектік (папаго, пима және тағы басқалары) пен солтүстіктен келген атапаскі тайпалары (иавахи, апа-

чи). Бұл тайпалардың барлығы егіншілікпен қатар аңшылықпен де айналысқан. Юто-ацтек тайпаларында егіншілік жоғары дәрежеде дамыған. Олар жүгерінің бірнеше түрін, асқабақ тағы басқаларын өсіруді білген. Жерді шотпен, үшкір таяқтармен өндеген. Жерқауымның меншігі саналып, әрбір отбасына бөлініп берілген. Әuletтерді аналық тұрғыдан саналатын туыстар құрған. Бұл жердің үшістері қыштан баспалдақ сияқты тауға өрмелете салынған үйлерде тұрған. Содан да бір үйдің төбесі одан жоғарырақ салынған, екініші үйдің ауласы болып кете берген. Бүкіл ауыл сырттай қарағанда үлкен бір қорғаныс қамалы секілді.

Бұл мекендерде жұптық отбасыларға бөлінген әр түрлі рулық топтар тұрады. Олардың бұл қауымын сайланған ақсақалдар — касиктер басқарады. Қасиктің билігі тіршілігінде жалғаса береді. Олар барлық тіршілікті, діни өмірін, мөрекелер мен әдет-ғұрыпты өткізуді де басқарған. Соғыс ісін басқару үшін екі көсем сайланған.

Бұлардың діни сенімі тікелей егіншілікке байланысты. Қунге табыну, Жерге, жаңбырға табынып, осыған орай әдет-ғұрыптар өткізеді.

Олардың мәдени жетістіктерінің біршама жоғары дәрежеде болғандығын қыштан жасаған заттарды өте асем безендіруінен, мактадан тоқыма маталарын өндіруінен көруге болады. Кейінірек мал шаруашылығымен танысқан олар току өнерін онан әрі дамытқан. Пуэбло үндістері темір өндіруді білмеген. Олардың қару-жарқтары тас, ағаш және сүйектен жасалған. Навахи тайпалары европалықтар келген соң темірмен танысып, одан да тамаша заттар жасаған. Осы уақытқа дейін олардың күмістен жасаған әшекей бүйымдары жоғары бағаланады.

Орталық Америка — Солтүстік пен Оңтүстік Американы жалғастыруши дәнекер. Орталық Америкада Гватемал, Гондурас, Никарагуа, Коста-Рика және Панама мемлекеттері орналасқан. Испандықтан жаулап алғанға дейін Орталық Американы экономикалық-әлеуметтік және мәдени дәрежелері әр түрлі үнді тайпалары мекендейген. Төменгі Калифорния жарты аралында көшпелі тайпалар өмір сүрген болса, ал оңтүстікте Орталық және Оңтүстік Мексикада. Юкатанда мекен еткен кейір халықтар да европалықтар келер қарсаңында алғашқы таптық қоғамда болғанмен, кейін олардың өнер

мен қолөнері де дамып, інероглифтік жазбалары да пайда болды.

Орталық Америка халықтарының Колумбқа дейінгі, әсіресе, одан да ерте дәуірлік тарихын зерттеу үшін қажетті негізгі материалдарды тек археологиялық зерттеулер ғана бере алады. Ондай археологиялық жұмыстар Орталық Америкада XIX ғасырдың 90-жылдарында ақ өрістей бастады. Бұл жұмыс, әсіресе, Мексикада кең қанат жайғанмен, археологтар Орталық Американың барлық жерлерін бір дәрежеде жақсы зерттей алған жок. Осындай деректердің тапшылығынан Орталық Америка халықтарының тарихын, тұрмыс, мәдениетін, әлеуметтік қатынастарын жалпы түрде сипаттаудың өзі қынға соғады. Мексика — Латын Америкасының ірі елдерінің бірі.

Орталық Американың әр түрлі бөліктерінде халық бір қалыпты орналаспаған. Егіншілікпен айналысуға қолайлы жазықтарында, әсіресе, Орталық және Оңтүстік Мексикада тығызырақ орналасқан. Солтүстік Мексиканың құрамында, Мексика бұғазының батпақты жағалауларында, Оңтүстік Юкатанның тропикалық ормандарында халық өте сирек мекендеген.

Бірақ біздің дәуірімізге дейінгі екі мыңшы жылдарда Мексика мен Орталық Американың территориясын саны жағынан шағын — аң, балық аулаумен, жеміс терумен айналысқан көшпелі тайпалар мекендеген. Шамасы, біздің дәуірімізге дейінгі бір мыңшы жылдардың бас кезінде егіншілікпен айналысу пайда болған. Бірак жүгерінің тұңғыш отаны Оңтүстік Америкадағы Анд бойы ма, әлде Гватемала ма — бұл әлі күнге дейін анықталған жок. Жоғарыда аталған тұрғындар жүгеріден басқа түрлі мәдени дақылдар егу кәсібімен де айналысқан. Ежелгі егінші тайпалардың жүгерісі Орталық Мексиканың қазбалары арқылы жақсырақ зерттеліп отыр.

Кейінгі кездерде археологтар Орталық Америкадан ескі мәдениеттердің беттерін ашып, оларды Майя, Ольмек, Тольтек, Ацтек және Инк мәдениеттері деп беске бөледі.

Майя халқы — Американың көне халықтарының ішінде өзгелерден бұрын жоғары даму сатысына көтөрілген ел. Америка құрлығында бірден-бір дамыған жазба жүйесін жасаған да осы халық. Майялардың тарихын, этнографиясын, мәдениетін суреттейтін деректердің

бір көзі «Диэго-Ланд» — жазба естелігі болып сана-лады. Біздің дәуіріміздің ара шегінде Петен-Ида көлінің солтүстік-батысына қарай Майя мемлекетінің көне қалалары пайда бола бастады. Мұнда көптеген қалалардың (Тикаль, Вашактум, Волантун, Балакбаль т. б.) күйрекен жүрттарынан тас құрылыштар) тас аландар мен пирамидалар) мұсіндік құймалар және тас пен қышқа жазылған иероглифтік жазбалар табылып отыр. Майялықтарда әрбір жиырма жылдан кейін белгілі бір датамен аяқталатын иероглифтік жазбалары бар әр құймалар тұрғызу салты болған. Сондай көне әк құйма біздің заманымызға дейінгі 328 жылы тұрғызылған. Табылған жазулардың ең көнесі біздің заманымыздың V—VI ғасырдың басына тұспа-тұс келеді. Майялықтардың мәдениетінің жоғары дәрежелі болғандығын олардың тамаша сәулетшілік ескерткіштерінен, мұсіндерінен және қабырғаға салынған суреттерінен аңғаруға болады.

Осы деректерге қарағанда майя халқының негізгі шаруашылығы егіншілік болған. Майялықтардың көне заманда егінжайдың орнын қоршап өртеу әдісімен әзірлеген. Ол әдіс осы күнге дейін өз маңызын жойған жок. Юкатанда жыл құрғак (қараша-мамыр) және жаңырлы (шілде-қазан) деп екі маусымға бөлінген.

Майяның әулеттік құрылышы — күрделі проблемалардың бірі. Майяның әлеуметтік құрылышы ежелгі шығыс когамының даму сатыларына (ежелгі Шумер мен Египет) жалпы ұқсас болып келеді. Көне шығыстағы сияқты майялықтардан біз қауымның, құлдар мен құл иеленушіліктің сақталғандығын жиі кездестіреміз. Эскери құл иеленуші ақсүйектер құлдармен қоса қауымдарды да қанаған. Жеке меншікті қатал зан қорғап отырды. Майяның негізгі бұқарасы — бағынышты қауымдықтар мен құлдар. Село тұрғындары территориялық қауымды құраған.

Майяда елдің ішінде де, сондай-ақ көрші халықтармен де недәуір айырбас катынасы болған. Айырбаста орта айырбас құралы ретінде зығыр, какао пайдаланылған. Сол сияқты құлдар ла айырбас заты ретінде журген. Құлдар бейнесі Майяның көне тарихи кезендерінің ескерткіш өнерлеріндес кездеседі.

Майя мәдениеті көрші халықтарына үлкен әсер еткен. Америка құрлышында майялықтар тұнғыш рет иероглифтік жазу жүйесін жасап шығарды. Соның ық-

иалымен тольтектер мен сапотектердің де жазбалары пайда болды. Майялықтар жасаған күнтізбе Мексиканың көптеген халықтарының пайдалануына өзгеріссіз кірген. Астрономия саласында ерекше табыстарға қол жеткен. Астрономдар күндік жылдың ұзактығын бір минутқа дейінгі дәлдікпен есептеген.

Майяның сәулеті барынша әр түрлі болған. Олардағы түрлі сәулет құрылыштарының ішінен ғибадатханалар, мен сарайлар, баспалдақты пирамidalар, астрономиялық обсерваториялар, доп ойнайтын стадиондар, билеп, ойын көрсетуге арналған аландар, булы монша үйлері т. б. сұлулығымен таңдандырады. Майяның көне сәулетшілігінің үлгісі ретінде 14 баспалдақты, 16 ақ бедерлі мүсіні бар Варактундегі сатылы пирамиданы айтуға болады. Көне бедерлі мүсіндерде бас пен аяқ, дененің біраз мүшелері шартты бейнеленген болып келді. Көптеген бедерлерде курделі көріністер (соғыс, әкім алдындағы тұтқын, тақта отырған әкім т. б.) кездеседі және оларда ерекше шыншылдық пен әдемілік бар. Майяның дәңгелек мүсінінің тамаша үлгілері көн. Мәсслен, Копанда «Жүгерінің жас құдайы» әлі жақсы сақталған.

Майялықтардың сурет өнерінің үлгілері өте аз сакталған. Бірақ солардың қолда барларының өздерінен да Майяның көне суретшілерінің шеберліктерін айқындау қыны емес. Майялықтардың сурет өнерінің аскан ескерткіштерінің бірі соғыс жағдайын бейнелеген Бонампак фрескасы (VIII ғ.). Бұл елдің сурет өнерінде шартты бейнелеу дәстүрі мол. Варактуның қираған жерінен фрескалы сурет өнері табылған. Бейнелеу өнерінің үлгісі — ыдыстардың сыртына салынған суреттер (солардың ішінде Чамадан, Небахадан және Ратинлинмульден табылған ыдыстардың үлгілері).

Ольмек мәдениеті — аз зерттелген тамаша мәдениет, сол жақындаған (1938—46 ж. ж.) ашылды. Бұл мәдениеттің негізгі ескерткіштері Беракрус штатының он тустігіндегі және Табас-кодагы, Ла-Венттегі, Трес-Сапотестегі, Сан-Лоренсо мекендерді қазған көздө табылды. Аталған жерлер, шамасы, ірі мәдени орталықтар болған. Ольмек мәдениетің құруышылардың тілдері қандай болғандығы белгісіз. Ертедегі испандық және үнділік хабарламаларда көне замандарда бұл жерлерде Ольмек халқы түрғандығы еске алынады.

Ольмектердің сәулетшілік ескерткіштерінің майя ескерткіштерінен айырmasы аз. Бірақ олардың ауқым-дышы мен құрылыштарының беріктігі жағынан нашарлау. Ольмек жерлерінде тас аз болғандықтан, аборигендер құрылыш салу үшін, негізінен, сазды, бамбук пен қамысты пайдаланған. Ольмек сәулетшілігінің майядан өзгешелігінің бір белгісі ретінде соңғылардың бағаналар ретінде алты қырлы базальт қадаларын пайдалана-тынын атауға болады. Бағаналарға қажетті материалдар алыстан тасылған.

Ольмектерде мұсін өнері әлдекайда жоғары дәрежеде дамыған. Мысалы, Трес-Сапотестен, Ла-Венттен және Сан-Лоренсадан табылған адамдардың ірі мұсіндерін айтуға болады. Осы ескерткіштердің ең үлкенінің биік-тігі екі жарым метр, салмағы 30 тоннадан астам.

Сондықтан Ольмек мәдениетінің басқа орталықамерикандық тайпалар мен халықтардың ертедегі өнер ескерткіштеріне елеулі әсер еткендігі танданарлық нәрсе емес. Ольмектерде майя жазбаларына үқсас иероглифтік жазбалар болған. Олардың тасқа жазылған бірнеше жазулары да табылып отыр.

Сапотек мәдениеті бірсызыра белгілері жағынан Ольмектер тұрғындарының мәдениетіне жақын. Осы кезеңнің мұсін ескерткіштері ішіндегі ең қызықтысы бастарына түрлі бас киімдер киіп, билеп журген адамдарды бейнелеген үлкен бедерлер. Ондай суретті бедерлердің кейбіреуінің жан-жағынан қысқа иероглифтік жазулар бар. Монте-Альбананың екінші кезеңі (б. з. II—V ғ.), ең алдымен, беттерінде адам өңін дәл өзіндей көлемде шынайы бейнелеген тамаша әшекейлері бар қабірлік қыш ескерткіштердің пайда болғандығымен ерекшеленеді. Үшінші кезеңінде (V—X ғ. ғ.) Монте-Альбананың өнері өзінің гүлденген шағына жеткен. Осы тұста құдайлар немесе жазуы бар тақсырлар бейнеленген аса ірі ескерткіштер жасалған. Мұсінші өз туындысында бас киімдер мен сырт киімдердің бөліктерін дәл жеткізуге ерекше назар аударады. Соңғы екі кезеңде саяси және діни орталық ретіндегі Монте-Альбананың біртінде құлдырай бастағанын көрсетеді. Төртінші кезеңнің аяғы мен бесінші кезеңнің басында (XIII ғ.) тұрғындар мекендерінде Монте-Альбанада оның бұрынғы өмір сурушілерінен өзгеше, басқа этникалық элементтер кіре бастағанын нұсқайтын археологиялық ескерткіштер пайда бола бастаған.

Тольтек мәдениетінің өмір сүруі біздің заманымыздың IV—IX ғасырларына тұра келеді. Бұл мәдениеттің ольмес өркеншіне кейбір ұқсастығы бар. Алайда өздерімен көрші халықтар арасында тольтектердің бәрінен бұрын құрылыштың, өнермен, соның ішінде ұшар басы сүйірленіп бітетін сатылы пирамидалар салуымен даңқы шыққан. Олардың сондай құрылыштарының ішіндегі ең заңғарлары — 42 және 65 метр биік Ай пирамидасы мен Күн пирамидасы.

Ацтектер Мехико жазығындағы осы күнгі қонысына XIII ғасырдың екінші жартысында келген. 1325 жылы олар Тескок көлішін батыс бөлігіндегі батпакты аралда Теночтитлан атты мекенінегізін салған. 1428 жылы биікке келген ацтектердің көсемі Ицкоатл кезінде бұл тайпалар таптық қогамда өмір сүрген. 1440 жылы Ицоатл өлгеннен көйін ацтектердің билеушісі болып оның ұлы Монтесум I болды. Монтесум I әкесі сияқты тұрақты соғыс жүргізіп, өзінің билік шеңберін одан әрі кеңіте түскен.

Ацтектердің жеріне жеткізген өнерінің бірі — тас өңдеу. Олар тас бетін тамашалап жалтыратуды жақсы білген. Үлкен обсидиан бетін жалтыратып, сырлау жолымен айнадай ғып дайындаған. Өздері бағындырыған тайпалардан алғаш мыстан ацтектер мылтық пен қайла, сондай-ақ садактар жебесін жасай бастайды. Мыс құралдары, негізінен, ағаш өңдеу үшін қолданылды. Ацтектер өздеріне белгілі әдіспен мысты сұық күйінде өндеді. Мыстан дайындалған бұйымдардың бірсыпрысын тексеріп келгенде, ондай бұйымдардың құрамында мырыштың шамалығана мөлшері бар екенін көрсетті. Қайсыбірінің құрамы қолага жақын екені анықталды.

Ацтектер алтынды зергерлік бұйымдар жасауға көнінен қолданған. Өкінішке орай, олардың алтыннан жасаған бұйымдары біздің кезімізге дейін аз сакталған. Ацтектік алтын бұйымдарының көбін испан жауап атушылары алып кеткен.

Ацтектердің күшті әскери үйымы болды. Олар әскери іске үйретуді жүйелі түрде 15 жасынан бастаған. Оларда «шағын» деген тактикалық бөлімшелер 20 әскерден құралды. Олар 200-ден 400 адамға дейін жететін отрядтар құрамына енді. Әскерлер үстеріне сырты илсенін терімен қапталған қалың тоқыма кенеп кнімдер киді. Кейбір ацтек әскерінің басында ағаш каска да болды. Табиғи байлық терінің көптігі мен қөлөнердің

дамуы аттектер арасында айырбастың кеңеюіне жағдай туғызып, оның көлемі кеңейтілді.

Инк мәдениеті — Андтың орталық бөлігіндегі мекендеуші халықтардың мәдениеті. Тарихи-этнографиялық өркениет саласында биік мәдениеттің ірі ошағы болған Анд жотасы орталық бөлігінің аудандарында, оның батыс беткейлері мен жағалау шектерінде және боливийлік белестерде мочита, кеуча және басқа да тіл семьяларына жататын көптеген халықтар мекендеген. Кечуаны біріктіріп XV ғасырдың ортасында құрылған қарапайым таптық қоғамы бар мемлекеттің құрылұның маңызы ерекше екендігін бұл елді жауап алуда дәүірі кезіндегі испандық хабарламаларда суреттелген.

Археологтар X ғасыр мен XV ғасырдың бас кезінің аralығында пайды болды деп есептелеғін ертедесі инк мәдениеті дегенге бөлекше қарайды. Бұл мәлениеттің ерекшелігі — ондағы қыштан еркінші жасалған сәулетшілік құрылыштардың молдығы.

Инк деген термин кейініректе бірнеше мағынаға ие болған. Перу мемлекетіндегі үстем әuletі билеушілердің лауазымын, сонаң соң халықтың тұтас аты деген ұғымды білдіреді. Бастапқыда инка деген атау Кусто жазығында аймара, уалья, кеуар және басқа да тайпалармен қатар тіршілік еткен бірнеше шағын тайпалардың біріне қатысты болған. Интер мәдениетінің дәуірлеген кезінде бұл тілді рунасими (адамзат тілі) деп атап, кечуа тілінде сөйлескен. Тарихи аныздарда инктердің 13 билеушісі ерекше аталады. Олардың 8 билеушісі Пачакут реформасы бойынша орталықтанған билікті нығайтқан. XV ғасырдың ортасында инктер тайпалары одағы мемлекет болып өзгерген. Одан кейінгі жүз жылда инктер өздеріне бүкіл Анд аймағындағы тайпаларды жауап алған, Онтүстік Колумбияның солтүстігі мен Орталық Чилиге дейінгі аралықты алғып жатқан қуатты держава құрган. Роудың шамамен жүргізген есебі бойынша, инктер мемлекетінің халқы 6 миллионға жеткен.

Инктердің басты кәсібі егіншілік болған. Қандай дала жұмысы болмасын инктер өте салтанатты жағдайда, әр түрлі тамашамен бастаған, үлде мен бұлде киім жиген Инка өз руының және нөкерлерінің колпаштауымен Күн құдайына арналған егістікке бет алған. Мұнда калғен соң олар алтын күрекшелермен шұқыр казып, жиналған көптің қостауымен Күн құдайы құрметіне ариналған діни әнұран айтып тұрып, оған миас еgetін

болған. Ертеңіне осы егіс басына бүкіл халық шақырылған.

Құн құдайына арналған алқаптардағы жұмыс біткен соң жүрт өз жерлерін, соナン соң Инкаға қарасты жерлердің егінін өңдеуге кірісken. Осындай салтанат-сауық астық жинау кезінде де откізілген. Ірі қара өсіру мұнда мардымсыз болған. Инктер тауларда тек лампу мен альпактар ғана өсірген. Оларды бақташылар баққан. Мал есебін ерекше шенді адамдар жүргізген. Мал жүннің қырқу жылына бір рет жүргізілген. Әйелдер жүн тазартып, мата тоқыған. Олар тоқыған матаның екі жағы бірдей, жұмсақ, бояулары шықпайтын болып келді. Инктердің қыш және асыл бүйымдары ерекше әдемі.

Инктер 5 металды: мысты, мырышты, қорғасынды, күмісті, алтынды және солардың қоспаларын кең пайдаланған. Металл өңдеу тәсілдерінің әр түрлілігі жөнінен Анд жотасы орта бөлігінің түрғындарына тенденс келетін Колумбаға дейінгі Америкада ешбір халық жок. Никтердің материалдық мәдениетінің ұлы жетістіктері ішінде оларға әлемдік даңқ әкелген нәрсе — тамаша жолдары. Бұл халық түрліше суару жүйелері каналдар, су құбырлары, шлюздер, бөгеттер т. б. құрылыштарын салуда ерекше өнерпаздық көрсеткен.

Инктер ешбір шеге, тақтай жұмсамай-ақ ұзындығы 60 метрге дейін жететін көпірлер, әсіресе, аспалы көпірлер салуға аса шебер болған.

Көп уақытқа дейін Нерудің және қоғамдық құрылышы, мәселен, ацтектердікімен салыстырғанда әлдеқайда нашар зерттеліп келді. Морган өзінің «Қөне қоғамында» инктерді зерттеген жок.

Озінің инктер қоғамын зерттеуінде Кунов инктер мемлекетінде рулық үйимдастырудың қалдықтарының әлі де болса көп орын алғандығын көрсетті.

Инктер мемлекетінің жойылуы деп Манке баласы, инктердің соңғы жоғарғы билеушісі Тупаку Амару тұтқынға алынып, жазаланған 1572 жыл болып есептеледі. Отаршылық езгіге қарсы өздерінің қостандығы мен тәуелсіздігі үшін құреске көтерілген үндістер көтерілісшілерінің көптеген жетекшілері өз есімдерін сол Тупаку Амарудың атымен атаған.

Материалдық мәдениет ескерткіштеріне сүйеніп, аталған ірі мәдени орталықтардың түрғындары әуелгі таптық-қоғам сатысын бастаң кешірген, олардың ара-

сында тіпті мемлекет күрылып, күрылмаса да соның бастамасы қалана бастаған деп есептеуге болады. Қорсетілген ежелгі бес жоғары мәдениеттің бәріне қатысты сипатты белгілер оларда жақсы дамыған сәулет өнерінің мұсіндік тамаша ескерткіштердің, иероглифтік жазбалардың (тотонактардың жазбасының табылмағанын атап айту қажет) болуы.

Қазір Америка тұрғындары тілдеріне қарай негізгі екі тоқа бөлуге болады. Үнді-еуропа тіліндегі сөйлеушілер, бұрынғы үндістер тілін сактаушылар. Үндістер тілінде сөйлеуші тұрғындар Орталық және Оңтүстік Америкада ғана сакталған. Олар Мексикада тұратын Майя, Колумбия, Чили жерлеріндегі кечуа және аймара тайпалары. Елдің үнді-еуропа тілінде сөйлейтін (ағылшын, испан және португал) бөлігіндегі тұрғындар өздерінің үндіс тілін сақтай алған. Олардың көвшілігі екі тілде еркін сөйлеседі. Ағылшын тілінде АҚШ пен Қанаданың және Вест-Индияның бірқатар аудандарының тұрғындары, француз тілінде Канаданың бірқатар, Гайти тұрғындары сөйлейді. Ал испания, португалия тілдерін Латын Американың солтүстігіне XVIII ғасырға дейін-ақ қоныс аударушылар Англиядан, Ирландиядан және Шотландиядан әкелген. Олардың басым көвшілігі ағылшындар еді. Алғашкы кезде отарышылар жергілікті үндістермен искеге тұрып, олармен араласа бастады. Бірақ «бос» жерлерге қызығып көбейе бастаған отарышылар тобы үндістердің жерін тартып алып, оларды «төменгі насліл» деп санады. XIX ғасырдың екінші жартысында АҚШ тұрғындарының құрамы Еуропа елдерінен келген келімсектер есебінен өте тез өсті. Оның батыс аудандарына жапондықтар мен қытайлықтар да қоныс аудара бастады, алайда кейіннен АҚШ үкіметі оларға тыйым салды. Мұнда келген әр түрлі еуропалық халықтардың әр өкілдері өзара бірге түруды жактады. Сондықтан АҚШ-та ұлттар арасында қайшылық туып отырды. АҚШ-тың солтүстік-батыс аудандарында ағылшындар, Нью-Йорк штатында немістер мен голландықтар тұрады. Ал Орталық штаттар мен Атлантика бойлары кейін келген келімсектер есебінен көп араласып кеткен тұрғындар болып келеді. Оңтүстік-шығыста ағылшын, француз плантаторлары мен олардың құлдары негрлер тұрады. АҚШ-тың оңтүстік пен оңтүстік-батысында тұрғындары да солай қалыптасқан. Батыс штаттарында басым көвшілігі мексикалықтар болса, Тынық мұхит

жағалауларында қытайлықтар мен тапондықтар, филиппиндер бар.

Аляскада негізінен эскимостар мен атапаскілер тұрады. Еуропалықтар бұл жерде өте аз болып, олардың өзі де тұракты жасамайды.

АҚШ-та аз үлттар көбіне шеттетілсе, еуропалықтар «негізгі» тұрғындар болып саналып отыр. Әсіресе, мексикалық және негр үлттарына қысым өте көп. Оңтүстік штаттардағы плантациялардағы ауыр жұмыста істеуші құлдар-негрлердің тұрмысы өте ауыр.

---

## КОРЫТЫНДЫ

Әлем халықтарының этникалық дамуында белгілі бір зандаудықтар бар. Оны адам баласының жер бетінен таралуынан аңғаруға болады. Алғашқы қоғамның этникалық тарихына карасаңыз, алдымен адамдар топ-топ болып, кейін ру-ру және тайпалар болып белгілі бір аймақта тіршілік етсе, кейін олар мекендерінің шенберін кеңейтіп, жылы жақтан салқын жаққа қарай жылжи бастаған.

Жер шарына адамдардың шашырай орналасуының негізінде дәл этникалық бөліну процесі жатыр. Капиталистік формацияға дейінгі этникалық бөліну процесстері және соған байланысты жаппай қоныс аудару көптеген жаңа мекендердің, қалалардың пайда болуына себепші болды.

Капиталистік қоғам бас кезінде этностардың жер бетінен таралуына жаңа ерекшеліктер әкеліп, өз ықпалын тигізді. Көптеген Еуропа халықтары испандықтар, ағылшындар, голландықтар, партугалдар және басқалар басқа күрлықтағы аймақтарға қоныс аударып, Америка, Оңтүстік Африка, Австралия және Океания (Мұхит аралдарын) отарлап, сол арқылы жаңа этникалық халықтар қалыптасты. Солтүстік Америкада — американдықтар, ағылшындар, француздар, Австралияды — ағылшындар, Мұхит аралдарының көпшілігінде — ағылшындар, американдықтар және басқа үлттар пайда

болды. Осылайша жер шарын мемлекет өзара бөлшек-теп алғаннан кейін, XX ғасырда этникалық бөліну процестері едәуір азайды.

Этникалық процестер әр алуан оқиғалардың ықпалымен дамыды, ол этностардың өзара мәдени саладағы байланысы және экономикалық, территориялық, саяси-демографиялық, идеологиялық т. б. сондай алуан түрлі себептердің нәтижесінде болып жатады.

Этникалық дамудағы құрделі факторлардың бірі — халықтардың таптық мемлекет құруы болып табылады. Қошшілік жағдайда туыстас тайпалар бірігіп, мемлекет болып құрылады. Мұндай жағдайда тайпалардың бұрыннан қалыптасқан тіл мен мәдениет жақындықтарының негізінде бұл құрылымның саяси-территориялық, экономикалық, әлеуметтік, мәдени-психологиялық бірліктері бір мемлекет ретінде нығая түседі.

Халықтан кейінгі негізгі этникалық бөлік — ұлт. Әлеуметтік-этникалық жағынан алғанда, оның мүлде айқын анықтамасы бар. Құрылым, әсіресе, капиталистік қоғам кезінде ұлт бұрынғы қоғамға қарағанда ерекшеленіп, таныла түседі. Этникалық жағынан халықтың тайпадан қандай айырмашылығы болса, ұлттың да халықтан сондай ерекшеліктері бар. Жер, экономикалық, тіл, мәдени-психологиялық, салт-дәстүр және т. б. бұлар—ұлттық бірліктің негізгі алтын арқауы. Бұлар әр халықтың тарихи даму жағдайына байланысты, қолайлы кезеңде тездетіп дамып отырса, тарихтың қолайсыз кезеңдерінде оның дамуы баяулап кетеді.

Әр ұлттың өзіне тән заттай және рухани мәдениеттері бар. Заттай мәдениет деп адам баласының саналы еңбегінің нәтижесінде пайда болған мұліктерді айтатын болсақ, оларға — еңбек құралдары, баспаналар, ұлттық киімдер, ұлттық тамақтар және т. б. жатады. Бұл мәдениеттің дамуы сол халықтың өмір сүріп келе жатқан табиғи-географиялық ортасына, оның даму дәрежесіне, жерінің байлығына және көптеген жағдайларға байланысты пайда болады және дамып отырады. Бірақ бір халықтың заттай мәдениеті екінші халықтың (тіпті көршілес халықтың) мәдениетінен ерекшеліктері арқылы ажыратылады. Олардың кейбіреулері дәлме-дәл үқсас, жақын дегенмен, үңіліп зерттегендеге олардың өзгешеліктерінің бар екенін байқауға болады.

Әр халықтың рухани мәдениеттерінде де осындай ерекшеліктер болмаса, сол халықты не ұлтты баспасы-

най ажыратып алу оңай болмас еді. Мәдениетсіз халық болмайды, ал мәдениеті онша өркен демеген жүрттың да бар екендігі өмір шындығы.

Рухани мәдениет — әр халықтың ақыл-ойының жемісі. Ол өзінің пайда болу, даму сағасын көне дүниедел алаңы. Бастарынан өткерген тарихи жағдайларға байланысты, әр халықтың жалпы мәдениетінің, оның бір бөлігі рухани байлығының даму дәрежесі бірдей болмайды.

Міне, осы жайлардың барлығы да — туған бесігіміз жер шарын мекен еткен жүздеп-мыңдал саналар әр жүртты бір-бірінен ажырататын, өзара туыстығын дәлледейтін этнография ғылымының еншісіндегі ұшықирыс зол қазына. Шағын оку күралында оның бәрін игеріп, айтып шығу мүмкін де емес әрі алдымызға ондай мақсат та қойған жоқпыш. Біздің мақсат — әр елді, әр күрлікты көктей шолып, олардың түрғындарының кешегі шығу тегі мен бүгінгі өмір сүру ерекшеліктерін, әркайсысыларының өздеріне ғана тән салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары, нағым-сенімдері туралы мағлұмат беру ғана.

## НАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБІЕТТЕР

### Этнография бойынша жалпы әдебиестер

- Бромлей Ю. В. Этнос и Этнография. М., 1973.  
Брук С. И. Население мира. М., 1981.  
Громов Г. Г. Методика полевых этнографических исследований. М., 1967.  
Зарубежная Азия. М., 1959.  
Народы мира. М.—Л., 1954—1966. Т. Т. 1—13.  
Итс Р. Ф. Введение в этнографию. Л., 1974.  
Современные этнические процессы в СССР. М., 1958.  
Токарев С. А. История зарубежной этнографии. М., 1978.  
Чебоксаров Н. Н., Чебоксарова И. А. Народы, расы и культуры. М., 1971.

### Азия халықтары

- Алдыңғы Азия  
Шпажников Г. А. Религии стран Западной Азии. М., 1976.  
Этнические процессы и состав населения в странах Средней Азии. М., 1963.  
Оңтүстік Азия  
Малые народы Южной Азии. М., 1978.  
Этнические процессы в странах Южной Азии. М., 1976.

## Оңтүстік-Шығыс Азия.

- Шпажников Г. А. Религии стран Юго-Восточной Азии. М., 1980.  
Этнические процессы в странах Юго-Восточной Азии. М., 1974.  
Шығыс және Орталық Азия.  
Алексеев В. М. В старом Китае. М., 1958.  
Анугин Д. Н. Япония и японцы. М., 1907.  
Воробьев М. В. Древняя Япония. М., 1958.  
Гражданцев А. Корея. М., 1948.  
Народы Восточной Азии «Народы мира». М., 1957.

## Австралия және Мұхит аралдары

- Бутинов Н. А. Папуасы Новой Гвинеи. М., 1968.  
Кабо В. Р. Происхождение и ранняя историяaborигенов Австралии. М., 1969.  
Пучков П. И. Население Океании. М., 1967.  
Пучков П. И. Формирование населения Меланезии. М., 1968.

## Африка халықтары

- Брайант А. Т. Зулусский народ до прихода европейцев. М., 1953.  
Дэвидсон Б. Африканцы. Введение в историю культуры. М., 1975.  
Исмагилова Р. Н. Этнические проблемы современной Тропической Африки. М., 1973.  
Обычай и фольклор Мадагаскара. М., 1965.  
Шпажников Г. А. Религии стран Африки. М., 1981.  
Райт М. В. Народы Эфиопии. А., 1965.  
Народы Африки. («Народы Мира»). М., 1954.

## Еуропа халықтары

- Бунак В. В. К вопросу о происхождении северной расы (Русский антропологический журнал. 1—2. 1929.  
Златковская Т. Д. У истоков европейской культуры. М., 1961.  
Кларк Г. Донсторическая Европа. М., 1953.  
Народы Зарубежной Европы. М., 1964.  
Нидерле Л. Славянская древность. М., 1956.  
Народы Зарубежной Европы. (Очерк). М., 1957.  
Чайлд Г. У истоков европейской цивилизации. М., 1952.  
Этические процессы в странах Зарубежной Европы. М., 1970.

## Америка халықтары

- Аверкиева Ю. П. Индейцы Северной Америки. М., 1974.  
Аверкиева Ю. П. Разложение родовой общины и формирование ранних классовых отношений в обществе индейцев северо-западного побережья Америки. М., 1962.  
Морган Л. Дома и домашняя жизнь американских индейцев. Л., 1934.  
Морган Л. Древнее общество. Л., 1935.  
Народы Америки. Т. Т. 1—2. («Народы Мира»). М., 1959.  
Файнберг Л. А. Индейцы Бразилии. М., 1975.

## МАЗМУНЫ

|   |     |
|---|-----|
| Алғы сөз  | 3   |
| Этнография дегеніміз не, ол нені үретеді?             | 5   |
| <b>ШЕТЕЛДІК АЗИЯ</b>                                  | 21  |
| Таяу Азияның халықтары                                | 21  |
| Этногенез және этникалық тарих                        | 23  |
| Таяу Шығыс Азия халықтарының көсілтері мен тұрмыстары | 31  |
| Тұрмысы   | 34  |
| Отбасы  | 34  |
| Рухани мәдениеті                                      | 35  |
| Оңтүстік Азия халықтары                               | 36  |
| Шаруашылығы   | 42  |
| Өнері   | 49  |
| <b>ОҢТҮСТИК-ШЫҒЫС АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ</b>                  | 52  |
| Шығыс және Орталық Азия халықтары                     | 67  |
| Шығыс және Орталық Азия халықтарының шаруашылығы      | 83  |
| Австралия мен Океанияның халықтары                    | 87  |
| Австралия мен Тасмания                                | 87  |
| Океания халықтары                                     | 101 |
| Меланезия мен Жаңа Гвиней халықтары                   | 104 |
| Полинезия мен Жаңа Зеландияның халықтары              | 115 |
| Микронезия халықтары                                  | 124 |
| <b>ШЕТЕЛДІК ЕУРОПА ХАЛЫҚТАРЫ</b>                      | 129 |
| <b>АФРИКА ХАЛЫҚТАРЫ</b>                               | 137 |
| Африканың этникалық тарихы және этнографиясы          | 138 |
| Казіргі Африка халықтары                              | 151 |
| <b>АМЕРИКА ХАЛЫҚТАРЫ</b>                              | 165 |
| Өз мекеніндегі өгейлер                                | 181 |
| Рухани мәдениеті және халық өнері                     | 186 |
| Солтүстік-Батыс Америка жағалауларындағы тайпалар     | 187 |
| Прерийниң аңшы тайпалары                              | 192 |
| Корытынды   | 204 |
| Пайдаланылған әдебиеттер                              | 206 |